ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ ЖОҒАРЫ БІЛІМ МИНИСТРЛІГІ

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті

ӘОЖ 347.73 (574) (043)

Қолжазба құқығында

Абишева Меруерт Нұрланқызы

«САҚТАНДЫРУ ҚЫЗМЕТІН ҚҰҚЫҚТЫҚ РЕТТЕУ: ҰЛТТЫҚ ЖӘНЕ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ТӘЖІРИБЕ»

8D04203 – «Құқықтану»
Философия докторы (PhD)
дәрежесін алу үшін дайындалған диссертация

Отандық ғылыми кеңесші:
Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ
кеден, қаржы және экологиялық құқық кафедрасының
ассистент-профессоры,
PhD докторы Қожабек Қ. М.

Шетелдік ғылыми кеңесші:
Гданьск университетінің
құқық және басқару факультетінің
профессоры Эдвардас Юхневичюс
(Гданьск қ, Польша)

Қазақстан Республикасы
Алматы, 2026

МАЗМҰНЫ

	НОРМАТИВТІК СІЛТЕМЕЛЕР.....	3
	АНЫҚТАМАЛАР.....	4
	БЕЛГІЛЕУЛЕР МЕН ҚЫСҚАРТУЛАР.....	5
	КІРІСПЕ.....	6
1	**САҚТАНДЫРУ ҚЫЗМЕТІН ҚҰҚЫҚТЫҚ РЕТТЕУДІҢ ТЕОРИЯЛЫҚ ЖӘНЕ ҚҰҚЫҚТЫҚ НЕГІЗДЕРІ.....**	18
1.1	Сақтандырудың құқықтық және экономикалық мазмұны.....	18
1.2	Сақтандыру қызметінің ұғымы, мәні және құқықтық табиғаты	28
1.3	Сақтандыру құқықтық қатынастарының субъектілері мен объектілері.....	40
1.4	Сақтандыру қызметін құқықтық реттеудің мақсаттары және қағидаттары.....	67
2	**САҚТАНДЫРУ ҚЫЗМЕТІН ҰЛТТЫҚ ЖӘНЕ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ДЕҢГЕЙДЕ ҚҰҚЫҚТЫҚ РЕТТЕУ.....**	81
2.1	Қазақстан Республикасының сақтандыру заңнамасы: қалыптасуы және қазіргі даму бағыттары.....	81
2.2	Сақтандыру заңнамасындағы сақтандыру түрлері мен нысандары.....	97
2.3	Сақтандыру қызметін мемлекеттік-құқықтық реттеу.....	107
2.4	Шет мемлекеттердегі сақтандыру қызметін құқықтық реттеу тәжірибесі.....	115
3	**САҚТАНДЫРУ ҚЫЗМЕТІН ҚҰҚЫҚТЫҚ РЕТТЕУДІ ЖЕТІЛДІРУДІҢ НЕГІЗГІ БАҒЫТТАРЫ.....**	128
3.1	Сақтандыру заңнамасын жетілдірудің теориялық және тәжірибелік ерекшеліктері.....	128
3.2	Сақтандыру қызметін құқықтық реттеуге халықаралық тәжірибені енгізудің тиімді тетіктері.....	137
3.3	Сақтандыру қызметін цифрландырудың құқықтық аспектілері	145
	ҚОРЫТЫНДЫ.....	157
	ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ДЕРЕККӨЗДЕР ТІЗІМІ.....	161

НОРМАТИВТІК СІЛТЕМЕЛЕР

Осы диссертацияда келесі стандарттарға сілтемелер пайдаланылды:

1. МемСТ 7.32 – 2017. Ғылыми-зерттеу жұмысы туралы есеп. Құрылымы мен рәсімдеу ережелері.

2. МемСТ 7.1 – 2003. Библиографиялық жазба. Библиографиялық сипаттама. Жалпы талаптар және құрастыру ережелері.

3. Қазақстан Республикасының Конституциясы 2026 жыл 15 наурыз.

4. Сақтандыру қызметі туралы Қазақстан Республикасының 2000 жылғы 18 желтоқсандағы N 126 Заңы.

5. Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексі (Жалпы бөлім) Қазақстан Республикасының Кодексі 1994 жылғы 27 желтоқсандағы № 268-XIII.

6. Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексі (Ерекше бөлім) Қазақстан Республикасының 1999 жылғы 1 шілдедегі N 409 Кодексі.

7. Қазақстан Республикасының Әлеуметтік кодексі Қазақстан Республикасының 2023 жылғы 20 сәуірдегі № 224-VII ҚРЗ Кодексі.

8. Қазақстан Республикасының Кәсіпкерлік кодексі Қазақстан Республикасының Кодексі 2015 жылғы 29 қазандағы № 375-V ҚРЗ.

9. Қазақстан Республикасының Цифрлық кодексі Қазақстан Республикасының Кодексі 2026 жылғы 9 қаңтардағы № 255-VIII ҚРЗ.

10. Жекеше нотариустардың азаматтық-құқықтық жауапкершілігін міндетті сақтандыру туралы Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 11 маусымдағы N 435 Заңы.

11. Аудиторлық ұйымдардың азаматтық-құқықтық жауапкершілігін міндетті сақтандыру туралы Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 13 маусымдағы N 440 Заңы.

12. Тасымалдаушының жолаушылар алдындағы азаматтық-құқықтық жауапкершілігін міндетті сақтандыру туралы Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 1 шілдедегі N 444 Заңы.

13. Көлік құралдары иелерінің азаматтық-құқықтық жауапкершілігін міндетті сақтандыру туралы Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 1 шілдедегі N 446 Заңы.

14. Туристі міндетті сақтандыру туралы Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 31 желтоқсандағы N 513 Заңы.

15. Қызметкер еңбек (қызметтік) міндеттерін атқарған кезде оны жазатайым оқиғалардан міндетті сақтандыру туралы Қазақстан Республикасының 2005 жылғы 7 ақпандағы N 30 Заңы.

16. Өзара сақтандыру туралы Қазақстан Республикасының 2006 жылғы 5 шілдедегі N 163 Заңы.

17. Міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру туралы Қазақстан Республикасының Заңы 2015 жылғы 16 қарашадағы № 405-V ҚРЗ.

АНЫҚТАМАЛАР

Осы диссертацияда тиісті анықтамалары бар мынадай терминдер қолданылады:

Міндетті сақтандыру - бұл заң күшімен туындайтын сақтанушы мен сақтандырушы арасындағы қатынастары бар сақтандыру нысаны;

Өзара сақтандыру - бекітілген шартқа сәйкес шеккен залалды белгілі бір мөлшерде өтеу туралы заңды және жеке тұлғалардың арасындағы өзара келісім;

Өмірді сақтандыру - қайтыс болған және еңбек ету қабілетінен айрылған жағдайға арналған сақтандырудың бір түрі, мұнда сақтандырушыға шарт бойынша сақтандырылған адамның бүкіл өмір бойына жауапкершілік жүктеледі;

Сақтандыру – сақтандыру ұйымы жүзеге асыратын, сақтандыру төлемі арқылы сақтандыру шартында айқындалған сақтандыру жағдайы немесе өзге де оқиға басталған кезде жеке немесе заңды тұлғаның заңды мүліктік мүдделерін қорғау жөніндегі қатынастар кешенін білдіреді;

Сақтандыру агенті – сақтандыру агенттерінің тізіліміне енген және тапсырыс шарты негізінде бір немесе бірнеше сақтандыру ұйымдарының атынан және олардың тапсыруымен сақтандыру шарттарын жасасу жөніндегі делдалдық қызметті жүзеге асыратын жеке немесе заңды тұлға, Қазақстан Республикасының бейрезидент – банкінің филиалы;

Сақтандыру брокері - сақтандыру мәселелері бойынша кеңес беру қызметін және өз атынан және сақтанушының атынан сақтандыру келісімшартын немесе өз атынан және цеденттің тапсырмасы бойынша қайта сақтандыру келісімшартын жасау тәрізді делдалдық қызметпен айналысатын занды тұлға;

Сақтандыру келісімшарты - сақтанушы мен сақтандырушының белгілі бір сақтандыру түрінің шарттарына сәйкес өзара міндеттері көрсетілген келісімі;

Сақтандыру куәлігі - сақтандыру туралы мәмілені куәландыратын сақтандыру органының (сақтандырушының) құжаты;

Сақтандыру қызметі - сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының, Қазақстан Республикасы бейрезидент-сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымы филиалының сақтандыру (қайта сақтандыру) шарттарын жасасуға және орындауға байланысты, Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарына сәйкес уәкілетті органның лицензиясы негізінде жүзеге асырылатын қызметі, сондай-ақ өзара сақтандыру қоғамдарының сақтандыру шарттарын жасасуға және орындауға байланысты, «Өзара сақтандыру туралы» Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес лицензиясыз жүзеге асырылатын қызметі.

Сақтандыру қызметінің субъектілері – сақтандыру және қайта сақтандыру ұйымдары;

Сақтандыру ұйымы - уәкілетті мемлекеттік орган лицензиясы негізінде сақтандыру келісімшартқа отырып, оны орындауды жүзеге асыратын заңды тұлға.

БЕЛГІЛЕУЛЕР МЕН ҚЫСҚАРТУЛАР

АЕК	Айлық есептік көрсеткіш
АҚШ	Америка Құрама Штаттары
БАЭ	Біріккен Араб Әмірліктері
ЕО	Еуропалық Одақ
КСРО	Кеңестік Социалистік Республикалар Одағы
ҚНРДА	Қазақстан Республикасының Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігі
ҚР	Қазақстан Республикасы
ҚРАК	Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексі
ҚРЗ	Қазақстан Республикасының Заңы
РКФСР	Ресей Кеңестік Федеративтік Социалистік Республикасы

КІРІСПЕ

Зерттеу жұмысының жалпы сипаттамасы. Диссертациялық зерттеу сақтандыру қызметін құқықтық реттеудің ұлттық және халықаралық тәжірибесін кешенді теориялық-құқықтық талдауға арналған. Зерттеу барысында сақтандыру қызметін құқықтық реттеудің қалыптасуы мен даму ерекшеліктері, оның құқықтық табиғаты, қағидаттары, субъектілік құрамы және құқықтық реттеу тетіктері зерделенеді.

Жұмыста ұлттық құқық жүйесі мен халықаралық тәжірибенің өзара ықпалдасуы жағдайындағы сақтандыру қызметін құқықтық реттеудің қазіргі жай-күйіне кешенді баға беріліп, қолданыстағы заңнаманың өзекті мәселелері, құқық қолдану тәжірибесіндегі қайшылықтар мен оларды жетілдіру бағыттары айқындалады. Сонымен қатар сақтандыру саласындағы цифрландыру үдерістерінің құқықтық аспектілері, цифрлық сақтандыру институтының ерекшеліктері және халықаралық стандарттарды ұлттық заңнамаға имплементациялау мәселелері қарастырылады.

Диссертациялық зерттеу сақтандыру қызметін құқықтық реттеуді жетілдіру бойынша ғылыми негізделген ұсыныстар мен практикалық ұсынымдар әзірлеуге бағытталған.

Зерттеу нәтижелері сақтандыру заңнамасын жетілдіру, құқық қолдану практикасының тиімділігін арттыру және сақтандыру қатынастарын құқықтық қамтамасыз ету тетіктерін дамыту үшін теориялық және практикалық маңызға ие болып табылады.

Зерттеу тақырыбының өзектілігі. Сақтандыру қызметін құқықтық реттеудегі ұлттық және халықаралық тәжірибе мәселелері қазіргі таңдағы күрмеуі қалың, өзекті тақырыптардың бірі болып табылады. Дамыған елдерде сақтандыру қызметі мемлекет экономикасының тұрақты түрдегі дамуын қамтамасыз ететін және тез өсіп жатқан салалардың бірі болып табылады. Қазақстан Республикасы 30 дамыған елдердің қатарына кіру бағытында сақтандыру қызметінің құқықтық тұрғыдан реттелуіне аса көңіл аударуы қажет. Құқықтық тұрғыдан алғанда сақтандыру қызметі ең аз реттелген сала болып табылады. Оның себебі, сақтандыру институтының салыстырмалы түрде алғанда қоғам үшін жаңа қатынастарды реттеуі. Сондықтан да мемлекет тарапынан сақтандыру қызметін құқықтық реттеуді жетілдіру қажеттілігі қазіргі таңда өзекті мәселелердің бірі болып табылады.

Сақтандыру қызметінің қазіргі экономикадағы рөлінің артуына байланысты оны тиімді құқықтық реттеудің қажеттілігімен айқындалады. Сақтандыру жүйесі экономикалық тұрақтылықты қамтамасыз етудің маңызды құралы бола отырып, тәуекелдерді басқару тетіктерінің бірі ретінде қызмет етеді. Осыған байланысты сақтандыру қызметін құқықтық реттеуді жетілдіру, халықаралық стандарттарды енгізу және ұлттық заңнаманы жаңғырту қажеттілігі қазіргі таңда өзекті мәселелердің біріне айналып отыр.

Қазақстан Республикасының Президенті Қ.К. Тоқаев еліміздің сақтандыру секторына аса маңызыды мән береді. Сақтандыру нарығын дамыту

азаматтардың қаржылық қауіпсіздігін қамтамасыз етудің және ұлттық экономиканың тұрақтылығын арттырудың маңызды факторы болып табылады. Осыған байланысты сақтандыру қызметін құқықтық реттеуді жетілдіру мәселесі ерекше ғылыми және практикалық маңызға ие. «Біздің қаржы жүйемізде сақтандыру секторының үлесі өте аз — небәрі 5%. Мұндай жағдаймен келісуге болмайды. Сақтандыру нарығын мемлекет, азаматтар және бизнес арасындағы ықтимал тәуекелдер үшін ортақ жауапкершілік мәдениетін қалыптастыратын маңызды институт ретінде қарастыру қажет» деп Президент сақтандыру мен бағалы қағаздар нарығын дамытуды талап етті [1].

«2026 жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша Қазақстан Республикасының сақтандыру секторында 25 сақтандыру ұйымы бар, оның 10-ы – өмірді сақтандыру.

Сақтандыру төлемдері 2025 жылы 461,4 млрд теңгені құрады, бұл 2024 жылға қарағанда 38,1%-ға көп. Өсу, негізінен, мүліктік сақтандыру бойынша сақтандыру төлемдерінің 40,9%-ға ұлғаюына байланысты.

2025 жылы барлығы 1,7 млн төлем, 2025 жылғы желтоқсанда –167,5 мың төлем жасалды» [2].

Қазіргі таңда сақтандыру қоғамның әлеуметтік-экономикалық тұрақтылығын қамтамасыз ету мақсатында нарықтық әдістермен экономиканы басқарудың негізгі құралы болып табылады. Сақтандыру механизмдерінің ерекшелігі тек қана кәсіпорындар мен азаматтардың мүлкін сақтау ғана емес, сонымен қатар мемлекеттің макроэкономикалық мәселелерін шешу секілді қызметтерді атқару болып табылады. Сондықтан, нарық шаруашылығы дамыған мемлекеттерде сақтандыру әлеуметтік-экономикалық мәселелерді шешудегі экономиканың стратегиялық секторы болып отыр. Ал экономикалық тұрақтылық болса, халықтың әл-ауқатының жақсаруының қайнар көзі. Демек, ол адамдардың құқықтары мен заңды мүдделерінің сақталуының бірден бір кепілі болып табылады. Баршамызға мәлім Қазақстан Республикасының ең қымбат қазынасы ретінде адамның және азаматтың өмірі, құқықтары мен бостандықтары танылады және демократиялық құқықтық мемлекетте, аталған құндылықтарды қорғау мен қамтамасыз ету тетіктеріне кепілдік берілген [3].

Қазақстан Республикасында сақтандыру нарығы тәуелсіздік жылдарында қалыптасып, белгілі бір институционалдық және нормативтік негізге ие болды. Соған қарамастан, сақтандырудың экономикалық әлеуеті толық іске асырылды деп айту қиын. Қазіргі кезеңде сақтандыру саласындағы құқықтық реттеу бірқатар жүйелі мәселелермен сипатталады. Атап айтқанда, сақтандыру шарттарының құқықтық табиғатын біріздендірудің жеткіліксіздігі, тұтынушылардың құқықтарын қорғау тетіктерінің әлсіздігі, сақтандыру дауларын шешудің тиімді рәсімдерінің толық қалыптаспауы, байқалады. Сондай-ақ сақтандыру сыйлықақыларының жалпы ішкі өнімдегі үлесінің төмендігі, халықтың сақтандыру мәдениетінің жеткіліксіз деңгейі, сақтандыру қызметтеріне деген сенімнің толық қалыптаспауын көрсетеді. Бұл, өз кезегінде, сақтандыру қызметін құқықтық реттеудің тиімділігін арттыру қажеттілігін айқындайды.

Диссертациялық зерттеу жұмысында сақтандыру қызметінің құқықтық табиғаты, оның мазмұны мен ерекшеліктері жан-жақты қарастырылған. Диссертацияда «сақтандыру», «сақтандыру қызметі» және «сақтандыру құқықтық қатынастары» ұғымдарының мазмұны талданып, олардың құқықтық мәні ашылады, сондай-ақ сақтандыру қызметін құқықтық реттеудің негізгі қағидаттары мен әдістері айқындалады.

Диссертациялық зерттеу жұмысында Қазақстан Республикасындағы сақтандыру заңнамасының қалыптасу және даму кезеңдері талданады. Қолданыстағы құқықтық реттеу тетіктері сараланып, олардың тиімділігі бағаланады. Сақтандыру нарығының дамуына кедергі келтіретін құқықтық және институционалдық проблемалары айқындалып, оларды шешу жолдары ұсынылады.

Ұлттық сақтандыру жүйесін құру, сақтандыру қызметі нарығын сапалы жаңа деңгейге көтеру жөнінде шаралар әзірлеуді және кезең-кезеңімен іске асыруды талап етеді. Бұл қағида Қазақстан Республикасында сақтандыруды дамытудың мемлекеттік бағдарламасының шеңберінде жүзеге асырылады.

8 қыркүйек 2025 жылғы Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың «Жасанды интеллект дәуіріндегі Қазақстан: өзекті мәселелер және оны түбегейлі цифрлық өзгерістер арқылы шешу» атты Қазақстан халқына Жолдауында да сақтандыру мәселесі басты назарға алынды. Атап айтқанда: «Денсаулық сақтау жүйесінің қаржылық тұрақтылығына және медициналық қызметтерге мониторинг жүргізу ісінің тиімділігіне қатысты мәселелер бар. Бюджет қаржысы шектеулі кезде Әлеуметтік медициналық сақтандыру қоры іс жүзінде бюджетті реттеуші рөлін атқарып отыр. Қор дайын өнім жеткізетін кәсіпорындарға бақылауды күшейткеннің арқасында шығынды көбейтпей ұстап тұр. Үкімет жасанды интеллект технологиясын қолданып, медициналық қызметтердің сапасына және көлеміне мониторинг жүргізетін жаңа жүйе қалыптастыруға тиіс» [4].

Қазіргі жаһандану жағдайында сақтандыру қызметі экономикалық жүйенің тұрақтылығын қамтамасыз ететін, тәуекелдерді басқарудың әмбебап құралы ретінде ерекше маңызға ие. Нарықтық қатынастардың күрделенуі, қаржы құралдарының әртараптандырылуы, табиғи және техногендік тәуекелдердің өсуі сақтандыру институтының рөлін күшейтіп, оны құқықтық тұрғыдан жан-жақты реттеуді талап етеді. Осы тұрғыдан алғанда, сақтандыру қызметін құқықтық реттеу мәселелері ұлттық құқықтық жүйенің ғана емес, сонымен қатар халықаралық құқықтық кеңістіктің де маңызды құрамдас бөлігі болып табылады.

Зерттеудің маңызды бөлігін халықаралық тәжірибені талдау құрайды. Диссертацияда дамыған мемлекеттердің сақтандыру саласын құқықтық реттеу үлгілері зерттеліп, олардың артықшылықтары мен ерекшеліктері талданады. Салыстырмалы-құқықтық талдау негізінде халықаралық тәжірибені ұлттық құқық жүйесіне бейімдеу мүмкіндіктері қарастырылады.

Диссертациялық зерттеу жұмысында ұлттық және халықаралық құқықтық нормалардың арақатынасы зерттеліп, оларды үйлестіру мәселелері

қарастырылады. Автор халықаралық стандарттарды енгізу сақтандыру нарығының бәсекеге қабілеттілігін арттыруға және оның тұрақты дамуын қамтамасыз етуге ықпал ететінін негіздейді.

Дамыған елдерде сақтандыру қызметі қатаң әрі тиімді құқықтық реттеу аясында жүзеге асырылады. Мәселен, Еуропалық Одақта Solvency II директивасы сақтандыру ұйымдарының қаржылық тұрақтылығын қамтамасыз етуге бағытталған тәуекелге негізделген қадағалау жүйесін қалыптастырса [5], Халықаралық сақтандыру қадағалаушылары қауымдастығының (IAIS) қағидаттары сақтандыру қызметін реттеудің жаһандық стандарттарын айқындайды [6]. Сонымен қатар, IFRS 17 халықаралық қаржылық есептілік стандарты сақтандыру шарттарын есепке алу мен ашып көрсетуге жаңа талаптар енгізіп, сақтандыру қызметінің ашықтығын арттыруға ықпал етуде [7].

Қазіргі кезеңде ерекше назар аударуды қажет ететін тағы бір фактор – цифрландыру. Онлайн сақтандыру қызметтері, цифрлық платформалар, InsurTech технологияларының дамуы, жасанды интеллект пен үлкен деректерді (big data) қолдану сақтандыру өнімдерінің қолжетімділігін арттырып, қызмет көрсету сапасын жақсартады. Алайда бұл өз кезегінде жаңа құқықтық сын-қатерлердің қалыптасуына да себеп болады. Атап айтқанда, дербес деректердің заңсыз жиналуы, өңделуі немесе үшінші тұлғаларға берілуі, онлайн платформалардың хакерлік шабуылдарға ұшырауы, кибершабуыл мәселелерін туындатады.

Халықаралық ұйымдардың зерттеулерінде InsurTech және цифрлық технологиялар сақтандыру нарығын трансформациялап, реттеуші органдар алдында жаңа құқықтық және институционалдық міндеттер қоятындығы атап көрсетіледі [8].

Осылайша, сақтандыру қызметін құқықтық реттеу мәселелерін ұлттық және халықаралық тәжірибе негізінде кешенді түрде зерттеу ғылыми және тәжірибелік тұрғыдан өзекті болып табылады. Бұл зерттеу сақтандыру саласындағы құқықтық институттарды жетілдіруге, құқық қолдану тәжірибесін оңтайландыруға және халықаралық стандарттарды ұлттық құқыққа тиімді енгізу тетіктерін айқындауға бағытталады.

Тақырыптың зерттелу деңгейі. Сақтандыру қызметін құқықтық реттеу мәселелері қазіргі таңда отандық және шетелдік құқық ғылымында әлі де зерттеуді талап ететін өзекті бағыттардың бірі болып табылады. Қаржылық құқықтың құрамдас бөлігі ретінде сақтандыру саласын құқықтық реттеу мәселелеріне арналған бірқатар ғылыми еңбектер қалыптасқан.

Отандық заң ғылымында бұл бағыттағы зерттеулерге М.Г. Алимжанова, И.Қ. Елеусізова, Қ.М. Қожабек, Н.Б.Мухитдинов, Э. Мұхамеджанов, Н.Б. Мынбаева, С.М. Найманбаев, М. Оспанов, Ә.Ә. Сейтжанов, Б.Ө. Сман, Ө. Серимов, А.И. Худяков және басқа да ғалымдар елеулі үлес қосты. Олардың еңбектерінде сақтандыру қатынастарының құқықтық табиғаты, сақтандыру қызметін ұйымдастырудың құқықтық негіздері және оны мемлекеттік реттеудің жекелеген аспектілері қарастырылған.

Мәселен, Б.Ө. Сманның «Қазақстан Республикасындағы сақтандыру құқықтық қатынастарын мемлекеттік реттеудің тиімділігін арттыру» атты (2003 ж.) диссератациясы. Н.Б. Мынбаеваның «Қазақстан Республикасында сақтандыруды реттеудің құқықтық негіздері» тақырыбында қорғаған диссертациясы. М.Г.Алимжановаңың «Қазақстан Республикасы мен Малайзиядағы сақтандыру қызметін құқықтық реттеудің теориялық және практикалық мәселелері» (2013 ж.) атты зерттеу жұмыстары Қазақстан Республикасының сақтандыру құқығы саласындағы іргелі еңбектер қатарына жатады.

Ресей ғалымдарының ішінде 2000 жылдан бастап қазіргі уақытқа дейін сақтандыру қызметін құқықтық реттеу мәселелерімен В. С. Белых, С.В. Дедиков, И. В. Кривошеев, С. В. Михайлов, Р. Р. Тузова, Т. А. Федорова, А. К. Шихов және т.б. ғалымдар айналысып келеді. Сонымен қатар, соңғы жылдарда сақтандыру құқығынан диссертация қорғаған бірқатар ресейлік ғалымдарды да атауға болады — В.Ю.Абрамов, А.Г. Архипова, Е.П. Долгополова, Н.О. Исаев, К.Д. Ишо, Л.Н. Клоченко, Е.Н. Клочкова, И.А. Митричев, Ю.И. Плохуто-Плакутина, Т.Г. Тамазян, Ю.Б. Фогельсон және т.б.

Сақтандыру қызметінің экономикалық мазмұны, оның қаржылық қатынастар жүйесіндегі орны мен рөлі, сақтандыру нарығының даму заңдылықтары отандық және шетелдік экономист-ғалымдардың еңбектерінде кеңінен қарастырылған. Олардың қатарында Қ. Алтынбекұлы, У.Б. Баймұратов, А.М. Годин, Д.Б. Досалиянов, К.К. Жүйріков, Ю.М. Журавлев, С.Л. Ефимов, Е.Ш. Качалова, Қ.Е. Құбаев, О.Э. Лер, Л.А. Мотылев, В.Д. Мельников, А.К. Сембеков, Ө.Қ. Шеденов және басқа да зерттеушілерді атауға болады. Аталған еңбектерде сақтандырудың түрлері мен нысандары, сақтандыру өнімдерінің жіктелуі, тәуекелдерді сақтандырудың ұйымдастырушылық ерекшеліктері жан-жақты талданған.

Сонымен бірге, жүргізілген ғылыми зерттеулердің елеулі көлеміне қарамастан, сақтандыру қызметін құқықтық реттеудің ұлттық және халықаралық аспектілерін кешенді, жүйелі және салыстырмалы-құқықтық тұрғыдан зерделеу мәселелері жеткілікті деңгейде толық ашылмаған. Атап айтқанда, ұлттық заңнаманы халықаралық стандарттармен үйлестіру, сақтандыру қызметін құқықтық реттеудің тиімді модельдерін қалыптастыру, жаһандану жағдайында сақтандыру нарығын құқықтық қамтамасыз етудің жаңа тәсілдерін айқындау мәселелері терең ғылыми талдауды талап етеді.

Осыған байланысты, сақтандыру қызметін құқықтық реттеудің ұлттық және халықаралық тәжірибесін кешенді зерттеу, олардың өзара ықпалдасу тетіктерін айқындау және құқықтық реттеуді жетілдіру бағыттарын негіздеу аталған диссертациялық зерттеудің ғылыми жаңалығы мен өзектілігін айқындайды.

Диссертациялық зерттеудің объектісі – сақтандыру қызметін құқықтық реттеу саласында туындайтын қоғамдық қатынастар, атап айтқанда ұлттық және халықаралық құқық шеңберінде сақтандыру жүйесінің қызмет етуі, оны ұйымдастыру және дамыту барысында қалыптасатын құқықтық қатынастар.

Диссертациялық зерттеудің пәніне сақтандыру қызметін құқықтық реттеудің нормалары, қағидаттары мен механизмдері, сондай-ақ Қазақстан Республикасының және шетел мемлекеттерінің сақтандыру заңнамасы мен халықаралық тәжірибесі жатады.

Диссертациялық зерттеудің мақсаты мен міндеттері. Диссертациялық зерттеудің мақсаты – сақтандыру қызметін құқықтық реттеудің ұлттық және халықаралық тәжірибесін кешенді түрде талдау арқылы Қазақстан Республикасындағы сақтандыру заңнамасын жетілдіруге бағытталған ғылыми негізделген ұсыныстар әзірлеу.

Аталған мақсатқа қол жеткізу үшін мынадай **міндеттерді** шешу көзделеді:

- сақтандырудың құқықтық және экономикалық мазмұнын талдау;
- сақтандыру қызметінің құқықтық табиғатын, мәнін және құқық жүйесіндегі орнын айқындау;
- сақтандыру құқықтық қатынастарының субъектілері мен объектілерін талдау;
- сақтандыру қызметін құқықтық реттеудің қағидаттарын айқындау, олардың құқықтық табиғатын зерттеу және қолданыстағы заңнамаға енгізу жөніндегі ұсыныстарды тұжырымдау;
- Қазақстан Республикасындағы сақтандыру заңнамасының қалыптасуы мен даму кезеңдерін зерттеу;
- сақтандыру қызметін мемлекеттік реттеудің құқықтық тетіктерін зерделеу және олардың тиімділігін бағалау;
- шетел мемлекеттеріндегі сақтандыру қызметін құқықтық реттеудің негізгі модельдерін талдау;
- ұлттық және халықаралық құқықтық нормалардың арақатынасын айқындау және оларды үйлестіру мәселелерін зерттеу;
- сақтандыру қызметін құқықтық реттеуді жетілдірудің және цифрлық трансформациялаудың басым бағыттары бойынша ғылыми негізделген ұсыныстар әзірлеу.

Диссертациялық зерттеудің әдіснамалық негізін сақтандыру қызметін құқықтық реттеу саласындағы қоғамдық қатынастарды ғылыми тұрғыдан танудың жалпы ғылыми және арнайы заңи әдістерінің кешені құрайды. Сақтандыру қызметінің қалыптасуы мен эволюциясын зерделеу мақсатында тарихи-құқықтық әдіс пайдаланылып, оның даму кезеңдері мен құқықтық реттеу ерекшеліктері айқындалды. Отандық және шетелдік ғалымдардың ғылыми еңбектеріне, ұлттық заңнамаға және халықаралық құқықтық актілерге герменевтикалық талдау жүргізіліп, олардың мазмұны мен құқықтық мәні терең зерделенді. Зерттеу барысында аналитикалық тәсілдер (интерпретациялау, нақтылау, негіздеу және ғылыми тұрғыдан теріске шығару), формальды-логикалық талдау әдісі, сақтандыру қызметін құқықтық реттеудің тиімді үлгілерін қалыптастыру мақсатында модельдеу әдісі, сондай-ақ зерттеу нысанын кешенді және жүйелі түрде қарастыруға мүмкіндік беретін жүйелік талдау әдісі қолданылды. Сонымен қатар, ғылыми тұжырымдар мен

қорытындылардың дәйектілігін қамтамасыз ету мақсатында аргументациялау әдісі және өзге де жалпы ғылыми әдістер, талдау, синтез, индукция, дедукция және арнайы заңи әдістер кешені пайдаланылды. Аталған әдістердің жиынтығы диссертациялық зерттеудің ғылыми негізділігін, тұжырымдардың дәлелділігін және ұсыныстардың практикалық маңыздылығын қамтамасыз етуге мүмкіндік берді.

Диссертациялық зерттеудің нормативтік негізін Қазақстан Республикасының Конституциясы, Қазақстан Республикасының сақтандыру заңнамасы, сондай-ақ Қазақстан Республикасының өзге де құқық салаларының қаржылық-құқықтық және сақтандыру-құқықтық қатынастарын реттеуге бағытталған нормалары мен Қазақстан Республикасы бекіткен халықаралық шарттар мен келісімдер құрайды. Сонымен қатар, сақтандыру нарығын мемлекеттік реттеу мәселелерін айқындайтын уәкілетті органдардың нормативтік қаулылары мен құқықтық актілері талданды. Ал халықаралық тәжірибені зерттеу барысында халықаралық шарттар, келісімдер, сақтандыру қызметін реттеудің халықаралық стандарттары, сондай-ақ шетел мемлекеттерінің сақтандыру заңнамалары қолданылды. Зерттеу барысында аталған нормативтік құқықтық актілер кешенді түрде талданып, олардың өзара байланысы, құқықтық реттеу тиімділігі және ұлттық заңнаманы жетілдіру бағыттары айқындалды.

Диссертациялық зерттеудің ғылыми жаңалығы. Зерттеу жұмысында сақтандыру қызметін құқықтық реттеудің ұлттық және халықаралық тәжірибе мәселелері жүйелі түрде, кешенді негізде, алғаш қойылып, талданып отыр. Зерттеудің ғылыми жаңалығы диссертациялық жұмыста сақтандыру қызметін құқықтық реттеуді жетілдіруге бағытталған нақты ұсыныстар мен ұсынымдарды жүйелі түрде әзірлеуден көрінеді. Атап айтқанда, сақтандыру заңнамасын жетілдіру, халықаралық тәжірибені енгізу және сақтандыру қызметін реттеудің тиімді құқықтық механизмдерін қалыптастыру мәселелерін ізденуші қазақ тілінде тұңғыш рет зерттеп отыр.

Сонымен қатар зерттеу барысында сақтандыру қызметін құқықтық реттеудің заманауи үрдістері, цифрландыру жағдайындағы құқықтық тетіктері және халықаралық стандарттарды ұлттық заңнамаға имплементациялау ерекшеліктері ғылыми тұрғыдан негізделді. Автор тарапынан «сақтандыру мәдениеті», «цифрлық сақтандыру» сияқты жаңа құқықтық ұғымдарға авторлық анықтамалар беріліп, сақтандыру қызметін құқықтық реттеуді жетілдіруге бағытталған теориялық тұжырымдар мен практикалық ұсынымдар әзірленді.

Диссертациялық зерттеудің эмпирикалық негізін сақтандыру қызметін құқықтық реттеу саласындағы құқық қолдану тәжірибесін сипаттайтын нақты деректер мен материалдар құрайды. Зерттеу барысында Қазақстан Республикасының сақтандыру нарығының даму көрсеткіштерін айқындайтын ресми статистикалық мәліметтер, оның ішінде Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің, Қаржы нарығын реттеу және дамыту

агенттігінің, сондай-ақ өзге де уәкілетті мемлекеттік органдардың есептері мен аналитикалық материалдары кеңінен пайдаланылды.

Сонымен қатар, сақтандыру қызметін құқықтық реттеу тетіктерінің тиімділігін бағалау мақсатында сот практикасы материалдары, атап айтқанда сақтандыру даулары бойынша сот актілері мен құқық қолдану тәжірибесі талданды. Бұл ретте сақтандыру шарттары, сақтандыру төлемдерін жүзеге асыру, сақтандыру ұйымдарының жауапкершілігі мәселелері бойынша қалыптасқан құқықтық ұстанымдар зерделенді.

Қорғауға шығарылатын ережелер:

1. Сақтандыру – бұл қоғамның әлеуметтік-экономикалық және жеке тұлғалардың мүліктік әрі жеке құқықтары мен заңды мүдделерін, соның ішінде адам құқықтарын қорғауға бағытталған, сақтандыру ұйымдары жүзеге асыратын, тәуекелдерді бөлу қағидатына негізделген қаржылық-құқықтық қатынастар жүйесі. Ол сақтандыру жарналары есебінен арнайы ақша қорларын қалыптастыруды және сақтандыру жағдайы туындаған кезде осы қорлардан келтірілген зиянды өтеу немесе өзге де материалдық қамтамасыз ету нысанында төлемдер жүргізуді көздейді.

2. Сақтандыру қызметі – бұл сақтандыру ұйымдары мен өзге де уәкілетті субъектілер жүзеге асыратын, сақтандыру тәуекелдерін бағалау және бөлу қағидаттарына негізделген, сақтандыру шарттарын жасасу, сақтандыру сыйлықақыларын (жарналарын) жинақтау, сақтандыру қорларын қалыптастыру және оларды басқару, сондай-ақ сақтандыру жағдайы туындаған кезде сақтандыру төлемдерін жүзеге асыру арқылы жеке және заңды тұлғалардың мүліктік, жеке әрі әлеуметтік құқықтары мен заңды мүдделерін, соның ішінде адам құқықтарын қорғауға бағытталған кәсіби қаржылық-құқықтық қызмет түрі.

3. Сақтандыру заңнамасына сақтандырудың іргелі қағидаттарының жүйесін енгізу қажет. Аталған жүйе сақтандыру заңнамасының жалпы бастамалары мен мәнін айқындайтын жалпы және арнайы қағидаттардан тұрады. 1) Жалпы қағидаттар: заңдылық, жариялылық, ұйымдық бірлік. 2) Арнайы қағидаттар: адалдық, баламалылық, келтірілген зиянды өтеу, әлсіз тарапты қорғау.

Жалпы қағидаттар сақтандыру заңнамасының түрлі нормаларын қолдану мен түсіндірудің бірізділігін қамтамасыз етеді, сондай-ақ сақтандыру қатынастарына қатысушылардың құқықтық жағдайындағы теңгерімді (паритетті) сақтауға ықпал етеді. Бұған сақтандыру қызметін ұйымдастыру және жүзеге асыру мәселелері бойынша сақтандыру қадағалау органы мен сақтандырушы арасындағы қатынастар, бірге сақтандыру және қайта сақтандыру аясында сақтандырушылар арасындағы қатынастар, сондай-ақ сақтандыру шартындағы әлсіз тарап болып табылатын сақтанушы мен шартта анағұрлым күшті тарап саналатын сақтандырушы арасындағы қатынастар жатады.

Арнайы қағидаттар негізінен жеке-құқықтық сақтандыру қатынастарына арналған және олар сақтандыру тәуекелін бағалау мен сақтандыру төлемін

жүзеге асыру барысында шарт тараптарының өзара сеніміне негізделуі тиіс. Сақтандыру қағидаттары жүйесінің мақсаты сақтандыру құқықтық қатынастарын іске асыру үдерісіне оң әсер етуге бағытталған.

4. Сақтандыру заңнамасын жүйелеудің маңызды бағыты ретінде Қазақстан Республикасының Сақтандыру кодексін қабылдау мәселесі ғылыми және тәжірибелік тұрғыдан өзекті болып табылады. Құқықтық кодификация құқықтық нормаларды жүйелі түрде біріктіруге, құқықтық реттеудің ішкі келісімділігін қамтамасыз етуге және құқық қолдану практикасының тұрақтылығын арттыруға мүмкіндік береді.

Қазақстан Республикасында сақтандыру саласының көптеген арнайы заңдармен реттелуі құқықтық нормалардың шашыраңқылығына, қайталануына және құқық қолдану тәжірибесіндегі біркелкіліктің болмауына әкеледі. Осыған байланысты сақтандыру заңнамасын жүйелеу мақсатында сақтандыру қатынастарын кешенді түрде реттейтін Қазақстан Республикасының Сақтандыру кодексін қабылдау қажет деп тұжырымдаймыз. Мұндай кодификация сақтандыру заңнамасының тұтастығын қамтамасыз етіп, құқықтық реттеудің тиімділігін және сақтанушылардың құқықтарын қорғау деңгейін арттыруға мүмкіндік береді.

Кодификацияның тағы бір маңызды артықшылығы – құқық қолдану тәжірибесін жеңілдету. Қазіргі уақытта сақтандыру саласындағы дауларды шешу барысында соттар әртүрлі заңнамалық актілерге жүгінуге мәжбүр. Бұл кей жағдайларда құқықтық нормаларды әртүрлі түсіндіруге алып келеді. Ал бірыңғай Сақтандыру кодексінің болуы сот практикасының бірізділігін қамтамасыз етуге ықпал етеді.

5. Қазақстан Республикасының «Сақтандыру қызметі туралы» Заңының 3-бабындағы «Осы Заңда пайдаланылатын негізгі ұғымдар» қатарына «сақтандыру мәдениеті» терминін енгізуді ұсынамыз.

«Сақтандыру мәдениеті – сақтандыру қатынастары субъектілерінің сақтандыру заңнамасы туралы білім деңгейін, сақтандыру құқықтарын жүзеге асыруын және сақтандыру міндеттемелерін адал орындауын сипаттайтын құқықтық мәдениеттің құрамдас бөлігі».

6. Цифрлық сақтандыру – сақтандыру құқықтық қатынастарының негізгі кезеңдері цифрлық технологияларды, ақпараттық жүйелерді және деректерді автоматтандырылған өңдеуді қолдану арқылы электрондық ортада жүзеге асырылатын сақтандыру қызметін ұйымдастыру нысаны.

Қазақстан Республикасының «Сақтандыру қызметі туралы» Заңының 3-бабындағы «Осы Заңда пайдаланылатын негізгі ұғымдар» қатарына «цифрлық сақтандыру» ұғымын өзертулер мен толықтырулар ретінде енгізуді ұсынамыз.

«Цифрлық сақтандыру – сақтандыру шартының жасалуы, сүйемелденуі және орындалуы цифрлық технологиялар мен автоматтандырылған ақпараттық жүйелер арқылы жүзеге асырылатын, сақтандыру құқықтық қатынастары субъектілерінің электрондық өзара іс-қимылын, деректерді өңдеуді және сақтандыру қызметтерін қашықтан көрсетуді қамтамасыз ететін сақтандыру қызметін ұйымдастыру нысаны».

7. Сақтандыру қызметін құқықтық реттеу ұлттық және халықаралық құқық нормаларының өзара ықпалдасуы негізінде жүзеге асырылатыны негізделді. Халықаралық стандарттарды ұлттық заңнамаға имплементациялау сақтандыру нарығының тұрақтылығын қамтамасыз етуге, оның бәсекеге қабілеттілігін арттыруға және құқықтық реттеу тиімділігін күшейтуге мүмкіндік беретіні айқындалды. Осыған байланысты ұлттық сақтандыру заңнамасын халықаралық талаптармен үйлестіру қажеттілігі тұжырымдалды.

Халықаралық тәжірибені салыстырмалы-құқықтық талдау дамыған мемлекеттерде сақтандыру қызметін құқықтық реттеу жоғары деңгейде жүйеленгенін көрсетеді. Еуропалық Одақ елдері, АҚШ және бірқатар дамыған мемлекеттерде сақтандыру нарығын реттеу тиімді құқықтық және институционалдық механизмдер арқылы жүзеге асырылады. Аталған тәжірибені елімізде сақтандыру қызметін құқықтық реттеуді жетілдіру мақсатында қолдану керек.

Диссертациялық зерттеудің теориялық және тәжірибелік маңыздылығы. Зерттеу нәтижелері сақтандыру құқығы теориясын дамытуға, қаржылық құқық ғылымын толықтыруға, сондай-ақ құқықтық реттеудің заманауи тәсілдерін қалыптастыруға ғылыми негіз бола алады. Зерттеудің тәжірибелік маңызы диссертацияда ұсынылған қорытындылар мен ұсынымдарды сақтандыру қызметін құқықтық реттеуді жетілдіру барысында қолдану мүмкіндігімен сипатталады. Атап айтқанда, зерттеу нәтижелері құқық шығармашылығы қызметін, уәкілетті мемлекеттік органдардың практикалық қызметін, сақтандыру ұйымдарының қызметін құқықтық қамтамасыз етуге, сондай-ақ Қазақстан Республикасының сақтандыру заңнамасын жетілдіруге жәрдемдеседі. Диссертацияның теориялық зерттеу нәтижелерін жоғары оқу орындарының білім беру үдерісінде, оқу-әдістемелік құралдар әзірлеуде және ғылыми-зерттеу жұмыстарында қолдануға болады.

Диссертация нәтижелерінің сыннан өтуі. Диссертациялық зерттеу жұмысы әл – Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті заң факультетінің кеден, қаржы және экологиялық құқық кафедрасында орындалды. Зерттеу жұмысының тұжырымдары мен негізгі қорытындылары кафедра мәжілісінде және әртүрлі ғылыми конференцияларда талқыланған.

Диссертациялық жұмыстың мазмұны бойынша 16 ғылыми мақала жарық көрді. Scopus және Web of Science деректер қорына кіретін шетелдік ғылыми басылымда - 1 ғылыми мақала, Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігінің Ғылым және жоғары білім саласындағы сапаны қамтамасыз ету комитеті бекіткен тізімдегі ғылыми басылымдарда – 4 мақала, халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференциялар мен басқа да ғылыми басылымдарда 11 ғылыми мақала жарияланды.

1. Abisheva M.N., Omirali Z., Yensebayeva A. «Innovative approaches to financial and legal regulation of insurance products in the InsurTech era» // Social & Legal Studios. - 2025. - T. 8. - № 2. - P.11-22.

2. Абишева М.Н., Юхневич Э.Э. «Сақтандыру түрлерінің Қазақстан Республикасының сақтандыру заңнамасында реттелу ерекшеліктері» // ҚазҰУ Хабаршысы. Заң сериясы. - №1, (113) 2025. - 116-126 бб.

3. Абишева М.Н., Юхневич Э.Э. «Қазақстандағы исламдық сақтандыруды дамытудың құқықтық мәселелері» // Eurasian Scientific Journal of Iaw. Scientific Journal (Еуразиялық ғылыми заң журналы. Ғылыми журнал). - № 3(12) 2025. – 27-40 бб.

4. Абишева М.Н. «Қазақстан Республикасындағы сақтандыру заңнамасының эволюциясы және цифрлық трансформация» // Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институтының жаршысы ғылыми-құқықтық журналы. - Том 81, № 1 (2026), 322-332 бб.

5. Абишева М.Н. «Сақтандырудың құқықтық табиғаты және халықаралық кеңістіктегі интеграциялық үдерістер» // ҚазҰУ Хабаршысы. Заң сериясы. - №1 (117) 2026. - 148-159 бб.

6. Абишева М.Н. «Қазақстандағы исламдық сақтандыруды дамытудағы құқықтық кедергілер мен оларды шешу жолдары» // Мемлекет Басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың «Әділетті Қазақстан: заң мен тәртіп, экономикалық өсім, қоғамдық оптимизм» атты Қазақстан халқына Жолдауын іске асыру және әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің 90 жылдығы аясында «Цифрлық трансформация жағдайындағы кедендік әкімшілендірудің заманауи ізденістері мен болашағы» атты заң ғылымдарының докторы, профессор Әлібеков Сайлаубек Тынышбекұлының 70 жылдық мерейтойына арналған ғылыми-тәжірибелік конференцияның материалдары, Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ. - 22 қараша, 2024. - 316-320 бб.

7. Абишева М.Н., Қожабек Қ.М. «Қазақстандағы сақтандыру қызметін құқықтық реттеу және халықаралық тәжірибені интеграциялау» // Заң ғылымдарының докторы, профессоры Алдибеков Жапар Смаиловичтың 70 жылдығына, заң ғылымдарының докторы, профессоры Ракимбаев Еркимбек Нурудиновичтың 70 жылдығына арналған «Қазақстан Республикасының мемлекеттік-құқықтық дамуы: саяси-құқықтық және тарихи аспектілері» тақырыбында халықаралық ғылыми-практикалық конференциясы, Қонаев университеті. - 18 қазан, 2024. - 176-182 бб.

8. Абишева М.Н., Куаналиев А.А. «Совершенствование законодательства Республики Казахстан в сфере страхования: проблемы и перспективы» // Материалы международной научно-теоретической конференции студентов и молодых ученых на тему: «Актуальные проблемы развития государства и права в условиях цифровой трансформации общества», посвящённая Дню Независимости Республики Казахстан, Университет Кунаева. - 6 декабря, 2025. - С. 3-5

9. Абишева М.Н. «Қазақстан Республикасындағы сақтандыру қызметінің сапасын жетілдіру мәселелері» // «Ресей империясының күйреуі және Қазақ мемлекеттілігінің жандануы» халықаралық конференциясының материалдары, Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ. - 23 қазан, 2025. -146-150 бб.

10. Абишева М.Н. «Сақтандыру қызметін құқықтық реттеу мәселелері: жаңа құқықтық кейс» // Қазақстан Республикасының Конституциясының 30 жылдығына арналған «Қазақстан Республикасы Конституциясы: құқықтық мемлекет пен тұрақты дамудың 30 жылдық жолы» тақырыбындағы халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференцияның материалдары, Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ. - 29 тамыз, 2025. - 124-125 бб.

11. Абишева М.Н. «Сақтандыру құқығы нормаларын жіктеудің теориялық негіздері» // «Қазақстанның сыбайлас жемқорлыққа қарсы стратегиясының негізі ретінде мемлекеттік қызметшілердің ұйымдық мәдениетін арттыру: сын-тегеуріндер, проблемалар мен перспективалар» халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференциясы. Ілияс Жансүгіров атындағы Жетісу университеті. - 22 мамыр, 2025. - 55-58 бб.

12. Абишева М.Н. «Әуе көлігімен тасымалдау кезінде сақтандырудың ерекшеліктері» // «Мемлекеттік органдар мен азаматтық қоғам институттарының өзара іс-қимылының заманауи мәселелері» атты халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференциясы, «Нархоз Университеті». - 18 сәуір, 2025. - 16-22 бб.

13. Абишева М.Н. «Сақтандыру қызметін құқықтық реттеуде жасанды интеллектті қолдану ерекшеліктері» // Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері, заң ғылымдарының докторы, профессор, Ағыбаев Арықбай Нүсіпәліұлының құрметіне арналған «Құқық және әділет: Жаңа қоғамдағы құқықтық теңдік мәселелері» атты халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференциясы, Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университеті. - 17 сәуір, 2025. - 204-208 бб.

14. Абишева М.Н. «Сақтандыру түрлерін жіктеудің теориялық және тәжірибелік маңызы» // «Фараби әлемі» атты студенттер мен жас ғалымдардың халықаралық ғылыми конференция материалдары. Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ. - 4 сәуір, 2025. - 1-Том. - 355 – 356 бб.

15. Абишева М.Н. «Классификация норм страхового права в системе современного права» // «Фараби әлемі» атты студенттер мен жас ғалымдардың халықаралық ғылыми конференция материалдары. Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ. - 8 сәуір, 2026. - 1-Том. - 313 – 314 бб.

16. Абишева М.Н. «Жаңа Қазақстанның сақтандыру қызметін құқықтық реттеу ерекшеліктері» // Предупреждение преступности. – 2024. - №2 (70). – 9-14 бб.

Диссертациялық зерттеудің құрылымы мен көлемі. Диссертация нормативтік сілтемелер, анықтамалар, белгілеулер мен қысқартулар, кіріспе, үш тарау, қорытынды және пайдаланылған дереккөздер тізімінен тұрады. Диссертациялық жұмыстың көлемі 171 бетті құрайды.

1 САҚТАНДЫРУ ҚЫЗМЕТІН ҚҰҚЫҚТЫҚ РЕТТЕУДІҢ ТЕОРИЯЛЫҚ ЖӘНЕ ҚҰҚЫҚТЫҚ НЕГІЗДЕРІ

1.1 Сақтандырудың құқықтық және экономикалық мазмұны

«Сақтандыру» көп қырлы түсінік, әрі бүгінгі таңдағы өзекті мәселелердің бірі. Сақтандырудың анықтамасын анықтауда заң ғылымының өкілдері барлық теорияларды біріктіре келе сақтандыру түсінігінің және оның барлық түрлеріне қолданылатын ортақ бірыңғай ұғымын беру үшін өз үлестерін қосты. Құқықтанушылар сақтандыруды шарт ретінде анықтауды ұсынды.

Заң саласында сақтандырудың мазмұнын С.М.Найманбаев былай деп түсіндіреді: «Сақтандырудың заңи аспектісі сақтандыру өтеуінің міндеттілігін белгілеу үшін жасалатын ерікті не міндетті сақтандыру шарты немесе тікелей заңнамалық акті негізінде тиісті тұлғалардың мүліктік мүдделерін сақтандыру қорғауымен қамтуға байланысты сақтанушы мен сақтандырушы қатысатын сақтандыру құқықтық қатынастарын білдіреді» [9, 9-10 бб.]

Біздің пікірімізше, С.М. Найманбаевтың бұл анықтамасы сақтандырудың құқықтық табиғатын өте дәл ашып көрсетеді. Себебі сақтандыру тек экономикалық құбылыс қана емес, ол ең алдымен құқықтық қатынас болып табылады. Бұл қатынаста сақтанушы мен сақтандырушының құқықтары мен міндеттері заңмен немесе шартпен нақты бекітіледі.

Аталған анықтаманың басты ерекшелігі — сақтандырудың негізінде мүліктік мүддені қорғау жататынын көрсетуінде. Яғни азаматтар мен ұйымдар белгілі бір тәуекелдердің салдарынан туындауы мүмкін шығындарды азайту мақсатында сақтандыру жүйесіне жүгінеді. Осы арқылы сақтандыру қоғамдағы тұрақтылықты қамтамасыз ететін құқықтық әрі әлеуметтік тетікке айналады.

Сонымен қатар, ғалым сақтандырудың екі нысанын — ерікті және міндетті сақтандыруды — бөліп көрсетеді. Бұл сақтандыру қатынастарының құқықтық реттелу аясын кеңейтеді. Ерікті сақтандыру тараптардың еркіне негізделсе, міндетті сақтандыру қоғамдық және мемлекеттік мүдделерді қорғау мақсатында заң арқылы енгізіледі. Мысалы, көлік иелерінің азаматтық-құқықтық жауапкершілігін міндетті сақтандыру қоғам қауіпсіздігін қамтамасыз етуге бағытталған.

Сондықтан сақтандырудың заңи мазмұны тек шарт жасаумен шектелмейді. Ол — тәуекелді бөлу, зиянды өтеу, азаматтардың құқықтарын қорғау және экономикалық тұрақтылықты қамтамасыз ету функцияларын атқаратын күрделі құқықтық институт.

Сақтандыру саласын зерттеуші ғалымдардың бірі А.А. Аралбаева: «Сақтандыру – қоғамның экономикалық қатынастарының айрықша сферасын бейнелейтін көне категориялардың бірі. Сақтандыру сферасы адам өмірінің, өндірістік және әлеуметтік-экономикалық қызметтің барлық жағын қамтиды. Сақтандыруға түрткі болатын басты себеп – бұл өндіріс пен адам өмірінің қаупі-қатерлі сипаты» деп көрсетеді [10, 132 б.].

Өмірді сақтандыруға қатысты уағдаластықтар сақтанушы опат болған жағдайда жүзеге асады. Келісім-шартта немесе полисте аттары аталған тұлғаларға сақтандыру сомасы төленеді. Сақтандыру сомасынан, төлемдері мен сақтанушы опат болған жағдайда төленетін жәрдемақыдан салық төленбейді.

И.С.Сактаганованың пікірі бойынша: «Сақтандыру - шаруашылық жүргізуші субъектілерге келтірілген мүмкін болған зиянды немесе болған сақтық жағдайлардың салдарына байланысты отбасыларының кірістеріндегі ысыраптарды өтеуге арналған ақша жарналары есебінен мақсатты сақтық қорларын құру туралы оның қатысушылары арасындағы тұйық қайта бөлгіштік қатынастардың жиынтығы» [11, 240 б.]. Осыған сәйкес сақтандыру күтпеген жерден туындайтын, залал-зардап сияқты келеңсіз нәтижелері бар табиғи төтенше және өндірістік аялардағы апатты жағдайлардан заңды және жеке тұлғалардың мүліктік, қаржылық басқа да мүдделерін қорғауға арналған мақсатты сақтандыру қорларын құрудан тұрады. Ал сақтандыру қорларын құрайтын, қалыптасқан түсім көздеріне ерікті және міндетті негізде алынатын заңды және жеке тұлғалардың сақтандыру жарналары жатады.

В.Ю.Абрамовтың пікірінше: «Сақтандырудың құқықтық мәні оны, біріншіден, арнайы сақтандыру заңнамасының нормаларымен реттелуге тиіс құқықтық қатынас ретінде; екіншіден, дербес құқықтық құрылым – сақтандыру құқығы ретінде сипаттайды.

Сонымен қатар, сақтандырудың құқықтық мәні сақтандыру қызметін жүзеге асыру процесінде туындайтын қатынастарды құқықтық реттеу жүйесі туралы ғылыми түсініктердің қалыптасуына ықпал етеді. Аталған қатынастарды іске асырудың құқықтық әдістерін, тәсілдері мен жолдарын әзірлеуді, сондай-ақ сақтандыру қызметін құқықтық реттеу мәселелерін талдауды көздейді.

Сақтандырудың құқықтық мәнінің теориялық және практикалық маңызы сақтандыру қатынастарының экономикалық (қаржылық) мазмұны мен оның құқықтық аспектілерін ажыратуда көрінеді. Бұл сақтандыру шартының нақты жағдайларына қолданылуға тиіс сақтандыру заңнамасының нормаларын айқындауға және нақтылауға мүмкіндік береді» [12, 24 б.].

Белгілі заңгер А.И. Худяковтың көзқарасы бойынша, «сақтандыруды - сақтандыру жарналары есебінен арнайы сақтандыру қорларын қалыптастыру және оларды тәуекелдер туындаған кезде залалды өтеуге пайдалану арқылы жүзеге асырылатын құқықтық қатынастар жүйесі ретінде қарастырады» [13, 97 б.]. А.И. Худяковтың анықтамасы сақтандырудың қаржылық-құқықтық табиғатын нақты көрсетеді. Ғалым сақтандырудың басты элементтері ретінде сақтандыру қорын қалыптастыру мен тәуекелдерді өтеу механизмін бөліп көрсетеді. Бұл көзқарас сақтандырудың тек азаматтық-құқықтық институт қана емес, сонымен қатар қаржы жүйесінің маңызды элементі екенін дәлелдейді.

И.А.Волокова: «Сақтандыру ғылымы салыстырмалы түрде жас болғанына қарамастан, сақтандыру ұғымына берілген көптеген анықтамаларды біледі. Соған қарамастан, бүгінгі күнге дейін сақтандырудың барлық сын-ескертпелерден толық арылған нақты анықтамасы бар деп айту қиын. Өйткені

сақтандыру сияқты аса күрделі әрі үнемі дамып отыратын құбылысты бірнеше сөзбен толық қамтып көрсету мүмкін емес.

Сақтандырудың барлық түрлерін қамтитын біртұтас анықтама қалыптастыру әрекеттері толық нәтижеге жетпесе де, теорияшылар мұндай анықтаманы табуға деген үмітін әлі жоғалтқан жоқ. Бұл ұмтылыс сақтандырудың негізінде адамға немесе оның мүлкіне қауіп төндіретін кездейсоқ қауіптерге қарсы күрестің ортақ қағидатына негізделген біртұтас институт екендігіне деген сенімнің қаншалықты терең екенін көрсетеді.

Сақтандыру кездейсоқ қауіптерден қорғау жүйесі арқылы адамның әртүрлі қажеттіліктерін қанағаттандыру мақсатында пайда болып, дамыды. Сақтандыруда материалдық игіліктерді өндіру, айналым, айырбас және тұтыну процесінде адамдар арасында қалыптасатын белгілі бір экономикалық қатынастар көрініс табады. Ол барлық шаруашылық субъектілері мен қоғам мүшелеріне келтірілген залалды өтеуге кепілдік береді» деп көрсетеді [14].

Ю. Фогельсон пікірінше, «сақтандыру – адамдар мен ұйымдардың мүдделерін сыртқы қолайсыз факторлардың әсерінен қорғаудың бір нысаны, ол белгілі бір ақша сомасын төлеу арқылы жүзеге асырылады» [15, 2 б.]. Ал М. Брагинский сақтандырудың мәнін «жауапкершілікті бөлісу» ретінде түсіндіреді [16, 5 б.].

Ю. Басин, сақтандыруды сақтандыру шарты негізінде жүзеге асырылатын және тұлғалардың мүліктік мүдделерін қорғауға бағытталған азаматтық-құқықтық қатынастардың ерекше түрі ретінде сипаттайды [17, 587 б.]. Ю. Басин сақтандырудың шарттық табиғатын ерекше атап көрсетеді. Ғалымның пікірінше, сақтандыру қатынастары азаматтық құқық жүйесінде маңызды орын алады. Бұл көзқарас сақтандыруды азаматтық-құқықтық институт ретінде қарастырудың теориялық негізін қалыптастырады.

Жоғарыда аталған ғалымдардың пікірлерін талдау сақтандырудың құқықтық табиғаты көпқырлы екенін көрсетеді. Бірқатар ғалымдар сақтандырудың қаржылық мазмұнына, ал басқалары оның азаматтық-құқықтық және әлеуметтік мәніне назар аударады. Осы көзқарастарды қорытындылай отырып, сақтандыруды тәуекелдер туындаған жағдайда тұлғалардың мүліктік мүдделерін қорғауға бағытталған, сақтандыру жарналары есебінен арнайы қор қалыптастыру арқылы жүзеге асырылатын және сақтандыру шарты негізінде туындайтын құқықтық қатынастар жүйесі ретінде қарастыру орынды.

Сақтандыру ұғымының анықтамасы заңда белгіленген. Қазақстан Республикасының «Сақтандыру қызметі туралы» 2000 жылғы 18 желтоқсандағы №126 Заңының 4-бабына сәйкес: «Сақтандыру – сақтандыру ұйымы жүзеге асыратын, сақтандыру төлемі арқылы сақтандыру шартында айқындалған сақтандыру жағдайы немесе өзге де оқиға басталған кезде жеке немесе заңды тұлғаның заңды мүліктік мүдделерін қорғау жөніндегі қатынастар кешенін білдіреді» [18].

Сақтандыру дегеніміз — сақтандыру ұйымдары (сақтандырушылар) мен жеке заңды тұлғалар арасындағы, сондай-ақ сақтандыру ұйымдарының өздерінің арасындағы жеке және заңды тұлғалардың мүліктік мүдделерін

қорғау жөніндегі құқықтық қатынастар. Сақтандыру қызметінің құқықтық және экономикалық арақатынасын анықтау мәселелері сақтандыру ісі саласындағы әртүрлі көзқарастарын білдіруші теоретиктері мен практиктері арасында зерттеу пәні болып отыр. Сақтандыру қызметін экономикалық және құқықтық көзқарас тұрғысынан қарастыруымызға болады.

«Сақтандыруды сипаттаудағы ең маңызды аспект - құқықтық аспект. Сақтандыру саласында қалыптасқан қоғамдық қатынастар құқықтық қатынастар болып табылады және құқықтық нормалармен реттеледі. Осылайша, сақтандыру - бұл ең маңызды құқықтық категория.

Сақтандыру құқықтық категория ретінде жеке және заңды тұлғалардың мүдделерін мемлекеттік немесе жеке сақтандыру ұйымы тарапынан қорғаудың бір түрі болып табылады. Ол сақтанушылардың сақтандыру жағдайы орын алмас бұрын әртүрлі сақтандыру объектілері бойынша төлейтін жарналарынан толық немесе жартылай өтемақы алуды қамтиды» [19, 150 б.].

Заң саласында сақтандыру мәселесі шартты түрде жаңа бағыт. Құқықтық тұрғыдан сақтандыру азаматтық құқықпен және сақтандыру шартымен реттелетін сақтық қорына қатысушылардың арасындағы сақтық қатынастар кешені болып табылады. Сақтандыру өте ертеректе пайда болған санаттардың бірі және ол кездейсоқ қауіптерден сақтық қорғаудағы адамның әр түрлі қажеттіліктерін қанағаттандыруға бағытталды. Ол барлық шаруашылық жүргізуші субъектілер мен қоғам мүшелеріне шығындарын өтеуде кепілдік береді, яғни көптеген тұлғалар арасында бөлу арқылы заңды немесе жеке тұлғаның мойнына алған шығындарын өтеу әдісі ретінде көрініс береді. Сақтандыру ұйымдарының басшылығындағы сақтандыру қорларының қаражаттарымен шығындарды өтеу немесе орнын толтыру қамтамасыз етіледі [20, 45 б.].

Ал экономикалық тұрғыдан, сақтандыру дегеніміз – ақша қорларын қайта бөлу процесі. Сақтандыру экономиканың маңызды, бірақ азырақ зерттелген саласы болып табылады. Сақтандырудың экономикалық мазмұны адамдардың материалдық қажеттіліктерімен анықталады. Әрбір құбылыстың және заттың мәні, мағынасы оның қызметінен көрінеді.

«Сақтандыру» – «қаржы» және «несие» категорияларымен байланыстырушы белгілерге байланысты, экономикалық категория ретінде тек өзіне тән функцияларды атқарады. Сақтандырудың функцияларын жалпы және арнайы деп ажыратуға болады. Жалпы функциялары ретінде келесілерді көрсетуге болады:

1) ақша қаражатының арнайы сақтандыру қорын құру: ол міндетті және ерікті түрде құрылады. Бұл функция арқылы келесі жағдайлар іске асырылады:

- жылжымайтын мүлікке ақша қаражаттарын салу;
- бағалы қағаздарға ие болу;
- банктік және басқа да коммерциялық құрылымдардың қызметіне уақытша бос қаражаттарды инвестициялау т.б.

2) жеке және заңды тұлғалардың материалдық қамсыздандырылуы және залалдардың орнын толтыру. Сақтандыру қорын құруға қатысушылар болып

табылатын, заңды және жеке тұлғалар ғана шығындардың орнын толтыруға құқылы. Осы функция арқылы олар сақтық қорғануда өздерінің экономикалық қажеттілігін іске асырады.

3) сақтандыру оқиғасын алдын ала ескерту және шығынды (зиянды) төмендету. Бұл функция табиғи апаттар, қайғылы оқиғалардың жағымсыз салдарын азайту немесе болдырмауға байланысты іс-шараларды қаржыландыруды қамтитын шаралар кешенін қарастырады. Осы функцияны іске асыру мақсатында сақтандырушы алдын-ала ескерту іс-шараларын жүргізуде ерекше ақшалай қорын құрады. Қорды құрудың көзі болып сақтандыру сомасы бойынша сақтандыру төлемдері табылады.

«Қаржы» категориясы өзінің мәнін бөлгіштік функциясы арқылы бейнелейді, бұл функция сақтандырудың арнайы қызметтерінде көрініс табады:

1) тәуекелдік;

2) ескерту;

3) жинақтық;

4) бақылау.

Сақтандырудың негізгі функциясы қатерлі деп есептеледі, себебі бұл қызмет тәуекел болмаса, мүмкін емес. Ол сақтандырудың бар болуы мен одан әрі дамуын анықтайтын адам. Осылайша, тәуекелдік функциясының аясында кездейсоқ сақтандыру оқиғаларының пайда болуына байланысты сақтандырудың барлық қатысушылары арасында құнды қайта бөлу бар. Сақтандырудың жалпы дамуын, жаңа өндірістер мен кіші түрлердің пайда болуын айқындайтын тәуекелдердің әртүрлілігі маңызды.

Ескерту функциясы – сақтандыру тәуекелінің салдарымен дәрежесін төмендетуге және сақтандыру қоры қаражатының бөлігін пайдаланумен байланысты.

Жинақтау функциясы – отбасының жетістіктерін сақтық қорғауды қажетсінуімен байланысты өмір сүруінің соңына дейін сақтандыру көмегімен ақша сомаларын жинақтау.

Бақылау функциясы – сақтандыру қорын міндетті құру және оның қаражаттарын мақсатты пайдалану ретіндегі, сақтандыру категориясының қасиетін сипаттайды. Бұл функция сақтандырудың жоғарыда көрсетілген функцияларынан шығады және солармен бір уақытта нақты сақтандыру қатынасында, сақтандыру жағдайларында көрініс табады. Бақылау функциясының талаптарына сәйкес, сақтандыру операциясын дұрыс жүргізу бойынша қаржылық – сақтандыру бақылауы жүзеге асырылады.

Экономикалық категория ретінде сақтандыру дегеніміз – бұл әр түрлі тәуекелдер кезіндегі, сондай-ақ азаматтарға олардың өмірінде белгілі бір жағдайларда көмек көрсету кезіндегі шығындарын өтеу үшін ақша қаражаттарының мақсатты қорларын құру және пайдалану әдістері мен формаларының жиынтығын қамтитын экономикалық қатынастар жүйесі болып табылады.

Сақтандыруда өндіріс, айналым, материалдық игіліктерді айырбастау және тұтыну процестерде адамдар арасында қалыптасатын белгілі

экономикалық қатынастар іске асады. Сол себепті сақтандыру тәуекелі теориясы негізінен экономикалық көзқарасқа негізделген және барлық сақтандыру түрін біріктіреді. Бұл теория жалпы сақтандыру доктринасындағы барлық көзқарастарды біріктіруші бағыттағы теория болып табылады. Тәуекелсіз қазіргі сақтандырудың болуы мүмкін емес. Сақтандыру тәуекелі теориясына сүйене отырып, экономистер сақтандыру статистикасы әдістемесін ойлап шығарды, яғни базалық тарифтер мен коэффициентін анықтай отырып, сақтандыру сыйлықақысын есептеп шығарады. Бұл сақтандыру доктринасындағы ұлы жаңалық болды.

С.Е. Касаткиннің пікірінше, әлемдік тәжірибеде коммерциялық деп, мақсаты пайда табуға және оны кәсіпорын құрылтайшылары арасында таратуға бағытталған кәсіпкерлік қызмет түрін айтамыз. Мұндай ұстаным нарықтық экономикасы бар елдердің азаматтық кодексінде бекітілген. Осыдан келе, сақтандыру дегеніміз – ол жеке және заңды тұлғалардың төлеген сақтандыру салымдарынан (сақтандыру сыйлықақылары) құралған ақшалай қордың есебінен сақтандыру жағдайлары туындаған кезде, азаматтардың мүліктік қызығушылықтарын қорғауға бағытталған шаралар кешені [20, 10 б.].

Қазіргі замандағы әлемдік экономика әр түрлі тәуекелдерге душар болып отыр, соның ішінде көп жағдайлар маңызды жоғалтуларға әкеліп соғуда. Келеңсіз апаттардың нәтижесінде, жазатайым оқиғалар тарапынан, үшінші жақ әрекетінен, нарық конъюнктурасының өзгерісінен және т.б. жағдайларда туындайтын экономикалық шығындар бірнеше миллиондаған теңгелерді жоғалтуға әкеп соғуда. Сондықтан, бүгінгі қоғамда өз азаматтарының назарын қорғау үшін әрбір мемлекет түрлі шаралар жасауға ықтияр болып отыр. Осыған сәйкес мемлекет азаматтар мен жұмыскерлердің міндетті төлемдері есебінен әлеуметтік мақсаттарға арналған резервтер және қорлар құруда. Бұл қорлар еңбекке жарамсыздық уақытында, кәрілікке және әр түрлі ауруларға ұшыраған кезде, сондай-ақ заңда көрсетілген басқа жағдайларда бекітілген нормативтерге сәйкес қолданылады. Алайда, әлеуметтік көмек көрсетуде мемлекеттің мүмкіндігі шектеулі, олар тек әлеуметтік саясат аясында жүргізілген кепілдемелерді ғана қамтамасыз етеді. Сондықтан, негізгі жауапкершілік азаматтардың өзіне жүктелуде. Ал Л.И. Рейтманның пікірі бойынша, «сақтандыру тек қана қаржылық емес, сонымен қатар несиелік категория болып табылады» [21, 74 б.].

Сақтандырудың «қаржы» және «несие» категорияларымен ұқсас белгілері бар:

Біріншіден, «қаржымен» – сақтандыру кезінде арнайы сақтандыру қорын қалыптастыру және пайдалану бойынша қайта бөлгіштік қатынастары пайда болады;

Қайта бөлу процесінің ерекшелігі мынада:

1. Сақтандыру қатынастары тәуекелдік сипатқа ие және қайта бөлу қатынастары сақтандыру қатынастарына қатысушыларға қатысты төтенше жағдайдың туындауымен сақтандыру іске асырылады.

2. Қайта бөлу қатынастарының негізі сақтандыруға қатысушы тұлғалардың арасында ақша қорларын қайта бөлу болып табылады.

Екіншіден, «несиемен» – сақтандыру қорының қаражаттары қайтарымды болады (өмірді сақтандыруға қатысты); мүліктік сақтандыру кезінде, қайғылы оқиғалардан сақтандыру және тағы басқа сақтандырудың түрлері бойынша, төлемдер сақтандыру оқиғасы пайда болғанда және сәйкес қаражаттар негізінде төленеді. Бірақ, бұл төлемдердің экономикалық мазмұны сақтандыру төлемдерін қайтарудан айрықша.

А.К. Шиховтың ойынша, «сақтандыру дегеніміз – ол төленген сақтандыру сыйлықақылары есебінен арнайы ақша қорларын құруға және оны сақтандыру жағдайы туындаған кезде сақтанушылардың мүліктік қызығушылықтарын қорғау үшін қолдануға байланысты сақтандыру қызметінің қатысушылары арасындағы тұйықталған қайта бөлу қатынасы» [22, 19 б.]. Бұл қайта бөлудің мәні сақтық қорларындағы жинаған барлық қатысушылардың ақша қорлары сақтандыру оқиғасы туындаған тұлғаға ғана төлем жүргізіледі.

Сонымен қатар, В.Д. Мельников сақтандыруға келесідей анықтама берген: «сақтандыру – бұл азаматтарға материалдық көмек көрсетуге немесе әрекет етуші субъектілерге мүмкін болатын төтенше зияндарды төлеп беруге бағытталған, ақшалай салымдарының есебінен мақсатты сақтандыру қорларын құрумен байланысты қатысушылар арасындағы ерекше тұйықталған қайта бөлу қатынастарының жиынтығы» [23, 390 б.].

Экономикалық санатта көрсетілгендей өмірді қорғауда өткізу үшін материалдық зиянның орнын толтыруға ұлттық өнімнің белгілі бір бөлігін жинақтау арқылы сақтық қорын құру қажеттілігі туындайды. В.В. Шахов болса, сақтандыруды жеке экономикалық категория деп қарастыруымыз керек, себебі оның экономикалық мазмұны, қызметтері (ақша қаражаттарын арнайы сақтандыру қорларын құру, зиянды қайтару және азаматтарды материалдармен қамтамасыз ету, сақтандыру жағдайын ескерту және әртүрлі апаттар мен келеңсіз жағдайлардан туындаған шығындар көлемін қысқарту) бар, – деп айтқан [24, 15 б.]. Сақтандыру тәуекелі және қорғау шаралары, қоғамдық өндірісті сақтық қорғау экономикалық санаттың мәнінен тұрады. Сол себепті, К.Г.Воблый сақтандыруға келесідей анықтама береді: «сақтандыру кездейсоқ және статистикалық ұсталатын оқиғалардан болатын болашақ қажеттілік пен мұқтаждықты жабу мақсатындағы ынтымақтас және қайтарымды негізіндегі шаруашылық қызмет түрі» [25, 21 б.]. К.Г.Воблый «сақтандыруды» шаруашылық қызмет ретіндегі сақтандыру бизнесімен теңестіріп, экономикалық категория ретінде қарастырады.

К.К.Жүйріковтің, Г.И. Маянлаеваның, С.М. Воробьеваның еңбектерінде Қазақстандағы сақтандырудың теориялық аспектілері қарастырылған. Онымен қоса, заң саласындағы келесі авторларды: С.Ө.Сман, С.М.Найманбаев, Ә.Ә.Сейтжанов, Н.Б.Мұхитдинов, жас ғалымдардың ішінен М.Ғ.Алимжанова және т.б. атауға болады.

Көрнекті ғалым К.К.Жүйріков сақтандыруды қаржы жүйесіне жатқызады. Ол сақтандыруды былай түсіндіреді: «Сақтандыру дегеніміз – ол қолайсыз жағдайдан болған құбылыс кезінде (сақтандыру жағдайында) және тұрғындарға немесе олардың отбасыларына олардың өмірлерінде болған жағдайлардан болған (қайтыс болу, жарақат алу, мүгедек боп қалу және т.б.) шығындарды өтеу үшін қолданылатын мақсатты сақтандыру қорын құру бойынша жүретін сақтандыру қатысушыларының арасында қатынастарды қайта бөлудің жүйесі арқылы жүзеге асырылатын шаруашылық, азаматтық-құқықтық және әлеуметтік салалардағы қаржылық міндеттемелерді қамтамасыз етудің ерекше өтемақылық үлгісі» [26, 45 б.]. Әр түрлі теоретикалық мектептер мен бағыттардың көзқарастарының негізінде сақтандырудың мәнін, мақсаттары мен міндеттерін айқындайтын бірыңғай сақтандыру доктринасы жатты. Сонымен қатар сақтандыруға тән экономикалық, құқықтық, әлеуметтік ерекшеліктер мен белгілер ескерілді.

«Сақтандыру қарапайым идеяға негізделеді: бір тұлғада пайда болатын залалдар мен шығындарды көптеген адамдар арасында бөлу нәтижесінде әрқайсысы үшін жеке алғанда материалдық жоғалтулар дерлік сезілмейтіндей азаяды, ал зардап шеккен адамның жағдайы тез әрі жеткілікті толық қалпына келтіріледі» [27, 8 б.].

Заңнамалық анықтамада «сақтандыру» ұғымы кең мағынада қолданылады, өйткені сақтанушылардың мүдделерін қорғауға назар аударылады, ал сақтандырушы тарапта кімнің әрекет ететіні маңызды емес: сақтандыру ұйымы, өзара сақтандыру қоғамы немесе қайта сақтандырушы. Ал тар мағынада «сақтандыру» ұғымының ауқымына өзара сақтандыру және қайта сақтандыру салалары кірмейді [28, 7 б.].

Берілген анықтамадан дәстүрлі түрде сақтандыру қатынастарына тән төрт негізгі белгі ажыратылады:

- қорғалатын мүдделердің жеке-құқықтық сипаты;
- қорғау ықтималдық және кездейсоқтық белгілері бар белгілі бір зиянды оқиғалар туындаған кезде көрсетіледі;
- мүдделерді қорғауды сақтандыру нарығының кәсіби қатысушысы – сақтандырушы жүзеге асырады, ол осы мақсатта арнайы ақша қорларын қалыптастырады;
- сақтандыру қатынастарының ақылы сипаты [29, 213 б.].

Аталған белгілер сақтандырудың әлеуметтік-экономикалық және құқықтық мәнін айқындауға мүмкіндік береді. Мәселен, М.И. Брагинский сақтандырудың алғышарты ретінде адам болмысының өзін, яғни адамның өмірі, денсаулығы және мүлкінің әртүрлі алдын ала болжанбайтын әрі болмай қоймайтын оқиғаларға тәуелділігін көрсетеді [30, 3 б.]. Бұл сақтандыру құқықтық қатынастарының мазмұндық жағының әлеуметтік аспектісін білдіреді.

Сонымен қатар сақтандыру нарығы елдің экономикалық тұрақтылығының қажетті құрамдас бөлігі болып табылады. Халықтың қаражатын жинақтап, оны кейін әртүрлі экономикалық салаларға қайта бөлу

және инвестициялау арқылы сақтандыру ісінің субъектілері кредиттік ұйымдармен бірге қаржы нарығының маңызды қатысушыларына айналады. Бұл ретте сақтандыру тек сақтандыру жағдайлары орын алған кезде мемлекет бюджетін шығындарды өтеу міндетінен босатып қана қоймай, сонымен бірге ел экономикасына ұзақ мерзімді инвестициялардың ең тұрақты көздерінің бірі болып табылады [31, 270 б.].

Өз кезегінде сақтандырудың құқықтық табиғаты сақтандырушының басқа тұлғаға келуі мүмкін зиян тәуекелін өтемді түрде өз мойнына алуынан көрініс табады [32, 4 б.].

«Сақтандыру» ұғымын зерттеу барысында оны әлеуметтік қамсыздандыру құқығының институты болып табылатын әлеуметтік сақтандырумен арақатынасы мәселесіне де назар аудару қажет. Ғылыми әдебиетте бұл проблема бойынша әлі күнге дейін нақты бір ортақ ұстаным қалыптаспаған. Мұның бір себебі – «сақтандыру» терминінің бір мезгілде азаматтық заңнамада да, әлеуметтік қамсыздандыру құқығы саласында да қолданылуы болып табылады.

Осылайша, ғылыми әдебиетте сақтандырудың әмбебап қамтамасыз етуші функциясы, оның әлеуметтік құндылығын білдіре отырып, оны әлеуметтік сақтандырумен шатастыруға негіз болмайтыны атап өтіледі. Себебі әлеуметтік сақтандыру тарихи тұрғыдан азаматтық-құқықтық («негіз» болған) сақтандырудан пайда болып, кейін дербес құқықтық нысан ретінде қалыптасқан. Ол еңбектік қатынастардағы тұлғалардың мүдделеріне қызмет етіп, жария-құқықтық реттеу механизмдері арқылы жүзеге асырылады [33, 302 б.].

Бұл көзқарасты М.И. Брагинский мен В.В. Витрянский да қолдайды. Олар «бұл жағдайда сақтандыру тек нысан ғана болып табылады, ал оның мазмұнын міндетті негізде құрылған әлеуметтік қамтамасыз ету құрайды» деп тұжырымдайды [34, 491 б.].

Ал А.И. Худяковтың пікірінше, мемлекет осындай қорларға жасалатын төлемдерді сақтандыру жарналары деп атаған күннің өзінде, олардың экономикалық мәні өзгермейді. Олар бәрібір салықтық сипаттағы төлемдер болып қала береді, тек сырттай ғана сақтандыру ретінде көрсетіледі [13, 17 б.].

Сондықтан, әлеуметтік заңнамаларда «сақтандыру», «сақтандыру жағдайы», «сақтанушы», «сақтандырылған тұлға», «сақтандырушы» сияқты ұғымдар қолданылғанымен, оның мазмұны сақтандыруға байланысты азаматтық-құқықтық қатынастармен ешқандай ұқсастыққа ие емес, өйткені іс жүзінде ол шарттық қатынастарды емес, басқа сипаттағы құқықтық қатынастарды реттейді [35, 113 б.].

Мұндай азаматтық-құқықтық терминнің жария құқық саласында (әлеуметтік қамсыздандыру құқығында) қолданылуы «азаматтық-құқықтық саланың салааралық терминологиялық мәнімен» түсіндіріледі. Бұл дегеніміз, бастапқыда азаматтық құқықта нормативтік түрде айқындалып, қолданылған құқықтық категориялар, терминдер мен ұғымдар кейіннен басқа құқық салаларына ауысып, өзге салалық мазмұнға ие болады [36, 20 б.].

Әлеуметтік сақтандырудың жария құқықтың дербес институты болып табылатынын ескере отырып, осы оқу құралында сақтандыру және сақтандыру қызметі тек азаматтық-құқықтық мағынада қарастырылады, әлеуметтік сақтандырудың мәні зерттелмейді.

Ғалымдардың көзқарасын талдау сақтандырудың құқықтық табиғаты туралы ортақ тұжырымға әкеледі:

- сақтандыру – азаматтық-құқықтық міндеттеме (Е.Суханов);
- сақтандыру – тәуекелдерді бөлу механизмі (Ю.Брагинский);
- сақтандыру – мүліктік мүддені қорғау құралы (М.Фогельсон);
- сақтандыру – қаржылық-құқықтық институт (А.И.Худяков);
- сақтандыру – тәуекелдерді азайтуға бағытталған құқықтық құрал (В.Серебровский).

Айтылғандардың негізінде келесідей қорытынды жасауға болады:

Сақтандыру – құқықтық, экономикалық және қаржылық элементтерді біріктіретін кешенді құқықтық институт. Оның кешенді сипаты сақтандыру қатынастарының бір мезгілде бірнеше қоғамдық қатынастар саласын қамтуымен түсіндіріледі.

Құқықтық тұрғыдан алғанда, сақтандыру сақтанушы мен сақтандырушы арасындағы құқықтар мен міндеттерді айқындайтын азаматтық-құқықтық қатынас болып табылады. Бұл қатынастар сақтандыру шарты немесе заң негізінде туындайды. Сақтандыру институты арқылы тараптардың жауапкершілігі, сақтандыру жағдайының туындауы, сақтандыру төлемін жүзеге асыру тәртібі және келтірілген зиянды өтеу мәселелері құқықтық нормалармен реттеледі. Сондықтан сақтандыру азаматтық құқық жүйесіндегі маңызды институттардың бірі саналады.

Экономикалық жағынан сақтандыру тәуекелдерді бөлу және ықтимал шығындардың орнын толтыру тетігі ретінде көрінеді. Қоғамдағы жеке және заңды тұлғалар түрлі қауіп-қатерлерге ұшырауы мүмкін болғандықтан, сақтандыру экономикалық тұрақтылықты қамтамасыз ету құралы қызметін атқарады. Сақтандыру жүйесі арқылы күтпеген шығындар бірнеше тұлғаның жарналары есебінен өтеліп, экономикалық тәуекелдердің салдары азайтылады.

Қаржылық аспектісі сақтандыру қорларын қалыптастыру және пайдалану арқылы байқалады. Сақтанушылар төлейтін сақтандыру сыйлықақылары арнайы ақша қорларын құрайды. Бұл қорлар сақтандыру жағдайы орын алған кезде зиянды өтеуге жұмсалады. Осыған байланысты сақтандыру қаржы жүйесінің құрамдас бөлігі ретінде мемлекеттің және қоғамның қаржылық тұрақтылығына ықпал етеді.

Демек, сақтандырудың мәні тек сақтандыру төлемін жүзеге асырумен шектелмейді. Ол – азаматтардың мүліктік мүдделерін қорғауды, экономикалық қауіпсіздікті қамтамасыз етуді және қаржылық тұрақтылықты сақтауды көздейтін көпқырлы құқықтық институт.

Сақтандыру – мемлекет тарапынан реттелетін, сақтандыру ұйымдары арқылы жүзеге асырылатын, сақтандыру жарналары есебінен мақсатты ақша қорларын қалыптастыруға, оларды бөлуге және қайта бөлуге бағытталған

қаржылық қатынастар жүйесі. Ол қаржы ресурстарын орталықтандырылған және орталықтандырылмаған деңгейде жинақтау арқылы тәуекелдердің қаржылық салдарын жабуды қамтамасыз етеді, сондай-ақ сақтандыру жағдайы туындаған кезде сақтандыру қорларынан заңда белгіленген тәртіппен төлемдер жүргізуді көздейді. Сақтандыру – бұл қоғамның әлеуметтік-экономикалық және жеке тұлғалардың мүліктік әрі жеке құқықтары мен заңды мүдделерін, соның ішінде адам құқықтарын қорғауға бағытталған, сақтандыру ұйымдары жүзеге асыратын, тәуекелдерді бөлу қағидатына негізделген қаржылық-құқықтық қатынастар жүйесі. Ол сақтандыру жарналары есебінен арнайы ақша қорларын қалыптастыруды және сақтандыру жағдайы туындаған кезде осы қорлардан келтірілген зиянды өтеу немесе өзге де материалдық қамтамасыз ету нысанында төлемдер жүргізуді көздейді.

Талдау нәтижелері көрсеткендей, сақтандыру бір жағынан азаматтық-құқықтық шарттық қатынастар жүйесі ретінде көрініс тапса, екінші жағынан қаржылық-құқықтық реттеу тетіктерімен тығыз байланысты болатын көпқырлы экономикалық-құқықтық институт болып табылады. Оның құқықтық табиғаты тәуекелдерді қайта бөлу негізінде сақтандырушының сақтанушы алдында мүліктік жауапкершілікті өз мойнына алуымен сипатталса, экономикалық мәні сақтандыру жарналары есебінен арнайы ақша қорларын қалыптастыру және оларды сақтандыру жағдайы туындаған кезде қайта бөлу арқылы залалды өтеу функциясынан көрінеді.

1.2 Сақтандыру қызметінің ұғымы, мәні және құқықтық табиғаты

Сақтандыру қызметінің құқықтық аспектісі сақтандыру саласында туындайтын қоғамдық қатынастарды азаматтық құқық және қаржы құқығы нормалары арқылы реттеумен сипатталады. Бұл қатынастар сақтандыру шартын жасасу, сақтандыру қорларын қалыптастыру, сақтандыру жарналарын төлеу, сақтандыру жағдайы туындаған кезде төлем жүзеге асыру және тараптардың құқықтары мен міндеттерін айқындау барысында пайда болады.

Азаматтық құқық тұрғысынан сақтандыру сақтанушы мен сақтандырушы арасындағы шарттық қатынас ретінде танылады. Сақтандыру шарты тараптардың ерікті келісіміне негізделіп, олардың өзара құқықтары мен міндеттерін белгілейді. Сонымен қатар, заңнамада көзделген жағдайларда міндетті сақтандыру институты енгізіліп, қоғамдық мүдделерді қорғау қамтамасыз етіледі.

Қаржы құқығы тұрғысынан сақтандыру қызметі мемлекеттің қаржы жүйесінің құрамдас бөлігі болып табылады. Себебі сақтандыру ұйымдары сақтандыру сыйлықақылары есебінен арнайы ақша қорларын қалыптастырады және оларды қаржылық тұрақтылықты қамтамасыз ету мақсатында пайдаланады. Мемлекет сақтандыру нарығын лицензиялау, қаржылық бақылау және қадағалау арқылы реттейді. Бұл сақтандыру ұйымдарының төлем қабілеттілігін қамтамасыз етуге, сақтанушылардың мүдделерін қорғауға және қаржы нарығының тұрақтылығын сақтауға бағытталған.

Қазақстан Республикасында сақтандыру қызметі Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексімен [37], Сақтандыру қызметі туралы Заңымен [18], сондай-ақ қаржы нарығын реттейтін нормативтік құқықтық актілермен реттеледі. Осы құқықтық нормалар сақтандыру қызметінің заңдылық негізін қалыптастырып, сақтандыру қатынастарының тұрақты әрі тиімді жүзеге асырылуын қамтамасыз етеді.

Осылайша, сақтандыру қызметі азаматтық құқық пен қаржы құқығының тоғысында қалыптасқан, құқықтық және қаржылық қатынастарды біріктіретін кешенді институт болып табылады.

Сақтандыру қызметі – сақтандыру, қайта сақтандыру және өзара сақтандыруды жүзеге асырумен, сондай-ақ сақтандыруға және қайта сақтандыруға байланысты қызметтер көрсетумен қатар сақтандыру ісін ұйымдастыру және мемлекеттік реттеу талаптары шеңберінде іске асырылатын сақтандыру ұйымдары мен сақтандыру нарығының өзге де кәсіби қатысушыларының қызметі ретінде сипатталды.

Сонымен қатар сақтандыру қызметі тек сақтандыру шарттарын жасасумен шектелмей, қайта сақтандыру, өзара сақтандыру және сақтандыруға байланысты қызметтерді қамтитын күрделі ұйымдастырушылық-құқықтық жүйе ретінде сипатталды. Бұл ретте сақтандыру нарығының қызметі мемлекеттік реттеу мен қадағалау тетіктерімен қамтамасыз етілетіні оның қаржылық тұрақтылық пен экономикалық қауіпсіздікті қамтамасыз етудегі маңызын айқындайды.

Сақтандыру қызметі – күрделі категория. Ең алдымен, ол адам қызметінің (қоғамға пайдалы қызметтің) бір түрі болып табылады. Сондықтан сақтандыру қызметін «қызмет саласы» ұғымы арқылы анықтау дұрыс әрі қисынды емес деп санаймыз. Бұл жөнінде А.И. Худяков былай деп орынды атап өтеді: «...Қызметті сала арқылы анықтау – әрі грамматикалық, әрі құқықтық қате жіберу деген сөз. Қызмет сала бола алмайды... Сақтандыру қызметі – бұл сақтандыру саласындағы қызмет, бірақ ол саланың өзі емес» [38].

Қазақстан Республикасының сақтандыру заңнамасында сақтандыру қызметінің анықтамасы белгіленген. «Сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының, Қазақстан Республикасы бейрезидент-сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымы филиалының сақтандыру (қайта сақтандыру) шарттарын жасасуға және орындауға байланысты, Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарына сәйкес уәкілетті органның лицензиясы негізінде жүзеге асырылатын қызметі, сондай-ақ өзара сақтандыру қоғамдарының сақтандыру шарттарын жасасуға және орындауға байланысты, «Өзара сақтандыру туралы» Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес лицензиясыз жүзеге асырылатын қызметі сақтандыру қызметі болып табылады» [18].

Сақтандыру қызметі дегеніміз – күтпеген жағдайдан болатын құндылықтардың жойылуының болдырмауға арналған қордың жинақталатын жеке шаруашылық қызметтің түрі.

Заң әдебиеттерінде сақтандыру қызметінің анықтамасына қатысты бірыңғай түсінік қалыптаспаған. Мәселен, М.Б. Смирнованың пікірінше,

сақтандыру қызметі — сақтандыру қорын құруға және оның қаражатын сақтандыру өтемақысын (сақтандыруды қамтамасыз ету) төлеу үшін пайдалануға тікелей бағытталған іс-шаралардың жиынтығы болып табылады [39, 11 б.]. Л.Н. Клоченко сақтандыру қызметін заңды тұлғалардың, халықтың және мемлекеттің мүліктік мүдделерін сақтандыру әдістерін пайдалану арқылы қорғауға бағытталған қызмет ретінде анықтайды [40, 61 б.]. Бұл анықтамада сақтандыру қызметі іс жүзінде сақтандырудың өзімен теңестіріледі [41, 8 б.].

Сақтандыру қызметі ұғымын оның субъектілерін анықтау арқылы талдай отырып, А.К. Шихов «сақтандыру қызметі» ұғымы сақтандыру ұйымы үшін заңды және жеке тұлғалардың мүліктік мүдделерін сақтандыру шарттарын жасасу және орындау арқылы жүзеге асырылатын мүліктік немесе жеке сақтандыруды жүргізумен ғана шектелмейтін, одан да кең ұғым болып табылады деген қорытындыға келеді [42, 51 б.].

А.К. Шиховтың пікірінше, Ресей Федерациясының аумағында сақтандыру қызметін лицензиялау жағдайында «сақтандыру қызметі» ұғымына неғұрлым тар мағына беріледі, яғни ол тек сақтандырушының алдағы сақтандыру төлемдерін жүзеге асыру үшін қажетті арнайы ақша қорларын (сақтандыру резервтерін) қалыптастыруымен ғана шектеледі [42, 51 б.]. Осылайша, көрші мемлекеттің заңнамасында сақтандыру қызметі (сақтандыру ісі) сақтандырушылардың сақтандыру, қайта сақтандыру, өзара сақтандыру саласындағы қызметі, сондай-ақ сақтандырумен және қайта сақтандырумен байланысты қызметтер көрсететін сақтандыру брокерлері мен сақтандыру актуарийлерінің қызметі ретінде түсіндіріледі [43].

Сонымен қатар, А.Г. Смирных сақтандыру қызметін сақтандыру ісі субъектілерінің сақтандыру және қайта сақтандыру саласындағы қызметі ретінде қарастырады [44, 56 б.].

Өз кезегінде, А.И. Худяков сақтандыру қызметін (сақтандыру ісін) сақтандырушылардың сақтандыруды жүзеге асыруға бағытталған қызметі, сондай-ақ сақтандыру ұйымдарының штаттық қызметкерлері болып табылмайтын сақтандыру агенттері, сақтандыру брокерлері, сақтандыру актуарийлері және басқа да тұлғалардың сақтандырушылар мен сақтанушыларға сақтандыруға байланысты қызметтер көрсетуі ретінде анықтайды [41, 8 б.].

Сақтандыру қызметі, бір жағынан, адамдардың бизнесі мен әл-ауқатын қорғау құралы, ал екінші жағынан, табыс әкелетін іс-әрекет түрі ретінде көрініс табады. Сақтандыру ұйымдарының табыс көздері келесідей:

1) сақтандыру іс-әрекетінен түсетін табыстар;

2) мемлекеттік бағалы қағаздар бойынша табыстар;

3) басқа кәсіпорындардың акциялары бойынша табыстар;

4) банктік депозиттер бойынша табыстар.

Сақтандыру қызметін ұйымдастырудың басты мақсаты – Қазақстан Республикасындағы жеке және заңды тұлғалардың мүліктік қызығушылықтарын, Қазақстан Республикасының субъектілерін сақтандыру жағдайы туындаған кезде қорғауды қамтамасыз ету болып табылады.

Сақтандыру қызметін ұйымдастыру міндеттері:

1) сақтандыру саласында бірыңғай мемлекеттік саясат жүргізу;

2) Қазақстан Республикасының азаматтарының және еліміздің аумағында әрекет етуші шаруашылық субъектілерінің экономикалық қауіпсіздігін қамтамасыз ететін сақтандыру қағидаларын бекіту және сақтандыру механизмдерін қалыптастыру.

Сақтандыру қызметінің теориялық мәселелерін зерттеумен айналысушы экономикалық мектептің өкілдері сақтандырудың негізінен экономикалық мәнін ерекшелеп көрсетеді. Экономистер сақтандыруды сақтанушының ақша қорларының жиналуы мен қайта бөлінетін қаржылық институт ретінде қарастырады.

Сақтандыру қызметінің мақсаты келтірілген ақшалай түрде зиянның орнын толтыру, осы зиянның көлемін анықтауға қажеттілік туындайды.

Сақтандыру қызметінің қажеттілігі экономикалық категорияда келесідей белгілерімен сипатталады:

1) табиғи апаттардың немесе басқа да қиратушы күштердің кездейсоқ сипаты;

2) залалдың (зиянның, шығынның) натуралды немесе ақшалай формадағы көрінісі;

3) шығындарды өтеудің объективтік қажеттігі;

4) нақты оқиғалардың салдарларын алдын алу және өзгерту бойынша шараларды іске асыру.

Сақтандыру қызметі заңнамасына сәйкес, сақтандыру қызметі екі негізгі өлшем арқылы анықталады:

1) осы қызметті жүзеге асыратын субъектілердің шеңбері;

2) олардың қызмет ету саласы: сақтандыру, қайта сақтандыру, өзара сақтандыру, сондай-ақ сақтандыру мен қайта сақтандыруға байланысты қызметтер көрсету.

Сақтандырудың өзінен бөлек, сақтандыру қызметі саласына сондай-ақ қайта сақтандыру, өзара сақтандыру және сақтандыруға әрі қайта сақтандыруға байланысты қызметтер көрсету жатады.

Ең алдымен «қайта сақтандыру» ұғымын талдайық. Оның негізгі ерекшелігі – қайта сақтандыру шартының екі жағында да сақтандыру нарығының кәсіби қатысушылары болады: сақтандыру ұйымы (сақтанушы) және қайта сақтандыру ұйымы (сақтандырушы).

Ғылыми әдебиетте қайта сақтандырудың мәні мен оның азаматтық құқық жүйесіндегі орны туралы екі көзқарас қалыптасқан:

1) қайта сақтандыру шарты – сақтандыру шарттарына жатпайтын, дербес шарттық түр болып табылады (В.К. Райхер [45, 146 б.], И.А. Краснова [46, 13 б.], Н.С. Ковалевская [47, 32 б.], М.Б. Мамсуров [48, 8 б.]);

2) қайта сақтандыру шарты – сақтандыру шартының бір түрі ретінде қарастырылады.

Осылайша, Г.Ф. Шершеневич қайта сақтандыру шартын құқықтық реттеу кезінде сақтандыруға қатысты жалпы ережелерді басшылыққа алу қажет деп

көрсеткен [49, 389 б.], өйткені қайта сақтандыру әдеттегі сақтандырудан елеулі айырмашылықтарға ие емес.

Ал В.И. Серебровский [50, 492 б.], Ю.Б. Фогельсон [51, 174 б.] және М.И. Брагинский [16, 167 б.] қайта сақтандыру шартын мүліктік сақтандыру шарттарының ерекше түрі ретінде таниды.

Сақтандыру қызметі заңнамасына сәйкес, «қайта сақтандыру – өздерінің арасында жасалған қайта сақтандыру шартына сәйкес бір жағынан қайта сақтанушының сақтандыру тәуекелдерінің бәрін немесе бір бөлігін қайта сақтандыруға беруіне және екінші жағынан осы тәуекелдерді қайта сақтандыру ұйымының қабылдауына байланысты туындайтын қызмет және соған байланысты қатынастар» [18]. Сонымен қатар, Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексінің 824-бабында қайта сақтандыру нормасы бекітілген. «Сақтандырушы сақтанушы алдындағы өз міндеттемелерінің барлығын немесе бір бөлігін орындау тәуекелін жабуды басқа сақтандырушыда (қайта сақтандырушыда) қайта сақтандыру арқылы қамтамасыз етуге құқылы» [37].

Ал «қайта сақтандыру ұйымы (қайта сақтандырушы) – уәкілетті органның тиісті лицензиясы негізінде қайта сақтандыру шарттарын жасасу және орындау жөніндегі қызметті жүзеге асыратын заңды тұлға»; «қайта сақтанушы (цедент) – өзі қабылдаған сақтандыру тәуекелдерін қайта сақтандыруға беруді жүзеге асыратын сақтандыру немесе қайта сақтандыру ұйымы» болып табылады [18].

Осылайша, қайта сақтандыру шартының келесі негізгі ерекшеліктерін бөліп көрсетуге болады:

1) бұл шарттың тараптары ретінде кәсіби сақтандырушылар әрекет етеді;

2) қайта сақтандыру шарты акцессорлық міндеттеме болып табылады, яғни қайта сақтандыру шартын жасасу негізгі сақтандыру шарты болған жағдайда ғана мүмкін болады. Негізгі сақтандыру шарты бойынша сақтандырушы, қайта сақтандыру шартын жасасқан кезде, осы соңғы шартта сақтанушы болып саналады.

Өзара сақтандыру – қоғам мүшелерінің өз мүліктік мүдделерін өзара негізде қорғау мақсатында, қажетті қаражаттарды өзара сақтандыру қоғамына біріктіру арқылы жүзеге асырылатын сақтандыру болып табылады. Өзара сақтандырудың негізгі ерекшеліктері мыналар:

- сақтандырушы ретінде тек өзара сақтандыру қоғамы ғана әрекет ете алады, ол тұтыну кооперативтерінің бір түрі болып табылады;

- сақтанушылар тек өзара сақтандыру қоғамының мүшелері болады;

- өзара сақтандыру тәртібімен мүліктік сақтандыру объектілері ғана сақтандырылуы мүмкін (мүлікті сақтандыру, азаматтық жауапкершілікті сақтандыру немесе кәсіпкерлік тәуекелдерді сақтандыру).

Азаматтық кодекстің 845-бабына сәйкес, өзара сақтандыру:

1. Азаматтар мен заңды тұлғалар қажетті қаражатты өзара сақтандыру қоғамдарына біріктіру жолымен өзара негізде осы Кодекстің 807-бабының 1-тармағында аталған өзінің мүліктік мүдделерін сақтандыра алады.

2. Өзара сақтандыру қоғамдары өз мүшелерінің мүліктік мүдделерін сақтандыруды жүзеге асырады және коммерциялық емес ұйымдар болып табылады.

Өзара сақтандыруды жүзеге асырудың, өзара сақтандыру қоғамдарының құқықтық жағдайының ерекшеліктері мен олардың қызметінің шарттары осы Кодекске және өзара сақтандыру туралы заң актілеріне сәйкес айқындалады.

3. Өзара сақтандыру қоғамдары өз мүшелерінің мүліктік мүдделерін сақтандыруды мүшелік және сақтандыру шарттары негізінде жүзеге асырады.

4. Өзара сақтандыру жолымен міндетті сақтандыруды жүзеге асыруға өзара сақтандыру туралы заң актілерінде көзделген жағдайларда жол беріледі [37].

Сақтандырумен және қайта сақтандырумен байланысты қызметтер көрсету – сақтандыру брокерлерінің қызмет саласы.

Сақтандыру брокерлері сақтандыру шарттарын жасасу кезінде сақтанушының мүдделерін білдіреді, сондай-ақ сақтандыру шартын орындауға байланысты қызметтерді жүзеге асырады. Олар сақтанушыға сақтандыру төлемін алу үшін қажетті құжаттарды жинауға көмектеседі, сақтандыру төлемін алу процесінде сақтандыру ұйымдарымен өзара әрекеттеседі. Егер сақтандыру төлемі мәселесі ерікті түрде шешілмесе, брокерлер сақтанушыға тиесілі ақшалай қаражатты сот тәртібімен өндіріп алуға жәрдемдеседі.

«Сақтандыру брокері – сақтанушының тапсырмасы бойынша сақтандырушымен сақтандыру шарттарын жасасуға және орындауға байланысты қатынастарда сақтанушының атынан өкілдік ететін немесе сақтанушының тапсырмасы бойынша сақтандыру шарттарын және (немесе) қайта сақтанушының (цеденттің) тапсырмасы бойынша қайта сақтандыру шарттарын жасасу бойынша өз атынан делдалдық қызметті жүзеге асыратын заңды тұлға» [18].

Осылайша, келесі қорытындылар жасауға болады:

«Сақтандыру» және «сақтандыру қызметі» ұғымдары бөлік пен бүтін ретінде арақатынаста болады, яғни сақтандыру – сақтандыру қызметінің бір саласы ғана.

«Сақтандыру қызметі» ұғымы сақтандыру ісі субъектілерінің тек аталған қызмет түрлерін (сақтандыру, қайта сақтандыру, өзара сақтандыру, сақтандыру және қайта сақтандырумен байланысты қызметтер көрсету) ғана емес, сонымен қатар олардың ұйымдастырушылық-шаруашылық қызметін де қамтиды. Оларға, мысалы, лицензиялау, бухгалтерлік және аудиторлық есептілікті ұйымдастыру, сақтандыру ісі субъектілеріне мемлекеттік қадағалау жүргізу және басқа да қызмет түрлері жатады.

Сақтандыру қызметіне байланысты әртүрлі қоғамдық қатынастар туындайды. Бірінші топ – сақтандыру қызметі субъектілері арасындағы қатынастар. Мұндай қатынастар әдебиетте «көлденең қатынастар» деп аталады.

Екінші топты сақтандырушылар мен мемлекеттік және жергілікті басқару органдары арасындағы қатынастар құрайды. Бұл байланыстарды «тік

қатынастар» деп атауға болады. Олардың нақты өмірдегі үлес салмағы көлденең қатынастарға қарағанда едәуір аз.

Соңғы топқа ішкі фирмалық (корпоративтік) қатынастар жатады, олар, атап айтқанда, сақтандыру ұйымының бөлімшелері арасында қалыптасады. Бұл қатынастар ұйымдар тарапынан жергілікті (корпоративтік) құқықтық актілер шығару арқылы реттеледі.

Дәл осы үш топ қатынас сақтандыру қызметін құқықтық реттеудің пәндік біртұтастығын – оның аясын құрайды. Аталған қоғамдық қатынастар тек әртекті ғана емес (әртектілік азаматтық құқықта да, мысалы, мүліктік және жеке мүліктік емес қатынастар арасында да кездеседі), сонымен қатар олар өзара иерархиялық бағыныштылықта болып, бір-біріне тікелей немесе жанама түрде тәуелді келеді.

А.И. Худяков сақтандыру қатынастарының үш тобын бөліп көрсетеді:

1) сақтандыруды жүзеге асыруға байланысты қатынастар (нақты сақтандыру қатынастары);

2) сақтандыру агенттері, сақтандыру брокерлері, сақтандыру актуарийлері көрсететін қызметтерге байланысты қатынастар;

3) мемлекет тарапынан сақтандыру ісін ұйымдастыру барысында туындайтын қатынастар [13, 87 б.].

Көріп отырғанымыздай, сақтандыру қатынастары құрылымында қызмет көрсетуге байланысты қатынастар ерекше орын алады және автор оларды көмекші (қосалқы) қатынастар деп атайды.

Біздің сақтандыру қатынастарын бөлуімізде аталатын «көлденең» қатынастар, беделді ғалым ұсынған сақтандыру қатынастарының бірінші және екінші топтарын толық қамтиды.

А.К. Шихов сақтандыру құқығының пәндік біртұтастығын сақтандыру қатынастарының мүліктік сипатымен, яғни олардың құндық (ақшалай) көрініске ие болуымен байланысты деп түсінеді [22, 67 б.]. Сондықтан оның көзқарасы бойынша бұл жүйенің шегінен сақтандыру ісін мемлекет тарапынан ұйымдастыруға қатысты тік (жария-құқықтық) қатынастар, яғни сақтандыру ісін мемлекеттік реттеу бойынша қатынастар тыс қалады. Сонымен қатар аталған құрылымда корпоративтік қатынастарға да орын берілмейді.

Жоғарыда айтылған тұжырымдарды талдай келе, біз «сақтандыру қызметі» терминіне қатысты үш категорияны береміз. Біріншіден, бұл қатысушылар арасында туындайтын экономикалық қызығушылықтарды қорғау тәсілі болып табылады. Екіншіден, сақтандыру қызметі – қоғамдық қатынастар жүйесінің ажырамас бөлшегі болады. Үшіншіден, сақтандыру қызметі – бизнес түрі болып табылады.

Танымал зерттеуші, профессор В.И. Серебровский мен Х.Я. Гобидың теориясын қарастыра келе, сақтандыру қызметі дегеніміз көптеген тұлғалардың арасында болашақтағы, белгісіз және кездейсоқ қажеттіліктерді бөлу нысаны деп тұжырымдайды. В.И. Серебровский өз түсіндірулерінде Х.Я.Гобидың теориясынан бастау алатын, сақтандыру қызметінің негізгі мақсаты кездейсоқ қажеттілікті қанағаттандыру болып табылады деп көрсетеді [50, 9 б.]. Негізінде,

тәжірибе көрсеткендей, сақтандыру қызметі белгілі бір кездейсоқ жағдай туындауынан азаматтар мен заңды тұлғалардың белгілі бір мүліктік немесе ақша қажеттіліктерін қанағаттандыру ретінде көрініс табады.

Сонымен, Х.Я. Гоби, В.И. Серебровский өз зерттеулерінде сақтандырылушылардың мүліктік қажеттіліктерін қанағаттандыру сақтандырудың мақсаты деп түсіндірді. Сонымен қатар бұл мақсат кездейсоқ жағдайдың туындауымен байланысты деп санады. Осы соңғы белгіге қарап, сақтандыру төлемі түрінде мүліктік немесе ақшалай қажеттілікті қанағаттандыру тәсілі ретінде қарастыруға мүмкіндік береді. Керісінше жағдайда, сақтандыру институтын қолдану қажеттілігі болмай қалар еді, мысалы, көрсетілген қажеттіліктерді қоғамда бұрыннан қалыптасқан сауда айырбас, сыйға тарту тәсілдерімен қанағаттандыруға болатын еді.

Сондықтан, қажеттіліктерді қанағаттандыру бұл әдеттегі тұрмыстық-шаруашылық мәмілелер немесе әдеттегі материалдық тұтынудан жақсы нәтежиелерге ие болу емес, кездейсоқ факторлардан әсерінен келген салдармен қажеттіліктерді қанағаттандыру. Басқаша айтқанда, қажеттіліктерді алдын ала болжауды қажет етеді, ол іске асуы да, аспауы да мүмкін, бірақ қамтамасыз етілуді қажет етеді. Жоғарыдағы қажеттіліктерді қанағаттандыру үшін өзара салымы негізінен бірнеше тұлғалардың қатысқан ақша қорларының жинақталу механизмі пайдаланылады. Осы жағдай сақтық қорының теориясының сақтандыру доктринасында пайда болуына алып келді.

Жеке және заңды тұлғалардың салымдары есебінен сақтық қорын құру және бұл сақтық қоры арнайы мамандандырылған ұйымның басқаруында болады және бұл сақтық қорын құруға өз салымдарын салуға қатысқан тұлғаларда күтпеген және төтенше апаттардың салдарынан шығын келтірілген жағдайда ғана қолданылатындығын кейбір ғалымдар қайтарымдылық қағидасына сүйенеді деп түсіндірді. Субъективті тұрғыдан қайтарымдылық қағидасы мүдделі тұлғалардың өзіне болашақтағы болатын мүліктік жағымсыз салдарды болдырмау еркін білдіреді. Сондықтан өзіне жағымсыз мүліктік салдарды болдырмау ниетімен мүдделі тұлғалар басқа тұлғаға, яғни сақтандыру ұйымына жүгінеді. Көрсетілген тұлғаның ниеті болашақта ақша немесе басқа мүлік алуға бағытталады, бұл ниетті іске асыру тек белгілі шығындармен, яғни болашаққа салым салумен ғана іске асады.

Тәжірибе көрсеткендей, жалпы қажеттіліктерді қамтамасыз етуге мүдделі тұлғалардың саны бір ғана тұлғамен шектелмейді. В.К. Райхер дәлелдегендей, мұндай сақтандыру қорының құрылу нысаны дамыған түрдегі сақтандыру қызметі болып табылады. В.К. Райхер сақтандыру қоры туралы теорияны дамыта келе, сақтандыру қорының құрылу тәсілдері мен көздерін, олардың пайдаланылу мақсатын атап өтеді. Сақтандырушы мен сақтандырылушы арасындағы ақылы бастауға негізделген сақтандыру қорының құрылу қағидасын анықтайтын құқықтық механизмге баса назар аударылған [45, 106 б.]. Мүдделі тұлғалардың ақша қаражаттарын жинақтау мен арнайы осы мақсатта құрылған қор айналысады. Ол сақтандыру қоры деп аталады.

Негізінен сақтандыру қоры ақша салымын салған мүдделі тұлғалардың әрқайсысының қажеттіліктерін қанағаттандыру үшін қажет.

Сақтандыру қызметі саласындағы қазіргі зерттеушілер сақтандыру ісінің ұйымдастырылуының экономикалық негізі сақтық қоры болып табылатындығы бұл көзқарас бойынша да күмән тудырмайды. Бірақ сақтандыру түсінігіне анықтама бергенде сақтық қорының құрылу нысаны деп қарау, сақтандырудың мақсатын, яғни төтенше және болжанбаған кездейсоқ жағдайдың туындауынан шығындалған материалдық құндылықтардың орнын толтыруға бағытталғандығын ашып көрсетпейді, жалпы сақтандырудың толық анықтамасын бермейді.

Г.Ф. Шершеневич: «Сақтандыру бір тұлға сақтандырушы екінші тұлға сақтандырылушыға шарты төлем негізінде келісімде көрсетілген бақытсыздық жағдайда зиянның орнын толтыруға міндеттенетін шарт» деп түсіндіреді [52, 322 б.]. Бұл теорияның ерекшелігі қайтарымдылық (өтелетін) қағидасында, бұл қағида шартта екінші тараптың қатысуын қарастырады. Шартқа екінші тараптың қатысуы сақтандырудың басты ерекшелігі болып табылады. Қайтарымдылық қағидасы шарттың екінші тарапына сақтандырушыға кездейсоқ зиянды сақтандыру төлемдері есебінен өтеттіріп алу міндеті жүктеледі. Сақтандырылушының сақтандыру төлемдерін ортақ сақтық қорына енгізуі сақтандырылушыға көптеген сақтандырылушылардан құралған ақша қорынан төлемді қамтамасыз етуді талап ете алады. Қайтарымдылық қағидасы сақтандыру қатынастарының экономикалық негізі болып табылады.

Құқықтық көзқарас бойынша В.И. Серебровский сақтандыруды жекелей және екіжақты құқықтық қатынас түрінде анықтайды, белгілеріне бұл құқықтық қатынастың тәуекелділігін, құқықтық қатынастың мақсатына қажеттілікті қанағаттандыру, ақылы болуы, сақтандырушының жауапкершілігінің шектеулілігін жатқызады.

В.И. Серебровский жоғарыдағы аталған белгілердің ішіндегі бастылары деп сақтандырудың тәуекелділігі мен оның мақсатын атап өтеді [50, 37 б.].

Сақтандыру саласындағы қазіргі зерттеушілер профессор А.Х.Маслоудың 1954 жылы ұсынылған теориясы арқылы қарастыруды ұсынады. А.Х.Маслоудың теориясы бойынша, қауіпсіздікке қажеттілік жеке адам мен адамдар топтарындағы қажеттіліктер пирамидасындағы негізгі қажеттілік болып табылады. А.Х.Маслоудың теориясы бойынша қажеттіліктер пирамидасы көрсетілген төменнен жоғары қарай көрсететін болсақ:

- физиологиялық;
- қауіпсіздікке қажеттілік;
- біреуге тиісті болу, сүюге және сүйікті болуға деген қажеттілік;
- құрметке, сыйлы болуға деген қажеттілік;
- өзін-өзі танытуға деген қажеттілік [53]. Көріп отырғанымыздай, қауіпсіздікке қажеттілік маңызды қажеттіліктердің бірі. Бұл жағдайда, сақтандыру адамзат қоғамына тән негізгі қажеттілікке жауап береді және де қоғамдық қатынастар жүйесінде тұрақтылық элементін орнықтырады.

Ақша қорларының қалыптасуында сақтандыру жағдайының туындау мүмкіндігін анықтау тәсілі пайдаланылады. Мұндай есептеулер эквиваленттілік қағидасы бойынша іске асады, сақтандыру сомаларының жиынтығы жалпы жинақталған резервтік қордан асып кетпеуі қажет. Бұл көзқарасқа сүйене отырып, сақтандыру саласының зерттеушілері зиянды қайта бөлу теориясын қолдайды.

В.К. Райхер: «Сақтандырылған қауіптен келген зиянның орнын толтыру көзі көптеген тұлғалардың ұсақ салымдары негізінен алғашқыда бір орталықтанбаған, кейінірек сақтандыру ұйымы басқаратын орталықтанған қорға айналған сақтық қоры болып табылады» деп пайымдайды [45, 18 б.]. В.К. Райхердің көзқарасын қолдаушы В.В. Шахов қол жеткізген өмірдің деңгейі мен тұрақтылығын және үздіксіз өндіріс процесінің қамтамасыз ету үшін адамдардың объективті қатынасы жинақтала келе, сақтық қорғауының экономикалық санатын құрайды. Сақтандыру тәуекелі мен қорғау шараларында сақтандыру қорғауының экономикалық санатының мәні жатыр деп көрсетеді [24, 6 б.]. Егер табиғаттың қолайсыз жағдайлары мен төтенше оқиғалардың жағымсыз салдарынан нәтижесінде қоғамдық өндіріс процесі тоқтатылса немесе бұзылса, онда қоғам алдын ала ескерту, болдырмау шараларын қолдану керек, егер олар күтілген нәтиже бермесе, келтірілген материалдық зиянның орны толтырылуы және жұмыс күшінің жұмысты жалғастыруға қолайлы жағдай жасау керек. Материалдық шығынға ұшырататын төтенше апаттар алғашқысында адамдар арасында кездейсоқ оқиға ретінде қабылданса, уақыт өте келе, табиғаттың төтенше апаттары мен басқа да қолайсыз құбылыстар, төтенше жағдайлар қоғамдық өндірістік сипатқа қарама-қайшылықпен байланысты объективті, табиғи, заңды процесс.

Қоғамдық өндіріс процесі екі қарамақайшылықты бастамаға ие. Бір жағынан, адам мен табиғаттың, адамның табиғаттың төтенше күштеріне деген күресімен байланысты болса, екінші жағынан, адамдардың мүліктік және басқа әртүрлі мүдделеріне байланысты қоғамдық қатынастарға түсетін қоғам арасындағы қарама қайшылық. Басқаша айтқанда, қоғамдық өндірістің тәуекелдік сипаты объективті түрде әсер етеді. Қоғамдық өндірістің тәуекелдік сипаты адам мен табиғаттың төтенше қиратушы күштерімен күресу үшін адамдар арасында алдын ала ескерту, жою, келген шығынды өтеу қатынастарын тудырады. Бұл санаттың негізгі белгілерін Л.И.Рейтман былай көрсетеді:

- қиратушы оқиғаның кездейсоқ болу сипаты;
- натуралды және ақшалай өлшенетін зиянның төтенше болуы;
- алдын ала ескертудің объективті қажеттілігі.
- материалды және де басқа зияндардың өтелуі [54, 7-8 б.]. Көрсетілген белгілер жиынтығында адамдардың өндіріс қызметінде сақтандыру тәуекелі болуын және өндіріс процесінің үздіксіздігін қамтамасыз ету үшін қорғау шараларының қажеттілігін көрсетеді.

Жоғарыдағы пікірлерде сақтандырудың мәні экономикалық тұрғыдан қарастырылды, ал құқықтық тұрғыдан көрсетілген қорларға қайта бөлу үшін

сақтандыру мәмілесіне қатысушыларының еркі белгілі құқықтық қатынастарды бекіту, орындау, тоқтату арқылы көрінеді. Сондықтан да В.И. Серебровский сақтандыру бұл, ең алдымен, құқықтық қатынас деп көрсетеді [50, 328 б.]. Өз кезегінде, сақтандыру қатынастарын реттеу тәсілі белгілі бір азаматтық-құқықтық шартты жасасу арқылы сақтандыру құқықтық қатынастары пайда болады және бекітіледі. Сондықтан да сақтандыру құқықтық қатынастарының негізгі мақсаты – болашақтағы күтілетін және болуы мүмкін зияндардан жеке және заңды тұлғалардың мүліктік мүдделерін қорғау. Сондықтан сақтандырудың құқықтық және экономикалық мәні өзара байланысты және тең дәрежеде сақтандырылуын қамтамасыз етеді.

Л.И. Рейтман сақтандыру қатынастарының құқықтық және экономикалық мәні арасындағы өзара байланысты сипаттай келе, сақтандырудың іс жүзінде іске асуы үшін әрбір сақтанушымен жеке сақтандыру қатынастары қажет. Бұл аталған сақтандыру қатынастарын реттейтін заңдар және ережелер мен методикалық материалдар арқалы ғана жүзеге асады деп белгілеген [54, 46 б.].

Сақтандырудың құқықтық мәнін сақтандыру құқықтық қатынастары сақтандырудың барлық негізгі және қосымша шарттары көрсетілген шарт негізінде бекітіледі. Сондықтан Ю.А. Слептухов және Е.Ф. Дюжиковтың ұстанымы бойынша сақтандыру қатысушыларының өзара қатынасы үшін сақтандыру шартының маңыз зор, жасалған шарт қол қойылмай тұрып мұқият оқылып, танысуды қажет етеді деп көрсетеді [55, 15 б.].

Көптеген әдебиеттерде сақтандыру экономикалық санат ретінде әртүрлі мағынаға ие болып отыр. Ал сақтандыру қоғамдық қызмет түрі ретінде терең зерттелмеген. Аталған аспектіде сақтандыру сақтандырушының сақтық төлемдерін жинау және қайта бөлу жолымен құрылған сақтық қорынан сақтанушыда әртүрлі төтенше және қолайсыз табиғат жағдайлары салдарынан туындайтын шығынның орнын толтыру үшін заңмен немесе шартпен белгіленген төлем төлейтін сақтандыру ұйымдарының қызметі ретінде қарастыру керек.

Сақтандыру қызметі дегеніміз төтенше оқиғалар, қолайсыз құбылыстар мен күтпеген оқиғалар туындаған кезде жеке және заңды тұлғалардың мүліктік мүдделерін қорғау үшін қызмет ететін, зиян келтірілген жеке және заңды тұлғаларға материалдық зиянды төлеу үшін мақсатты ақша қорларын құратын және пайдалану жөніндегі қайта бөлгіштік қатынастардың айрықша сферасы болып табылады. Ол сақтандыру шартында көрініс тауып, сол арқылы жүзеге асырылады. Сақтандыру қызметін тәжірибе жүзінде жүзеге асыру үшін әрбір сақтанушымен жеке анық сақтандыру қатынасы қажет.

Сақтандыру қызметі өзіндік нысан мен мазмұнға ие арнайы қоғамдық қатынастардың жиынтығы болып табылады. Сонымен қатар, ол қызметке қатысушыларының, яғни сақтандыру ұйымы мен сақтанушының байланысы арқылы көрініс табады.

Сақтандыру қызметтеріне тән үш түрлі көзқарасты қарастырайық. Бірінші көзқарас бойынша, қаржы жүйесінің дербес буыны ретінде сақтандыруға қаржы категориясының бөлу және бақылау қызметтері тән.

Екінші көзқарас сақтандырудың өзіндік дербес мағынасынан туындайды. В.С. Белых және И.В.Кривошеев экономикалық категория ретінде сақтандырудың келесідей қызметтерін бөліп көрсетеді:

1) аккумулятивтік қызмет – мамандырылған сақтандыру қорын құру үшін сақтандыру жарнасы түрінде ақша қаражаттарын жинауды қарастырады;

2) өтем ақылық (қайта бөлу) қызмет – сақтандыру тәуекеліне төлем ретінде азаматтардың зияндарын төлеу және жеке мүлігін қамтамасыз ету;

3) қорғаныш-сақтық қызметі – сақтанушының мүліктерін немесе жеке мүліктік назарын қорғауға, сондай-ақ сақтандыру оқиғасын ескертуге және зияндарды азайтуға бағытталған кешенді шаралар жиыны [56, 14 б.].

Үшінші жақтың көзқарастары көп таралған. Бұл жерде сақтандыруға қаржы категориясы ретінде қаржының (бөлу және бақылау) қызметтері тән. В.А. Прокошин және Н.Н. Косаренконың көзқарастары бойынша қаржының бөлу қызметі сақтандыруда ескерту, қалпына келу және жинақтау арқылы көрінеді [57, 45 б.].

Екінші топтағы авторлардың көзқарастарын бөліп қарасақ, сақтандырудың келесі қызметтерін белгілейміз:

1) қорғау қызметі;

2) қалпына келтіру;

3) ескерту;

4) бақылау.

Қорғау қызметі – сақтанушы сақтандырушының ұсынған қызметіне сақтандыру қорғанышы түрінде төлем жасайды және ол болашақта сақтанушының мүліктік жағдайын қорғауға жүзеге асырылады. Осы қызметтің заңдық жағына сүйенсек, сақтандырушы сақтандыру оқиғасы болған жағдайда сақтанушыға келісімшартта немесе заңда көрсетілген сақтандыру және басқа да төлемдерін төлеуге құқылы [58, 125 б.].

Қалпына келтіру қызметі дегеніміз – зардап шегушіге сақтандыру жағдайы туындаған кезде келісім-шартта көрсетілген немесе заңда қарастырылған сақтандыру сомасы көлемінде сақтандыру төлемін беруді қарастыратын қызмет.

Сақтандырудың төртінші қызметі – ескерту қызметі. Бұл қызмет сәтсіз оқиғалардың және табиғи апаттардың салдарын болдырмауға немесе азайтуға бағытталған шаралар кешені. Сақтандырушы кейбір сақтандыру оқиғаларының болу ықтималдығын төмендету жолымен сақтандыру төлемдерін азайтуға тырысады. Осыған байланысты сақтандырудың жекелеген түрлерінің тарифтеріне ескерту шаралары қорын құруға арналған аударымдар қосылады.

Бақылау қызметі дегеніміз – сақтандыру қорының қаражаттарын қатаң түрде мақсатты құру және дұрыс қолдануды қарастырады.

Сақтандыру қызметтері және оның мазмұны тығыз байланысты. Қазіргі таңдағы сақтандырудың негізгі қызметтерін былай бөлуге болады:

1) ақша қаражаттарының мамандандырылған сақтандыру қорын құру;

2) зиянды өтеу және азаматтарды жеке материалдық қамтамасыз ету;

3) сақтандыру оқиғасын ескерту және зиянды төмендету [52, 205 б.].

Сақтандырудың бірінші қызметі – ақша қаражаттарының мамандандырылған сақтандыру қорын құру. Сақтандыру компаниялары тәуекелдерге төлем жасауды өз жауапкершілігіне алады. Мемлекет экономикалық және әлеуметтік жағдайға байланысты елдегі сақтандыру ісінің дамуын реттейді. Бұл қор міндетті немесе ерікті түрде құрылады.

Сақтандырудың екінші қызметі – зиянды өтеу және азаматтарды жеке материалдық қамтамасыз ету. Зиянды өтеу тәртібі сақтандыру келісімінің шартына сәйкес сақтандыру компанияларымен анықталады және мемлекетпен реттеледі (сақтандыру қызметін лицензиялау). Мүліктік зиянды өтеу құқығына сақтандыру қорын құруға қатысушы жеке және заңды тұлғалар ие.

Сақтандырудың үшінші қызметі – сақтандыру оқиғасын ескерту және зиянды төмендету деп аталады. Ол қызмет кешенді шаралардан тұрады. Оның ішінде сәтсіз оқиғалардың, табиғи апаттардың кері салдарын болдырмау немесе оның көлемін азайту бойынша шараларды қаржыландыру жүзеге асырылады.

Сайып келгенде, сақтандыру қызметі – сақтандыру, қайта сақтандыру және өзара сақтандыруды жүзеге асырумен, сондай-ақ сақтандыруға және қайта сақтандыруға байланысты қызметтер көрсетумен қатар сақтандыру ісін ұйымдастыру және мемлекеттік реттеу талаптары шеңберінде іске асырылатын сақтандыру ұйымдары мен сақтандыру нарығының өзге де кәсіби қатысушыларының қызметі ретінде сипатталды.

Сонымен қатар сақтандыру қызметі тек сақтандыру шарттарын жасасумен шектелмей, қайта сақтандыру, өзара сақтандыру және сақтандыруға байланысты қызметтерді қамтитын күрделі ұйымдастырушылық-құқықтық жүйе ретінде сипатталды. Бұл ретте сақтандыру нарығының қызметі мемлекеттік реттеу мен қадағалау тетіктерімен қамтамасыз етілетіні оның қаржылық тұрақтылық пен экономикалық қауіпсіздікті қамтамасыз етудегі маңызын айқындайды.

Осылайша, сақтандыру және сақтандыру қызметі әлеуметтік-экономикалық мүдделерді қорғауға бағытталған, азаматтық және қаржылық құқықтың тоғысқан тұсында қалыптасқан, көпдеңгейлі құқықтық реттеуге ие дербес институт ретінде бағаланады.

1.3 Сақтандыру құқықтық қатынастарының субъектілері мен объектілері

Сақтандыру қатынастары – қаржылық және азаматтық-құқықтық қатынастардың маңызды түрлерінің бірі болып табылады. Бұл қатынастар сақтандыру тәуекелдері туындаған кезде жеке және заңды тұлғалардың мүліктік мүдделерін қорғауға бағытталған. Сақтандыру жүйесі қоғамдағы экономикалық тұрақтылықты қамтамасыз етуге, залалдарды өтеуге және тәуекелдерді азайтуға қызмет етеді.

Сақтандыру қатынастарының негізгі элементтері ретінде оның объектілері мен субъектілері қарастырылады. Аталған элементтер сақтандыру құқықтық қатынастарының мазмұнын айқындайды және сақтандыру шартының

жүзеге асу тетігін белгілейді. Сақтандыру қатынастарының объектілері сақтандыру арқылы қорғалатын мүдделерді білдірсе, субъектілері осы құқықтық қатынастарға қатысатын тұлғалардың жиынтығын құрайды.

Қазіргі жағдайда сақтандыру экономиканың тұрақты дамуының маңызды институтына айналып отыр. Нарықтық қатынастардың дамуы, кәсіпкерлік қызметтің кеңеюі, азаматтардың әл-ауқатының артуы сақтандыру қызметінің маңызын күшейтуде. Себебі сақтандыру күтпеген жағдайлардан туындайтын шығындарды өтеудің тиімді құқықтық әрі экономикалық механизмі болып табылады.

Сақтандырудың әлеуметтік мәні де ерекше. Ол азаматтардың өмірі мен денсаулығын қорғауға, кәсіпкерлік тәуекелдерді төмендетуге, мүліктік шығындардың орнын толтыруға мүмкіндік береді. Сонымен қатар сақтандыру мемлекет үшін де маңызды қаржылық құрал болып саналады, өйткені ол төтенше жағдайлар салдарынан туындайтын шығындардың бір бөлігін жеке сақтандыру жүйесі арқылы өтеуге ықпал етеді.

Қазақстан Республикасында сақтандыру қызметі Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексімен, «Сақтандыру қызметі туралы» Заңымен және өзге де нормативтік құқықтық актілермен реттеледі. Осы заңнамалық актілерде сақтандыру қатынастарының объектілері, субъектілері, олардың құқықтары мен міндеттері нақты айқындалған.

Сақтандыру заңнамасының 2-бабында сақтандыру заңнамасынмен реттелетін қатынастардың шекарасы белгіленген. «Осы Заң кәсіпкерлік қызмет түрі ретінде сақтандыруды жүзеге асыру жөніндегі негізгі ережелерді, сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдарын, сақтандыру брокерлерін құру, олардың қызметін лицензиялау, реттеу, тоқтату ерекшеліктерін, Қазақстан Республикасының бейрезидент-сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдарының филиалдарын, Қазақстан Республикасының бейрезидент-сақтандыру брокерлерінің филиалдарын ашу, олардың қызметін лицензиялау, реттеу, тоқтату ерекшеліктерін, өзге де жеке және заңды тұлғалардың сақтандыру нарығында қызмет ету шарттарын, сақтандыру нарығын мемлекеттік реттеу міндеттерін және сақтандыру қызметін бақылау мен қадағалауды қамтамасыз ету қағидаттарын айқындайды» [18]. Осы анықтамадан сақтандыру қатынастарының субъектілерін бөліп шығаруға болады.

Сақтандыру құқықтық қатынастарында субъектілер ретінде, жоғарыда айтылғандай, бірнеше топтағы тұлғалар қатысады. Олар – құқықтық қатынастың тікелей тараптары немесе қатысушылары. Бұларға сақтанушы (сақтандыруға жүгінген тұлға) және сақтандырушы (сақтандыру жағдайы туындаған кезде осы оқиғаның салдарынан келтірілген залалды сақтанушыға өтеуге міндеттенетін тұлға) жатады.

Сонымен қатар сақтандыру құқықтық қатынастарына тағы екі субъект түрі қатысуы мүмкін: пайда алушы және сақтандырылған тұлға.

Пайда алушы деп сақтандырушының сақтандыру сомасын төлеу міндеті орындалатын тұлға танылады. Егер сақтанушы сақтандыру өтемін өзі алуды көздесе, онда пайда алушы дербес субъект ретінде бөлініп көрсетілмейді.

Сақтандырылған тұлға деп жоғарыда аталған тараптарға қатысты құқықтарға ие болатын ғана емес, сонымен бірге сақтандыру қорғауы пәнінің тасымалдаушысы болып табылатын субъект танылады. Яғни бұл – сақтандыру жағдайының белгілеріне сәйкес келетін оқиға орын алуы мүмкін және соның нәтижесінде сақтандырушыда сақтандыру сомасын төлеу міндеті туындайтын тұлға.

Бір қызығы, сақтандырылған тұлға дербес субъект ретінде тек жеке сақтандыруда ғана көрініс табады. Өйткені мұндай жағдайда оның өмірі мен денсаулығы сақтандыру қорғауының пәні болып табылады.

ҚР заңнамаларына сәйкес, сақтандырушы деп сақтандыруды, қайта сақтандыруды және өзара сақтандыруды жүзеге асыру үшін құрылған және заңда белгіленген тәртіппен лицензия алған заңды тұлғалар танылады. Сақтандырушы ретінде тек заңды тұлға ғана әрекет ете алады. ҚР заңнамасы жеке тұлғаны, оның ішінде дара кәсіпкерді сақтандырушы ретінде танымайды.

«Сақтандыру саласындағы қатынастарға қатысушылардың шеңбері анағұрлым кең болып табылады. Сонымен қатар сақтандыру агенттері мен брокерлерін сақтандыру қатынастарының қатысушыларына жатқызу толықтай дұрыс емес деген пікір бар. Себебі олар мүліктік мүдделерді тікелей қорғауды жүзеге асырмайды, тек делдал ретінде әрекет етеді. Ал сақтандыру саласындағы қатынастарға қатысушылар қатарына актуарийлерді жатқызу күмән тудырмайды» [59, 87 б.].

Осыған байланысты заң шығарушының сақтандыру ұғымымен қатар сақтандыру қызметі (сақтандыру ісі) ұғымын қолдануы қисынды болып көрінеді. Бұл ұғымға сақтандырушылардың сақтандыру, қайта сақтандыру және өзара сақтандыру саласындағы қызметі, сондай-ақ сақтандыру брокерлері мен сақтандыру актуарийлерінің сақтандыру және қайта сақтандыруға байланысты қызмет көрсетуі жатады.

Осылайша, сақтандыру заңнамасында сақтандыру ісі (сақтандыру қызметі) сақтандыру нарығының кәсіби қатысушыларының қызметі ретінде қарастырылады.

Сақтандырушы туралы айтқанда, сақтандыру ұйымдары заңды тұлға бола отырып, коммерциялық та, коммерциялық емес те ұйымдар нысанында құрылуы мүмкін екенін ескеру қажет. Алайда тәжірибеде сақтандыру ұйымдары көбінесе коммерциялық ұйымдар ретінде әрекет етеді және шаруашылық қоғамдар нысанында құрылады.

«2. Коммерциялық ұйым болып табылатын заңды тұлға мемлекеттік кәсіпорын, шаруашылық серіктестік, акционерлік қоғам, өндірістік кооператив нысандарында ғана құрылуы мүмкін.

3. Коммерциялық емес ұйым болып табылатын заңды тұлға мекеме, қоғамдық бірлестік, акционерлік қоғам, тұтыну кооперативі, қор, діни бірлестік нысанында және заңнамалық актілерде көзделген өзге де нысанда құрылуы мүмкін.

Коммерциялық емес ұйым кәсіпкерлік қызметпен өзінің жарғылық мақсаттарына сай келуіне қарай ғана айналыса алады.

3-1. Коммерциялық емес ұйым болып табылатын және мемлекеттік бюджеттің есебінен ғана ұсталатын заңды тұлға тек қана мемлекеттік мекеме нысанында құрылуы мүмкін» [60].

Қазіргі таңда Қазақстан Республикасында атауында олардың мемлекеттік қатыстылығы көрсетілген ұйымдар бар. Алайда ҚР АК тұрғысынан мұндай ұйымдар акционерлік қоғамдар нысанында әрекет етеді. Мысалы, «Мемлекеттік аннуитеттік компания». Бұл компанияның міндеттері:

- қызметкер еңбек (қызметтік) міндеттерін атқарған кезде оны жазатайым оқиғалардан міндетті сақтандыру жүйесімен қызметкерлердің және аннуитеттік сақтандыру бойынша еліміздің барлық өңірлерінде сақтанушылардың барынша қамтылуын қамтамасыз ету;

- сақтандыру мәселелері бойынша консультациялық қызметтерді көрсету;

- ұсынылатын қызметтердің жоғарғы сапасын қамтамасыз ету;

- сақтандыру нарығын дамыту саласында мемлекеттің бастамаларына ықпал ету.

Компанияның мақсаты:

- еліміздің сақтандыру нарығында әртүрлі аннуитеттік өнімдердің пайда болуы;

- «Қазақстан Республикасының Әлеуметтік кодексіне» сәйкес зейнетақы аннуитеті шарттары негізінде азаматтардың сақтандыру ұйымдарынан зейнетақымен қамсыздандыруға құқықтарын іске асыруды қамтамасыз ету;

- «Қызметкер еңбек (қызметтік) міндеттерін атқарған кезде оны жазатайым оқиғалардан міндетті сақтандыру туралы» Қазақстан Республикасының заңының іске асырылуына ықпал ету [61].

Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес шетелдік заңды тұлғалар сақтандырушы ретінде тікелей әрекет етуге құқылы емес. Алайда белгілі бір талаптар сақталған жағдайда қазақстандық сақтандыру ұйымдары шетелдік капиталдың қатысуымен құрылуы мүмкін.

Мұндай талаптардың бірі – сақтандыру ұйымдарының тек жауапкершілігі шектеулі серіктестік немесе акционерлік қоғам нысанында құрылуы. Бұл шектеу ҚР заңнамасында тікелей көзделген.

Коммерциялық емес ұйымдық-құқықтық нысанда сақтандыру ұйымдарын құру мүмкіндігі мәселесіне келетін болсақ, бұл сұрақ даулы сипатқа ие.

Заңнама сақтандырушылардың екі тобын ажыратады, атап айтқанда: сақтандыру ұйымдары және өзара сақтандыру қоғамдары. Өзара сақтандыру қоғамдары сөзсіз коммерциялық емес ұйым мәртебесіне ие. Ал сақтандыру ұйымдары коммерциялық та, коммерциялық емес те ұйымдық-құқықтық нысанда құрылуы мүмкін.

Сонымен қатар сақтандыру ұйымдарын жеке және жария сақтандыру ұйымдарына бөлу қажет екенін де ескеру керек.

Жария сақтандыру ұйымдарына жеке тұлғалардың еркінен тәуелсіз түрде қандай да бір жария-құқықтық акт негізінде құрылатын және пайда табуды мақсат етпейтін ұйымдар жатады. Сондықтан жария сақтандыру ұйымдары

коммерциялық емес ұйымдар болып табылады және тиісті ұйымдық-құқықтық нысандарда құрылады.

Ал сақтандыру ұйымының негізгі қызмет мақсаты пайда табу болып табылады. Осыған байланысты жеке сақтандыру ұйымдары коммерциялық ұйымдардың тиісті ұйымдық-құқықтық нысандарында құрылуы тиіс деген қорытынды жасауға болады.

Сақтандырушылар сақтандыру қызметін делдалдар арқылы, атап айтқанда сақтандыру агенттері мен брокерлері арқылы жүзеге асыруға құқылы екенін атап өткен жөн.

Заңнамада сақтандыру агенті ұғымына анықтама берілген. Оған сәйкес, сақтандыру агенті – сақтандырушының атынан және оның тапсырмасы бойынша әрекет ететін жеке немесе заңды тұлға. Мұнда ҚР АК бекітілген өкілдік қатынастар көрініс табады [37].

Осыған байланысты бір тұлға (сақтандыру агенті) сенімхатқа негізделген өкілеттік күшімен заңдық немесе нақты әрекеттерді жүзеге асырады. Сақтандыру агенттері өздеріне берілген өкілеттіктер шегінде сақтандыру шарттарын жасасуға, сондай-ақ сақтандырушының атынан өзге де әрекеттерді орындауға құқылы. Әдетте сақтандырушы мен сақтандыру агенті арасындағы құқықтық қатынастар тапсырма шарты арқылы рәсімделеді.

Заңға сәйкес сақтандыру брокерлері деп белгіленген тәртіппен дара кәсіпкер ретінде тіркелген жеке тұлғалар немесе заңды тұлғалар танылады. Олар сақтанушының немесе сақтандырушының тапсырмасы негізінде өз атынан сақтандыру саласында делдалдық қызметті жүзеге асырады.

Сақтандыру қызметіне қатысушылар қатарына сақтандыру актуарийлері де жатады. Сақтандыру актуарийлері деп Қазақстан Республикасының аумағында тұрақты тұратын, біліктілік куәлігі бар және сақтандырушымен еңбек шарты немесе азаматтық-құқықтық шарт негізінде сақтандыру тарифтерін, сақтандырушының сақтандыру резервтерін есептеу, сондай-ақ актуарлық есептеулерді пайдалана отырып оның инвестициялық жобаларын бағалау жөніндегі қызметті жүзеге асыратын жеке тұлғалар танылады.

Азаматтық айналымға қатысатын кез келген тұлға, мейлі ол азамат болсын немесе ұйым болсын, азаматтық құқық қабілеттілігіне ие болуы тиіс. Мұндай қасиет сақтандыру ұйымдарына да тән.

Құқық қабілеттілігі дегеніміз – заңды тұлғаның өзінің құрылтай құжаттарында көзделген қызмет мақсаттарына сәйкес субъективтік азаматтық құқықтарға ие болу және осы қызметпен байланысты міндеттерді атқару қабілеті [60]. Құқық қабілеттілігі заңды тұлға құрылған сәттен, яғни мемлекеттік тіркеуден өткен кезден бастап пайда болады және заңды тұлғалардың бірыңғай мемлекеттік тізілімінен шығарылған кезде тоқтатылады.

Заңды тұлғаның құқық қабілеттілігінің екі түрі болады: жалпы және арнайы құқық қабілеттілігі.

Жалпы құқық қабілеттілігі заңды тұлғаның заңмен тыйым салынбаған кез келген қызмет түрлерін жүзеге асыру үшін азаматтық құқықтарға ие болуын және міндеттер атқаруын білдіреді.

Ал арнайы құқық қабілеттілігі кезінде заңды тұлғаның қызметі оның негізгі мақсаттары мен қызмет пәніне байланысты белгілі бір шектеулермен жүзеге асырылады. Әдетте арнайы құқық қабілеттілігі коммерциялық емес ұйымдарға тән болады. Сақтандыру қызметіне қатысты мұндай ұйымдарға жария сақтандыру ұйымдары, сақтандырушылар бірлестіктері, өзара сақтандыру қоғамдары, сондай-ақ заңда көзделген кейбір коммерциялық ұйымдар жатады.

Сақтанушылар деп сақтандырушылармен сақтандыру шарттарын жасасқан немесе заң күші бойынша сақтанушы болып табылатын заңды тұлғалар мен әрекет қабілетті жеке тұлғалар танылады.

Сақтанушы – шартқа немесе заңға сәйкес сақтандырушыға сақтандыру сыйлықақысын төлеуге міндетті және сақтандыру жағдайы туындаған кезде сақтандыру төлемін өзі үшін немесе пайда алушының пайдасына талап етуге құқылы тұлға (егер сақтандыру үшінші тұлғаның пайдасына жүзеге асырылса).

Сақтанушылардың үш негізгі тобын бөліп көрсетуге болады:

- заңды тұлғалар;
- әрекет қабілетті жеке тұлғалар;
- заң күші бойынша сақтанушы болып табылатын тұлғалар (мысалы, мемлекеттік билік органдары мен жергілікті өзін-өзі басқару органдары).

Сонымен қатар мемлекет пен Қазақстан Республикасының субъектілері сақтанушы бола алмайды.

Жеке тұлғалар сақтандыру құқықтық қатынастарының субъектісі ретінде, әдетте, 18 жасқа толғаннан кейін қатыса алады. Ал 14 пен 18 жас аралығындағы тұлғалар заңды өкілдерінің жазбаша келісімі болған жағдайда сақтандыру қатынастарына қатысуға құқылы.

Белгілі бір тұлғаның нақты сақтандыру құқықтық қатынастарында сақтанушы ретінде қатысуының қажетті шарты – оның сақтандыру мүддесінің болуы. Дәл осы сақтандыру мүддесі сақтандыру құқықтық қатынастарының пәні болып табылады.

Сақтандыру қатынастарының субъектілері – сақтандыру құқықтық қатынастарына қатысатын және сақтандыру саласында белгілі бір құқықтар мен міндеттерге ие тұлғалар. Олар сақтандыру шартын жасасуға, оны орындауға, сақтандыру төлемдерін төлеуге немесе алуға қатысады.

Сақтандыру субъектілері сақтандыру құқықтық қатынастарының негізгі қатысушылары болып табылады, өйткені дәл осы тұлғалардың әрекеттері арқылы сақтандыру шарты жүзеге асырылады. Әрбір субъектінің құқықтық мәртебесі заңнамамен және сақтандыру шарттарының талаптарымен айқындалады.

Сақтандыру құқықтық қатынастарының ерекшелігі – бұл қатынастарда бірнеше субъект бір мезгілде қатысуы мүмкін. Мысалы, сақтандыру шартында сақтанушы, сақтандырушы, сақтандырылған тұлға және пайда алушы әртүрлі тұлғалар болуы ықтимал. Сондықтан олардың құқықтары мен міндеттерін нақты ажырату сақтандыру қатынастарының дұрыс жүзеге асырылуы үшін маңызды.

Қазақстан Республикасының азаматтық заңнамасына сәйкес сақтандыру субъектілеріне сақтандырушы, сақтанушы, пайда алушы, сақтандырылған тұлға, сондай-ақ сақтандыру агенттері мен брокерлері жатады.

1. Сақтандырушы – сақтандыру қызметін жүзеге асыратын және сақтандыру жағдайы туындаған кезде сақтандыру төлемін төлеуге міндеттенетін заңды тұлға. Сақтандырушы өз қызметін міндетті түрде лицензия негізінде жүзеге асырады.

Сақтандырушы сақтандыру нарығының кәсіби қатысушысы болып табылады және оның қызметі мемлекет тарапынан қадағаланады. Бұл сақтанушылардың құқықтарын қорғау және сақтандыру ұйымдарының қаржылық тұрақтылығын қамтамасыз ету мақсатында жүзеге асырылады.

Сақтандырушының негізгі міндеттері:

- сақтандыру шартын тиісінше орындау;
- сақтандыру жағдайы туындаған кезде сақтандыру төлемін уақытылы жүзеге асыру;
- сақтандыру құпиясын сақтау;
- сақтанушыны сақтандыру шарттарының талаптарымен таныстыру;
- сақтандыру резервтерін қалыптастыру және төлем қабілеттілігін қамтамасыз ету.

Сонымен қатар сақтандырушының белгілі бір құқықтары да бар. Атап айтқанда:

- сақтандыру сыйлықақысын талап етуге;
- сақтандыру тәуекелін бағалауға;
- жалған мәліметтер ұсынылған жағдайда сақтандыру төлемінен бас тартуға;
- шарт талаптарын өзгерту немесе бұзу туралы талап қоюға құқылы.

2. Сақтанушы – сақтандыру шартын жасасатын және сақтандыру сыйлықақысын төлейтін тұлға. Сақтанушы ретінде:

- жеке тұлға;
- заңды тұлға әрекет ете алады.

Сақтанушы сақтандыру қатынастарының негізгі субъектілерінің бірі болып табылады, өйткені сақтандыру шарты көбіне оның бастамасымен жасалады.

Сақтанушының негізгі құқықтары:

- сақтандыру төлемін алуға;
- сақтандырушыдан шарт талаптарының орындалуын талап етуге;
- сақтандыру шартын өзгертуге немесе бұзуға;
- пайда алушыны тағайындауға құқылы.

Сақтанушының негізгі міндеттері:

- сақтандыру сыйлықақысын уақытылы төлеу;
- сақтандыру тәуекелі туралы дұрыс әрі толық ақпарат беру;
- сақтандыру жағдайы басталғаны туралы сақтандырушыны хабардар ету;
- ықтимал залалды азайтуға бағытталған шараларды қабылдау.

Сақтанушының адал әрекет ету қағидатын сақтауы сақтандыру қатынастарының тұрақтылығы үшін маңызды болып табылады.

3. Пайда алушы – сақтандыру жағдайы туындаған кезде сақтандыру төлемін алуға құқығы бар тұлға. Пайда алушы сақтандыру шартында арнайы көрсетіледі. Кейбір жағдайларда сақтанушы мен пайда алушы бір тұлға болуы мүмкін.

Мысалы, өмірді сақтандыру шартында сақтанушы өз жұбайын, баласын немесе басқа отбасы мүшесін пайда алушы ретінде белгілей алады.

Пайда алушының негізгі құқықтары:

- сақтандыру төлемін талап ету;
- сақтандыру шартының орындалуын талап ету;
- заңда немесе шартта көзделген жағдайларда сақтандырушыға талап қою.

Пайда алушы сақтандыру қатынастарына тікелей қатыспаса да, сақтандыру шартының нәтижесінде құқықтарға ие болатын тұлға ретінде танылады.

4. Сақтандырылған тұлға – өмірі, денсаулығы, еңбекке қабілеттілігі немесе мүлкі сақтандырылатын тұлға. Кей жағдайларда сақтанушы мен сақтандырылған тұлға бір адам болуы мүмкін, бірақ олар әртүрлі тұлғалар да болуы ықтимал.

Мысалы:

- жұмыс беруші өз қызметкерін сақтандыруы мүмкін;
- ата-анасы баласын сақтандыруы мүмкін;
- кәсіпорын қызметкерлері ұжымдық сақтандыру арқылы сақтандырылуы мүмкін.

Сақтандырылған тұлғаның құқықтары:

- сақтандыру қорғауын пайдалану;
- заңда көзделген жағдайларда сақтандыру төлемін талап ету;
- жеке сақтандыруда өз келісімін беру.

Жеке сақтандыру шарттарында сақтандырылған тұлғаның келісімі ерекше маңызға ие.

5. Сақтандыру агенті мен брокері. Сақтандыру делдалдары сақтандыру нарығының кәсіби қатысушылары болып табылады және сақтандыру шарттарын жасасуға жәрдемдеседі.

Сақтандыру агенті сақтандырушының атынан және оның мүддесі үшін әрекет етеді. Ол сақтандыру шарттарын жасасуға, сақтандыру өнімдерін ұсынуға және сақтанушыларға кеңес беруге көмектеседі.

Сақтандыру агентінің негізгі қызметтері:

- сақтандыру шарттарын рәсімдеу;
- сақтанушыларға ақпарат беру;
- сақтандыру сыйлықақыларын қабылдау;
- сақтандыру өнімдерін сату.

Агент сақтандырушының өкілі болғандықтан, оның әрекеттері үшін сақтандырушы жауап береді.

Сақтандыру брокері – сақтанушының мүддесін білдіретін тәуелсіз делдал. Ол сақтандырушыдан тәуелсіз әрекет етеді және сақтанушы үшін ең тиімді сақтандыру шарттарын таңдауға көмектеседі.

Сақтандыру брокерінің негізгі міндеттері:

- сақтандыру нарығын талдау;
- сақтанушыға тиімді ұсыныстар таңдау;
- сақтандыру шарттарын келісуге көмектесу;
- тәуекелдерді бағалау бойынша кеңес беру.

Брокердің қызметі сақтанушының мүддесін қорғауға бағытталғандықтан, ол сақтандыру қатынастарының маңызды кәсіби қатысушысы болып табылады.

Сақтандыру қатынастарының объектісі – сақтандыру арқылы қорғалатын мүліктік мүдде. Яғни, сақтандыру объектісі белгілі бір тәуекелдің салдарынан зиян келуі мүмкін заңды мүдделер болып табылады.

Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес сақтандыру объектілері адамның өміріне, денсаулығына, мүлкіне және жауапкершілігіне байланысты болуы мүмкін. Сақтандыру объектісі әрқашан заңды әрі құқықтық қорғауға жататын мүдделермен байланысты болуы тиіс. Заңға қайшы мүдделер сақтандыру объектісі бола алмайды.

Сақтандыру объектісі сақтандыру шартының негізгі элементтерінің бірі болып табылады. Себебі дәл осы объект сақтандыру тәуекелінің сипатын, сақтандыру сомасының көлемін және сақтандыру төлемінің шарттарын айқындайды. Егер сақтандыру объектісі нақты анықталмаса, сақтандыру шартының жарамдылығы да күмән туғызуы мүмкін.

Ғылыми әдебиеттерде сақтандыру объектісі кең және тар мағынада қарастырылады. Кең мағынада ол сақтандыру арқылы қорғалатын барлық мүліктік мүдделердің жиынтығын білдіреді. Ал тар мағынада нақты сақтандыру шартына байланысты сақтандырылатын мүлік, тұлға немесе жауапкершілік түсініледі.

Сақтандыру объектілерінің ерекшелігі – олардың тәуекелмен тікелей байланыстылығында. Тәуекел сақтандыру қатынастарының міндетті белгісі болып табылады. Егер тәуекел болмаса, сақтандыру қатынастары да туындамайды. Сондықтан сақтандыру объектісі ықтимал қауіптің әсеріне ұшырауы мүмкін мүдделерден құралады.

Сонымен қатар сақтандыру объектісі ақшалай бағалауға жатуы қажет. Мысалы, мүліктік сақтандыруда сақтандырылатын заттың құны анықталса, жеке сақтандыруда адамның өмірі мен денсаулығына байланысты тәуекелдерге сәйкес сақтандыру сомасы белгіленеді.

Сақтандыру объектілерінің құқықтық табиғаты олардың түрлеріне қарай ерекшеленеді. Осыған байланысты сақтандыру объектілері бірнеше топқа бөлінеді:

- жеке сақтандыру объектілері;
- мүліктік сақтандыру объектілері;
- азаматтық-құқықтық жауапкершілікті сақтандыру объектілері;
- кәсіпкерлік тәуекелдерді сақтандыру объектілері.

Жеке сақтандыру объектілеріне адамның өмірі, денсаулығы, еңбекке қабілеттілігі және өзге де жеке игіліктерімен байланысты мүдделер жатады. Бұл сақтандыру түрі әлеуметтік қорғау қызметін атқарады және азаматтардың материалдық жағдайын қорғауға бағытталады.

Мүліктік сақтандыру объектілері материалдық құндылықтарды қорғаумен байланысты. Оларға тұрғын үйлер, көлік құралдары, өндірістік нысандар, ауыл шаруашылығы мүлкі және басқа да мүліктер жатады. Мұндай сақтандыру өрт, апат, ұрлық, табиғи зілзалалар секілді қауіптердің салдарынан келтірілген шығындардың орнын толтыруға мүмкіндік береді.

Азаматтық-құқықтық жауапкершілікті сақтандыру объектісі – сақтанушының үшінші тұлғаларға келтірген зияны үшін туындайтын міндеттемелерімен байланысты мүліктік мүдделер. Бұл сақтандыру түрі әсіресе көлік, медицина, құрылыс және кәсіби қызмет салаларында кеңінен қолданылады.

Кәсіпкерлік тәуекелдерді сақтандыру объектісі кәсіпкердің табыс жоғалтуы немесе шаруашылық қызмет барысында шығынға ұшырау қаупімен байланысты мүдделер болып табылады. Мұндай сақтандыру экономикалық тұрақтылықты қамтамасыз етудің маңызды құралы саналады.

Осылайша, сақтандыру қатынастарының объектілері сақтандыру жүйесінің негізін құрайды және олар азаматтар мен ұйымдардың заңды мүдделерін қорғауға бағытталған маңызды құқықтық категория болып табылады.

Сақтандыру қызметі туралы заңнаманың 10-бабында Қазақстан Республикасы сақтандыру нарығының қатысушылары нақты белгіленген:

«1) сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымы;

1-1) Қазақстан Республикасының бейрезидент сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының филиалы;

2) сақтандыру брокері;

2-1) Қазақстан Республикасының бейрезидент сақтандыру брокерінің филиалы;

3) сақтандыру агенті;

4) сақтанушы, сақтандырылушы, пайда алушы;

5) актуарий;

6) тәуелсіз актуарий;

7) бағалаушы;

8) андеррайтер;

9) аджастер;

10) сюрвейер;

ЗҚАИ-ның ескертпесі!

11) тармақша жаңа редакцияда көзделген – ҚР 16.01.2026 № 259-VIII (01.01.2027 бастап қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

11) сақтандыру омбудсманы;

11-1) сақтандыру ұйымдары таратылған жағдайда сақтанушыларға (сақтандырылушыларға, пайда алушыларға) сақтандыру төлемдерін жүзеге асыруға кепілдік беретін ұйым;

11-2) дерекқорды қалыптастыру және жүргізу жөніндегі ұйым;

12) сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдары мен сақтандыру брокерлерінің бірлестігі;

13) актуарийлер бірлестігі;

14) сақтандырумен байланысты кәсіпкерлік қызметті жүзеге асыратын өзге де жеке және заңды тұлғалар болып табылады» [18].

Сақтандыру құқықтық қатынастарының объектісі туралы айтқанда, оның құрамдас элементтерінің бірі болып табылатын сақтандыру мүддесін атап өтпеу мүмкін емес. Алайда сақтандыру мүддесінің мазмұнын зерттеп, ашпас бұрын, азаматтық құқықтық қатынастың объектісіне байланысты қалыптасқан ғылыми пікірталасқа тоқталған жөн.

Аталған пікірталас туындаған кезеңде азаматтық құқықтық қатынас объектісін түсіндірудің негізгі бағыттары қалыптасқан болатын.

Бұл мәселені зерттеу тек осы санатты бөліп қарастырудың ғана емес, сонымен қатар оны кез келген азаматтық құқықтық қатынастың құрылымдық элементі ретінде түсінудің қажеттілігін көрсетті. Азаматтық міндеттеменің объектісі категориясын зерттеу барысында үш негізгі бағыт қалыптасты.

Ең кең таралғаны – құқықтық объектілердің көптүрлілігі теориясы болды. Бұл теория кез келген міндеттеменің объектісі ретінде заттарды, рухани шығармашылық өнімдерін, мүліктік құқықтарды, жеке мүліктік емес игіліктерді (тіпті адамның өзін де) мойындады.

Ал екінші теория өкілдері, керісінше, құқықтық объект біреу ғана деп есептеді. Бұл бағытты қолдаушылардың көпшілігі мұндай объект ретінде затты таныды. Осы бағыттың ең көрнекті өкілдерінің бірі – М. М. Агарков. Оның пікірінше, құқықтық қатынас міндетті тұлғалардың мінез-құлқынан көрінеді, ал объект – сол мінез-құлық бағытталған зат немесе, кем дегенде, «ең алдымен зат» болып табылады [62, 54 б.].

Басқа бір көзқарас бойынша, кез келген құқықтық қатынастың бірыңғай объектісі ретінде құқықтық қатынас бағытталған әрекет танылады. Бұл теория өкілдерінің пікірінше, құқықтың ықпалына тек адам ғана өзінің мінез-құлқы арқылы жауап бере алады.

Үшінші теория кез келген құқықтық қатынаста объект деген элемент мүлде болмайды деп тұжырымдайды. Алайда бұл теория ғылыми ортада кең қолдау тапқан жоқ.

Құқықтық қатынастың объектісі – ол туындайтын негіз деп есептейтін ғалымдардың пікірлерімен келісу қисындырақ болады. Күрделі ұғым ретінде объект «заттар, соның ішінде ақша мен бағалы қағаздар, өзге де мүлік, оның ішінде мүліктік құқықтар», «жұмыстар мен қызметтер», «ақпарат», «зияткерлік қызмет нәтижелері», «материалдық емес игіліктер» сияқты санаттардың жиынтығынан тұрады. Объектілердің мұндай жіктелуі Қазақстан Республикасы Азаматтық кодексінің 115-бабында бекітілген.

Азаматтық құқық объектілерінің түрлері:

«1. Мүліктік және жеке мүліктік емес игіліктер мен құқықтар азаматтық құқық объектілері бола алады.

2. Мүліктік игіліктер мен құқықтарға (мүлікке): заттар, ақша, соның ішінде шетел валютасы, қаржы құралдары, жұмыс, қызмет, шығармашылық-интеллектуалдық қызметтің объектіге айналған нәтижелері, фирмалық атаулар, тауарлық белгілер және бұйымды дараландырудың өзге де құралдары мүліктік құқықтар, цифрлық активтер мен басқа да мүлік жатады.

2-1. Ақшаға және ақшалай міндеттемелер бойынша құқықтарға (талаптарға) (ақша төлеу жөніндегі талап ету құқықтарына), егер осы Кодексте, Қазақстан Республикасының өзге де заңнамалық актілерінде өзгеше көзделмесе немесе міндеттеме мәнінен туындамаса, тиісінше заттардың немесе мүліктік құқықтардың (талаптардың) құқықтық режимі қолданылады.

3. Жеке мүліктік емес игіліктер мен құқықтарға: жеке адамның өмірі, денсаулығы, қадір-қасиеті, абырой, игі атақ, іскерлік бедел, жеке өмірге қол сұқпаушылық, жеке құпия мен отбасы құпиясы, есім алу құқығы, автор болу құқығы, шығармаға қол сұқпаушылық құқығы және басқа материалдық емес игіліктер мен құқықтар жатады» [60].

Сақтандыру құқықтық қатынастары саласында объектілер теориясы көптеген құқықтанушы ғалымдардың еңбектерінде одан әрі дамытылды.

Мысалы, В. К. Райхердің пікірінше, мүліктік сақтандыру құқықтық қатынасының объектісі – зат, ал жеке сақтандырудың объектісі – жеке игіліктер болып табылады [45, 74 б.].

Бұл көзқарас көптеген ғалымдар мен сақтандыру мәселелерін зерттеушілер тарапынан қолдау тапқанына қарамастан, оған сыни тұрғыдан қарағандар да болды. Мысалы, К. А. Граве мен Л. А. Лунц сақтандыру қорғауының объектісі мен сақтандыру құқықтық қатынасының объектісін ажырату қажеттігін атап көрсетті. Олардың пікірінше, сақтандыру қорғауының объектісі шынында да заттар немесе адамның өмірі мен денсаулығы болып табылады [63, 37 б.].

Алайда «сақтандырылған зат та, адамның тұлғасы да сақтандыру құқықтық қатынасы субъектілерінің құқықтары мен міндеттері бағытталған объект бола алмайды».

Олардың көзқарасы бойынша, сақтандыру құқықтық қатынасының объектісі бір жағынан – сақтанушыға немесе үшінші тұлғаға (пайда алушыға) келтірілген зиянды өтеу, ал екінші жағынан – сақтандыру сомасын төлеу болып табылады.

Жауапкершілікті сақтандыру саласында сақтандыру объектісі ретінде сақтанушының үшінші тұлғалар алдындағы мүліктік жауапкершілігімен байланысты мүдделері танылады. Мұндай мүдделер сақтанушының өз әрекеті нәтижесінде келтірілген зиянды өтеу міндетінен туындайды. Зиян мүліктің бүлінуі, жойылуы немесе өзге де материалдық шығын түрінде көрініс табуы мүмкін. Сондықтан жауапкершілікті сақтандырудың негізгі мақсаты –

сақтанушының мүліктік жағдайын қорғау және келтірілген залалдың орнын толтыруды қамтамасыз ету.

Өмірді сақтандыру, жазатайым оқиғалардан сақтандыру, аурулардан және медициналық сақтандыру құқықтық табиғаты жағынан жеке сақтандыруға жатады. ҚР АК «жеке сақтандыру объектісі» ұғымы тікелей бекітілмегенімен, бұл жеке сақтандыруда сақтандыру мүддесі болмайды дегенді білдірмейді. Ғылыми әдебиеттерде сақтандырылған тұлғаның өмірі мен денсаулығына қатысты мүдделері жеке сақтандырудың негізгі объектісі ретінде қарастырылады.

Ю. Б. Фогельсонның пікірінше, зиян келтіру қаупінің болуының өзі сақтандыру мүддесінің бар екендігін білдіреді. Осыған байланысты жеке сақтандыруда сақтандырылған тұлғаның өмірі мен денсаулығын сақтауға деген мүддесі сақтандыру объектісі ретінде танылады [51, 73 б.].

Шетел мемлекеттерінің сақтандыру заңнамасында да сақтандыру мүддесіне ерекше мән беріледі. Дамыған елдердің құқықтық жүйелерінде сақтандыру мүддесінің болуы мүліктік сақтандыру шартының жарамдылығының негізгі шарттарының бірі ретінде қарастырылады. Мысалы, Англияның «Теңіз сақтандыруы туралы» заңында сақтанушы сақтандыру жағдайы туындаған кезде сақтандырылатын объектіге қатысты заңды мүддеге ие болуы тиіс екендігі көрсетілген [64]. Континенттік Еуропа елдерінде де, англо-саксондық құқық жүйесіне жататын мемлекеттерде де сақтандыру мүддесі тек мүліктік сақтандыруда ғана емес, жеке сақтандыруда да міндетті элемент ретінде танылады.

Әсіресе сақтанушы басқа тұлғалардың өміріне, денсаулығына немесе мүлкіне байланысты тәуекелдерді сақтандырған жағдайларда сақтандыру мүддесінің құқықтық табиғатын анықтау ерекше маңызға ие болады. Мұндай жағдайда сақтанушының сақтандыру объектісіне қатысты нақты құқықтық немесе мүліктік байланысы болуы қажет.

Сақтандыру мүддесі сақтандыру объектісі ретінде танылуы үшін бірнеше талаптарға сәйкес келуі тиіс. Біріншіден, ол ақшалай бағаланатын мүліктік сипаттағы игілік болуы қажет. Сондықтан моральдық, ғылыми немесе өзге де материалдық емес мүдделер сақтандыру объектісі бола алмайды. Екіншіден, тұлғаның сақтандырылатын мүлікке қатысты меншік құқығы, өзге заттық құқығы немесе заңмен танылған мүддесі болуы керек. Үшіншіден, сақтандыру тек нақты тұлғаның субъективтік мүддесіне қатысты жүзеге асырылады. Демек, сақтандырудың объектісі мүліктің өзі емес, сол мүлікке қатысты тұлғаның мүддесі болып табылады. Төртіншіден, сақтандыру мүддесі құқықтық тәртіп пен заң талаптарына қайшы келмеуі тиіс.

«Сақтандыру мүддесі мүліктік игіліктердің бір түрі ретінде, заттармен, қызметтермен, жұмыстармен, мүліктік құқықтармен, сондай-ақ әрекеттер нәтижелерімен, оның ішінде зияткерлік қызмет нәтижелерімен қатар өмір сүретін құқықтық категория болып табылады және сақтандыру құқықтық қатынастарының объектісі ретінде танылады.

Сақтандыру мүддесінің сақтандыру құқықтық қатынасының дербес объектісі ретінде қарастырылуының себебі – сақтандырушы белгілі бір затты қалпына келтіру міндетін өз мойнына алмайды, керісінше сақтанушы шегуі мүмкін залалды өтеуге міндеттенеді. Сонымен қатар сақтандырушы сақтанушыға келтірілген жанама зиянды да өтей алады. Бір затқа қатысты әртүрлі құқықтық қатынаста тұрған бірнеше тұлғаның бір мезгілде сақтандыру шартын жасасуы да мүмкін» [59, 91 б.].

Сақтандыру шарты бойынша міндетті тарап сақтандыру төлемін жүзеге асыру арқылы сақтанушының немесе сақтандырылған тұлғаның сақтандыру мүддесін іске асырады».

«Сақтандыру мүддесі» ұғымының анықтамасы сақтандыру заңнамасында нақты бекітілмеген. Бұл жағдай сақтандыру мүддесі сақтандыру құқықтық қатынастарының негізгі элементтерінің бірі бола тұра, көптеген ғалымдар мен тәжірибелі мамандардың түсінбеушілігін туғызады.

Әдетте ғылыми әдебиеттерде сақтандыру мүддесінің ұғымын әртүрлі авторлар әрқалай түсіндіреді. Мысалы, экономист-ғалымдар сақтандыру мүддесін көбінесе жеке немесе заңды тұлғаның сақтандырудағы материалдық жауапкершілігінің өлшемі ретінде қарастырады. Мүліктік сақтандыруға қатысты алғанда сақтандыру мүддесі сақтандырылған мүліктің құнымен айқындалады. Ал жеке сақтандыруда сақтандыру мүддесі сақтандыру шартында көзделген оқиғалар орын алған жағдайда сақтандыру сомасын алуға кепілдік берумен сипатталады.

Көптеген заң әдебиеттерінде сақтандыру мүддесі, біріншіден, белгілі бір оқиғаның салдарынан нақты тұлғаның мүліктік зиян шегу мүмкіндігімен байланысты қатынас ретінде, екіншіден, сақтанушы үшін осындай жағдайдың болмауынан туындайтын пайда ретінде түсіндіріледі. Мысалы, В. И. Серебровскийдің пікірінше, «сақтандыру мүддесі – сақтанушы сақтандыру жағдайы нәтижесінде жоғалтуы мүмкін мүліктік құндылық» [50, 67 б.].

Ал Г. Ф. Шершеневич субъективтік құқықты мүддені жүзеге асырудың дербес мүмкіндігі ретінде анықтайды. Ол бір тұлғаны екінші тұлғаның пайдасына белгілі бір әрекеттер жасауға міндеттейтін құқықтық қатынас сол екінші тұлғаның осы әрекеттің орындалуына мүдделі болуын көздейтінін атап көрсетеді [52, 53 б.]. Мүліктік сипатта көрінетін мұндай мүдденің болмауы немесе оның тоқтатылуы міндеттеменің де болмауын немесе тоқтатылуын білдіреді.

Сақтандыру құқықтық қатынастары басқа азаматтық құқықтық қатынастардан өзінің ерекшелігімен ажыратылады. Өйткені сақтандыру мүддесі мүліктік мүдденің бір түрі бола отырып, міндеттеменің дербес объектісі ретінде ерекше маңызға ие болады.

Сақтандыру қорғауының пәніне кіретін мүлік, мүліктік құқықтар және материалдық емес игіліктер (өмір, денсаулық) сақтандыру құқықтық қатынастары шеңберінде құқықтық айналымға түспейді, олар тек сақтандыру мүддесінің тасымалдаушысы ретінде қызмет атқарады.

Сақтандыру мүддесінің болуы және танылуы сақтанушыға және (немесе) сақтандырылған тұлғаға сақтандыру құқықтық қатынастарының пәнімен қамтылатын мүліктік немесе мүліктік емес зиянның орнын толтыруға құқық береді. Мүліктік өтемақы алуға құқық сақтандыру төлемдерін алуға құқыққа қарағанда кеңірек ұғым болып табылады, өйткені сақтандыру төлемін алу құқығы сақтандыру құқықтық қатынастарының дербес субъектісі болып табылатын пайда алушыға тиесілі.

Мысалы, жеке сақтандырудың мақсаты бастапқыда сақтанушының немесе сақтандырылған тұлғаның денсаулығын қалпына келтіру емес. Ол өтемақылық сипатқа ие және сақтанушының немесе сақтандырылған тұлғаның мүліктік мүддесі арқылы көрініс табады. Мұндай өтемақының мөлшерін сақтанушының өзі белгілейді.

Сақтандыру мүддесі меншік иесінің, жалға алушының, тасымалдаушының немесе бір затқа қатысты азаматтық құқықтар мен міндеттер арқылы өзара байланысқан өзге де тұлғалардың мүддесін білдіруі мүмкін. Бұл жағдайда аталған субъектілердің әрқайсысының мүліктік құқықтары дербес сақтандыру мүддесін туындатады. Соның нәтижесінде азаматтық құқық субъектілерінің мүліктік мүдделерін қорғауға және сақтандыру құқықтық қатынастарының негізгі мақсатын жүзеге асыруға мүмкіндік беріледі.

Сақтандыру құқықтық қатынастары – бұл сақтандыру құқығының нормаларымен реттелетін қоғамдық қатынас. Оның қатысушылары сақтандыру саласындағы құқықтар мен міндеттердің иелері болып табылады.

Сақтандыру құқықтық қатынастарының мазмұнын азаматтық құқықтар мен міндеттердің жиынтығы құрайды. Азаматтық құқықтық қатынас, құқықтар мен міндеттер өзара форма мен мазмұн ретінде байланысып, бір-біріне тәуелді болады деп айтуға болады.

О. С. Иоффенің пікірінше, «құқықтар мен міндеттер құқықтық қатынастан тыс өмір сүре алмайды, ал құқықтық қатынас тек оның қатысушыларының құқықтары мен міндеттерін білдіретіндіктен ғана өмір сүреді» [65, 93 б.].

Заң әдебиеттерінде субъективтік құқық пен заңдық міндеттің мәні жөнінде ортақ пікір қалыптасқан. С. Н. Братусь субъективтік азаматтық құқықты «заңмен қамтамасыз етілген және соған сәйкес міндетті тұлғалардың тиісті мінез-құлқымен бекітілген белгілі бір тұлғаның мүмкін болатын мінез-құлқының өлшемі» ретінде анықтауды ұсынады [66, 97 б.].

Әртүрлі ғылыми мектептер мен бағыттардың көптеген ғалымдары бұл пікірмен келіседі.

О. С. Иоффе мен С. Н. Братусьтың көзқарастары азаматтық құқықтық қатынастардың табиғатын терең ашып көрсетеді. Иоффенің құқықтар мен міндеттердің құқықтық қатынастан тыс өмір сүре алмайтындығы туралы пікірі құқықтық қатынастың құрылымдық бірлігін дәл сипаттайды. Шынында да, кез келген құқық белгілі бір міндетпен өзара байланыста болады. Егер уәкілетті тұлғаның құқығы болса, онда оған сәйкес екінші тараптың міндеті де

туындайды. Сондықтан құқықтық қатынас субъектілер арасындағы өзара құқықтар мен міндеттердің жүйесі ретінде көрінеді.

Ал С. Н. Братусьтың субъективтік құқықты тұлғаның мүмкін болатын мінез-құлқының заңмен бекітілген өлшемі ретінде қарастыруы субъективтік құқықтың мазмұнын нақтылауға мүмкіндік береді. Бұл анықтама құқықтың тек абстрактілі мүмкіндік емес, мемлекетпен қорғалатын және қамтамасыз етілетін заңдық мүмкіндік екенін көрсетеді.

Біздің пікірімзше, аталған ғалымдардың пікірлері сақтандыру құқықтық қатынастарының мәнін түсіндіруде ерекше маңызды. Өйткені сақтандыру саласында тараптардың құқықтары мен міндеттері өзара тығыз байланысты. Мысалы, сақтанушы сақтандыру сыйлықақысын төлеуге міндетті болса, сақтандырушы сақтандыру жағдайы туындаған кезде сақтандыру төлемін жүзеге асыруға міндеттенеді. Осылайша бір тараптың құқығы екінші тараптың заңдық міндеті арқылы қамтамасыз етіледі.

Сонымен қатар, сақтандыру құқықтық қатынастарында субъективтік құқықтың мүліктік сипатта көрінетіні байқалады. Сақтанушының негізгі мүддесі – сақтандыру жағдайы орын алған кезде өзіне келтірілген зиянның өтелуін қамтамасыз ету. Ал сақтандырушының міндеті осы мүддені шарт талаптарына сәйкес жүзеге асыру болып табылады. Сондықтан сақтандыру құқықтық қатынастары құқық пен міндеттің өзара байланысына негізделген күрделі құқықтық механизм ретінде сипатталады.

Субъективтік міндет дегеніміз – нақты құқықтық қатынаста уәкілетті тұлғаның мүддесін қанағаттандыру мақсатында міндетті тұлғаның тиісінше әрекет етуінің өлшемі. Бұл міндет уәкілетті тұлғаға мемлекетік-құқықтық мәжбүрлеу тетігіне сүйене отырып, міндетті тұлғадан өз міндетін орындауды талап ету мүмкіндігінің берілуімен қамтамасыз етіледі.

Кез келген құқықтық қатынастың өзіне тән белгілі бір белгілері болады.

Біріншіден, құқықтық қатынас идеологиялық сипатқа ие. Себебі құқықтық қатынастардың пайда болуы, өзгеруі және тоқтатылуы адамдардың құқықтық санасы арқылы жүзеге асады. Қайта құру кезеңінен кейін құқықтық санада нарықтық қатынастарға және еркін кәсіпкерлікке көшу дүниетанымы негізгі орын алды.

Екіншіден, құқықтық қатынас еріктік сипатта болады, өйткені ол әрдайым екі тараптың немесе кем дегенде бір тараптың ерік білдіруінің нәтижесі болып табылады.

Үшіншіден, құқықтық қатынас – бұл қатысушылар арасындағы олардың субъективтік құқықтары мен заңдық міндеттері арқылы қалыптасатын байланыс. Сондықтан ол екіжақты сипатқа ие болады.

Төртіншіден, құқықтық қатынас оған қатысушылар арасындағы өзара байланыстылықпен ерекшеленеді. Бұл қатысушылардың өзара құқықтары мен міндеттері арқылы көрініс табады.

Бесіншіден, құқықтық қатынас реттеушілік қызмет атқарады. Ол тараптардың мінез-құлқын айқындап, қоғамдық қатынастарға тәртіп пен жүйелілік енгізеді, сондай-ақ қоғамдық еріктің жүзеге асуын қамтамасыз етеді.

Сақтандыру құқықтық қатынастарындағы субъективтік құқықтардың мазмұнын ашу үшін осы қатынасқа қатысушылардың негізгі міндеттерін қарастыру қажет. Сақтанушының негізгі міндеттері туралы айта келе, В. И. Серебровский оларды екі топқа бөлуді ұсынады:

- сақтандыру жағдайы басталғанға дейінгі міндеттер;

- сақтандыру жағдайы орын алған сәттен бастап туындайтын міндеттер [50, 131 б.].

Сақтанушының негізгі міндеттерінің бірі – сақтандыру үшін сақтандырушыға сақтандыру сыйлықақысын уақтылы төлеу болып табылады. Сақтандыру сыйлықақысы деп сақтанушының (немесе пайда алушының) сақтандыру шартына сәйкес және онда белгіленген тәртіп пен мерзімде сақтандырушыға төлеуге міндетті сақтандыру төлемі түсініледі. ҚР АК 818-бабына сәкес:

«1. Сақтандыру сыйлықақысы – сақтанушы сақтандырушыға соңғысы сақтандыру шартында айқындалған мөлшерде сақтанушыға (пайда алушыға) сақтандыру төлемін жүргізу міндеттемелерін қабылдағаны үшін төлеуге міндетті ақша сомасы.

Инвестициялау мақсаттары үшін сақтанушылардан алынған сақтандыру сыйлықақыларының бір бөлігін және сақтанушының инвестицияларға қатысу талабы көзделетін сақтандыру шарттары бойынша оларды инвестициялаудан алынған (шеккен) кірістерді (шығыстарды), сондай-ақ осы Кодекстің 845-1-бабының 3-тармағында көзделген жағдайды қоспағанда, сақтандырушы сақтанушыдан алған сақтандыру сыйлықақылары оған меншік құқығымен тиесілі болады.

2. Сақтандыру сыйлықақыларының мөлшерлері шартта белгіленеді. Міндетті сақтандыру кезінде сақтандыру сыйлықақыларының мөлшерлері Қазақстан Республикасының сақтандырудың міндетті түрін реттейтін жекелеген заңнамалық актісінде белгіленеді.

Сақтандыру сыйлықақыларын төлеу тәртібі мен мерзімдері шартта айқындалады. Міндетті сақтандыру кезінде олар Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде айқындалуы мүмкін.

3. Тараптар сақтандыру шарты бойынша төленуге жататын сақтандыру сыйлықақыларының мөлшерін айқындау кезінде, сақтандыру объектісі мен сақтандыру тәуекелінің сипатын ескере отырып, сақтандыру сомасы өлшемінен өндірілетін сақтандыру сыйлықақысының ставкасын белгілейтін сақтандырушы әзірлеген сақтандыру тарифін қолдана алады.

4. Шартта сақтандыру сыйлықақысын мерзімдік сақтандыру жарналары түрінде бөліп-бөліп төлеу көзделуі мүмкін.

5. Егер сақтандыру шартында сақтандыру сыйлықақысын бөліп-бөліп төлеу көзделген болса, шартты мерзімінен бұрын бұзуды қоса алғанда, шартта кезекті сақтандыру жарналарын белгіленген уақытта төлемеудің зардабы айқындалуы мүмкін.

6. Егер сақтандыру жағдайы енгізу мерзімі өтіп кеткен белгілі бір сақтандыру жарнасын төлеуден бұрын басталған болса, сақтандырушы

сақтандыру төлемінің мөлшерін айқындау кезінде мерзімі өтіп кеткен сақтандыру жарнасының сомасын есепке алуға құқылы» [37].

Сақтандыру тарифтері дегеніміз – сақтандыру сомасының бірлігіне немесе сақтандыру объектісіне есептелетін сақтандыру жарнасының мөлшерлемелері.

Кейбір жағдайларда сақтандыру тарифтері заңдарға сәйкес белгіленеді. Әдетте мұндай тарифтер сақтандырудың нақты түрлері бойынша қолданылады.

Сақтандыру сыйлықақысы (сақтандыру жарнасы) сақтанушының құқықтарын қорғау саласында даулы мәселелердің бірі болып табылады. Өйткені сақтанушы сақтандыру сыйлықақысын төлегеннен кейін сақтандырушының негізгі міндеттемесін орындауға жеткілікті қаражаты болатынына сенімді болуы тиіс.

Сақтандыру құқықтық қатынастары тараптарының өзара мүдделерінің орындалуы заңнамада сақтандыру тарифтері жүйесін, міндетті сақтандыру резервтерін және сақтандырушының төлем қабілеттілігіне кепілдіктерді белгілеу арқылы қамтамасыз етіледі.

Міндетті сақтандыру түрлері бойынша сақтандыру тарифтері міндетті сақтандыру туралы заңдармен белгіленеді. Ал ерікті сақтандыру түрлерінде тарифтерді сақтандырушының өзі есептейді.

Сақтандыру ұйымы сақтандыру тарифтерін белгілеу кезінде сақтанушылардан жиналған қаражаттың белгілі бір сақтандыру түрлері бойынша барлық сақтандырылған тұлғаларға сақтандыру төлемдерін жүзеге асыруға жеткілікті болуын ескеруі тиіс. Сақтандыру төлемдерінің мөлшері нақты сақтандыру түрлері мен сақтандыру тәуекелдерінің жиынтығы бойынша акционерлік қоғамның сақтандыру төлемдеріне жұмсайтын шығындарына тікелей байланысты болады.

Сақтандыру сыйлықақысының мәні – сақтандыру резервтерін қалыптастыру қажеттілігінде. Бұл резервтер сақтандырушының негізгі сақтандыру міндеттемесі туындаған сәттегі төлем қабілеттілігінің кепілі болып табылады.

Сақтанушының тағы бір маңызды міндеті – сақтандыру жағдайының туындау ықтималдығын және оның салдарынан келетін залал мөлшерін анықтау үшін елеулі маңызы бар, өзіне белгілі мән-жайлар туралы сақтандырушыны хабардар ету. Мұндай міндет сақтандырушыға белгісіз және белгілі болуға тиіс емес жағдайларда туындайды (834-бап. Шарттың қолданылуы кезеңінде сақтандыру тәуекелінің ұлғаю салдары). «Мүліктік сақтандыру шартының қолданылуы кезеңінде сақтанушы (сақтандырылған адам) шарт жасау кезінде сақтандырушыға хабарланған мән-жайлардағы өзіне белгілі болған елеулі өзгерістер туралы, егер бұл өзгерістер сақтандыру тәуекелін арттыруға елеулі ықпал жасайтындай болса, сақтандырушыға дереу хабарлауға міндетті.

Қалай болғанда да сақтандыру шартында айтылған өзгерістер елеулі деп танылады» [37].

Сақтандыру құқықтық қатынастарының ерекшелігі – тараптардың, ең алдымен сақтанушының, шарт талаптарына әсер етуі мүмкін барлық маңызды немесе белгілі фактілер туралы бір-бірін адал ниетпен хабардар ету міндетінде.

Алайда сақтандыру қатынастарындағы жоғары сенім қағидаты жеке сенімге негізделген (фидуциарлық) міндеттемелермен бірдей емес екенін атап өткен жөн.

ҚР АК-нің 834-бабында сақтанушының (немесе пайда алушының) сақтандыру шартын жасасу кезінде хабарланған мән-жайлардағы елеулі өзгерістер туралы сақтандырушыға дереу хабарлау міндеті бекітілген.

Сонымен қатар ҚР АК-нің 835-бабына сәйкес сақтанушы сақтандыру жағдайының басталғаны туралы сақтандырушыны дереу хабардар етуге міндетті. Егер пайда алушы өз пайдасына сақтандыру шарты жасалғанын біліп, сақтандыру өтемін алу құқығын пайдалануды көздесе, дәл осындай міндет оған да жүктеледі.

«1. Сақтанушы сақтандыру жағдайының басталғаны туралы өзіне мәлім болған соң оның басталғандығы жөнінде сақтандырушыға немесе оның өкіліне дереу хабарлауға міндетті. Егер шартта немесе Қазақстан Республикасының заңнамалық актісінде хабардар ету мерзімі және (немесе) тәсілі көзделсе, ол келісілген мерзімде және шартта немесе Қазақстан Республикасының заң актісінде көрсетілген тәсілмен жасалуға тиіс.

Егер сақтанушы сақтандырылған адам болып табылмаса, мұндай міндет сақтандырылған адамға жүктеледі.

Егер жеке сақтандыру кезінде сақтандырылған адамның қайтыс болуы сақтандыру жағдайы болып табылса, сақтандыру жағдайы туралы сақтандырушыға хабарлау міндеті сақтанушыға, ал егер оның өзі бір мезгілде сақтандырылған адам болса - пайда алушыға жүктеледі. Бұл ретте сақтандырушыға хабарлаудың шартта белгіленген мерзімі отыз күннен кем болмауы тиіс.

2. Пайда алушының барлық жағдайларда, мұны сақтанушының немесе сақтандырылған адамның жасаған-жасамағанына қарамастан, сақтандырушыға сақтандыру жағдайының басталғаны туралы хабарлауға құқығы бар.

3. Егер сақтандыру жағдайының басталғаны туралы сақтандырушының дер кезінде білгендігі дәлелденбесе не бұл жөніндегі мәліметтердің сақтандырушыда болмауы оның сақтандыру төлемі міндеттеріне ықпал етпейтін болса, сақтандыру жағдайының басталғандығы туралы сақтандырушыға хабар бермеу оған сақтандыру төлемін жүзеге асырудан бас тарту құқығын береді.

4. Сақтандырушыны сақтандыру жағдайының басталғаны туралы хабардар етпеу немесе уақтылы хабардар етпеу, егер ол сақтанушының еркіне байланысты емес немесе сақтандыру шартымен дәлелдіге жатқызылмаған себептерге байланысты болса және осы фактіні растайтын тиісті құжаттар ұсынылса, сақтандыру төлемін жүзеге асырудан бас тарту үшін негіз болып табылмайды» [37].

Әдетте аталған міндет сақтанушыға мүліктік сақтандыру шарты жасалған жағдайда жүктеледі. Алайда ҚР АК-нің 835-бабына сәйкес, бұл міндетті орындамаудың құқықтық салдары жеке сақтандыру шартына да қолданылады, егер сақтандыру жағдайы сақтандырылған тұлғаның қайтыс болуы немесе оның денсаулығына зиян келтірілуі болса.

Бұл ретте шартта белгіленетін сақтандырушыны хабардар ету мерзімі 30 күннен кем болмауы тиіс.

Сақтандыру шарты жасалғаннан кейін сақтанушы сақтандырылған мүлкінің немесе сақтандыру мүддесінің сақталуына қамқорлық жасауға міндетті. Алайда бұл міндет ҚР АК тікелей бекітілмегенін атап өткен жөн. Соған қарамастан, ҚР АК нормаларын және өзге де құқықтық актілерді, соның ішінде сақтандыру заңнамасын талдау сақтанушының сақтандырылған мүлікті пайдалану мен сақтау жөніндегі жалпы қабылданған ережелерді, қауіпсіздік техникасы талаптарын және басқа да міндетті қағидаларды сақтауға міндетті екенін көрсетеді.

Мүліктік сақтандыру шартында көзделген сақтандыру жағдайы туындаған кезде сақтанушы қалыптасқан жағдайларда мүмкін болатын залалды азайту үшін ақылға қонымды әрі қолжетімді шараларды қабылдауға міндетті. Сонымен қатар сақтанушы сақтандырушының берген нұсқауларын орындауы тиіс, егер мұндай нұсқаулар оған хабарланған болса (ҚР АК-нің 829-бабы). Бұл баптың нормалары пайда алушыға қолданылмайды.

Сонымен бірге сақтанушыға сақтандырушының зиянды өтеу құқығына ауысуын (суброгация құқығын) қамтамасыз ету міндеті жүктеледі. Осы мақсатта сақтанушы немесе пайда алушы сақтандырушыға барлық қажетті құжаттар мен дәлелдемелерді беруге, сондай-ақ сақтандырушының өзіне өткен талап ету құқығын жүзеге асыруы үшін қажетті барлық мәліметтерді хабарлауға міндетті.

Сақтанушының бұл міндеті ҚР АК-нің 840-бабында бекітілген. Сақтандыру төлемін төлеген сақтандырушыға зиян келтірген тұлғаға қатысты талап ету құқығы ауысады.

Бұл бапта:

- сақтандырушы сақтандыру төлемін төлегеннен кейін,
- зиян келтірген тұлғаға қатысты сақтанушының талап ету құқығы сақтандырушыға өтетіні,
- сақтанушының қажетті құжаттар мен дәлелдемелерді беруге міндетті екендігі,
- егер сақтанушы өз талабынан бас тартса немесе оны жүзеге асыруға кедергі келтірсе, сақтандырушының төлемнен босатылуы мүмкін екендігі көзделген.

Сақтандырушының міндеттері туралы айтқанда, ең алдымен оның негізгі міндетін атап өту қажет. Ол – сақтандыру тәуекеліне сәйкес қолайсыз салдарлар туындаған кезде сақтанушыға белгілі бір ақшалай соманы төлеу міндеті. Бұл міндет мүліктік және жеке сақтандыру бойынша ҚР АК 809-бабында бекітілген [37].

Сақтандыру жағдайы басталған кезде сақтанушыға сақтандыру өтемін төлеу сақтандырушы тарапынан жасалатын сақтандыру актісінің негізінде жүзеге асырылады. Бұл актіні тікелей сақтандыру ұйымының өзі рәсімдейді.

Сақтандырушы сақтанушыдан (немесе пайда алушыдан) сақтандыру төлемін төлеу туралы талап арыз алған сәттен бастап сақтандыру ұйымы сақтандыру актісін жасап, шартта немесе сақтандыру қағидаларында белгіленген мерзімде сақтандыру төлемін жүзеге асыруға міндетті.

Сонымен қатар сақтанушы (немесе пайда алушы) сақтандыру төлемін талап ету туралы өтінішпен бірге сақтандыру жағдайының басталғанын растайтын қажетті құжаттарды сақтандырушыға ұсынуға міндетті екенін атап өткен жөн.

Сақтандыру төлемінің сақтандыру сыйлықақысынан ерекшелігі – оның әрдайым ақшалай нысанда бола бермейтіндігінде. Сақтандыру заңнамасында, әсіресе міндетті сақтандыру саласында, өтемақыны заттай нысанда беру мүмкіндігі қарастырылған. Мысалы, медициналық қызмет көрсету, санаторий-курорттық емдеу және басқа да қызметтер түрінде өтемақы берілуі мүмкін.

Сақтандырушыға жүктелетін маңызды міндеттердің бірі – сақтандыру шартын жасау кезінде сақтанушыны сақтандыру қағидаларымен таныстыру міндеті болып табылады. Сақтандыру ережелерінде қамтылған талаптар сақтанушы үшін міндетті болып табылады, егер олар сақтандыру шартына енгізілсе немесе шартта оларға сілтеме жасалса (ҚР АК-нің 825-1-бабы. Сақтандыру ережелері).

Сақтандырушыға өзінің кәсіби қызметі барысында алған сақтанушы, пайда алушы және сақтандырылған тұлға туралы мәліметтерді, олардың денсаулық жағдайы мен мүліктік ахуалына қатысты ақпараттарды жария етпеу міндеті жүктеледі (ҚР АК-нің 830-бап. Сақтандыру құпиясы).

Сақтандырушы сақтанушы, пайда алушы немесе сақтандырылған тұлға туралы қызметтік немесе коммерциялық құпияны құрайтын мәліметтерді, сондай-ақ олардың отбасылық және жеке өміріне қатысты ақпараттарды жария етуге құқылы емес.

Сонымен қатар сақтандырушының міндеттерінің бірі – сақтанушының жазбаша талабы бойынша зиян келтіргені үшін жауапкершілік тәуекелін сақтандыру шартында сақтандырылған тұлғаны ауыстыру. Бұл ереже сақтандырылған тұлға сақтанушының өзі емес басқа тұлға болған жағдайда қолданылады, егер шартта өзгеше көзделмесе (ҚР АК-нің 837-бабы).

Ал жеке сақтандыру шартында сақтандырылған тұлғаны ауыстыру туралы талап туындаған жағдайда, мұндай ауыстыру тек сақтандырылған тұлғаның және сақтандырушының келісімімен ғана жүзеге асырылады.

«1. Зиян келтіргені үшін жауаптылық шарты бойынша сақтанушыдан өзге тұлғаның жауапкершілігі сақтандырылған жағдайда, сақтанушы, егер сақтандыру шартында өзгеше көзделмесе, сақтандырушыны бұл туралы жазбаша хабардар ете отырып, сақтандыру жағдайы басталғанға дейін кез келген уақытта осы тұлғаны басқамен ауыстыруға құқылы.

2. Жеке сақтандыру, сондай-ақ мүліктік сақтандыру шартында аталған сақтанушы болып табылмайтын сақтандырылған адам тек өзінің (топтастырылған жеке сақтандыруды қоспағанда,)және сақтандырушының келісімі бойынша ғана басқа тұлғамен ауыстырылуы мүмкін.

3. Егер үшінші тұлғаны сақтандыру Қазақстан Республикасы заңнамалық актілерінің талаптарынан туындайтын болса, сақтандырылушыны ауыстыру Қазақстан Республикасының көрсетілген заңнамалық актілерінде белгіленген тәртіппен және соларға негізделген шартпен жүзеге асырылады» [37].

Жоғарыда аталған сақтандыру құқықтық қатынастары тараптарының құқықтары мен міндеттері толық әрі шектеулі тізім болып табылмайды. Өйткені сақтандыру қағидаларында және сақтандыру шартында сақтанушы мен сақтандырушының өзге де құқықтары мен оларға сәйкес міндеттері белгіленуі мүмкін.

Белгілі бір объектілерді жіктеу үшін оларды дәйекті түрде нақты санаттарға бөліп, мұндай бөлудің барлық деңгейлерінде жүйелеудің негізгі қағидаларын сақтау қажет. Кейбір ғалымдардың пікірінше, «жіктеуіште, оның ғылымның немесе тәжірибенің қай саласында қолданылатынына қарамастан, төрт негізгі элемент ажыратылады: жіктеу объектісі мен мақсаты, жіктеу белгілері және жіктеу бірліктері».

Бұл жағдайда сақтандыру құқықтық қатынастары жіктеудің объектісі болып табылады, ал оның мақсаттары әртүрлі болуы мүмкін, мысалы, оқу, ғылыми және өзге де мақсаттар. Алайда сақтандыру құқықтық қатынастарын сақтандыру заңнамасымен тікелей байланысты болатын тұрғыдан жіктеу анағұрлым пайдалы болып табылады.

Мұндай жіктеудің негізгі мақсаты – сақтандыру құқықтық қатынастарының барлық түрлерін өзара байланысты әрі иерархиялық жүйеге келтірілген буындарға бөлу арқылы сақтандыру заңнамасының қалыптасуы мен дамуын қамтамасыз ету.

Құқықтық реттеу пәні мен әдісін ескере отырып, сақтандыру құқықтық қатынастарының барлық жиынтығын жеке сақтандыру құқықтық қатынастарына және жария сақтандыру құқықтық қатынастарына бөлуге болады.

Сонымен қатар сақтандыру саласында дәл осы жеке сақтандыру қатынастары негізгі орынды алатынын және олардың жария сақтандыру қатынастарынан басым екенін атап өткен жөн.

Қазіргі таңда Қазақстан Республикасында сақтандыру құқықтық қатынастары жүйесінде жария-құқықтық реттеуге бағынатын сақтандырудың тек екі түрін бөліп көрсетуге болады: міндетті медициналық сақтандыру (Міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру туралы Қазақстан Республикасының Заңы бар) [67] және әлеуметтік сақтандыру (ҚР Әлеуметтік кодексімен реттеледі) [68].

Жария-құқықтық сипаттағы сақтандыру құқықтық қатынастарын жеке құқықтық сақтандыру қатынастарынан ажыратын маңызды белгілер бар.

Біріншіден, сақтандыру жарналары түріндегі ақшалай қаражаттардың құқықтық режимі ерекшеленеді. Жария-құқықтық сақтандырудың көптеген түрлерінде сақтандыру жарналары мемлекеттік меншіктегі қаражат есебінен төленеді.

Екіншіден, жария сақтандыру құқықтық қатынастарының негізгі белгісі – мұндай қатынастардың тараптарының бірі ретінде мемлекеттің уәкілетті атқарушы органы немесе мемлекеттік мекеме арқылы қатысуы.

Міндетті мемлекеттік сақтандыруда мемлекет атынан осы құқықтық қатынастарда сақтанушы болып табылатын атқарушы орган әрекет етеді.

Міндетті медициналық, зейнетақылық және әлеуметтік сақтандыруда сақтандырушы ретінде қорлар деп аталатын арнайы мемлекеттік мекемелер қатысады. Сақтандырушылардың өкілеттіктері осы заңды тұлғалардың құқық субъектілігімен айқындалады.

Бюджеттен тыс қорлар аталған сақтандыру түрлерімен айналысуға лицензиясыз қызмет ететініне қарамастан, олардың барлығы міндетті және ерікті сақтандыру жарналарын, сондай-ақ бос ақша қаражаттарын инвестициялаудан түсетін табыстарды біріктіру арқылы құрылатын сақтандыру қорын қалыптастырады. Мұндай жүйе кез келген сақтандыру ұйымының сақтандыру резервтерін қалыптастырудың жалпы тәртібінен айтарлықтай ерекшеленбейді.

Жария сақтандыруда сондай-ақ сақтандырудың қолданылу аумағына, сақтандыру нормаларының мөлшеріне, сақтандыру сыйлықақыларына және оларды төлеу мерзімдеріне байланысты бірқатар мәселелер реттеледі.

Сақтанушылардың жария сақтандырудың белгілі бір нысаны бойынша міндетті түрде төлеуге жататын сақтандыру жарналарының мөлшерін мемлекеттік реттеу ерекше маңызға ие.

Мысалы, міндетті сақтандыру қорларына төленетін сақтандыру жарналарының тарифтері мемлекеттік заңдар деңгейінде белгіленеді.

Сақтандыру құқықтық қатынастарын жеке және жария қатынастарға бөлу мәселесін қарастыра отырып, сақтандыру құқықтық қатынастары міндетті сақтандыру шеңберінде де, ерікті сақтандыру шеңберінде де туындауы мүмкін екенін атап өтуге болады. Бұл сақтандыру құқықтық қатынастарының тағы бір жіктелуінің негізі болып табылады.

Бұл жағдайда сақтандырудың белгілі бір түріне жатқызудың негізгі өлшемі – сақтандыру құқықтық қатынастарын белгілеу кезінде міндеттеудің болуы немесе болмауы. Осыған байланысты барлық сақтандыру құқықтық қатынастары ерікті сақтандырудан туындайтын құқықтық қатынастарға және міндетті сақтандырудан туындайтын құқықтық қатынастарға бөлінеді.

Сақтандыру заңнамасының 6-бабында сақтандырудың ерікті және міндетті нысандарда жүзеге асырылатыны көрсетілген [18]. Ерікті сақтандыру сақтандыру шартының негізінде жүзеге асырылса, міндетті сақтандыру заң күшіне сәйкес жүзеге асырылады.

Сақтандыру құқықтық қатынастарының үшінші жіктелуі ретінде оларды сақтандыру қорғауы пәніне қарай бөлуге болады. Сақтандыру қорғауының пәні

ретінде материалдық және жеке материалдық емес игіліктер түріндегі азаматтық құқық объектілері танылады.

Сақтандыру қорғауының пәні ретінде азаматтық құқықтардың кез келген объектісі бола алады, өйткені азаматтық құқық объектісінің кез келген иесі мұндай объектінің сандық немесе сапалық өзгерістерінен, оның құқықтық мазмұнының өзгеруінен қолайсыз салдарға ұшырауы мүмкін, яғни тәуекелге тап болады. Ал сақтандыру қорғауының пәні болмаған жағдайда сақтандыру үшін де негіз болмайды.

Сақтандыру құқықтық қатынастарының жіктелуі әртүрлі өлшемдер бойынша жүзеге асырылуы мүмкін. Сақтандыру объектісін ескере отырып, мүліктік сақтандыру мынадай кіші топтарға бөлінеді: мүлікті сақтандыру, азаматтық жауапкершілікті сақтандыру, кәсіпкерлік тәуекелдерді сақтандыру.

Сақтандыру қорғауының пәнін ескере отырып, мүліктік сақтандыру құқықтық қатынастарының келесі түрлерін бөліп көрсетуге болады: жер үсті көлік құралдарын сақтандырудан туындайтын құқықтық қатынастар; әуе көлігі құралдарын сақтандырудан туындайтын құқықтық қатынастар; су көлігін сақтандырудан туындайтын құқықтық қатынастар; жүктерді сақтандырудан туындайтын құқықтық қатынастар; мүліктің өзге түрлерін сақтандырудан туындайтын құқықтық қатынастар.

Жауапкершіліктің туындау негізіне байланысты азаматтық жауапкершілікті сақтандырудан туындайтын сақтандыру құқықтық қатынастары: зиян келтіргені үшін жауапкершілікті немесе шарттан тыс жауапкершілікті сақтандыруға және шарт бойынша жауапкершілікті немесе шарттық жауапкершілікті сақтандыруға бөлінеді.

Бұл жіктеуде қауіптің түрі маңызды рөл атқарады. Осыған байланысты сақтандыру құқықтық қатынастары: автокөлік құралдары иелерінің азаматтық жауапкершілігін сақтандырудан; тасымалдаушының азаматтық жауапкершілігін сақтандырудан; жоғары қауіптілік көздері болып табылатын кәсіпорындардың азаматтық жауапкершілігін сақтандырудан; кәсіби жауапкершілікті сақтандырудан; міндеттемелерді орындамағаны үшін жауапкершілікті сақтандырудан және азаматтық жауапкершіліктің өзге түрлерін сақтандырудан туындайтын қатынастарға бөлінеді.

Өз кезегінде кәсіпкерлік тәуекелдерді сақтандырудан туындайтын құқықтық қатынастар да әртүрлі негіздер бойынша жіктелуі мүмкін. Мысалы, кәсіпкерлік тәуекелді сақтандыру саласын ескере отырып, сақтандыру құқықтық қатынастары банктік, биржалық, инвестициялық және өзге де қызмет салаларындағы кәсіпкерлік тәуекелдерді сақтандырудан туындайтын қатынастарға бөлінеді.

Жеке сақтандырудан туындайтын құқықтық қатынастардың негізгі екі түрі бар: өмірді сақтандырудан туындайтын қатынастар және жазатайым оқиғалар мен аурулардан сақтандырудан туындайтын қатынастар.

Осылайша, сақтандыру қызметі саласында сақтандыру құқықтық қатынастарын жіктеу мәселесінің маңызды екенін атап өтуге болады. Себебі

сақтандыру қатынастарының субъектілері әрбір нақты жағдайда өздері қатысатын қатынастардың пәні мен сипатын білуі қажет.

Б.Ө. Сман сақтандыру құқықтық қатынастарын зерттей отырып келесі тұжырымды айтады: «Әрине, құқықтық реттеудің басты мақсаты – қоғамдық қатынастарға қатысушылардың сол қатынастар аясындағы құқықтары мен міндеттерін белгілеу болып табылады. Сақтандыру нарығы саласындағы сақтанушылар мен сақтандырушылардың, сондай-ақ сақтандыру ісіне қатысушы басқа да субъектілердің – заңды және жеке тұлғалардың, банктердің, салық органдарының, құқық қорғау органдарының және мемлекеттік басқару органдарының құқықтық жағдайы сақтандыру құқықтық қатынастарының мәні мен мазмұнынан айқын көрінеді. Осыған байланысты төмендегідей тұжырымдар жасауға болады:

1. Сақтандыру қатынастарын құқықтық реттеу барысында, ең алдымен, сақтандырушы мен сақтанушының құқықтары мен міндеттері белгіленеді.

2. Сақтандыру құқықтық қатынастары субъектілеріне заңнама талаптарына сәйкес субъективтік құқықтар беріліп, заңи міндеттер жүктеледі. Осыған орай олар ерікті және міндетті сақтандыруды, сондай-ақ сақтандыру ісін ұйымдастыруды жүзеге асырады.

3. Сақтандыру құқықтық қатынастарының субъектілері ұйымдық және мүліктік жағынан бір-бірінен дербес болғандықтан, бұл қатынастарда заңи теңдік пен дербестік қағидалары орын алады.

4. Сақтанушының сақтандыру құқықтық қатынастарындағы негізгі құқығы – сақтандыру шарты мен заң талаптарына сәйкес өзіне тиесілі сақтандыру сомасын немесе сақтандыру төлемін белгіленген мерзімде алу.

5. Сақтандырушының негізгі құқықтарына сақтандыру қызметін мемлекет берген лицензия негізінде жүзеге асыру, сондай-ақ уәкілетті органның лицензияны тоқтату, шектеу немесе қайтарып алу туралы шешімдеріне жоғары тұрған органға немесе сотқа шағымдану құқығы жатады.

6. Сақтандыру құқықтық қатынастарында құқықтық мақсат, құқықтық қорғаныс және құқыққа сай тәуекелдер көрініс табады. Бұл аталған қатынастардың құқықтық табиғатын толық айқындайды.

7. Сақтандыру құқықтық қатынастары сақтандыру тәуекелдерін жүйелеуге және топтастыруға ықпал етеді. Соның нәтижесінде сақтандыру қызметін ұйымдастырудың ғылыми негіздерін құқық қолдану тәжірибесінде тиімді жүзеге асыруға мүмкіндік береді.

Осы тұжырымдар сақтандыру құқықтық қатынастарының мазмұны мен ерекшеліктерін тереңірек түсінуге мүмкіндік береді. Сақтандыру құқықтық қатынастары өз сипатына қарай материалдық және ұйымдастырушылық, мемлекеттік-өктем және шарттық қатынастар болып бөлінеді» [69, 100-101 бб.].

Біздің ойымша, сақтандыру құқықтық қатынастарының ерекшелігі олардың бір мезгілде жеке тұлғалардың мүдделерін де, қоғамдық және мемлекеттік мүдделерді де қорғауға бағытталуында. Сондықтан сақтандыру саласын құқықтық реттеу тек шарттық қатынастарды белгілеумен шектелмейді,

ол қоғамдағы экономикалық тұрақтылықты қамтамасыз етудің маңызды құралы ретінде көрінеді.

Жоғарыда келтірілген тұжырымдар сақтандыру құқықтық қатынастарының күрделі әрі көпқырлы сипатын айқын көрсетеді. Әсіресе сақтанушы мен сақтандырушы арасындағы құқықтар мен міндеттердің нақты белгіленуі сақтандыру жүйесінің сенімділігі мен тұрақтылығын қамтамасыз етеді. Себебі сақтандыру қатынастары сенім қағидасына негізделеді және тараптардың заңмен қорғалатын мүліктік мүдделерін қорғауға бағытталады.

Сонымен қатар, сақтандыру қатынастарында мемлекеттің бақылау және қадағалау функциясының болуы ерекше маңызға ие. Бұл сақтандыру ұйымдарының қаржылық тұрақтылығын қамтамасыз етуге, сақтанушылардың құқықтарын қорғауға және сақтандыру нарығының тиімді жұмыс істеуіне мүмкіндік береді. Осы тұрғыдан алғанда, сақтандыру қатынастары азаматтық құқық пен қаржы құқығының тоғысындағы кешенді құқықтық институт ретінде сипатталады.

Сондай-ақ сақтандыру құқықтық қатынастарының тәуекелдерді басқару қызметі қазіргі нарықтық экономика жағдайында маңызды рөл атқарады. Өйткені сақтандыру тетігі арқылы жеке және заңды тұлғалардың күтпеген шығындарының орнын толтыру қамтамасыз етіліп, экономикалық айналымның тұрақтылығы сақталады.

Демек, сақтандыру құқықтық қатынастары тек құқықтық міндеттемелер жүйесі ғана емес, сонымен қатар әлеуметтік әділеттілік пен экономикалық қауіпсіздікті қамтамасыз ететін маңызды құқықтық құрал болып табылады.

«Біздің пікірімізше, еліміздің құқықтық базасы сақтандырушы тараптың тәуекел бағалау жүйесімен үйлесімді болуы керек. Бұл – сақтандыру қатынастарының барлық тараптары үшін ашық, әділ және тиімді механизм қалыптастырады. Халықаралық тәжірибені зерделей отырып, Қазақстанның ұлттық заңнамасын икемді, бірақ нақты талаптармен жаңғырту — сақтандыру саласының келешектегі сенімділігінің кепілі болмақ. Сақтандыру саласы – экономика мен әлеуметтік қамтамасыз етудің маңызды элементі» [70, 328 б.].

Қорытындылай келгенде:

1. Сақтандыру қатынастарының субъектілері сақтандыру құқықтық қатынастарының негізгі құрамдас элементтерінің бірі болып табылады. Олар сақтандыру шартын жасауға, орындауға және сақтандыру төлемдерін жүзеге асыруға тікелей қатысатын тұлғалар ретінде көрінеді. Сақтандыру қатынастарының субъектілеріне сақтандырушы, сақтанушы, пайда алушы, сақтандырылған тұлға, сондай-ақ сақтандыру агенттері, брокерлері және актуарийлер жатады.

Сақтандырушы сақтандыру қызметін жүзеге асыратын және сақтандыру жағдайы туындаған кезде сақтандыру төлемін төлеуге міндетті кәсіби қатысушы болып табылады. Ал сақтанушы сақтандыру шартын жасасып, сақтандыру сыйлықақысын төлеу арқылы өзінің немесе өзге тұлғаның мүліктік мүдделерін қорғауды қамтамасыз етеді. Пайда алушы мен сақтандырылған

тұлға сақтандыру қатынастарының дербес субъектілері ретінде сақтандыру төлемін алуға немесе сақтандыру қорғауын пайдалануға құқылы болады.

Сонымен қатар сақтандыру агенттері мен брокерлері сақтандыру нарығында делдалдық қызмет атқара отырып, сақтандыру қатынастарының тиімді жүзеге асуына ықпал етеді. Ал сақтандыру актуарийлері сақтандыру тарифтері мен тәуекелдерді есептеу арқылы сақтандыру ұйымдарының қаржылық тұрақтылығын қамтамасыз етуге қатысады.

Сақтандыру қатынастары субъектілерінің құқықтары мен міндеттері өзара тығыз байланысты және заңнамамен реттеледі. Олардың құқықтық мәртебесін нақты айқындау сақтандыру шарттарының дұрыс орындалуына, сақтанушылардың құқықтарын қорғауға және сақтандыру жүйесінің тұрақты жұмыс істеуіне мүмкіндік береді.

Осылайша, сақтандыру қатынастарының субъектілері сақтандыру жүйесінің тиімді қызмет етуін қамтамасыз ететін маңызды құқықтық институт болып табылады. Олардың өзара әрекеті арқылы азаматтар мен ұйымдардың мүліктік және жеке мүдделерін қорғау жүзеге асырылады.

2. Сақтандыру объектілерінің түрлерін талдау сақтандыру құқықтық қатынастарының қоғамдағы мүліктік және жеке мүдделерді қорғауда маңызды орын алатынын көрсетеді. Сақтандыру объектісі ретінде адамның өмірі мен денсаулығына байланысты жеке мүдделер, әртүрлі материалдық құндылықтар, сондай-ақ азаматтық-құқықтық жауапкершілікпен байланысты мүліктік мүдделер танылады.

Жеке сақтандыру азаматтардың өмірін, денсаулығын және еңбекке қабілеттілігін қорғауға бағытталса, мүліктік сақтандыру материалдық шығындардың орнын толтыруды қамтамасыз етеді. Ал азаматтық-құқықтық жауапкершілікті сақтандыру үшінші тұлғаларға келтірілген зиянды өтеуге байланысты тәуекелдерді азайтуға мүмкіндік береді.

Сақтандыру объектілерінің әртүрлілігі сақтандыру жүйесінің әмбебап сипатын айқындайды және оның қоғамдағы экономикалық тұрақтылықты қамтамасыз етудегі рөлін күшейтеді. Сонымен қатар сақтандыру объектілерін дұрыс анықтау сақтандыру шартының мазмұнын, сақтандыру тәуекелінің сипатын және сақтандыру төлемінің көлемін белгілеуде ерекше маңызға ие.

Осылайша, сақтандыру объектілері сақтандыру құқықтық қатынастарының негізгі элементтерінің бірі ретінде азаматтар мен ұйымдардың заңды мүдделерін қорғауға, тәуекелдерді төмендетуге және келтірілген залалдың орнын толтыруға бағытталған маңызды құқықтық құрал болып табылады.

3. Жоғарыда қарастырылған мәселелерді қорытындылай келе, сақтандыру құқықтық қатынастары күрделі әрі көпқырлы құқықтық институт болып табылатынын байқауға болады. Сақтандыру құқықтық қатынастары – бұл сақтандыру құқығының нормаларымен реттелетін қоғамдық қатынас, ал оның қатысушылары сақтандыру саласындағы өзара құқықтар мен міндеттердің иелері болып табылады. Осы құқықтық қатынастар арқылы азаматтардың, ұйымдардың және мемлекеттің мүліктік әрі жеке мүдделері қорғалады.

Сақтандыру құқықтық қатынастары тараптарының құқықтары мен міндеттері өзара тығыз байланыста болады. Сақтанушы сақтандыру сыйлықақысын төлеуге, сақтандыру тәуекелі туралы маңызды ақпараттарды хабарлауға және сақтандыру жағдайы туындаған кезде қажетті шаралар қабылдауға міндетті. Ал сақтандырушы сақтандыру жағдайы басталған кезде сақтандыру төлемін жүзеге асыруға, сақтандыру құпиясын сақтауға және сақтанушыны сақтандыру ережелерімен таныстыруға міндеттенеді.

Сонымен қатар сақтандыру құқықтық қатынастары ерікті және міндетті сақтандыру нысандарында жүзеге асырылады және олардың әрқайсысы қоғамдық қатынастарды құқықтық реттеуде маңызды рөл атқарады. Сақтандыру саласындағы құқықтық нормалардың дамуы азаматтардың құқықтарын қорғауға, сақтандыру ұйымдарының қызметін реттеуге және сақтандыру жүйесінің тұрақтылығын қамтамасыз етуге бағытталған.

Осылайша, сақтандыру құқықтық қатынастары қоғамдағы экономикалық тұрақтылықты қамтамасыз ететін, тәуекелдердің алдын алуға және келтірілген залалдың орнын толтыруға мүмкіндік беретін маңызды құқықтық механизм болып табылады.

1.4 Сақтандыру қызметін құқықтық реттеудің мақсаттары және қағидаттары

Сақтандыруды құқықтық реттеу сақтандыру қатынастарының тиімді, тұрақты және әділетті жүзеге асырылуын қамтамасыз етуге бағытталған құқықтық нормалар жүйесін білдіреді. Бұл ретте құқықтық реттеудің мақсаттары сақтандыру институтының экономикалық және құқықтық мәнін ашып қана қоймай, сонымен бірге құқық қолдану тәжірибесінің шекараларын, құқықтық нормаларды түсіндіру бағыттарын және олардың қолданылу логикасын айқындайды.

Құқықтық реттеудің мақсаттарын айқындау теориялық тұрғыдан ғана емес, практикалық тұрғыдан да аса маңызды. Себебі құқық қолдану процесінде, әсіресе сот тәжірибесінде, құқық нормаларының мазмұнын дұрыс түсіну көбінесе олардың қабылдану мақсаттарын айқындауға тікелей байланысты болады. Егер құқық қолданушы орган белгілі бір норманың қандай мақсатпен қабылданғанын түсінбесе, бұл норманы қате түсіндіру немесе дұрыс қолданбау тәуекелі артады. Осы тұрғыдан алғанда, құқықтық реттеудің мақсаттары құқықтық нормаларды интерпретациялаудың шекарасын белгілейтін негізгі факторлардың бірі болып табылады.

Сақтандыру — экономикалық тұрғыдан тәуекелдерді қайта бөлуге негізделген ерекше институт болғандықтан, оны құқықтық реттеудің мақсаттары да жалпы азаматтық-құқықтық мақсаттардан белгілі бір дәрежеде ерекшеленеді. Сақтандыру қатынастары тек екі тараптың (сақтанушы мен сақтандырушының) жеке мүдделерін ғана қамтып қоймай, сонымен қатар кең ауқымды қоғамдық және қаржылық мүдделерге әсер етеді. Осыған байланысты

сақтандыруды құқықтық реттеу бір мезгілде жеке-құқықтық және жария-құқықтық элементтерді біріктіреді.

Құқықтық доктринада сақтандыруды құқықтық реттеудің мақсаттары, әдетте, негізгі (басты) және қосымша (жанама) мақсаттарға бөлінеді. Негізгі мақсаттар сақтандыру институтының мәнін айқындайтын іргелі бағыттарды білдірсе, қосымша мақсаттар осы институттың тиімді қызмет етуін қамтамасыз ететін, бірақ туынды сипатқа ие бағыттарды қамтиды.

Сақтандыруды құқықтық реттеудің негізгі мақсаттарына, ең алдымен, сақтандыру қатынастарына қатысушылардың мүдделерін қорғау, сақтандырушының қаржылық тұрақтылығын қамтамасыз ету және сақтандыру нарығындағы фактілік теңсіздікті жою жатады. Бұл мақсаттар сақтандырудың экономикалық табиғатымен тығыз байланысты және оның қоғамдағы рөлін айқындайды.

Ал қосымша мақсаттарға сақтандыру нарығының тұрақтылығын қамтамасыз ету, сақтандыру алаяқтығының алдын алу, жария мүдделерді қорғау, сақтандыру жүйесіне деген сенімді қалыптастыру және сақтандыру қатынастарына қатысушылардың мүдделерінің теңгерімін сақтау жатады. Бұл мақсаттар негізгі мақсаттарды толықтыра отырып, сақтандырудың құқықтық механизмінің тиімділігін арттырады.

Сонымен қатар, сақтандыруды құқықтық реттеу мақсаттары динамикалық сипатқа ие екенін атап өткен жөн. Экономикалық жағдайлардың, қаржы нарықтарының дамуының және әлеуметтік қажеттіліктердің өзгеруіне байланысты бұл мақсаттардың мазмұны да өзгеріп, толықтырылып отырады. Мысалы, қазіргі кезеңде цифрландыру, сақтандыру өнімдерінің күрделенуі және қаржы технологияларының дамуы құқықтық реттеудің жаңа міндеттерін алға қойып отыр, бұл өз кезегінде сақтандыруды құқықтық реттеудің мақсаттарын қайта қарастыруды талап етеді.

Осылайша, сақтандыруды құқықтық реттеудің мақсаттары — бұл тек теориялық категория ғана емес, сонымен бірге сақтандыру құқығының барлық жүйесін біріктіретін, оның мазмұнын айқындайтын және құқық қолдану практикасының тиімділігін қамтамасыз ететін негізгі бағыттар жиынтығы болып табылады.

Ю.Б. Фогельсон сақтандыруды құқықтық реттеудің 3 мақсатын көрсетеді:

1. Мүдделерді қорғау — сақтандыруды құқықтық реттеудің негізгі мақсаты. Мүдделерді қорғау тәуекелдерді бөлу арқылы жүзеге асырылады.

2. Қаржылық тұрақтылық — сақтандыруды құқықтық реттеудің маңыздылығы бойынша екінші мақсаты.

3. Диспропорцияларды жою — сақтандыруды құқықтық реттеудің үшінші мақсаты. Бұл ретте сақтандыру қызметтерін кәсіби емес пайдаланушылардың құқықтарын қорғау қамтамасыз етіледі [71, 40 б.].

Сақтандыруды құқықтық реттеудің басты және іргелі мақсаты — сақтандыру қатынастарына қатысушылардың мүдделерін қорғау болып табылады. Бұл қорғау сақтандыру жағдайы туындаған кезде келтірілген зиянды

өтеу арқылы жүзеге асырылады және сақтандырудың бүкіл құқықтық табиғатын айқындайды.

Сақтандырудың мәні — кездейсоқ тәуекелдерден туындайтын экономикалық залалды жеке бір тұлғаның мойнында қалдырмай, оны көптеген қатысушылар арасында бөлу. Осы мақсатта сақтанушылар төлейтін сақтандыру сыйақылары есебінен арнайы сақтандыру қоры қалыптасады, ал сол қордан сақтандыру жағдайы орын алған тұлғаларға төлемдер жүргізіледі [9, 52 б.].

Бұл механизм сақтандыруды өзге құқықтық құралдардан (мысалы, кепілдік, кепілпұл немесе жауапкершілік институтынан) ерекшелендіреді, өйткені сақтандыруда тәуекелді ұжымдық бөлу жүзеге асырылады.

Осылайша, сақтандыру:

- кездейсоқ зияндардың экономикалық салдарын жұмсартады;
- тұлғаның бұзылған мүліктік жағдайын қалпына келтіреді;
- кәсіпкерлік және жеке қызметтің тұрақтылығын қамтамасыз етеді;
- жалпы экономикалық қауіпсіздікке оң әсер етеді.

Сонымен қатар, мүдделерді қорғау тек жеке деңгейде ғана емес, сонымен бірге қоғамдық деңгейде де жүзеге асырылады. Мысалы, міндетті сақтандыру жүйесінде үшінші тұлғалардың құқықтары қорғалады.

Бұл мақсат сақтандыру құқығының негізгі қағидаттары — сақтандыру мүддесі және өтемақы (компенсация) қағидаттары арқылы іске асырылады [71, 45 б.].

Сақтандыруды құқықтық реттеудің екінші мақсаты қаржылық тұрақтылықты қамтамасыз ету болып табылады. Сақтандыру жүйесінің тиімді және үздіксіз қызмет етуі сақтандырушының қаржылық тұрақтылығына тікелей байланысты. Егер сақтандырушы өз міндеттемелерін орындауға қабілетсіз болса, сақтандыру институтының мәні жоғалады және сақтанушылардың құқықтары қорғалмай қалады.

Осыған байланысты құқықтық реттеу сақтандырушының қаржылық тұрақтылығын қамтамасыз етуге бағытталған кешенді талаптарды белгілейді. Атап айтқанда:

- сақтандыру резервтерін қалыптастыру міндеті;
- сақтандырушының төлем қабілеттілігіне қойылатын талаптар;
- жарғылық капиталдың жеткілікті мөлшері;
- активтерді орналастырудың арнайы тәртібі;
- мемлекеттік қадағалау және бақылау механизмдері [72, 87 б.].

Бұл мақсаттың экономикалық негізі — сақтандырудың ұзақ мерзімді міндеттемелер жүйесі болып табылатынында. Сақтандырушы бүгін сыйақы жинап, болашақта төлем жасауға міндеттенеді. Сондықтан оның қаржылық тұрақтылығы тек ағымдағы емес, сонымен қатар болашақ міндеттемелерді де қамтуы тиіс.

Қаржылық тұрақтылық баламалылық (эквиваленттілік) қағидатымен тығыз байланысты. Бұл қағидатқа сәйкес, сақтандырушы жинаған сыйақылар мен жүзеге асырылатын төлемдер арасында статистикалық тепе-теңдік сақталуы қажет [73, 25 б.].

Үшінші мақсат диспропорцияларды жою және әлсіз тарапты қорғау. Сақтандыру қатынастарының ерекшелігі — олардың қатысушыларының нақты теңсіздігінде. Сақтандырушы кәсіби субъект ретінде арнайы білімге, тәжірибеге және экономикалық ресурстарға ие, ал сақтанушы көбінесе мұндай мүмкіндіктерге ие емес. Бұл жағдай ақпараттық асимметрияға және шарттық теңсіздікке алып келеді. Сондықтан құқықтық реттеу осы диспропорцияны жоюға бағытталған.

Аталған мақсатты жүзеге асыру үшін заңнама:

- сақтанушының құқықтарын қорғауды күшейтеді;
- сақтандырушыға ақпаратты толық ашу міндетін жүктейді;
- түсініксіз шарттарды сақтанушының пайдасына түсіндіру қағидатын қолданады;
- әділетсіз шарттарды шектейді немесе жарамсыз деп таниды.

Бұл жерде ерекше назар аударатын мәселе — нақты теңдікті қамтамасыз ету үшін заңи теңсіздік енгізілуі мүмкін. Яғни әлсіз тарапты қорғау мақсатында заң сақтанушыға қосымша құқықтық кепілдіктер береді [74, 54 б.].

Сақтандыруды құқықтық реттеудің қосымша мақсаттарының ішінде, сақтандыру нарығының тұрақтылығын қамтамасыз ету болып табылады. Сақтандыру нарығы қаржы жүйесінің маңызды құрамдас бөлігі болып табылады, сондықтан оның тұрақтылығы тек сақтандыру қатынастарына қатысушылар үшін ғана емес, бүкіл экономикалық жүйе үшін стратегиялық маңызға ие. Сақтандыру ұйымдарының тұрақсыздығы төлемдердің орындалмауына, халықтың қаржы институттарына деген сенімінің төмендеуіне және жалпы экономикалық теңгерімнің бұзылуына алып келуі мүмкін.

Осыған байланысты мемлекет сақтандыру нарығының тұрақтылығын қамтамасыз ету мақсатында кешенді құқықтық және институционалдық тетіктерді қолданады. Атап айтқанда:

- сақтандыру қызметін лицензиялау арқылы нарыққа тек қаржылық тұрғыдан сенімді субъектілердің кіруін қамтамасыз етеді;
- сақтандыру ұйымдарының қызметін құқықтық реттеу арқылы олардың міндеттемелерін орындау қабілетін бақылайды;
- қаржылық мониторинг пен қадағалау жүргізу арқылы тәуекелдерді ерте кезеңде анықтайды;
- жүйелік тәуекелдердің алдын алу шараларын жүзеге асырады [75, 51 б.].

Бұл шаралар сақтандыру нарығында тұрақтылық пен сенімділікті қамтамасыз етіп, оның ұзақ мерзімді дамуына негіз қалайды.

Келесі қосымша мақсат алаяқтық пен теріс пайдаланудың алдын алу. Сақтандыру қатынастары тәуекелге негізделгендіктен, оларда әртүрлі құқыққа қайшы әрекеттердің орын алу ықтималдығы жоғары. Мұндай әрекеттерге сақтандыру жағдайын әдейі туындату, жалған мәліметтер беру, тәуекелді жасыру немесе сақтандырушы тарапынан негізсіз төлемнен бас тарту жатады.

Осыған байланысты құқықтық реттеу сақтандыру қатынастарының барлық қатысушыларының адал мінез-құлқын қамтамасыз етуге бағытталған. Бұл мақсатқа жету үшін:

- адалдық қағидаты бекітіледі;

- сақтанушыға тәуекелге қатысты барлық маңызды ақпаратты ашу міндеті жүктеледі;

- сақтандыру жағдайын әдейі туындатуға тыйым салынады;

- құқық бұзушылықтар үшін азаматтық-құқықтық, әкімшілік және өзге де жауапкершілік шаралары белгіленеді [76, 32 б.].

Бұл шаралар сақтандыру жүйесінің әділеттілігін сақтауға және оның тиімді жұмыс істеуіне ықпал етеді.

Жария мүдделерді қорғау мақсатын да қосымша мақсаттарға жатқызуға болады. Сақтандыру тек жеке тұлғалардың мүдделерін қорғау құралы ғана емес, сонымен қатар маңызды әлеуметтік және қоғамдық функцияларды орындайды. Әсіресе бұл міндетті сақтандыру жүйесінде айқын көрінеді.

Міндетті сақтандыру арқылы мемлекет белгілі бір тәуекелдердің салдарын қоғам деңгейінде жұмсартуға ұмтылады. Мысалы:

- жол-көлік оқиғалары кезінде жәбірленушілердің құқықтары қорғалады;

- еңбек қызметі барысында қызметкерлердің қауіпсіздігі қамтамасыз етіледі;

- азаматтардың өмірі мен денсаулығына келтірілген зиян өтеледі.

Осылайша, сақтандыру қоғамдық тұрақтылықты қамтамасыз етудің маңызды тетігі ретінде әрекет етеді және әлеуметтік қорғау функциясын жүзеге асырады.

Қосымша мақсаттың келесі түрі, сақтандыру жүйесіне сенімді қалыптастыру. Сақтандыру институтының тиімділігі қоғамның оған деген сенім деңгейіне тікелей байланысты. Егер сақтандыру шарттары түсініксіз болса немесе сақтандыру төлемдері уақытында жүзеге асырылмаса, сақтандыруға деген сенім төмендейді және бұл бүкіл жүйенің тиімділігін әлсіретеді.

Осыған байланысты құқықтық реттеу:

- сақтандыру қызметінің ашықтығын қамтамасыз етеді;

- сақтандырушының міндеттемелерін орындауына кепілдік береді;

- құқық қолдану тәжірибесінің тұрақтылығы мен бірізділігін қалыптастырады;

- сақтанушылардың құқықтарын қорғауды күшейтеді [77, 24 б.].

Нәтижесінде сақтандыру жүйесіне деген сенім артып, оның қоғамдағы рөлі күшейеді.

Мүдделер теңгерімін сақтау, қосымша мақсат ретінде талданып, сақтандыру қатынастарының тиімді жұмыс істеуі барлық қатысушылардың мүдделерінің теңгерімді сақталуына байланысты түсіндіріледі. Бұл ретте сақтандырушы, сақтанушы, пайда алушы және үшінші тұлғалардың құқықтары мен заңды мүдделері ескерілуі тиіс.

Құқықтық реттеу осы теңгерімді қамтамасыз ету үшін:

- сақтанушының құқықтарын қорғауға бағытталған нормаларды енгізеді;

- сақтандырушының қаржылық тұрақтылығын сақтауға мүмкіндік береді;

- үшінші тұлғалардың құқықтарын қамтамасыз етеді;

- негізсіз баюға жол бермейді [78, 64 б.].

Осылайша, мүдделер теңгерімі сақтандыру қатынастарының әділеттілігі мен тұрақтылығын қамтамасыз ететін негізгі шарттардың бірі болып табылады.

Сақтандыруды құқықтық реттеудің мақсаттары сақтандыру құқығының қағидаттарымен тығыз байланысты. Қазақстан Республикасының сақтандыру қызметі туралы заңнамасында сақтандыру қызметін құқықтық реттеудің қағидаттарын тікелей бекітетін арнайы норма көзделмеген.

Біздің пікірімізше, құқықтың кез келген саласы немесе институты қолданыстағы заңнамада көрініс таба отырып, міндетті түрде құқықтық реттеудің қағидаттарын заңнамалық деңгейде бекітуі тиіс. Себебі дәл осы қағидаттардан белгілі бір салаға жататын қоғамдық қатынастарды құқықтық реттеу бастау алуы қажет. Қағидаттар құқықтық реттеудің бағыт-бағдарын айқындап қана қоймай, құқық нормаларының мазмұнын қалыптастыратын іргелі негіз ретінде қызмет етеді.

Құқық ғылымында әрбір құқық саласының өкілдері қағидаттардың мәні мен маңыздылығына ерекше назар аударып келеді. Мәселен, су құқығы саласын зерттеген профессор С.Б. Байсалов құқық қағидаттарын құқықтың барлық институттарына енетін негізгі жетекші бастамалар ретінде қарастырады. Оның пікірінше, бұл қағидаттар нақты құқықтық нормаларда көрініс таба отырып, құқықтың жалпы мазмұнын айқындайды және оның барлық нормаларына белгілі бір дәрежеде әсер етеді [79, 144 б.].

Мәселен, профессор Д.Л. Байдельдинов Қазақстан Республикасының қазіргі құқық жүйесі өзіне тән құқықтық қағидаттар жүйесіне ие екенін атап көрсетеді. Оның пікірінше, бұл қағидаттар қоғамдық қатынастар мен қолданыстағы заңнаманың «құқықтық матасына» енген және жалпы құқықтық қағидаттар ретінде түрлі құқық салаларында нақтыланып, әр салада өзіне тән ішкі салалық қағидаттар жүйесін қалыптастырады. Сонымен қатар, қағидаттар белгілі бір құқықтық нормалар жиынтығын біріктіретін байланыстырушы қызмет атқара отырып, олардың мәнін ашып, оларды дербес құқық институты немесе саласы ретінде қалыптастырады [80, 25 б.].

Профессор А.Н.Ағыбаевтың пікірінше, «қылмыстық құқық өзінің алға қойған қорғаушылық, сақтандырушылық және тәрбиелік міндеттерін тек қана белгілі бір қылмыстық-құқықтық принциптерді сақтау арқылы ғана жүзеге асыра алады.

Қылмыстық-құқықтық принциптер – заң шығарушыға, ғылымға, құқық қорғау және қолдану органдары мен азаматтарға қылмыспен қарсы күрес жүргізу саласындағы қажетті, негізгі және міндетті ережелердің көрінісі болып табылады» [81, 21 б.].

«Құқық қағидаттары туралы түсінікке ие болу — бұл құқықтың мақсаттарын, міндеттерін, оны қолдану әдістерін, сондай-ақ оның негізгі мәнін түсіну дегенді білдіреді», — деп атап көрсетеді С. Г. Келина мен В. Н. Кудрявцев [82, 5 б.].

Е. А. Сухановтың редакциясымен жарық көрген азаматтық құқық оқулығында құқық қағидаттарының маңызына мынадай анықтама беріледі:

«Құқықтық қағидаттардың маңызы екіжақты. Бір жағынан, олар құқықтық реттеудің мазмұнының мәнін көрсетеді, бұл өз кезегінде оның мағынасын тереңірек түсінуге, нақты құқықтық нормаларды дұрыс қолдануға және түсіндіруге мүмкіндік береді. Екінші жағынан, құқық қағидаттары заңнамадағы олқылықтарды анықтауда және құқықтық нормаларды ұқсастық бойынша қолдану кезінде ескерілуі тиіс» [83, 37 б.].

Ж.Л. Бержель Францияның құқықтық жүйесіндегі құқық қағидаттарының рөлін былай сипаттайды: «Судьялар оларды түсініксіз немесе екіұшты құқықтық мәтіндердің мағынасын айқындау қажет болған жағдайда басшылыққа алады. Заң белгілі бір мәселе бойынша үнсіз қалған немесе жеткілікті дәрежеде айқын пікір білдірмеген жағдайда, сот шешімді жалпы құқық қағидаттарының негізінде қабылдауы тиіс» [84, 180 б.]. Әрі қарай ол ғалым: «Жалпы қағидаттар — бұл объективті құқықтың (табиғи немесе идеалдық құқықтың емес) ережелері. Олар құқықтық мәтіндерде көрініс табуы да, табылмауы да мүмкін, бірақ міндетті түрде сот тәжірибесінде қолданылады және жеткілікті дәрежеде жалпы сипатқа ие» деп көрсетеді [84, 168 б.].

С. Н. Братусь өз еңбектерінде құқық қағидаттарының мазмұнын былайша айқындайды: «Құқықтың белгілі бір саласының негізгі қағидаттары сол саланы құрайтын құқықтық нормалардың өзінде көрініс табуы тиіс. Ал егер олар тікелей тұжырымдалмаған болса, онда оларды осы нормалардың жалпы мазмұны мен мәнінен анықтау қажет» [66, 137 б.].

Осылайша, сақтандыру құқығында да құқықтық реттеудің қағидаттарын заңнамалық деңгейде бекіту қажеттілігі туындайды, өйткені олар сақтандыру қатынастарының мәнін айқындап, құқық қолдану тәжірибесінің бірізділігін қамтамасыз етеді.

Құқық қағидаттары құқықтық нормаларды жетілдірудің бағыттарын айқындай отырып, заң шығарушы үшін жетекші идеялар ретінде қызмет етеді. Олар қоғамның дамуы мен қызмет етуінің негізгі заңдылықтары мен құқықтық жүйе арасындағы байланыстырушы буын болып табылады. Қағидаттардың арқасында құқықтық жүйе адам мен қоғамның маңызды мүдделері мен қажеттіліктеріне бейімделіп, солармен үйлесімді сипатқа ие болады [85, 204 б.].

Осылайша, біздің пікірімізше, кез келген құқықтық жүйені талдау оның қағидаттарын зерттеуді міндетті түрде қамтуы тиіс. Қазіргі заманғы заң ғылымында құқық қағидаттарының жалпы теориясы жеткілікті дәрежеде терең әзірленген. Алайда түсініксіз себептерге байланысты бұл теория қолданыстағы сақтандыру заңнамасында өз көрінісін таппаған.

Осыған байланысты, Қазақстан Республикасының заңнамасын және ғылыми еңбектерді талдау негізінде, біздің ойымызша, сақтандыру құқығының қағидаттарын айқындауға және оларды қолданыстағы сақтандыру туралы заңда арнайы норма ретінде бекіту қажеттігін негіздеуге тырысамыз. Құқық теориясында құқық қағидаттары құқыққа тұтастай тән (жалпы құқықтық), оның жекелеген салаларына тән (салалық) немесе өзара байланысты салалар тобына тән (салааралық) болып бөлінеді [85, 204 б.].

Сақтандыру құқығы саласындағы ғалымдар сақтандыру қағидаттарын, әдетте, сақтандыру түрлеріне қарай — міндетті және ерікті сақтандыру қағидаттары деп екі топқа бөледі [86, 87 б.].

М. Г. Алимжановаңың пікірінше, Қазақстан Республикасының «Сақтандыру қызметі туралы» Заңын талдау негізінде сақтандыру құқығының келесі жалпы қағидаттарын бөліп көрсетуге болады:

- Қазақстан Республикасында сақтандыру сақтандырудың құқықтық негіздерін және сақтандыру субъектілері сақтауға міндетті ережелерді заңнамалық реттеу негізінде жүзеге асырылады;

- сақтандыру сақтандыру нарығын мемлекеттік реттеу және сақтандыру қызметіне қадағалау жасау негізінде жүзеге асырылады;

- сақтандыру сақтанушылардың, сақтандырылған тұлғалардың және пайда алушылардың құқықтары мен заңды мүдделерін қорғау мақсатында жүзеге асырылады;

- сақтандырудың қайтарымдылық қағидаты;

- сақтандыру шартының ақылылығы (ақылы сипатта болуы) қағидаты;

- адалдық қағидаты;

- сақтандыру мерзімдерінің шектеулілігі қағидаты [87, 39 б.].

Сақтандыру құқығының қағидаттарын талдамас бұрын, олардың жүйелік құрылымын айқындау қажет. Сақтандыру заңнамасына сақтандырудың іргелі қағидаттарының жүйесін енгізу қажет. Аталған жүйе сақтандыру заңнамасының жалпы бастамалары мен мәнін айқындайтын жалпы және арнайы қағидаттардан тұрады.

Жалпы қағидаттар: заңдылық, жариялылық, ұйымдық бірлік.

Арнайы қағидаттар: сақтандыру мүддесі, өтемақы (компенсация), адалдық, суброгация, кездейсоқтық.

Сақтандыру құқығының қағидаттары — бұл сақтандыру қатынастарын құқықтық реттеудің мәнін, бағытын және негізгі идеяларын айқындайтын бастапқы ережелер. Олар құқық нормаларының мазмұнында көрініс табады, оларды дұрыс түсіндіруге және қолдануға мүмкіндік береді, сондай-ақ заңнамадағы олқылықтарды толтыру кезінде маңызды рөл атқарады. Қағидаттар сақтандыру жүйесінің ішкі логикасын айқындап, сақтандырудың экономикалық және әлеуметтік табиғатына сай құқықтық реттеуді қамтамасыз етеді.

Сақтандыру құқығында негізгі қағидаттардың бірі — сақтандыру мүддесінің қағидаты**.** Бұл қағидатқа сәйкес, сақтандыру қатынастарының туындауы үшін сақтанушыда белгілі бір мүліктік немесе жеке мүдде болуы қажет. Яғни сақтандыру тек нақты қауіп-қатерден туындайтын ықтимал зиянды қорғауға бағытталуы тиіс. Егер мұндай мүдде болмаса, сақтандыру шарты өзінің құқықтық мәнін жоғалтып, ойын немесе бәстесу сипатына ие болуы мүмкін.

Сақтандыру құқығында негізгі қағидаттардың бірі **—** сақтандыру мүддесінің (insurable interest) қағидаты**.** Бұл қағидатқа сәйкес, сақтандыру қатынастарының туындауы үшін сақтанушыда сақтандырылатын объектіге

қатысты белгілі бір мүліктік немесе жеке мүдде болуы тиіс. Аталған қағидат Қазақстан Республикасының азаматтық заңнамасында тікелей тұжырымдалмаса да, сақтандыру институтының мәнінен және бірқатар нормалардан туындайды. Атап айтқанда, Қазақстан Республикасы Азаматтық кодексінің (Ерекше бөлім) 819-бабында сақтандыру сомасының мүліктің нақты құнымен шектелуі көзделуі сақтандырудың тек нақты экономикалық мүддені қорғауға бағытталғанын көрсетеді [37]. Сонымен қатар, «Сақтандыру қызметі туралы» Қазақстан Республикасының Заңы сақтандыруды тәуекелге және сақтандыру жағдайы туындаған кезде зиянды өтеуге бағытталған қызмет ретінде айқындайды [18].

Бұл қағидаттың мәні — сақтандыру тек нақты қауіп-қатерден туындайтын ықтимал зиянды өтеуге бағытталуы тиіс. Яғни сақтандыру шарты сақтанушының белгілі бір мүддесін қорғау мақсатында жасалады, ал сақтандыру төлемі сол мүддеге келтірілген зиянды өтеудің құралы болып табылады. Егер сақтанушыда мұндай мүдде болмаса, сақтандыру шарты өзінің құқықтық мәнін жоғалтып, ойын, бәстесу немесе лотерея сипатына ие болуы мүмкін, бұл сақтандырудың құқықтық табиғатына қайшы келеді.

Ғылыми әдебиетте де сақтандыру мүддесі сақтандыру құқығының іргелі категориясы ретінде қарастырылады. Мәселен, С. Н. Братусь құқық қағидаттары құқық нормаларының жалпы мәнінен туындайтынын атап өтеді [66, 54 б.], ал Е. А. Сухановтың редакциясымен шыққан азаматтық құқық оқулығында сақтандыру мүддесі сақтандыру қатынастарының экономикалық негізі ретінде сипатталады [88, 34 б.]. Сонымен қатар, шетелдік құқықта бұл қағидат insurable interest ұғымы арқылы бекітіліп, сақтандыру шартының жарамдылығының міндетті шарты ретінде танылады [73, 24 б.].

Осылайша, сақтандыру мүддесінің қағидаты сақтандыру шарттарының заңдылығын айқындайтын негізгі критерий болып табылады және сақтандыруды ойын немесе алыпсатарлық мәмілелерден ажыратуға мүмкіндік береді.

Екінші маңызды қағидат — өтемақы (компенсация) қағидаты**.** Оның мәні сақтандыру төлемі тек келтірілген нақты зиянды өтеу мақсатында жүзеге асырылатынында. Сақтандыру табыс табу құралы болмауы тиіс, керісінше, сақтанушының бұзылған мүліктік жағдайын қалпына келтіруге бағытталады. Әсіресе бұл қағидат мүліктік сақтандыруда айқын көрінеді, онда төлем мөлшері нақты шығындармен және сақтандыру сомасымен шектеледі. Бұл қағидат сақтандырудың құқықтық табиғатын айқындай отырып, оны ойын, бәстесу немесе алыпсатарлық мәмілелерден ажыратуға мүмкіндік береді.

Қазақстан Республикасының заңнамасында бұл қағидат тікелей атаумен бекітілмегенімен, оның мазмұны бірқатар нормалар арқылы көрініс табады. Атап айтқанда, Қазақстан Республикасы Азаматтық кодексінің (Ерекше бөлім) 819-бабының 3-тармағында сақтандыру сомасының мүліктің нақты (сақтандыру) құнынан аспауға тиіс екендігі белгіленген [37]. Бұл норма сақтандыру төлемінің шекті мөлшерін айқындай отырып, сақтандырудың өтемақылық сипатын қамтамасыз етеді. Сонымен қатар, осы баптың 4-

тармағында сақтандыру сомасы сақтандыру құнынан асып кеткен жағдайда шарттың сол бөлігінің жарамсыздығы көзделуі сақтандыру арқылы негізсіз баюға жол бермеуге бағытталған.

Өтемақы қағидатының мазмұны азаматтық құқықтағы жалпы залалды өтеу институтымен де тығыз байланысты. Яғни сақтандыру төлемі сақтанушының нақты шеккен шығындарын өтеуге бағытталады және оның мүліктік жағдайын сақтандыру жағдайы орын алғанға дейінгі деңгейге келтіруге тиіс. Бұл ретте сақтандыру төлемінің мөлшері екі шекпен анықталады: біріншісі — нақты келтірілген зиян мөлшері, екіншісі — шартта белгіленген сақтандыру сомасы.

Аталған қағидат әсіресе мүліктік сақтандыруда айқын көрінеді. Мұнда сақтандыру төлемі нақты шығындармен тікелей байланысты және оларды дәлелдеуді талап етеді. Ал жеке сақтандыруда (өмірді, денсаулықты сақтандыру) өтемақы қағидаты белгілі бір дәрежеде шектеледі, өйткені мұндай шарттарда сақтандыру төлемі алдын ала келісілген мөлшерде жүзеге асырылады және нақты зиян көлеміне тікелей тәуелді болмайды.

Ғылыми әдебиетте өтемақы қағидаты сақтандырудың негізгі белгілерінің бірі ретінде қарастырылады. Мәселен, Ю.Б. Фогельсон сақтандырудың мәнін сақтанушының мүліктік жағдайын қалпына келтірумен байланыстырады [71, 102 б.], ал В.И. Серебровский сақтандыруды зиянды өтеудің ерекше құқықтық нысаны ретінде сипаттайды [50, 107]. Шетелдік құқықта бұл қағидат indemnity principle ретінде белгілі және сақтандырушының міндеті сақтанушыны бастапқы мүліктік жағдайына қайтарумен шектеледі [77, 51 б.].

Осылайша, өтемақы қағидаты сақтандырудың мәнін айқындайтын негізгі бастама болып табылады және сақтандыру төлемдерінің шектерін белгілеу арқылы сақтандыру қатынастарының әділеттілігі мен экономикалық негізділігін қамтамасыз етеді.

Үшінші қағидат — жоғары адалдық қағидаты**.** Сақтандыру қатынастары сенімге негізделгендіктен, тараптар бір-біріне қатысты барлық маңызды мән-жайларды толық және дұрыс хабарлауға міндетті. Әсіресе сақтанушы тәуекел деңгейіне әсер ететін жағдайларды жасырмауы тиіс, ал сақтандырушы шарт талаптарын айқын және түсінікті түрде көрсетуі қажет.

Үшінші маңызды қағидат — жоғары адалдық (жоғары дәрежедегі адалдық, uberrimae fidei**)** қағидаты**.** Бұл қағидат сақтандыру қатынастарының ерекше сенімге негізделген табиғатынан туындайды және тараптардың бір-біріне қатысты барынша адал, ашық және шынайы әрекет етуін талап етеді. Сақтандыру шарты жасалған кезде тәуекел туралы ақпараттың елеулі бөлігі сақтанушының қолында болатындықтан, ол сақтандырушыға тәуекелді дұрыс бағалау үшін маңызды барлық мән-жайларды толық әрі дұрыс хабарлауға міндетті.

Қазақстан Республикасының заңнамасында бұл қағидат тікелей «жоғары адалдық» терминімен бекітілмегенімен, оның мазмұны азаматтық құқықтың жалпы қағидаты — адалдық арқылы көрініс табады. Атап айтқанда, Қазақстан Республикасы Азаматтық кодексінің 8-бабында азаматтық құқықтарды жүзеге

асыру адалдық, ақылға қонымдылық және әділдік талаптарына сәйкес жүзеге асырылуы тиіс екендігі белгіленген [37]. Сонымен қатар, сақтандыру қатынастарына қатысты нормалар сақтанушының сақтандыру тәуекеліне әсер ететін мән-жайларды хабарлау міндетін және оларды жасырған жағдайда туындайтын құқықтық салдарды көздейді.

Аталған қағидаттың мазмұны екіжақты сипатқа ие. Біріншіден, сақтанушының міндеті — сақтандырушыға тәуекелдің сипатына, дәрежесіне және ықтимал салдарына әсер ететін барлық мән-жайларды хабарлау. Мұндай мән-жайларды жасыру немесе бұрмалау сақтандырушының тәуекелді дұрыс бағаламауына әкеліп соғады және шарттың жарамсыздығына немесе сақтандыру төлемінен бас тартуға негіз болуы мүмкін. Екіншіден, сақтандырушының міндеті — сақтандыру шарттарының талаптарын анық, түсінікті және толық жеткізу, сақтанушыны жаңылыстырмау және оның құқықтарын шектейтін жасырын шарттарды енгізбеу.

Ғылыми әдебиетте бұл қағидат сақтандыру құқығының негізгі қағидаттарының бірі ретінде кеңінен танылады. Ағылшын құқықтық жүйесінде ол «utmost good faith» (uberrimae fidei) қағидаты ретінде қалыптасқан және сақтандыру шарттарының жарамдылығының негізгі алғышарты болып табылады [89, 105 б.]. Мәселен, М. Кларк және Дж. Бердс еңбектерінде бұл қағидат сақтандырушы мен сақтанушы арасындағы ақпараттық теңсіздікті теңестіруге бағытталған негізгі құқықтық құрал ретінде сипатталады [77].

Осылайша, жоғары адалдық қағидаты сақтандыру қатынастарының сенімге негізделген табиғатын қамтамасыз етіп, тараптардың құқықтары мен міндеттерінің теңгерімді жүзеге асырылуына ықпал етеді. Бұл қағидат сақтандыру шартының әділдігін, тұрақтылығын және тиімділігін қамтамасыз ететін негізгі құқықтық бастамалардың бірі болып табылады.

Тағы бір маңызды қағидат — суброгация қағидаты. Бұл қағидат бойынша сақтандырушы сақтанушыға төлем жасағаннан кейін, келтірілген зиян үшін жауапты тұлғаға талап қою құқығына ие болады. Бұл, бір жағынан, әділеттілікті қамтамасыз етеді, екінші жағынан, сақтандыру жүйесінің қаржылық тұрақтылығын сақтайды.

Аталған қағидат сақтандыру міндеттемесінің туынды (деривативтік) сипатын көрсетеді, өйткені сақтандырушының талабы бастапқыда сақтанушыға тиесілі құқыққа негізделеді және соның көлемінде ғана жүзеге асырылады.

Қазақстан Республикасының заңнамасында суброгация қағидаты тікелей бекітілген. Атап айтқанда, Қазақстан Республикасы Азаматтық кодексінің (Ерекше бөлім) сақтандыруға қатысты нормаларында сақтандыру төлемін жүзеге асырған сақтандырушының, егер заңда немесе шартта өзгеше көзделмесе, сақтанушының зиянды өтеуге жауапты тұлғаға қоятын талабына құқық алатыны көзделеді [37]. Бұл норма сақтандырушының төлем жасағаннан кейін «сақтанушының орнына тұруын» (subrogatio) білдіреді.

Суброгация қағидатының құқықтық және экономикалық маңызы көпқырлы. Біріншіден, ол әділеттілікті қамтамасыз етеді**,** өйткені зиян келтірген тұлға түпкілікті жауапкершіліктен босатылмайды. Екіншіден, бұл қағидат

сақтандыру жүйесінің қаржылық тұрақтылығын қолдайды, себебі сақтандырушы төленген соманы кінәлі тұлғадан өндіріп алу арқылы өз шығындарын ішінара немесе толық өтей алады. Үшіншіден, суброгация сақтанушының екі рет өтемақы алуына жол бермейді**,** яғни бір зиян үшін әрі сақтандыру төлемін, әрі кінәлі тұлғадан толық өтемақы алу мүмкіндігін шектейді.

Ғылыми әдебиетте суброгация сақтандыру құқығының маңызды институттарының бірі ретінде қарастырылады. Мәселен, Е. А. Сухановтың редакциясымен шыққан еңбектерде ол сақтандыру міндеттемесінің ерекше құқықтық салдары ретінде сипатталады [90, 114 б.], ал шетелдік құқықта бұл қағидат сақтандырушының регрестік құқықтарының негізгі нысаны ретінде талданады [77]. Ағылшын құқықтық дәстүрінде суброгация indemnity қағидатымен тығыз байланысты және сақтандырушының төлем жасағаннан кейінгі құқықтық позициясын айқындайтын негізгі механизмдердің бірі болып табылады.

Осылайша, суброгация қағидаты сақтандыру қатынастарының әділетті және теңгерімді жүзеге асырылуын қамтамасыз етіп, сақтандырушы, сақтанушы және үшінші тұлғалар арасындағы мүліктік қатынастарды реттеуде маңызды рөл атқарады.

Сонымен қатар, сақтандыру құқығында маңызды орын алатын қағидаттардың бірі — тәуекелдің кездейсоқтық (ықтималдық) қағидаты**.** Бұл қағидатқа сәйкес, сақтандыру тек болу-болмауы алдын ала нақты белгісіз, кездейсоқ сипаттағы оқиғаларға қатысты жүзеге асырылады. Яғни сақтандыру тәуекелі ықтимал сипатта болуы тиіс және оның жүзеге асуы міндетті немесе алдын ала белгілі болмауы қажет.

Қазақстан Республикасының заңнамасында бұл қағидат сақтандыру жағдайы ұғымы арқылы көрініс табады. «Сақтандыру қызметі туралы» Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес, сақтандыру жағдайы — басталуы ықтимал және кездейсоқ сипаттағы оқиға болып табылады [18]. Бұл анықтама сақтандырудың тек белгісіздік пен тәуекел жағдайында ғана мүмкін болатынын көрсетеді. Егер оқиғаның орын алуы алдын ала белгілі болса немесе ол сөзсіз болатын болса, мұндай жағдай сақтандыру тәуекелі ретінде танылмайды және сақтандыру шарты өзінің құқықтық мәнін жоғалтады.

Аталған қағидаттың мазмұны сақтандырудың экономикалық табиғатымен тығыз байланысты. Сақтандыру — бұл тәуекелдерді бөлу және қайта бөлу механизмі болғандықтан, оның негізінде әрқашан белгісіздік элементі жатады. Егер бұл элемент жойылса, сақтандыру өз функциясын орындамайды және басқа құқықтық қатынастармен (мысалы, кепілдік немесе жоспарлы төлемдермен) алмастырылады.

Сонымен қатар, тәуекелдің кездейсоқтық қағидаты сақтандырудағы құқыққа қайшы мінез-құлықтың алдын алуға да бағытталған. Атап айтқанда, сақтандыру жағдайын әдейі туындату немесе оның болуын біле тұра шарт жасасу сақтандыру қорғауына жатпайды және сақтандыру төлемінен бас

тартуға негіз болады. Бұл ереже сақтандырудың адалдық және әділеттілік қағидаттарымен өзара тығыз байланыста.

Ғылыми әдебиетте де бұл қағидат сақтандырудың негізгі белгілерінің бірі ретінде қарастырылады. Мәселен, шетелдік авторлар сақтандыру тәуекелін «fortuity» (кездейсоқтық) ұғымы арқылы сипаттап, оны сақтандыру шартының жарамдылығының міндетті шарты ретінде таниды [73]. Ресейлік және қазақстандық доктринада да сақтандыру тәуекелінің кездейсоқ сипаты сақтандыру қатынастарының мәнін айқындайтын негізгі элемент ретінде қарастырылады [71, 107 б.].

Осылайша, тәуекелдің кездейсоқтық қағидаты сақтандырудың құқықтық және экономикалық табиғатын айқындай отырып, сақтандыру шарттарының заңдылығын қамтамасыз ететін және сақтандыруды өзге ұқсас қатынастардан ажырататын маңызды құқықтық бастама болып табылады.

«Еуропа Одағы аумағында сақтандыру қызметтерінің біртұтас және еркін нарығын құрудың негізін қалаушы принциптерінің бірі – қызметтерді жеткізу еркіндігін енгізу принципі. Біртұтас сақтандыру және құқықтық кеңістікті қалыптастыру екі бағытта: Еуропа Одағына кіретін барлық елдерде сақтандырушылардың қызмет еркіндігін қамтамасыз ету және сақтандыру нормативтік базасын үндестіру бағыттары бойынша біртіндеп жүзеге асырылып келеді. Бұл қызметтің жетекшісі және координаторы – сақтандырушылардың Еуропалық комитеті, онда барлық ұлттық одақтар мен сақтандырушылар ассоциациялары бар» [91, 123 б.].

Қорытындылай келе, сақтандыру құқығының қағидаттары сақтандыру қатынастарын құқықтық реттеудің негізін құрайды. Олар сақтандырудың мәнін — тәуекелді бөлу, зиянды өтеу және мүдделерді қорғау функцияларын толық ашып, құқық қолдану тәжірибесінде маңызды бағыттаушы рөл атқарады.

Жоғарыда жүргізілген талдау негізінде сақтандыру заңнамасын одан әрі жетілдіру мақсатында сақтандыру құқығының іргелі қағидаттарының жүйесін заңнамалық деңгейде бекіту қажеттілігі туындайды деген қорытынды жасауға болады. Қазіргі уақытта Қазақстан Республикасының сақтандыру заңнамасында мұндай қағидаттар жүйесі нақты және кешенді түрде көрініс таппаған, бұл құқық қолдану тәжірибесінде белгілі бір қиындықтар туындатуы мүмкін.

Осыған байланысты сақтандыру заңнамасына қағидаттардың жүйесін енгізу сақтандыру қатынастарын құқықтық реттеудің тұтастығын, бірізділігін және тиімділігін қамтамасыз етеді. Ұсынылып отырған жүйе екі негізгі топтан тұрады: жалпы және арнайы қағидаттар.

Жалпы қағидаттарға заңдылық, жариялылық және ұйымдық бірлік жатады. Бұл қағидаттар сақтандыру қызметін ұйымдастыру мен жүзеге асырудың құқықтық негіздерін айқындай отырып, сақтандыру нарығының тұрақтылығын және мемлекеттік реттеудің тиімділігін қамтамасыз етеді.

Ал арнайы қағидаттар — сақтандыру қатынастарының мазмұнын айқындайтын негізгі бастаулар. Оларға адалдық, баламалылық, келтірілген зиянды өтеу және әлсіз тарапты қорғау қағидаттары жатады. Бұл қағидаттар сақтандыру шарты тараптарының өзара әрекеттесуінің әділеттілігін,

сақтандыру төлемдерінің негізділігін және сақтандыру қызметтерін тұтынушылардың құқықтарын қорғауды қамтамасыз етеді.

Осылайша, сақтандыру құқығы қағидаттарының жүйесін заңнамалық түрде бекіту сақтандыру қатынастарының құқықтық табиғатын тереңірек ашуға, құқық қолдану тәжірибесін жетілдіруге және сақтандыру жүйесінің тиімділігін арттыруға ықпал етеді.

2 САҚТАНДЫРУ ҚЫЗМЕТІН ҰЛТТЫҚ ЖӘНЕ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ДЕҢГЕЙДЕ ҚҰҚЫҚТЫҚ РЕТТЕУ

2.1 Қазақстан Республикасының сақтандыру заңнамасы: қалыптасуы және қазіргі даму бағыттары

Сақтандыру институты қазіргі заманғы нарықтық экономиканың маңызды құрамдас элементтерінің бірі болып табылады. Ол азаматтар мен заңды тұлғалардың мүліктік мүдделерін қорғауды қамтамасыз етіп қана қоймай, сонымен қатар экономикалық тұрақтылықты нығайтуға, инвестициялық белсенділікті арттыруға және әлеуметтік тәуекелдерді төмендетуге ықпал етеді. Осыған байланысты сақтандыру қызметін тиімді құқықтық реттеу мемлекеттің қаржы жүйесінің тұрақтылығын қамтамасыз етудің маңызды тетігі ретінде қарастырылады.

Қазақстан Республикасында сақтандыру қызметі саласындағы заңнаманың қалыптасуы мен дамуы елдің тәуелсіздік алғаннан кейінгі экономикалық және құқықтық реформаларымен тікелей байланысты. Кеңестік кезеңдегі мемлекеттік сақтандыру монополиясынан қазіргі заманғы нарықтық сақтандыру жүйесіне көшу сақтандыру қатынастарын құқықтық реттеудің жаңа механизмдерін қалыптастыруды талап етті. Осыған орай сақтандыру саласын реттейтін ұлттық заңнама халықаралық стандарттарға сәйкес жетілдіріліп, сақтандыру ұйымдарының қызметін мемлекеттік бақылау мен қадағалаудың құқықтық негіздері қалыптасты.

Бүгінгі таңда сақтандыру заңнамасын жетілдіру мәселесі ерекше өзектілікке ие. Себебі қаржы нарығының жаһандануы, цифрлық технологиялардың дамуы, сақтандыру өнімдерінің күрделенуі және тұтынушылар құқықтарын қорғау қажеттілігі сақтандыру қатынастарын құқықтық реттеудің тиімділігін арттыруды талап етеді. Сонымен қатар халықаралық тәжірибені ескере отырып, сақтандыру заңнамасын одан әрі жаңғырту қажеттілігі туындауда.

Қазақстан Республикасының сақтандыру қызметі саласындағы заңнамасының тарихи қалыптасуын, даму кезеңдерін және қазіргі құқықтық реттеу ерекшеліктерін кешенді ғылыми тұрғыдан талдау қажеттілігімен айқындалады. Сақтандыру заңнамасының эволюциясын зерттеу ұлттық құқық жүйесінің даму үрдістерін анықтауға және оны жетілдірудің негізгі бағыттарын айқындауға мүмкіндік береді.

Сақтандырудың тарихы өте ұзақ кезеңдерді қамтиды. Адамзат қоғамының дамуының алғашқы кезеңдерінде ұжымдық өзара көмек идеясына негізделген өзара сақтандыру пайда болып, дами бастады. Мұндай сақтандырудың мысалдарын Вавилонияда (Хаммурапи патшаның заңдарында — б.з.д. шамамен 1760 ж.), Ежелгі Грекияда және Рим империясында кездестіруге болады. Әдебиеттерде классикалық мысал ретінде Ежелгі Римдегі тұрақты ұйымдар (коллегиялар, одақтар) шеңберіндегі сақтандыру келтіріледі. Бұл ұйымдар кәсіби (саудагерлер, қолөнершілер, әскери қызметкерлер) немесе

діни белгілері бойынша құрылған. Соның бір мысалы ретінде б.з.д. 133 жылы құрылған Ланувий коллегиясының Жарғысын атауға болады [92, 87 б.].

X–XIII ғасырлар аралығында сақтандыруды цехтар мен гильдиялар жүзеге асыра бастады.

Уақыт өте келе цехтық сақтандыру сақтандыру қорларын қалыптастырудың неғұрлым жетілдірілген нысанына көшті, яғни қауымдастық мүшелерінің өз кассаларына тұрақты сақтандыру жарналарын төлеуі арқылы жүзеге асырылды.

Тауар-ақша қатынастарының дамуына байланысты натуралдық сақтандыру біртіндеп ақшалай нысандағы сақтандыруға орын берді. Зиянды ақшалай түрде бөлу өзара сақтандыру мүмкіндіктерін едәуір кеңейтті.

Кейінірек кәсіпкерлер коммерциялық сақтандыру әдісін де қолдана бастады. К.Г. Воблыйдың пікірінше, «сақтандыру операциялары кәсіпкер-сақтандырушы көптеген сақтанушыларға қарсы тұрып, қызметін пайда табу мақсатында жүргізе бастаған кезде коммерциялық сипатқа ие болды. Бұл үдеріс ең алдымен XIV ғасырда Италиядағы теңіз сақтандыруында жүзеге асты… Теңіз сақтандыруы теңіз заемынан дамып шықты» [25, 105 б.].

В.К. Райхердің көзқарасы бойынша, «несиеден бөлініп шыққан дербес коммерциялық сақтандырудың» дамуы шамамен XIV ғасырдың ортасында басталып, алғашында жеке сақтандырушылар түрінде көрініс тапты. XVII ғасырдың соңына қарай сақтандыру нарығында акционерлік қоғам нысанындағы сақтандырушылар пайда болды [45, 101 б.].

Осылайша, коммерциялық сақтандырудың пайда болуы өзара сақтандырудың дамуымен логикалық әрі экономикалық тұрғыдан тікелей байланысты болған жоқ.

Әдебиеттерде Еуропадағы коммерциялық сақтандырудың дамуының үш негізгі кезеңі бөлініп көрсетіледі:

I кезең (XIV ғасыр — XVII ғасырдың соңы) алғашқы капитал жинақтау дәуірімен байланысты.

II кезең (XVII ғасырдың соңы — XIX ғасырдың соңы) еркін кәсіпкерлік пен еркін бәсекелестік дәуірімен сипатталады.

III кезең (XIX ғасырдың соңы — XX ғасыр) кәсіпкерлік қызметтің монополиялану дәуірімен байланыстырылады [93].

Сақтандырудың белсенді дамуы XV ғасырдың екінші жартысында, еуропалықтардың жаңа жерлерді белсенді игере бастауымен қатар жүрді. Ұлы географиялық ашулар дәуірі теңіз қатынасының, халықаралық сауданың дамуына және осы қызмет түрлеріне байланысты жаңа қауіптердің пайда болуына алып келді. Теңіз тәуекелдерінен қорғану мақсатында көпестер мен кеме иелері сауда экспедициялары кезеңінде олардың бірінің мүлкі жойылған жағдайда келтірілген шығынды барлығы бірлесіп өтейтіндігі жөнінде келісімдер жасасқан.

Біздің заманымызға дейін жеткен теңіз сақтандыру полистерінің (ақылы сақтандыру шартының) бірі 1347 жылы Генуядан Майорка аралына «Санта Клара» кемесімен жүк тасымалдауға берілген. Бұл сол кезеңде белгілі бір ақыға

(сақтандыру сыйақысына) сақтандыру қорғанысын ұсынатын коммерциялық сақтандырудың қалыптасып, дами бастағанын көрсетеді.

Осы уақытта алғашқы кәсіби сақтандырушылар — кәсіпкерлер пайда болды. Олар сақтандыру сыйақысын алу есебінен өз мүлкін кепілге қоя отырып, келтірілген зиянды өтеу міндеттемесін өздеріне қабылдады. Егер сақтандырылған мүлікке ешқандай зиян келмесе, төленген сақтандыру сыйақысы қайтарылмайтын болған.

1468 жылы Венециялық теңіз сақтандыру кодексі қабылданды [92, 112 б.]. XVII ғасырдың соңы мен XVIII ғасырдың басында теңіз сақтандыруы саласындағы алғашқы сақтандыру қоғамдары пайда болды: 1741 жылы Генуяда, 1686 жылы Парижде және Еуропаның басқа да негізінен портты қалаларында құрылды. Уақыт өте келе сақтандыру теңізбен байланысты емес өзге де тәуекелдерді қамти бастады.

Мүлікті өрттен сақтандырудың дамуына 1666 жылғы Ұлы Лондон өрті елеулі серпін берді. Бұл өрт Лондон қаласының орталығындағы 13 200 ғимаратты жойып жіберген болатын. Дәл осы қайғылы оқиғадан кейін әлемдегі өрттен сақтандыруды жүзеге асырған алғашқы сақтандыру компаниясы құрылды.

Өмірді сақтандыру да Ұлыбританияда пайда болды деп есептеледі. Дәл осы елде 1762 жылы «Equitable Life Assurance Society» сақтандыру компаниясы құрылды. 1765 жылы бұл компания өзара сақтандыру қоғамы ретінде тіркелді [25, 113 б.]. Аталған қоғам бүгінгі күнге дейін өмірді сақтандыру қызметін жүзеге асырып келеді.

Бұл ұйым алғашқылардың бірі болып өз қызметінде актуарлық есептеулерді қолдана бастады. 1772 жылы осы қоғамның тапсырысы бойынша өлім-жітім кестелері әзірленді, соның нәтижесінде сақтандыру сыйақыларының мөлшерін шамамен 15 %-ға төмендетуге мүмкіндік туды. Кейіннен бұл кестелерді басқа да өзара және коммерциялық сақтандыру ұйымдары пайдалана бастады, бұл сақтандыру қызметінің тиімділігін арттыруға ықпал етті [93].

XVIII ғасырдың соңына қарай Батыс Еуропада мүліктік және жеке сақтандырудың шамамен 100-ге жуық әртүрлі түрі болған.

Коммерциялық сақтандыру дамуының екінші кезеңіндегі негізгі алғышарттар, әсіресе XVIII ғасырдың соңы мен XIX ғасырдың басындағы өнеркәсіптік төңкеріс, мүліктік және жеке сақтандырудың одан әрі дамуына ықпал етті. Жеке сақтандыру ғылыми негізделген математикалық базаға – актуарлық есептеулерге сүйене бастады.

Осы кезеңде сақтандыру жеке кәсіпкерлік нысандарынан ұжымдық нысандарға, ең алдымен акционерлік қоғамдар түріне көшті. Сонымен қатар қосарлы сақтандыру (сақтандыруды бірнеше сақтандырушының бірлесіп жүзеге асыруы) және қайта сақтандыру институттары қалыптасты.

Үшінші кезеңнің басты нәтижесі ретінде сақтандырудың үш негізгі саласы бойынша мамандануның толық қалыптасуын атауға болады. Олар:

- мүліктік сақтандыру;
- жеке сақтандыру;

- жауапкершілікті сақтандыру.

Сонымен бірге сақтандыру қызметінің интернационалдануы жүзеге асып, қайта сақтандыру сақтандыру ісінің дербес әрі тұрақты институты ретінде орнықты.

Ғылыми әдебиеттерде сақтандырудың қашаннан бері бар екендігі туралы әртүрлі көзқарастар айтылады. Әдетте сақтандыру ежелгі римдіктерде болған деп есептеледі (бұл туралы Тит Ливий, Цицерон және Светоний еңбектерінде айтылған). Сондай-ақ Ежелгі Грекияда, Александр Македонский билік құрған кезеңде өзара және акционерлік сақтандыру қоғамдары құрылды. Басқа авторлар сақтандыруды тек XIII ғасырдан бастап [45, 30 б.] пайда болғанын айтады.

Сақтандырудың алғашқы белгілері Орта ғасырларда байқала бастады. Сол кезде арнайы қоғамдар құрылып, ақшалай кассалар қалыптасты. Ал олардың қаражаты алдын ала белгіленген қауіпті оқиғалар орын алған жағдайда жұмсалуға тиіс болды. А. Манес атап өткендей, XI ғасырдың өзінде-ақ мүшелерінің қайтыс болған жағдайда жерлеу рәсіміне арналған жарналарды жинайтын белгілі бір ағылшын гильдиясы болған. Данияда бір гильдияның мүшелері егер олардың біреуі кеме апатына ұшыраса немесе тұтқынға түссе, сол жағдайларға байланысты өзара келісім жасаған [94, 38 б.]. Осы кезеңде алғашқы дербес ұйымдар пайда болып, олар өз қызметінің нәтижелері негізінде статистикалық деректерге сүйене отырып тәуекелдерді жіктеп, шынайы сақтандырудың әдістемесін әзірлей бастады.

Осылайша, сақтандырудың бірінші тарихи кезеңі — оның пайда болуы мен қалыптасу кезеңі — XIII–XIV ғасырларға жатады деп пайымдауға болады. Осы кезеңде сақтандырудың одан әрі дамуына ықпал еткен сақтандыру ісін ұйымдастыру мен жүргізудің негізгі қағидаттары мен белгілері айқындалды.

Қоғам қауіпті және кенеттен болатын оқиғалардан келетін зиянды өтеуге мұқтаж бола бастаған сәттен бастап, сақтандыру ісін ұйымдастырудың жаңа әдістерін әзірлеу қажеттілігі туындады. Атап айтқанда, сақтандыруды кәсіби деңгейде, белгілі бір құқықтық регламент негізінде жүзеге асыру қажет болды. Бұл уақытқа дейін сақтандыру қатынастарын рәсімдеу тәсілі болмаған. Сақтандыру шарты өте сирек жасалған, ал сақтандыру полистерінің стандартты нысаны тәжірибеге әлі енгізілмеген еді.

Осы алғышарттардан сақтандыру дамуының жаңа тарихи кезеңі — сақтандыру ісін ұйымдастырудың құқықтық реттелу кезеңі басталды [95, 82 б.]. Бұл кезеңде сақтандырудың алғашқы жарғылары пайда болды: Барселонада (1435 ж.) және Венецияда (1468 ж.) теңіз сақтандыруын реттейтін ережелер қабылданды. 1549 жылы Нидерландта, 1601 жылы Англияда, 1681 жылы Францияда, 1727 жылы Пруссияда және 1734 жылы Гамбургте сақтандыру жарғылары пайда болды. Аталған құжаттардың барлығы негізінен теңіз сақтандыруын жүзеге асыру шарттарын айқындады. Өйткені Орта ғасырларда сауданың ең кең тараған түрі теңіз саудасы болды. Алайда ол табиғи-климаттық құбылыстар (дауыл, теңіздегі шторм), кеме жасаудың

жетілмегендігі, сондай-ақ қарақшылардың тұрақты шабуылдары мен тонауы салдарынан ең қауіпті сауда түрлерінің бірі болып саналды [96, 15 б.].

«Сақтандыру азаматтық құқықтың құқықтық институты ретінде терең тарихи тамырларға ие. Ол белгілі бір қоғамдық-экономикалық қатынастарды реттейді, олардың мәні табиғи апаттар мен өзге де төтенше жағдайлардан келтірілген зиянды осыған мүдделі барлық субъектілер арасында ынтымақтаса бөлу негізінде өтеуден тұрады.

Сақтандыру алғашқы қауымдық құрылыстың ыдырау кезеңінде-ақ қалыптаса бастады. Қоғамдық еңбек бөлінісінің пайда болуы, натуралдық айырбастың дамуы, жеке меншіктің қалыптасуы және тауар-ақша қатынастарының өркендеуі мүлік иелерінде өз мүлкінің сақталуына қатысты алаңдаушылық пен «сақтану» қажеттілігін туындатты. Бұл қауіптер табиғи апаттар, өрттер, тонау әрекеттері және басқа да күтпеген жағдайлар салдарынан мүліктің жойылуы немесе жоғалуы мүмкіндігімен байланысты болды» [97].

Қазақстан Республикасындағы сақтандыру қызметінің даму кезеңдері Н.Б. Мынбаева еңбектерінде өте жақсы қарастырылған. Ол алты кезеңді бөліп көрсетеді [7, 128 б.]. Бұл кезеңдер Қазақстан тәуелсіздік алғаннан кейінгі қаржы-құқықтық нормалардың заңнамалық бекітілуімен тығыз байланысты. Мынбаева Н.Б. бірінші кезеңді 1992 жылғы 3 шілдеде қабылданған «Қазақстан Республикасындағы сақтандыру туралы» Заңымен байланыстырады [99].

«Қазақстанда сақтандыру институтының қалыптасуы еліміздің тәуелсіздік алу кезеңімен тұспа-тұс келді. Сақтандыру нарығының қалыптасуы экономикалық өтпелі кезең жағдайында жүзеге асты. Өндірістің құлдырауы, кәсіпорындардың төлем қабілетсіздігі, инфляция, жұмыссыздық, рентабельді емес кәсіпорындардың банкротқа ұшырауы сияқты макроэкономикалық құбылыстар сақтандыру нарығының жағдайына тікелей әсер етті.

1990-жылдардың басында жаңадан құрылған сақтандыру компанияларының жеткілікті тәжірибесі мен ірі қаржылық ресурстары болмады. Бұл көптеген сақтандыру ұйымдарының заңды түрде күйреуіне алып келді. Сонымен қатар олардың нарықтан кетуі республика халқының басым бөлігінде сақтандыру жүйесіне деген сенімсіздік пен сақтандыру институтын қабылдамау көзқарасын қалыптастырды.

Сақтандыру компаниялары қызметіндегі сәтсіздіктер олардың тәжірибесінің аздығымен ғана емес, ең алдымен мемлекеттің қаржылық тұрақсыздығымен түсіндірілді» [97].

М. Г. Алимжанованың пікірінше, «Қазақстандағы сақтандыру қызметінің даму кезеңдерін кеңестік дәуірден бастау қажет. Бұл кезең тәуелсіз Қазақстанның тікелей даму кезеңі болмаса да, Қазақстан Кеңес Одағының құрамында болған кездегі сақтандыру заңнамасының тәжірибесі өте маңызды әрі айқындаушы мәнге ие. Бүгінде де сақтандыру мәселелерін ғылыми тұрғыдан зерттеу кезінде қазіргі ғалымдар кеңестік кезеңдегі зерттеулерге міндетті түрде жүгінеді. Өйткені дәл осы кезеңде одақтас республикалардың, соның ішінде Қазақстан Республикасының сақтандыру заңнамасының негізгі концептуалдық бастамалары қалыптасты» [87, 19 б.]. Осыған байланысты

ғалым өзінің диссертациясында Қазақстан аумағындағы сақтандыру заңнамасының дамуын жеті кезеңге бөліп көрсетеді.

Бірінші кезең, 1917-1925 жылдар деп санауға болады. Қазақстан аумағындағы сақтандыру заңнамасының кеңестік кезеңі 1917 жылғы Қазан төңкерісінен басталады. 1918 жылдың наурызында Владимир Ленин Халық Комиссарлар Кеңесінің «Сақтандырудың барлық түрлеріне, әлеуметтік сақтандыруды қоспағанда, мемлекеттік бақылау орнату туралы» декретіне қол қойды.

Сақтандыру ісін толық ұлттық меншікке айналдыру жолындағы келесі қадам ретінде РКФСР Халық Комиссарлар Кеңесінің 1918 жылғы 28 қарашадағы «Ресей Республикасындағы сақтандыру ісін ұйымдастыру туралы» Декреті қабылданды. 1924 жылғы 16 желтоқсанда КСРО Қаржы халық комиссариатының «Мемлекеттік кепілді сақтандыру туралы» қаулысы қабылданды.

Екінші кезең, 1925-1988 жылдар. 1925 жылы сақтандырудың барлық түрлері бойынша КСРО-да мемлекеттік монополия жариялануымен сипатталды. 1925 жылдан 1988 жылға дейінгі сақтандыру заңнамасының дамуын екінші кезең ретінде сипаттауға болады. Бұл кезеңде КСРО заңнамасы сақтандыру қызметіне мемлекеттік монополия орнатты, кейіннен бұл монополия жойылды.

Үшінші кезең, 1988 – 1992 жылдар аралығы. КСРО Жоғарғы Кеңесінің 1988 жылғы 26 мамырдағы «КСРО-дағы кооперация туралы» Заңы қабылданды. Сақтандыру заңнамасының үшінші кезеңі 1992 жылға дейін жалғасты, яғни тәуелсіз Қазақстан Республикасында «Қазақстан Республикасындағы сақтандыру туралы» заң қабылданғанға дейін созылды.

Төртінші кезең, Қазақстан Республикасының егемен және тәуелсіз мемлекет ретінде қалыптасуымен сипатталады. Бұл кезең, ең алдымен, 1992 жылғы 3 шілдеде қабылданған «Қазақстан Республикасындағы сақтандыру туралы» Заңымен байланысты [87]. Сонымен қатар, М.Г. Алимжанова 1993-2000 жылдыр аралығында қабылданған жарлықтар (1993 ж., 1994 ж., 1995 ж.) мен заңды (2000 ж.) бесінші, алтыншы, жетінші кезеңдерге бөліп көрсетеді.

1991 жылы КСРО ыдырағаннан кейін мемлекеттік сақтандыру ұйымдары банкроттық шегіне жетті. Тәуелсіз Қазақстан Республикасы нарықтық экономикаға көше бастады, бұл қоғамдағы базалық экономикалық қатынастарды түбегейлі өзгертуді талап етті. Уақыт өте келе Қазақстан Конституциясында жеке меншік бекітіліп, мемлекеттік емес дербес шаруашылық субъектілері, жеке кәсіпкерлік дами бастады. Қазіргі таңда нарықтық экономика жағдайында қаржылық қатынастардың ауқымы да кеңейді.

Бүгінде қаржы ғылымы кең мағынада қаржыға тек бюджет жүйесінің, мемлекеттік бюджеттен тыс қорлардың, мемлекеттік сақтандырудың қаражаттарын жинақтау және пайдалану жөніндегі қатынастарды ғана емес, сондай-ақ мемлекеттік емес сақтандыру қорларын, кредиттік ұйымдарды, өндірістік және өндірістік емес сала ұйымдарын, қайталама қаржы нарығы

қорларын, халықаралық инвестициялық және қаржы-кредиттік ұйымдар қорларын да жатқызады. Осыған байланысты нарықтық экономика жағдайында мемлекет рөлінің де сапалық өзгерістері байқалады: ол орталықтандырылған және орталықтандырылмаған ақша қорларын жинақтау, қайта бөлу және пайдалану процестерін құқықтық тұрғыда реттейтін жалпы ережелерді белгілейді. Мемлекет қаржы саясатын іске асыру мақсатында қаржылық қатынастарды, соның ішінде сақтандыру саласын да құқықтық реттеудің жаңа тәсілдерін қолдануға мәжбүр болады.

Осылайша, Қазақстан Республикасының нарықтық экономикаға көшу кезеңінде мемлекеттік орталықтандырылған сақтандыру (резервтік) қорлары, шаруашылық субъектілерінің өзін-өзі сақтандыру қорлары және сақтандыру компанияларының қорлары арасындағы арақатынас түбегейлі өзгеріп, сақтандыру компанияларының үлесі арта түсті. Мемлекеттік сақтандыру (резервтік) қорлары бұрынғы басым рөлін біртіндеп жоғалта бастады.

Алайда, өтпелі кезеңдегі экономикалық қиындықтар сақтандыру қатынастары субъектілері үшін қосымша кедергілер туғызды.

Шын мәнінде, Қазақстан Республиксының тәуелсіз мемлекет ретінде қалыптасып, мемлекеттегі сақатандыру заңнамасының бастау алуы 1992 жылмен басталады деп санауға болады. Қазақстан 1992 жылы 3 шілдеде «Қазақстан Республикасындағы сақтандыру туралы» Заңын қабылдады.

Заңның іске асырылуы нәтижесінде:

- сақтандыру кәсіпкерлік қызметтің бір түрі ретінде танылды;
- сақтандыру саласының нормативтік-құқықтық базасын қалыптастырудың негізі қаланды;
- сақтандыруды дамыту, отандық сақтандыру нарығын құру және оны монополиясыздандыру үшін экономикалық, құқықтық және өзге де жағдайлар қамтамасыз етілді.

«Қазақстан Республикасындағы сақтандыру туралы» Заңымен сақтандырудың нысандары (міндетті және ерікті) және түрлері (жеке, мүліктік, мүліктік емес) айқындалды. Сонымен қатар, Қазақстандағы әлеуметтік-экономикалық қатынастарда бұрын болмаған жаңа сақтандыру институттары – «бірлескен сақтандыру» және «қайта сақтандыру» енгізілді.

Сақтандырушыны құру және тіркеу рәсімі бұл актіге сәйкес ерекше талаптарсыз, жалпы тәртіппен жүзеге асырылды, тек жарғылық қордың мөлшеріне қатысты талаптардан басқа. Сақтандырушының жарғылық қоры кемінде 100 мың рубль болуы тиіс еді. Бұл тәсіл заңды және жеке тұлғалардың сақтандыру ұйымдарын құруға қызығушылығын арттырды. Нәтижесінде бірнеше жылдың ішінде елде 700-ден астам сақтандырушы пайда болды. Отандық сақтандыру нарығын жедел қалыптастыру мақсатында бұл заң Қазақстан аумағында шетелдік сақтандыру ұйымдарының қызметіне де рұқсат берді.

Сондай-ақ заң нормалары сақтандырушыларға сақтандыру қызметімен қатар, заңмен тыйым салынбаған кез келген өзге де кәсіпкерлік қызметпен айналысуға мүмкіндік берді. Бұл сақтандыру ұйымдарының экономикалық

тұрғыдан нығаюына және олардың табыстылығының артуына ықпал етті. Алайда мұндай еркіндік сақтандырушының сақтандыру резервтерін жоғалту қаупін де туғызып, сақтанушылардың мүддесіне қауіп төндіруі мүмкін еді.

Сонымен қатар заң сақтандыру қатынастары субъектілері арасындағы шарттық қатынастарды реттейтін нормаларды және сақтандыру шартына қатысты ережелерді де қамтыды.

Қазақстандағы сақтандыруды ұйымдастырудың сол кезеңдегі мақсаттары мен міндеттерін ескере отырып, заңмен белгіленген реттеу деңгейі орынды әрі қисынды деп бағаланады [98, 128-138 бб.].

Осылайша, бұл кезеңде елеулі өзгерістер орын алып, сақтандырудың жеке секторын қалыптастыруға және сақтандыру қызметін кәсіпкерлік қызмет ретінде жүзеге асыруға мүмкіндік туды. Нәтижесінде қаржы-кредит жүйесін реформалау отандық жинақ нарығын ұйымдастыратын қатысушылар шеңберін кеңейту мәселесін шешуге ықпал етті.

Жалпы алғанда, біздің ойымызша, 1992–1993 жылдар кезеңіндегі алғашқы әрекеттер қаржы пирамидаларының құрылуы, кредиттік институттарды реттеудің төмен сапасы және жинақ нарығына заманауи қаржылық қызметтерді жылжыту технологияларының болмауы салдарынан сәтсіз аяқталды деп тану қажет. Соның нәтижесінде халықтың (инвесторлардың) отандық қаржы институттарына деген сенімі күрт төмендеп, олардың қызығушылығы шетел валютасын сатып алуға ауысты.

Қазақстандағы сақтандыру ісі мен сақтандыру нарығының қалыптасуы мен ұйымдасуындағы келесң қадам Қазақстан Республикасы Президентінің 1993 жылғы 8 сәуірдегі «1992 жылғы 3 шілдедегі «Қазақстан Республикасындағы сақтандыру туралы» Заңға өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Жарлығымен байланысты [100]. Осы Жарлықпен шетел азаматтары мен заңды тұлғалардың, сондай-ақ шетелдік қатысуы бар бірлескен кәсіпорындардың Қазақстан аумағында сақтандырушы ретінде қызмет жүргізуіне тыйым салатын норма енгізілді. Бұл жаңалық ұлттық сақтандырушылардың мүддесін қорғауға бағытталды, себебі олар қаржылық қуаты, сақтандыру қызметтерінің сапасы мен әртүрлілігі жағынан шетелдік сақтандырушылармен және қайта сақтандырушылармен бәсекелесе алмайтын еді. Сонымен қатар, Қазақстан аумағында тіркелген шетелдік заңды тұлғалар мен шетелдік қатысуы бар заңды тұлғалар міндетті сақтандыру түрлері бойынша тек отандық сақтандыру ұйымдарында сақтандырылуға тиіс екендігі белгіленді.

Сондай-ақ сақтанушыларға салық салу шарттары да өзгертіліп, бұрын көзделген салықтық жеңілдіктер қысқартылды. Енді сақтанушылар өндірістік шығындарға тек міндетті сақтандыру түрлері бойынша төлемдерді ғана жатқыза алатын болды.

Сақтандыру қызметінің ерекшелігіне қарай қосымша талаптарсыз, салыстырмалы түрде жеңіл құрылу тәртібі, сондай-ақ іс жүзінде реттелмеген және бақыланбайтын сақтандыру нарығы елде «сақтандыру бумының» пайда

болуына әкелді. Алайда бұл жағдай әртүрлі теріс пайдалану әрекеттері үшін де қолайлы орта қалыптастырды.

Сақтандырушылар үшін негізгі табыс көздері ретінде қарыз алушының несиені өтемеу жауапкершілігін сақтандыру және қысқа мерзімді қайтарымды сақтандыру түрлері болды [98, 128-138 бб.].

Осылайша, бұл кезең Қазақстан Республикасында сақтандыру жүйесін тәртіпке келтіруге және реттеуге бағытталған мемлекеттік әрекеттермен сипатталады.

Н.Б. Мынбаева Қазақстандағы сақтандыру ісін ұйымдастыру және сақтандыру нарығын қалыптастырудың жеке кезеңі ретінде Қазақстан Республикасы Президентінің 1994 жылғы 16 сәуірдегі «Сақтандыру нарығын қалыптастыру мен дамыту жөніндегі ұйымдастырушылық-құқықтық шаралар туралы» Жарлығын бөліп көрсетеді [101]. Бұл Жарлық нарықтық қағидаттарға негізделген толыққанды ұлттық сақтандыру нарығын қалыптастыру мен дамытуға қажетті алғышарттардың қалыптасуына жол ашты. Аталған құжаттың қабылдануымен сақтандыру қызметін мемлекеттік реттеу және оған қадағалау институты алғаш рет енгізілді. Бұл институт сақтандырушылар мен қайта сақтандырушылардың қызметін лицензиялау және бақылау мүмкіндігін қамтамасыз етті. Мұндай реттеу тетігінің енгізілуі өте маңызды қадам болды, өйткені ол сақтандыру саласында орын алған бейберекетсіздік пен ретсіздікті тоқтатуға мүмкіндік берді. Тиімді реттеу жүйесінсіз толыққанды, тұрақты және бәсекеге қабілетті сақтандыру нарығын құру мүмкін емес екендігі әлемдік тәжірибеде де дәлелденген.

Жарлыққа сәйкес, сақтандыру қызметін реттейтін мемлекеттік органның өкілеттіктері Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі құрамында құрылған Сақтандыру департаментіне берілді. Сонымен қатар сақтандырушылар мен қайта сақтандырушылардың ұйымдық-құқықтық нысанына нақты талаптар қойылды: енді олар тек акционерлік қоғам нысанында ғана құрылуы тиіс болды. Сондай-ақ өзара сақтандыру қоғамдарын құру мүмкіндігі де қарастырылды.

Сақтандырушы (немесе қайта сақтандырушы) сақтандыру қызметін жүзеге асыру құқығын тек жарғылық капиталын ақшалай нысанда толық төлегеннен кейін ғана ала алатын болды. Жарғылық капитал мөлшері сақтандыру түрлері бойынша кемінде 2 миллион теңге, ал тек қайта сақтандырумен айналысатын ұйымдар үшін 20 миллион теңге болып белгіленді. Лицензиялаудың негізгі шарты ретінде сақтандыру ұйымдары Сақтандыру департаментіне құрылтай құжаттарын, сақтандыру түрлері бойынша ережелерді, басшылар туралы мәліметтерді, алғашқы үш жылға арналған бизнес-жоспарды және өзге де құжаттарды ұсынуы тиіс болды.

Жарлық тек капиталға қойылатын талаптарды ғана емес, сақтандыру ұйымдарының қаржылық тұрақтылығы мен төлем қабілеттілігін қамтамасыз етуге қатысты талаптарды да бекітті. Осыған байланысты сақтандыру ұйымдарына сақтандыру қызметінен басқа кез келген кәсіпкерлік қызметпен

айналысуға тыйым салынды, сондай-ақ бір сақтандыру шарты бойынша сақтандырушының ең жоғарғы жауапкершілік шектері енгізілді.

Лицензиялау мақсатында сақтандыру түрлерінің жіктелуі де енгізілді: жеке сақтандыру саласында 3 класс, мүліктік сақтандыру саласында 7 класс, жауапкершілікті сақтандыру саласында 3 класс және қайта сақтандыру бойынша жеке лицензиялау қарастырылды [98, 128-138 бб.].

Жалпы алғанда, Н.Б. Мынбаева көрсеткендей, бұл Жарлықтың Қазақстандағы сақтандыру жүйесінің дамуына маңызы зор екенімен келісе отырып, оның сақтандыру қызметін құқықтық реттеу саласына елеулі өзгерістер енгізгенін атап өткен жөн.

Қазақстандағы сақтандыру ісін ұйымдастыру мен сақтандыру нарығының жаңа кезеңі Қазақстан Республикасы Президентінің заң күші бар 1995 жылғы 3 қазандағы «Сақтандыру туралы» Жарлығын қабылдаумен байланысты [102]. Бұл Жарлық сақтандыру нарығында барлық сақтандырушылар арасында адал және еркін бәсекелестікті дамытуға жағдай жасады, соның ішінде сақтандыру саласына шетелдік инвестициялар үшін нарықты ішінара ашты. Сақтандыру қызметін реттеу мен қадағалау деңгейі осы саладағы халықаралық тәжірибені ескере отырып, неғұрлым жоғары деңгейге көтерілді. Атап айтқанда, сақтандырушылардың қызметі «өмірді сақтандыру» және «жалпы сақтандыру» салалары бойынша бөлініп, бұл екі бағытты қатар жүзеге асыруға тыйым салынды.

Ең маңызды жаңалықтардың бірі – сақтандырушылардың қаржылық тұрақтылығы мен төлем қабілеттілігін нығайтуға бағытталған бірқатар шаралардың көзделуі болды. Мәселен, жарғылық капиталға қойылатын талаптар едәуір күшейтілді (кемінде 40 мың АЕК), сондай-ақ оның сапасына да талап қойылып, жарғылық капиталдың 75%-ы ақшалай түрде төленуі тиіс болды. Бұдан бөлек, сақтандырушының ең жоғарғы жауапкершілік көлемі, қайта сақтандыру, сақтандыру резервтерін қалыптастыру және оларды орналастыру тәртібі сияқты қосымша талаптар енгізілді. Сақтандыруды мемлекеттік қадағалау органының мәртебесі көтеріліп, оның өкілеттіктері кеңейтілді. Ендігі жерде бұл функцияларды дербес орган – Қазақстан Республикасының Мемлекеттік сақтандыру қадағалауы жүзеге асырды.

Аталған Жарлықтың қабылдануы отандық сақтандыру нарығының біртіндеп дамуына ықпал етіп, оның қалыптасу кезеңінде маңызды оң рөл атқарды [98, 128–138 бб.].

Осы кезеңде қабылданған Қазақстан Республикасы Президентінің 1998 жылғы 30 маусымдағы №3986 «Мемлекеттік басқару органдарын оңтайландыру жөніндегі шаралар туралы» Жарлығы сақтандыру саласындағы мемлекеттік қадағалау органының функциялары мен өкілеттіктерін Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкіне беруіне негіз болды [103]. Қазақстан Ұлттық Банкіне сақтандыруды реттеу өкілеттіктерінің берілуі елдегі сақтандыру ісін реформалаудың практикалық жүзеге асуына мүмкіндік берді. Бұл реформалар нәтижесінде толыққанды, тұрақты жұмыс істейтін және қоғам сеніміне ие ұлттық сақтандыру нарығын қалыптастыру мақсаты көзделді.

Біздің ойымызша, Қазақстандағы сақтандыру ісі мен сақтандыру нарығын ұйымдастырудың жаңа кезеңі 2000 жылғы 18 желтоқсанда қабылданған «Сақтандыру қызметі туралы» Қазақстан Республикасының Заңымен байланысты.

Қазақстан Республикасының 2000 жылғы 18 желтоқсандағы «Сақтандыру қызметі туралы» Заңы сақтандыру нарығын ұйымдастырудың мынадай негізгі мәселелерін реттеді:

- сақтандырудың салалары, сыныптары және түрлері;
- сақтандыру нарығының кәсіби қатысушыларының құқықтық мәртебесі; алғаш рет заңнамалық деңгейде сақтандыру делдалдары айқындалды;
- сақтандыру және қайта сақтандыру ұйымдарын құру, қайта ұйымдастыру және тарату тәртібі;
- сақтандыру және қайта сақтандыру қызметін лицензиялау;
- сақтандыру қызметін реттеу және сақтандыру қадағалауын жүзеге асыру;
- сақтандыру нарығының кәсіби қатысушыларына қатысты қаржылық санкциялар қолдану тәртібі [18].

Аталған заң сақтандыру ұйымдарын құру сатысынан бастап олардың құрылтайшыларының қаржылық орнықтылығын тексеруді қамтамасыз ететін нормаларды енгізді, сондай-ақ сақтандыру қызметінің бүкіл кезеңінде төлем қабілеттілігінің төмендеу қаупін барынша азайтуға бағытталды және сақтандыру нарығына тиімді мемлекеттік қадағалау орнатты.

Лицензиялау тәртібін жүйелеу және сақтандырушылардың жеткілікті капиталдануын қамтамасыз ету мақсатында сақтандыру салалар мен сыныптарға бөлінді. Отандық сақтандыру нарығындағы шетелдік қатысудың үлесі оңтайлы түрде шектелді. Сонымен қатар сақтандыру брокерлері, сақтандыру агенттері, актуарийлер, уәкілетті аудиторлар сияқты өзге де сақтандыру нарығы субъектілерінің құқықтық негіздері белгіленді [98, 128–138 бб.].

Сақтандыру нарығының дамуын жеделдету мақсатында өмірді сақтандырумен айналысатын ұйымдардың және қайта сақтандырушылардың қызметінің ерекшеліктері қарастырылды. Шетелдік қайта сақтандырушыларға қойылатын рейтингтік талаптар енгізіліп, қайта сақтандыру операцияларына лимит белгіленді. Бұл шаралар сенімді қайта сақтандыру жүйесін қалыптастыруға, ұлттық бірлескен сақтандыру мен қайта сақтандыру нарығын дамытуға және отандық сақтандырушылардың сақтандыру портфелін әртараптандыруға бағытталды. Уәкілетті мемлекеттік органның өкілеттіктері едәуір кеңейтілді. Оған пруденциалдық және өзге де нормативтерді белгілеу, сондай-ақ сақтандырушылар заңнаманы бұзған жағдайда оларға санкциялар қолдану құқығы берілді [98, 128–138 бб.].

Осы кезеңге, 2003 жылғы 4 шілдеде қабылданған «Қаржы нарығы мен қаржы ұйымдарын мемлекеттік реттеу және қадағалау туралы» Қазақстан Республикасының Заңын да жатқызуға болады [104].

Заң ұлттық сақтандыру нарығын елдің қаржы нарығының бір бөлігі ретінде сипаттайды, ал сақтандыру қызметін қаржылық қызмет түріне жатқызады. Осылайша, отандық сақтандыру нарығының жаңа сапалық деңгейге көтерілгенін сенімді түрде айтуға болады. Бұл өз кезегінде сақтандыру қызметін реттеудің стандарттары мен әдістерін жетілдіруге, сақтандыру саласына заманауи технологияларды енгізуге және жаңа қаржы құралдарын дамытуға алып келуі тиіс. Аталған жетінші кезеңде, біздің ойымызша, Қазақстан Республикасында кәсіпкерлік бастама мен сақтандыру компаниялары қызметіне мемлекеттік қадағалау қағидаттарына негізделген сақтандыру қызметтері нарығы қалыптасты. Бұл жүйенің негізінде мемлекет пен сақтанушылардың мүдделерін қорғау қағидаты жатыр және ол сақтандыру құқығы нормаларымен бекітілген [98, 138 б.].

Қазақстан Республикасындағы сақтандыру қызметінің және жалпы сақтандыру жүйесінің қазіргі даму кезеңі коммерциялық сақтандыру қызметін исламдық сақтандыру моделіне белгілі бір деңгейде интеграциялаумен сипатталады. 2008 жылы исламдық банк қызметінің қағидаттары қалыптасқаннан кейін, Қазақстанда заңнамалық деңгейде исламдық сақтандыру нормаларын енгізу мәселесі біртіндеп талқылана бастады.

2011 жылы 22 шілдеде Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне исламдық қаржыландыруды ұйымдастыру мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы Қазақстан Республикасының заңы қабылданды [105]. Бұл құжатта Қазақстан Республикасында исламдық сақтандыруды реттеу мәселесі қарастырылды. Онда қазіргі қолданыстағы коммерциялық сақтандыру халықтың барлық қажеттіліктері мен сұраныстарын толық қанағаттандырмайтыны атап өтілді. Сондай-ақ Қазақстанның қаржы жүйесі шеңберінде басталған исламдық қаржы жүйесі исламдық сақтандырусыз толыққанды жұмыс істей алмайтыны көрсетілді, себебі бұл исламдық қаржы моделінің ерекшелігімен байланысты.

2015 жылғы 27 сәуірде Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне сақтандыру және исламдық қаржыландыру мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы Қазақстан Республикасының заңы қабылданды [106]. Бұл заңда Қазақстанда исламдық сақтандыруды енгізу арқылы толыққанды исламдық қаржы жүйесін қалыптастыруға, исламдық банктердің қызметіне қолайлы жағдай жасауға, сақтандыру төлемдерін кепілдендіру жүйесінің тұрақтылығы мен қаржылық орнықтылығын қамтамасыз етуге және еңбек міндеттерін атқару кезінде жұмыскерді жазатайым оқиғалардан міндетті сақтандыру жүйесін жетілдіруге бағытталған. Осы мақсаттарды іске асыру үшін заңда исламдық сақтандыруды құқықтық қамтамасыз ету, исламдық банктік қызмет заңнамасын жетілдіру, міндетті сақтандыру саласындағы өзекті мәселелерді шешу және сақтандыру төлемдеріне кепілдік беретін ұйымның тұрақты жұмыс істеуін қамтамасыз ету жөніндегі тұжырымдамалық нормалар бар.

Қазақстан Республикасында әлеуметтік қамсыздандыру саласындағы жаңа қадамдардың бірі - 20 сәуір 2023 жылы ҚР Әлеуметтік кодекстің

қабылдануы болды [68]. Осы кодекстің қабылдануымен елімізде сақтандыру саласын реттейтін бірқатар құқықтық актілердің заңдық күші жойылды. Атап айтқанда:

«Осы Кодекс қолданысқа енгізілген күннен бастап мыналардың:

1) «Қазақстан Республикасында мүгедектігі бойынша және асыраушысынан айырылу жағдайы бойынша берілетін мемлекеттік әлеуметтік жәрдемақылар туралы» 1997 жылғы 16 маусымдағы Қазақстан Республикасы Заңының;

2) «Қазақстан Республикасындағы арнаулы мемлекеттік жәрдемақы туралы» 1999 жылғы 5 сәуірдегі Қазақстан Республикасы Заңының;

3) «Мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмек туралы» 2001 жылғы 17 шілдедегі Қазақстан Республикасы Заңының;

4) «Қазақстан Республикасында мүгедектігі бар адамдарды әлеуметтік қорғау туралы» 2005 жылғы 13 сәуірдегі Қазақстан Республикасы Заңының;

5) «Балалы отбасыларға берілетін мемлекеттік жәрдемақылар туралы» 2005 жылғы 28 маусымдағы Қазақстан Республикасы Заңының;

6) «Арнаулы әлеуметтік қызметтер туралы» 2008 жылғы 29 желтоқсандағы Қазақстан Республикасы Заңының;

7) «Қазақстан Республикасында зейнетақымен қамсыздандыру туралы» 2013 жылғы 21 маусымдағы Қазақстан Республикасы Заңының;

8) «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне зейнетақымен қамсыздандыру мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» 2015 жылғы 2 тамыздағы Қазақстан Республикасы Заңының;

9) «Халықты жұмыспен қамту туралы» 2016 жылғы 6 сәуірдегі Қазақстан Республикасы Заңының;

10) «Міндетті әлеуметтік сақтандыру туралы» 2019 жылғы 26 желтоқсандағы Қазақстан Республикасы Заңының күші жойылды деп танылсын» [68].

Қазіргі таңда сақтандыру саласы көптеген құқықтық актілермен реттеледі:

1) Қазақстан Республикасының Конституциясы [3];

2) Сақтандыру қызметі туралы Қазақстан Республикасының 2000 жылғы 18 желтоқсандағы N 126 Заңы [18];

3) Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексі (Жалпы бөлім) Қазақстан Республикасының Кодексі 1994 жылғы 27 желтоқсандағы № 268-XIII [60];

4) Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексі (ерекше бөлім) Қазақстан Республикасының 1999 жылғы 1 шілдедегі N 409 Кодексі [37];

5) Қазақстан Республикасының Әлеуметтік кодексі Қазақстан Республикасының 2023 жылғы 20 сәуірдегі № 224-VII ҚРЗ Кодексі [68];

6) Қазақстан Республикасының Кәсіпкерлік кодексі Қазақстан Республикасының Кодексі 2015 жылғы 29 қазандағы № 375-V ҚРЗ.

7) Қазақстан Республикасының Цифрлық кодексі Қазақстан Республикасының Кодексі 2026 жылғы 9 қаңтардағы № 255-VIII ҚРЗ [118];

8) Сақтандыру төлемдеріне кепілдік беру қоры туралы Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 3 маусымдағы N 423 Заңы [107];

9) Жекеше нотариустардың азаматтық-құқықтық жауапкершілігін міндетті сақтандыру туралы Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 11 маусымдағы N 435 Заңы [108];

10) Аудиторлық ұйымдардың азаматтық-құқықтық жауапкершілігін міндетті сақтандыру туралы Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 13 маусымдағы N 440 Заңы [109];

11) Тасымалдаушының жолаушылар алдындағы азаматтық-құқықтық жауапкершілігін міндетті сақтандыру туралы Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 1 шілдедегі N 444 Заңы [110];

12) Көлік құралдары иелерінің азаматтық-құқықтық жауапкершілігін міндетті сақтандыру туралы Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 1 шілдедегі N 446 Заңы [111];

13) Туристі міндетті сақтандыру туралы Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 31 желтоқсандағы N 513 Заңы [112];

14) Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне агроөнеркәсіптік кешенді реттеу мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы Қазақстан Республикасының Заңы 2019 жылғы 28 қазандағы № 268-VI ҚРЗ [113];

15) Қызметі үшінші тұлғаларға зиян келтіру қаупімен байланысты объектілер иелерінің азаматтық-құқықтық жауапкершілігін міндетті сақтандыру туралы Қазақстан Республикасының 2004 жылғы 7 шілдедегі N 580 Заңы [114];

16) Қызметкер еңбек (қызметтік) міндеттерін атқарған кезде оны жазатайым оқиғалардан міндетті сақтандыру туралы Қазақстан Республикасының 2005 жылғы 7 ақпандағы N 30 Заңы [115];

17) Өзара сақтандыру туралы Қазақстан Республикасының 2006 жылғы 5 шілдедегі N 163 Заңы [116];

18) Міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру туралы Қазақстан Республикасының Заңы 2015 жылғы 16 қарашадағы № 405-V ҚРЗ [117];

19) Қаржы нарығы мен қаржы ұйымдарын мемлекеттік реттеу, бақылау және қадағалау туралы Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 4 шілдедегі N 474-II Заңы [104];

20) Дербес деректер және оларды қорғау туралы Қазақстан Республикасының 2013 жылғы 21 мамырдағы № 94-V Заңы [166] және т.б.

Қорыта келе, Қазақстан Республикасының сақтандыру заңнамасының даму кезеңдерін келесі 4 топқа бөлуге болады:

1-кезең. Сақтандыру заңнамасының қалыптасу кезеңі (1992–1994 жж.)

Негізгі ерекшеліктері:

- 1992 жылғы «Қазақстан Республикасындағы сақтандыру туралы» Заң қабылданды;

- сақтандыру қызметі кәсіпкерлік қызмет ретінде танылды;
- міндетті және ерікті сақтандыру институттары енгізілді;
- қайта сақтандыру және бірлескен сақтандыру жүйесі қалыптасты;
- жеке сақтандыру ұйымдарының қызметіне рұқсат берілді.

Кезеңнің маңызы: Бұл кезеңде тәуелсіз Қазақстандағы сақтандыру жүйесінің алғашқы құқықтық негіздері қаланды және ұлттық сақтандыру нарығы қалыптаса бастады.

2-кезең. Мемлекеттік реттеу және институционалдық қалыптастыру кезеңі (1994–2000 жж.)

Негізгі ерекшеліктері:
- сақтандыру қызметін лицензиялау енгізілді;
- мемлекеттік қадағалау жүйесі құрылды;
- сақтандырушыларға қаржылық тұрақтылық талаптары қойылды;
- сақтандыру қызметі «өмірді сақтандыру» және «жалпы сақтандыру» салаларына бөлінді;
- сақтандыруды реттеу өкілеттіктері Ұлттық Банкке берілді.

Кезеңнің маңызы: Бұл кезең сақтандыру нарығын кәсібилендіруге, мемлекеттік бақылауды күшейтуге және сақтандыру ұйымдарының сенімділігін арттыруға бағытталды.

3-кезең. Қазіргі сақтандыру заңнамасының қалыптасуы кезеңі (2000–2010 жж.)

Негізгі ерекшеліктері:
- 2000 жылғы «Сақтандыру қызметі туралы» Заң қабылданды;
- сақтандыру нарығының кәсіби қатысушыларының құқықтық мәртебесі айқындалды;
- сақтандыру брокерлері, агенттері және актуарийлер институты енгізілді;
- пруденциалдық нормативтер бекітілді;
- сақтандыру қызметі қаржы нарығының құрамдас бөлігі ретінде дамыды.

Кезеңнің маңызы: Бұл кезеңде Қазақстанның сақтандыру заңнамасы халықаралық стандарттарға жақындап, заманауи сақтандыру жүйесінің құқықтық негізі қалыптасты.

4-кезең. Исламдық сақтандыру, цифрландыру және жасанды интеллект негізінде жаңғырту кезеңі (2010 жылдан қазіргі уақытқа дейін)

Негізгі ерекшеліктері:
- 2011 және 2015 жылдары исламдық қаржыландыру мен исламдық сақтандыруға қатысты заңдар қабылданды;
- 2026 жылы 9 қаңтарды Қазақстан Республикасының Цифрлық кодексі қабылданды [118];
- исламдық сақтандыру (такафул) институтының құқықтық негіздері енгізілді;
- электрондық сақтандыру жүйесі мен онлайн сақтандыру қызметтері дамыды;
- сақтандыру қызметтерін автоматтандыру және цифрландыру үрдісі күшейді;

- сақтандыру саласында жасанды интеллект (AI) технологияларын қолдану басталды;

- Big Data, скоринг, тәуекелдерді автоматты бағалау және онлайн-андеррайтинг жүйелері енгізілуде;

- халықаралық стандарттарға бейімделу және InsurTech технологияларын дамыту жүзеге асырылуда.

Кезеңнің маңызы: Бұл кезең сақтандыру заңнамасын жаңғыртуға, халықаралық тәжірибеге бейімдеуге, цифрлық технологиялар мен жасанды интеллект арқылы сақтандыру қызметтерінің тиімділігін, ашықтығын және қолжетімділігін арттыруға бағытталды.

Қазіргі кезеңде Қазақстан Республикасының сақтандыру заңнамасы көптеген нормативтік құқықтық актілерден тұратын күрделі құқықтық жүйе ретінде қалыптасқан. Сақтандыру саласындағы қоғамдық қатынастар Қазақстан Республикасының Конституциясымен, Азаматтық кодексімен, «Сақтандыру қызметі туралы» Қазақстан Республикасының Заңымен, сондай-ақ міндетті сақтандырудың жекелеген түрлерін реттейтін арнайы заңдармен реттеледі. Мұндай құқықтық реттеудің көпсатылы және шашыраңқы сипаты құқық қолдану тәжірибесінде белгілі бір қиындықтар туындатады.

Сақтандыру қатынастарының әртүрлі заңнамалық актілерде реттелуі құқықтық нормалардың қайталануына, олардың арасындағы коллизиялардың пайда болуына және құқықтық терминологияның бірізді қолданылмауына әкеледі. Әсіресе міндетті сақтандырудың әрбір түріне арналған арнайы заңдарда сақтандыру шарты, сақтандыру жағдайы, сақтандыру төлемдері, сақтандырушының жауапкершілігі және регресс мәселелері бойынша ұқсас нормалардың бірнеше рет қайталануы заң техникасының тиімділігіне кері әсер етеді.

Осыған байланысты сақтандыру заңнамасын жүйелеудің маңызды бағыты ретінде Қазақстан Республикасының Сақтандыру кодексін қабылдау мәселесі ғылыми және тәжірибелік тұрғыдан өзекті болып табылады. Құқықтық кодификация құқықтық нормаларды жүйелі түрде біріктіруге, құқықтық реттеудің ішкі келісімділігін қамтамасыз етуге және құқық қолдану практикасының тұрақтылығын арттыруға мүмкіндік береді.

Сақтандыру кодексін қабылдау ең алдымен сақтандыру саласындағы негізгі құқықтық институттарды бір жүйеге келтіруге жағдай жасайды. Атап айтқанда, сақтандыру қызметінің қағидаттары, сақтандыру шартының мазмұны, сақтандыру тәуекелі, сақтандыру мүддесі, қайта сақтандыру, сақтандыру резервтері, сақтандыру делдалдарының құқықтық мәртебесі, сақтандыру төлемдерін жүзеге асыру тәртібі сияқты негізгі институттар бірыңғай нормативтік құрылым аясында реттелуі мүмкін.

Сонымен қатар, Сақтандыру кодексі міндетті сақтандырудың жекелеген түрлерін біріктіріп, олардың құқықтық табиғатын біріздендіруге мүмкіндік береді. Мысалы, көлік құралдары иелерінің азаматтық-құқықтық жауапкершілігін міндетті сақтандыру, жұмыс берушінің қызметкер алдындағы жауапкершілігін міндетті сақтандыру, туристі міндетті сақтандыру,

нотариустар мен аудиторлық ұйымдардың жауапкершілігін сақтандыру секілді институттарды кодекстің ерекше бөлімінде жүйелеуге болады. Бұл сақтандыру заңнамасының құрылымдық тұтастығын қамтамасыз етеді.

Шетел мемлекеттерінің тәжірибесі сақтандыру қатынастарын құқықтық реттеуді жүйелеудің маңызды үрдіске айналғанын көрсетеді. Көптеген елдерде сақтандыру саласы арнайы кодекстермен немесе кешенді заңнамалық актілермен реттеледі. Мұндай кодификация сақтандыру нарығының тұрақты дамуын қамтамасыз етуге, құқықтық нормаларды біріздендіруге және құқық қолдану тәжірибесінің тиімділігін арттыруға мүмкіндік береді.

Мысалы, Францияда сақтандыру қатынастары Францияның Сақтандыру кодексімен (Code des assurances) реттеледі. Аталған кодекс сақтандыру қызметін ұйымдастыру, сақтандыру шарттары, сақтандыру ұйымдарының қызметі және сақтанушылардың құқықтарын қорғау мәселелерін кешенді түрде қамтиды [119].

Кодификацияның тағы бір маңызды артықшылығы – құқық қолдану тәжірибесін жеңілдету. Қазіргі уақытта сақтандыру саласындағы дауларды шешу барысында соттар әртүрлі заңнамалық актілерге жүгінуге мәжбүр. Бұл кей жағдайларда құқықтық нормаларды әртүрлі түсіндіруге алып келеді. Ал бірыңғай Сақтандыру кодексінің болуы сот практикасының бірізділігін қамтамасыз етуге ықпал етеді.

Сонымен бірге, Сақтандыру кодексін қабылдау сақтанушылардың құқықтарын қорғау деңгейін арттыруға мүмкіндік береді. Кодексте сақтандыру ұйымдарының жауапкершілігі, сақтандыру төлемдерін төлеу мерзімдері, дауларды сотқа дейін реттеу тетіктері және сақтандыру омбудсманы институтының қызметі нақты әрі жүйелі түрде бекітілуі мүмкін.

Алайда Сақтандыру кодексін әзірлеу күрделі құқықтық мәселе болып табылады. Себебі сақтандыру қатынастары азаматтық, қаржылық, кәсіпкерлік және әлеуметтік құқық салаларымен тығыз байланысты. Әсіресе міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру институтының жария-құқықтық сипаты оны коммерциялық сақтандырудан бөлек қарастыру қажеттігін көрсетеді. Сондықтан кодексті әзірлеу барысында сақтандыру қатынастарының құқықтық табиғатын жан-жақты ғылыми тұрғыдан саралау қажет.

Осылайша, Қазақстан Республикасының Сақтандыру кодексін қабылдау сақтандыру заңнамасын жүйелеудің, құқықтық реттеуді жетілдірудің және сақтандыру нарығының тиімділігін арттырудың маңызды бағыты болып табылады. Мұндай кодекс сақтандыру саласындағы құқықтық тұрақтылықты қамтамасыз етіп қана қоймай, азаматтар мен ұйымдардың мүліктік мүдделерін қорғаудың тиімді құқықтық тетігін қалыптастыруға ықпал етеді.

2.2 Сақтандыру заңнамасындағы сақтандыру түрлері мен нысандары

Сақтандыру – қоғамдағы мүліктік мүдделерді қорғаудың маңызды қаржылық-құқықтық тетігі болып табылады. Нарықтық экономика жағдайында

сақтандыру азаматтар мен заңды тұлғалардың мүліктік шығындарын өтеуге, тәуекелдерді азайтуға және экономикалық тұрақтылықты қамтамасыз етуге бағытталады. Сақтандырудың тиімді қызмет етуі оның түрлері мен нысандарының дұрыс ұйымдастырылуына, сондай-ақ құқықтық реттелу деңгейіне тікелей байланысты.

Сақтандыру экономикалық категория ретінде кездейсоқ оқиғалардың салдарынан туындайтын шығындардың орнын толтыруға арналған арнайы ақша қорларын қалыптастыру және пайдалану жүйесін білдіреді. Оның негізгі мақсаты – сақтандыру тәуекелі туындаған жағдайда жеке және заңды тұлғалардың мүліктік мүдделерін қорғау. Осы тұрғыдан алғанда сақтандыру экономиканың тұрақтылығын қамтамасыз ететін маңызды қаржы институттарының бірі болып саналады.

Қазіргі жағдайда сақтандырудың маңызы артып келеді, себебі өндірістік, қаржылық, экологиялық және әлеуметтік тәуекелдердің көбеюі қоғамдағы қорғаныс тетіктерін жетілдіруді талап етеді. Әсіресе кәсіпкерлік қызметтің дамуы, цифрлық технологиялардың енгізілуі және халықаралық экономикалық қатынастардың кеңеюі сақтандыру жүйесінің рөлін күшейтуде. Сақтандыру тек шығынды өтеу құралы ғана емес, сонымен қатар инвестициялық ресурстарды қалыптастырудың маңызды көзі ретінде де қарастырылады. Сақтандыру ұйымдары жинақталған сақтандыру резервтерін экономиканың түрлі секторларына инвестициялау арқылы қаржы нарығының дамуына ықпал етеді.

ҚР Азаматтық кодекстің 805-бабына сәйкес, сақтандыру нысандары:

1) міндеттілік дәрежесі бойынша - ерікті және міндетті;

2) сақтандыру объектісі бойынша - жеке және мүліктік;

3) сақтандыру төлемін жүзеге асыру негіздері бойынша - жинақтаушы және жинақтаушы емес болып табылады [37].

Ерікті сақтандыру тараптардың еркін ерік білдіруі негізінде жүзеге асырылады. Мұнда сақтандыру қатынастары сақтандырушы мен сақтанушы арасында жасалған шарт негізінде туындайды. Ерікті сақтандыру азаматтардың және ұйымдардың қаржылық қауіпсіздігін арттыруға мүмкіндік береді. Оның негізгі түрлеріне өмірді сақтандыру, мүлікті сақтандыру, медициналық сақтандыру, кәсіпкерлік тәуекелдерді сақтандыру және жазатайым оқиғалардан сақтандыру жатады.

Ерікті сақтандырудың дамуы халықтың сақтандыру мәдениетінің деңгейімен және сақтандыру ұйымдарына деген сеніммен тығыз байланысты. Дамыған мемлекеттерде ерікті сақтандыру қаржы нарығының маңызды секторына айналған. Қазақстанда да өмірді жинақтаушы сақтандыру, денсаулықты сақтандыру және корпоративтік сақтандыру бағыттары біртіндеп дамып келеді.

«Ерікті сақтандыру – тараптардың ерік білдіруіне қарай жүзеге асырылатын сақтандыру.

Ерікті сақтандырудың түрлері, шарттары мен тәртібі тараптардың келісімімен айқындалады» [37].

Міндетті сақтандыру заң актілерінде белгіленген жағдайларда жүзеге асырылады және қоғамдық маңызы жоғары мүдделерді қорғауға бағытталған. Мұнда сақтандыру шартын жасау міндеті заңмен жүктеледі. Міндетті сақтандырудың негізгі мақсаты – үшінші тұлғалардың құқықтары мен заңды мүдделерін қорғау, сондай-ақ әлеуметтік тұрақтылықты қамтамасыз ету. Қазақстан Республикасында міндетті сақтандырудың бірнеше түрі қолданылады. Олардың қатарына көлік құралдары иелерінің азаматтық-құқықтық жауапкершілігін міндетті сақтандыру, қызметкерді еңбек міндеттерін атқару кезінде жазатайым оқиғалардан сақтандыру, туристі міндетті сақтандыру, тасымалдаушының жолаушылар алдындағы жауапкершілігін сақтандыру және басқа да түрлер жатады.

Міндетті сақтандырудың экономикалық маңызы сақтандыру төлемдері арқылы келтірілген зиянды жедел өтеуге мүмкіндік беруімен түсіндіріледі. Сонымен қатар ол мемлекеттің әлеуметтік қорғау функциясын жүзеге асырудың қосымша механизмі болып табылады. Міндетті сақтандыру жүйесі арқылы мемлекет қоғамдағы тәуекелдердің белгілі бір бөлігін сақтандыру ұйымдарына жүктейді.

Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес азаматқа өзінің өмірі мен денсаулығын міндетті түрде сақтандыру міндеті жүктелмейді. Міндетті сақтандыру шарты жасалған кезде сақтанушы заңда белгіленген талаптарға сәйкес сақтандырушымен шарт жасасуға міндетті.

Сақтандыру объектісіне қарай сақтандыру жеке және мүліктік сақтандыру болып бөлінеді.

Жеке сақтандыру азаматтың өміріне, денсаулығына, еңбекке қабілеттілігіне және жеке басына байланысты өзге де мүліктік мүдделеріне қатысты жүзеге асырылады. Жеке сақтандыру шарты бойынша сақтанушының өзі немесе шартта көрсетілген басқа сақтандырылған адам сақтандырылуы мүмкін. Жеке сақтандыруға азаматтың белгілі бір жасқа дейін өмір сүруі, қайтыс болуы, жазатайым оқиғалар мен аурулар салдарынан денсаулығына зиян келуі сияқты жағдайлар жатады. «Азаматтың өмірін, денсаулығын, еңбекке қабілеттілігін және жеке басына байланысты өзге де мүліктік мүдделерін сақтандыру жеке сақтандыруға жатады.

Жеке сақтандыру шарты бойынша сақтанушының өзі, сондай-ақ шартта аталған басқа (сақтандырылған) адам сақтандырылған болуы мүмкін» [37].

Мүліктік сақтандыру мүлікті иеленуге, пайдалануға және оған билік етуге байланысты мүліктік мүдделерді қорғауға бағытталады. Мүліктік сақтандыру кезінде мүліктің жоғалуы, жойылуы, бүлінуі немесе жетіспеуі тәуекелдері сақтандырылады. Сонымен қатар заңнамада көзделген өзге де мүліктік игіліктер мен құқықтар сақтандыру объектісі бола алады.

Егер сақтанушының немесе пайда алушының сақтандырылған мүлікті сақтап қалуға мүддесі болмаса, мүлікті сақтандыру шарты сот тәртібімен жарамсыз деп танылуы мүмкін.

Мүліктік сақтандырудың маңызды түрлерінің бірі – азаматтық-құқықтық жауаптылықты сақтандыру. Мұнда үшінші тұлғалардың өміріне, денсаулығына

немесе мүлкіне келтірілген зиян үшін туындайтын жауаптылық тәуекелі, сондай-ақ шарттық міндеттемелерді бұзудан туындайтын жауаптылық сақтандырылады.

Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес құқыққа қайшы мүліктік мүдделер сақтандыру объектісі бола алмайды. Мұндай мүдделерге қатысты жасалған сақтандыру шарттары жарамсыз деп танылады.

«Мүлікті және оған байланысты мүліктік мүдделерді сақтандыру мүліктік сақтандыруға жатады.

Мүлікті сақтандыру кезінде мүліктің жоғалуы (жойылуы) тәуекелі, жетіспеуі немесе бүлінуі және осы Кодекстің 115-бабында көзделген өзге де мүліктік игіліктер мен құқықтар сақтандырылады.

Сақтанушының немесе пайда алушының сақтандырылған мүлікті сақтап қалу мүддесі болмаған кезде мүлікті сақтандыруға жасалған шартты сот жарамсыз деп тануы мүмкін» [37].

Сақтандыру төлемін жүзеге асыру негіздеріне қарай сақтандыру жинақтаушы және жинақтаушы емес сақтандыру болып бөлінеді.

Жинақтаушы сақтандыру – сақтандыру шарты қолданылатын кезең ішінде сақтандыру төлемдерін жинақтауды көздейтін сақтандыру түрі. Мұндай сақтандыруда сақтандыру жағдайы туындаған кезде немесе шартта белгіленген мерзім аяқталған соң сақтанушыға не пайда алушыға сақтандыру төлемі жүзеге асырылады. Жинақтаушы сақтандыру көбіне өмірді сақтандыру саласында қолданылады және азаматтардың ұзақ мерзімді қаржылық қорғанысын қамтамасыз етуге бағытталады.

Жинақтаушы емес сақтандыру – сақтандыру жағдайы орын алған кезде ғана сақтандыру төлемі жүзеге асырылатын сақтандыру түрі. Бұл сақтандыруда сақтандыру жарналары жинақтау мақсатын көздемейді және шарт мерзімі аяқталғаннан кейін сақтандыру сомасы қайтарылмайды. Оған мүлікті сақтандыру, азаматтық-құқықтық жауаптылықты сақтандыру, жазатайым оқиғалардан сақтандыру сияқты түрлер жатады.

Сақтандыру қызметі туралы заңнаманың 6-бабының 1 тармағына сәйкес: «Сақтандыру қызметін ұйымдастыру және мемлекеттік реттеу мен лицензиялауды жүзеге асыру үшін сақтандыру салаларға, сыныптар мен түрлерге бөлінеді. Сақтандыру ұйымының сақтандыру қызметі «өмірді сақтандыру» саласы және «жалпы сақтандыру» саласы бойынша жүзеге асырылады» [18].

«Өмірді сақтандыру» саласы қызметкерді еңбек (қызметтік) міндеттерін атқару кезінде жазатайым оқиғалардан міндетті сақтандыруды, сондай-ақ ерікті сақтандыру нысанындағы бірнеше сақтандыру сыныптарын қамтиды.

Оларға:

- өмірді сақтандыру;
- аннуитеттік сақтандыру;
- мемлекеттік білім беру жинақтау жүйесі шеңберіндегі өмірді сақтандыру;
- зейнетақы аннуитетін сақтандыру жатады.

Өмірді сақтандыру азаматтардың өмірі мен денсаулығына байланысты мүліктік мүдделерді қорғауға бағытталады және ұзақ мерзімді қаржылық қауіпсіздікті қамтамасыз етудің маңызды тетігі болып табылады. «1. Өмірді сақтандыру, осы баптың 2-3-тармағында көрсетілген сақтандыру түрін қоспағанда, сақтандырылушы қайтыс болған немесе ол сақтандыру мерзімі аяқталғанға дейін не сақтандыру шартында айқындалған жасқа дейін өмір сүрген жағдайда сақтандыру төлемдерін жүзеге асыруды көздейтін сақтандыру түрлерінің жиынтығын білдіреді» [18].

Ал аннуитеттік сақтандыру сақтанушыға шартта көзделген мерзім ішінде кезеңдік сақтандыру төлемдерін жүзеге асыруды қарастырады. Сонымен қатар мемлекеттік білім беру жинақтау жүйесі мен зейнетақы аннуитеті азаматтардың әлеуметтік қорғалуын күшейтуге бағытталған арнайы сақтандыру институттары ретінде ерекшеленеді. «2. Аннуитеттік сақтандыру, осы баптың 2-4-тармағында көрсетілген сақтандыру түрін қоспағанда, шартта белгіленген мерзім ішінде пайда алушының пайдасына мерзімді төлемдер түрінде мерзімді сақтандыру төлемдерін жүзеге асыруды көздейтін жинақтаушы сақтандыру түрлерінің жиынтығын білдіреді» [18].

Мемлекеттік білім беру жинақтау жүйесі шеңберіндегі өмірді сақтандыру – сақтанушы қайтыс болған, бірінші немесе екінші топтағы мүгедектікке байланысты еңбекке қабілеттілігін жоғалтқан немесе сақтандыру мерзімі аяқталғанға дейін өмір сүрген жағдайда сақтандыру төлемін жүзеге асыруды көздейтін сақтандыру түрі. Бұл сақтандыру Қазақстан Республикасының «Мемлекеттік білім беру жинақтау жүйесі туралы» Заңына сәйкес жүзеге асырылады және білім алуға арналған жинақтарды қорғауға бағытталған.

Зейнетақы аннуитетін сақтандыру – Қазақстан Республикасының Әлеуметтік кодексіне сәйкес кезеңдік сақтандыру төлемдерін жүзеге асыруды көздейтін жинақтаушы сақтандыру түрі. Оның негізгі мақсаты – азаматтарды зейнетақымен ұзақ мерзімді қамтамасыз ету және тұрақты төлемдер арқылы әлеуметтік қорғалу деңгейін арттыру. «2-4. Зейнетақы аннуитетін сақтандыру Қазақстан Республикасының Әлеуметтік кодексіне сәйкес мерзімді сақтандыру төлемдерін жүзеге асыруды көздейтін жинақтаушы сақтандыру түрін білдіреді» [18].

Сақтандыру қызметі туралы заңның 6-бабының 3 тармағына сәйкес, «Жалпы сақтандыру» саласы ерікті сақтандыру нысанында 21 сыныптарды қамтиды:

1) жазатайым жағдайлардан сақтандыру;
2) ауырған жағдайдан сақтандыру;
3) автомобиль көлігін сақтандыру;
4) темір жол көлігін сақтандыру;
5) әуе көлігін сақтандыру;
6) су көлігін сақтандыру;
6-1) ғарыш объектілерін сақтандыру;
7) жүктерді сақтандыру;

8) осы тармақтың 3)-7) тармақшаларында аталған сыныптарды қоспағанда, мүлікті залалдан сақтандыру;

9) автомобиль көлігі иелерінің азаматтық-құқықтық жауапкершілігін сақтандыру;

10) әуе көлігі иелерінің азаматтық-құқықтық жауапкершілігін сақтандыру;

11) су көлігі иелерінің азаматтық-құқықтық жауапкершілігін сақтандыру;

11-1) ғарыш объектілері иелерінің азаматтық-құқықтық жауапкершілігін сақтандыру;

11-2) кәсіби жауапкершілікті сақтандыру;

12) осы тармақтың 9), 10), 11), 11-1) және 11-2) тармақшаларында көрсетілген сыныптарды қоспағанда, азаматтық-құқықтық жауапкершілікті сақтандыру;

13) заңды тұлғалардың қарыздарын сақтандыру;

14) ипотеканы сақтандыру;

15) кепілдіктер мен кепілгерліктерді сақтандыру;

15-1) осы тармақтың 13), 14), 15) және 16) тармақшаларында көрсетілген сыныптарды қоспағанда, қаржы ұйымдарының шығындарын сақтандыру;

16) басқа да қаржы шығындарынан сақтандыру;

17) сот шығыстарынан сақтандыру;

18) титулдық сақтандыру [18].

Сақтандыру сыныптарының мазмұны сақтандыру заңнамасының 7-бабында белгіленген.

Мәселен, ҚР ірі сақтандыру заңды тұлғалардың бірі – «Nomad Life» өмірді сақтандыру компаниясы. Бұл компания 2007 жылдан бері жұмыс істеп келеді және 18 жыл ішінде Қазақстандағы өмірді сақтандыру нарығындағы ең ірі Компания болып таблады. «Бүгінгі таңда біздің қамқорлығымызда ел бойынша 1 000 000-нан астам қазақстандық және 150 000-нан астам компания бар. 2025 жылдың қазан айында S&P Global Ratings халықаралық рейтингтік агенттігі біздің кредиттік рейтингімізді BBB - ге көтерді — «Позитивті» болжамымен - бұл Қазақстанның егеменді рейтингінің деңгейі.

Nomad Life осы рейтингі бар елдегі жалғыз жеке сақтандыру компаниясы атанды. Ұлттық шкала бойынша Рейтинг-kzAAA жоғары деңгейі. Қазақстанның барлық өңірлерінде 17 филиал мен 16 өңірлік кеңсе жұмыс істейді» [120]. Бұл компанияда бүгінгі күні 12 сақтандыру бағдарламасы бар.

Қазақстанда 2026 жылғы мәлімет бойынша шамамен 25 сақтандыру компаниясы жұмыс істейді, оның 10-ы өмірді сақтандыру компаниялары болып табылады [121].

Қазақстандағы ірі және танымал сақтандыру компанияларының қатарына мыналар жатады:

- Halyk Insurance — мүліктік және жалпы сақтандыру қызметтері;
- Halyk Life — өмірді сақтандыру;
- Nomad Insurance — автосақтандыру, мүлікті сақтандыру;
- Nomad Life — өмірді және жинақтаушы сақтандыру;

- Eurasia Insurance Company — Қазақстандағы ірі сақтандыру компанияларының бірі;
- Freedom Finance Insurance — онлайн сақтандыру өнімдері;
- Freedom Life — өмірді сақтандыру және аннуитет;
- Jusan Garant — жалпы сақтандыру қызметтері;
- KM Life — өмірді сақтандыру;
- Standard Life — жинақтаушы өмірді сақтандыру;
- Amanat Insurance;
- СК Victoria;
- Нефтяная страховая компания;
- Kommesk-Өмір.

Қазақстандағы сақтандыру компаниялары негізінен екі бағытта қызмет етеді:

Жалпы сақтандыру — автокөлік, мүлік, жауапкершілік, жүк, медициналық сақтандыру;

Өмірді сақтандыру — аннуитет, жинақтаушы сақтандыру, өмір мен денсаулықты сақтандыру.

«Қазақстанда сақтандыру нарығы өсіп келеді. Былтыр елімізде 23 млнға жуық сақтандыру шарты жасалған. Ал сыйақы сомасы 1,7 трлн теңгеден асқан. Жиналған қаражаттың ең үлкен бөлігі 426 млрд теңге – зейнетақы сақтандыруға тиесілі. Екінші орында мүлікті сақтандыру – 303 млрд теңге. Ол тұрғын үйді және басқа да нысандарды табиғи апат салдарынан қорғауға арналған. Одан кейін өмірді сақтандыру – 229 млрд теңге және қызметкерлерді жазатайым оқиғалардан міндетті сақтандыру – 136 млрд теңге. Ал міндетті автосақтандыру бойынша жиналған сыйақы көлемі – 118 млрд теңге. Мамандардың айтуынша, бұл көрсеткіштер халық пен бизнес тарапынан сақтандыру қызметтеріне деген қызығушылықтың артқанын және қаржылық қауіпсіздікке көңіл бөлудің күшейгенін көрсетеді» [122].

Ұйымдастыру нысаны бойынша сақтандыру келесідей түрлерге бөлінеді:

1) бірін бірі - өзара;
2) акционерлік;
3) мемлекеттік;
4) кооперативтік;
5) медициналық.

Ұйымдастыру формасы бойынша сақтандырудың бірінші түрі бірін бірі - өзара сақтандыру деп аталады. Бірін бірі - өзара сақтандыру – жеке, заңды тұлғалар топтарының арасында бір-біріне белгілі бір үлесті қабылданған шарттарға сәйкес болашақтағы мүмкін шығындарды өтеу туралы келісімді сипаттайды. Сақтанушылардың санаттары бойынша: заңды тұлғалар және жеке тұлғалар болып бөлінеді. Заңды тұлғаларға: өнеркәсіптік кәсіпорындар, ауылшаруашылық кәсіпорындары, ұйымдар және т.б. жатады. Ал жеке тұлғаларға: өнеркәсіп қызметкерлері, ауылшаруашылық қызметкерлері, жеке кәсіпкерлер және т.б. жатады.

Өзара сақтандыру қоғамы заңды тұлға болып табылады және өз міндеттемелері бойынша өзінің барлық мүліктеріне жауап береді, әрбір сақтандырушы өзара сақтандыру қоғамының пайлық үлесі бар мүшесі болып табылады. Пайлық үлесі бар мүшелердің минималды саны қоғам жарғысымен анықталады. Коммерциялық емес типтегі сақтандыру ұйымы болып табылатын өзара сақтандыру қоғамы құрылған сақтандыру кәсіпорнынан пайда алу мақсатын көздемейді. Бұл – сақтандыру жүргізудің ірі ұйымдық формасы, дара сақтандыру қоғамы заңды және жеке тұлғалардың мүліктік мүдделерін қорғау үшін олардың арасындағы ерікті келісім негізінде құрылған ұйым ретінде бейнеленеді. Ұйымдастыру формасы бойынша сақтандырудың екінші түрі акционерлік сақтандыру деп аталады.

Ұйымдастыру формасы бойынша сақтандырудың екінші түрі акционерлік сақтандыру деп аталады. Акционерлік сақтандыру – бұл салыстырмалы шектеулі қаражаттар сақтандыру компанияның тиімді жұмысын тез дамытуға мүмкіндік береді. Заңды және жеке тұлғаларға тиісті акция (облигация) және басқа да бағалы қағаздардан құралатын акционерлік қоғам, жарғылық қор түріндегі жеке капитал – сақтандырушы ретінде қатысатын мемлекеттік емес ұйымдық форма [57, 128 б.].

Ұйымдастыру формасы бойынша сақтандырудың үшінші түрі мемлекеттік сақтандыру деп аталады. Мемлекеттік сақтандыру дегеніміз – бұл ұйымға арнайы өкілеттенген мемлекеттің сақтандырушы ретінде қатысатын ұйымдық формасы. Мемлекет мүддесінің шеңберіне сақтандырудың кез-келген немесе жекеленген түрлерін жүргізуде оның монополиясы кіреді.

Мұндай сыныптау сақтандыруға жататын объектілермен, тәуекелдер тізімімен анықталады.

Ұйымдастыру формасы бойынша сақтандырудың төртінші түрі кооперативтік сақтандыру деп аталады. Бүкіл ресейлік кооперативтік сақтандыру ондағы ауылшаруашылық, өнеркәсіп, тұрғын үй құрылысы объектілерімен және кооперативтік ұйымдардың басқа да қызмет түрлерін сақтандыру бөлімінде жұмысын үлестірді. Орталық одақтың сақтандыру секциясы тұтыну кооперациясының жүйесі үшін кооперативтік сақтандыруды жүзеге асырды. Кооперативтік сақтандыру дербес ұйымдық-құқықтық нысан ретінде іс жүзінде кең қолданылмайды.

Ұйымдастыру формасы бойынша сақтандырудың келесі түрі медициналық сақтандыру деп аталады. Медициналық сақтандыру – сақтандыру қызметінің ерекше ұйымдық формасы болып табылады. Ол халықтың денсаулығын сақтаудың әлеуметтік мүддесін қорғау нышаны ретінде сипатталады. Оның мақсаттары:сақтандыру оқиғасы пайда болған жағдайда азаматтарға жинақталған қаражаттар есебінен медициналық көмек алуға кепілдік беру. Сондай-ақ, деңсаулық сақтаудың мемлекеттік және муниципалды жүйесі және профилактикалық іс-шараларды қаржыландыру жатады. Мысалы: диспансерлерді, вакцинацияны жүргізу және тағы басқалары болып табылады. Медициналық сақтандырудың субъектілері: азамат, сақтанушы, медициналық сақтандыру ұйымы (сақтандырушы), медициналық

мекеме Оған: емхана, амбулатория, ауруxана және т.б. жатады. Сонымен қатар сақтандыру жіктелімінің өзге де принциптері қолданылады. Мысалы: үш салалы жіктелім: жеке сақтандыру, мүліктік сақтандыру, жауапкершілікті сақтандыру. Салалардың ішінде сақтандырудың түрлері бөлініп шығады.

Ұйымдастыру нысаны бойынша сақтандыру теориялық тұрғыдан өзара сақтандыру, акционерлік, мемлекеттік, кооперативтік және медициналық сақтандыру түрлеріне бөлінеді. Алайда қазіргі Қазақстан Республикасының сақтандыру заңнамасында негізінен акционерлік сақтандыру ұйымдары мен өзара сақтандыру институты құқықтық тұрғыдан бекітілген. Медициналық сақтандыру міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру жүйесі арқылы жүзеге асырылады.

Сақтандыру мерзімі бойынша: қысқа мерзімді және ұзақ мерзімді болып бөлінеді. Қысқа мерзімді сақтандыру шартының қолданылу мерзімі 1 жылға дейін созылады. Ал ұзақ мерзімді сақтандыру шартының қолданылу мерзімі 1 жылдан көп болуы мүмкін. Бірақ Қазақстан Республикасының «Сақтандыру қызметі туралы» Заңында сақтандыруды тікелей «қысқа мерзімді» және «ұзақ мерзімді» деп бөлу нақты жеке бап ретінде бекітілмеген.

Тәжірибеде:

- қысқа мерзімді сақтандыру — әдетте 1 жылға дейінгі мерзімге жасалатын сақтандыру;
- ұзақ мерзімді сақтандыру — 1 жылдан астам мерзімге жасалатын сақтандыру ретінде түсіндіріледі.

Қысқа мерзімді сақтандыруға көбіне:

- автосақтандыру;
- туристік сақтандыру;
- жүк сақтандыру;
- мүлікті сақтандыру;
- азаматтық-құқықтық жауаптылықты сақтандыру жатады.

Ал ұзақ мерзімді сақтандыруға:

- өмірді сақтандыру;
- аннуитеттік сақтандыру;
- жинақтаушы сақтандыру;
- зейнетақы аннуитеті кіреді.

Біздің ойымызша, қазіргі мемлекетіміздегі және әлемдегі жаңа бағыттар мен технологиялардың дамуына байланысты сақтандыру заңнамасына сақтандырудың жаңа түрлерін енгізуге болады және бұл сақтандыру нарығының дамуының табиғи процесі болып табылады. Қоғамдағы экономикалық, технологиялық және әлеуметтік өзгерістер жаңа тәуекелдердің пайда болуына әкеледі, ал сақтандыру жүйесі сол тәуекелдерге бейімделіп отырады.

Қазіргі кезде әлемдік тәжірибеде дәстүрлі сақтандыру түрлерімен қатар жаңа сақтандыру бағыттары қалыптасуда. Мысалы:

- кибертәуекелдерді сақтандыру;
- цифрлық активтерді сақтандыру;

- экологиялық тәуекелдерді сақтандыру;
- агросақтандырудың инновациялық түрлері;
- генетикалық және биомедициналық тәуекелдерді сақтандыру;
- жасанды интеллект қызметімен байланысты жауапкершілікті сақтандыру;
- климаттық тәуекелдерді сақтандыру сияқты жаңа сақтандыру өнімдері дамып келеді.

Қазақстан Республикасының заңнамасы да сақтандырудың жаңа түрлерін енгізуге толық мүмкіндік береді. «Сақтандыру қызметі туралы» Заң сақтандыру сыныптарын белгілегенімен, қаржы нарығының дамуына байланысты жаңа сақтандыру өнімдерін қалыптастыруға құқықтық кедергі келтірмейді. Алайда жаңа сақтандыру түрлерін енгізу кезінде:
- олардың экономикалық негізділігі;
- сақтандыру тәуекелдерінің есептелуі;
- сақтандыру резервтерінің жеткіліктілігі;
- сақтанушылардың құқықтарын қорғау;
- мемлекеттік қадағалау тетіктері ескерілуі қажет.

Әсіресе цифрландыру жағдайында Қазақстан үшін:
- киберсақтандыру;
- интернет-алаяқтықтан сақтандыру;
- цифрлық деректердің жоғалуын сақтандыру;
- «fintech» тәуекелдерін сақтандыру сияқты бағыттарды дамыту өзекті болып табылады.

Қоғамдық қатынастардың және технологиялық процестердің дамуына байланысты сақтандырудың жаңа түрлерін енгізу сақтандыру нарығын жетілдірудің объективті қажеттілігі болып табылады. Жаңа сақтандыру өнімдері қазіргі заманғы тәуекелдерді тиімді басқаруға және сақтандыру жүйесінің экономикалық маңызын арттыруға мүмкіндік береді.

Қорытындылай келе, сақтандыру қоғамдағы тәуекелдердің сипаты мен сақтандыру объектісінің ерекшеліктеріне қарай әртүрлі түрлер мен нысандарға бөлінеді. Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес сақтандыру міндетті және ерікті, жеке және мүліктік, жинақтаушы және жинақтаушы емес сақтандыру түрлері арқылы жүзеге асырылады. Сонымен қатар сақтандыру өмірді сақтандыру және жалпы сақтандыру салаларына бөлініп, олардың әрқайсысы нақты сақтандыру сыныптарын қамтиды.

Сақтандыру түрлерінің мұндай жіктелуі сақтандыру қатынастарын тиімді ұйымдастыруға, тәуекелдерді дұрыс бөлуге және азаматтар мен ұйымдардың мүліктік мүдделерін қорғауға мүмкіндік береді. Әсіресе өмірді сақтандыру, азаматтық-құқықтық жауапкершілікті сақтандыру, мүлікті сақтандыру және медициналық сақтандыру қазіргі қоғамдағы әлеуметтік және экономикалық қауіпсіздікті қамтамасыз етуде маңызды рөл атқарады.

Сонымен бірге сақтандыру түрлерінің көптігі сақтандыру заңнамасын жүйелеу қажеттігін көрсетеді. Бұл сақтандыру қызметін құқықтық реттеудің

тиімділігін арттыруға және сақтандыру нарығының тұрақты дамуын қамтамасыз етуге ықпал етеді.

2.3 Сақтандыру қызметін мемлекеттік-құқықтық реттеу

Сақтандыру қызметі қаржы жүйесінің маңызды құрамдас бөлігі ретінде мемлекеттің тұрақты бақылауы мен құқықтық реттеуін талап етеді. Себебі сақтандыру ұйымдарының қызметі азаматтар мен заңды тұлғалардың мүліктік мүдделерін қорғаумен, қаржы ресурстарының қозғалысымен және әлеуметтік-экономикалық тұрақтылықты қамтамасыз етумен тікелей байланысты. Осыған байланысты сақтандыру саласындағы мемлекеттік басқару сақтандыру нарығының тұрақты әрі тиімді жұмыс істеуін қамтамасыз ететін негізгі институттардың бірі болып табылады.

Қазіргі нарықтық экономика жағдайында сақтандыру саласын мемлекеттік басқарудың мазмұны едәуір өзгеріске ұшырады. Мемлекет сақтандыру қызметіне тікелей араласудан біртіндеп экономикалық және құқықтық реттеу тетіктерін қолдануға көшті. Мұндай тәсіл сақтандыру ұйымдарының дербестігін сақтай отырып, сақтандыру нарығының тұрақтылығын қамтамасыз етуге мүмкіндік береді.

Сақтандыру қызметіндегі мемлекеттік басқару – сақтандыру нарығын ұйымдастыруға, сақтандыру субъектілерінің қызметін реттеуге, сақтанушылардың құқықтарын қорғауға және сақтандыру жүйесінің қаржылық тұрақтылығын қамтамасыз етуге бағытталған мемлекеттік ықпал ету тетіктерінің жиынтығы болып табылады.

Қазіргі нарықтық экономика жағдайында мемлекеттік реттеу тетіктері елеулі өзгерістерге ұшырады. Экономиканың көптеген салаларындағы мемлекеттік монополияның жойылуы мемлекеттің ұлттық экономикаға тікелей ықпал ету деңгейін төмендетті. Осындай жағдайда ұлттық сақтандыру жүйесін басқарудың жаңа нысандары қалыптасты. Бір жағынан, бұл мемлекетке сақтандыру саласын тиімді реттеуге мүмкіндік берсе, екінші жағынан сақтандыру нарығына қатысушы субъектілердің дербестігі мен экономикалық тәуелсіздігін қамтамасыз етеді. Осыған байланысты сақтандыру нарығын мемлекеттік басқару және реттеу құралдарының ауқымы біртіндеп кеңейіп келеді.

Сақтандыру секторының табиғатына байланысты оны басқаруға ерекше қатынас керек, себебі сақтандыру нарығын басқару механизмі оған қатысушы сақтандырушының және сақтанушының әртүрлі мүдделерін қамтиды [123, 58 б.].

Шетел мемлекеттерінің тәжірибесі сақтандыру нарығын басқарудың тиімділігі оның ұзақ мерзімді даму факторлары мен нарықтың тұрақтылығын қамтамасыз ететін шарттардың қаншалықты ескерілетініне тікелей байланысты екенін көрсетеді. Осыған байланысты қандай да бір реттеу немесе басқару режимін енгізер алдында оның негізгі мақсаттары мен қағидаттарын нақты айқындау қажет. Сонымен қатар сақтандыру жүйесінің тұрақты құқықтық және

экономикалық негізін қалыптастыру үшін басқару тетіктерін кезең-кезеңімен және жүйелі түрде енгізу тәртібі белгіленуі тиіс.

Сақтандырудағы мемлекеттік басқарудың құрылымын анықтау да даулы мәселе. Мысалы, Ю.Л. Сплетухов және Е.Ф. Дюжиков сақтандыруды мемлекеттік басқарудың мынадай әдістерін көрсетеді:

- сақтандыру облысына тиісті заңдар мен басқа да нормативті актілер қабылдау;
- сақтандыру нарығына қатысушылардың қабылданған заңдар мен басқа да нормативті актілерді сақтауын бақылауды құзырлы мемлекеттік органдар қадағалайды;
- сақтандырушылардың қаржы тұрақтылығын басқару және олардың сақтандыру қызметін пайдаланушылар алдындағы міндеттемелердің орындалуын қамтамасыз ету;
- сақтандыру нарығына қатысушы субъектілердің салықтар мен жарналарды төлеуін қадағалау;
- сақтандыру нарығына қатысушылардың белгіленген талаптарды орындамаған жағдайда санкциялар қолдану [124, 45-50 бб.].

Бұл авторлардың ұстанымынан бөлек, Г.А. Насырова барлық әдістерді төмендегідей екі топқа бөледі:

1) мемлекеттің тікелей реттеу әдісі (мемлекеттік шаруашылықты басқару; әкімшілік-құқықтық реттеу; стратегиялық және тактикалық бағдарламалар жасау мен жоспарлау; қаржылық іс-әрекетін реттеу);

2) жанама реттеу әдістері (салықтық және ақшалай-несиелік реттеу).

Сақтандыру нарығын мемлекеттік басқарудың түрлері және оның мазмұны туралы мәселе де оңай емес. Әртүрлі экономисттердің көзқарастары бойынша басқарудың түрлерін анықтаудың критериі ретінде қарым-қатынастар облысы (объектілер), іс-әрекет түрлері, қолданылатын құралдар, басқарудың мақсаттары да жатқызылады. Г.А. Насырова сақтандыру нарығын реттеудің 15 түрін атап көрсетеді: сақтандыруды қадағалау, лицензиялау, міндетті сақтандыру, салық салу, төлем қабілеттілікті қадағалау, инвестициялық іс-әрекетті қадағалау, баға қоюды бақылау, мемлекеттік кәсіпкерлік, мемлекеттік контрактациялау, мемлекеттік қаржыландыру, монополияға қарсы реттеу, мемлекеттік бағдарлама құру, мемлекеттік жоспарлау және болжау, қайта қаржыландыру мөлшерлемесін реттеу, валюталық бақылау [125, 44 б.].

Қазақстан Республикасының «Сақтандыру қызметі туралы» заңның 41-бабына сәйкес, сақтандыру саласындағы мемлекеттік реттеудің негізгі міндеттеріне:

1) Қазақстан Республикасында тұрақты сақтандыру жүйесін жасау мен қолдау және ұлттық сақтандыру рыногының инфрақұрылымын қалыптастыру;

2) сақтандыру нарығын реттеу, сақтандыру қызметін бақылау мен қадағалау;

3) сақтандырудың негіздерін заңдармен баянды ету, міндетті сақтандыру түрлерін, халықаралық сақтандыру жүйесіне Қазақстан Республикасының қатысу принциптерін белгілеу;

4) сақтанушылардың, сақтандырылушылардың және пайда алушылардың құқықтары мен заңды мүдделерін қорғау болып табылады [18].

Г.И. Маянлаева Қазақстандағы сақтандыру қызметін басқару және реттеу туралы мынандай мәселелерді шешуді ұсынады:

- сақтандыру нарығында барлық қатынасушыларға ортақ, бірыңғай «ойын ережесін» анықтайтын тұрақты заң;
- сақтандыру ұйымдарының іс-әрекеттерін бақылайтын тиімді мемлекеттік бақылау жүйесін құру;
- сақтандырушылардың өз қорындағы және де басқа қаржы көздеріндегі қаржыларын әртүрлі объектілерге инвестиция жасауына мүмкіндік беретін жағдайды жасау;
- сақтандыру қызметін потенциалды пайдаланушылар үшін сақтандыруға қызығушылықты қалыптастыру;
- сақтандыру қызметін пайдаланушылар алдында сақтандырушы ұйымдардың өз міндеттемелерінің орындалуына кепілдік беретін жүйе қалыптастыру;
- сақтандыру нарығында әділ бәсекелестік жүйесін қалыптастыру және оны қорғау;
- отандық сақтандыру нарығындағы шетелдік сақтандырушылардың және қаржыларында шетелдік капиталдың үлесі басым болатын сақтандырушылардың іс-әрекеттерін реттеу;
- сақтандыру қызметінде өркениетті сақтандыру нарығын қалыптастыруға ықпал ететін салықтық саясат жүргізу;
- Қазақстан Республикасында сақтандыру нарығын дамытуды болжау және жоспарлау [126, 44 б.].

Жоғарыда баяндалғандарды негізге ала отырып, сақтандыру нарығын мемлекеттік реттеудің мақсаттары мен міндеттеріне қатысты экономика ғылымында әлі күнге дейін бірыңғай ғылыми көзқарас қалыптаспағанын байқауға болады. Қазіргі экономикалық әдебиеттерді талдау сақтандыру нарығын мемлекеттік басқару мәселелерінің кешенді түрде жеткілікті зерттелмегенін көрсетеді. Әсіресе мемлекеттік реттеу жүйесінің нысандары мен оны жүзеге асыру тетіктерін жан-жақты ашып көрсететін ғылыми еңбектер саны шектеулі.

Кейбір авторлардың зерттеулерінде бұл мәселелер жекелеген бағыттар бойынша ғана қарастырылады. Атап айтқанда, көбіне сақтандырушылардың төлем қабілеттілігін қамтамасыз ету, пруденциалдық нормативтерді қолдану немесе сақтандыру саласындағы салықтық ынталандыру мәселелері зерттеу объектісі ретінде алынады.

Жалпы алғанда, сақтандыру қызметін мемлекеттік реттеу сақтандыру нарығына қатысушылардың қызметін ұйымдастыру мен олардың арасындағы қатынастарды құқықтық тұрғыдан айқындауға бағытталады. Осыған байланысты мемлекет:

- сақтандыру қызметін бақылауды жүзеге асырады;
- сақтандыру ұйымдарын тіркеу тәртібін белгілейді;

- лицензиялау талаптарын анықтайды;
- сақтандыру ұйымдарының қаржылық тұрақтылығын қадағалайды;
- олардың қызмет нәтижелерін бақылау тетіктерін қалыптастырады.

Сонымен қатар сақтандыру қызметін тиімді реттеу үшін негізгі заңнамалық база мен оған сәйкес қабылданатын қосымша нормативтік құқықтық актілер жүйесі қалыптастырылады.

Мемлекет сақтандыру саласын реттеу функциясын тікелей және жанама әдістер арқылы жүзеге асырады. Бұл әдістердің айырмашылығы олардың құқықтық және экономикалық ықпал ету тетіктерінің ерекшеліктерімен түсіндіріледі. Мемлекеттің сақтандыру нарығына жанама ықпалы негізінен экономикалық реттеу құралдары арқылы көрініс табады. Атап айтқанда, сақтандыру қорларының сақталуын қамтамасыз ету, оларды тиімді орналастыру және сақтандыру нарығының тұрақтылығын сақтау мақсатында әртүрлі экономикалық тетіктер қолданылады.

Ал сақтандыру ұйымдарының қызметін тікелей мемлекеттік реттеу көбіне нормативтік-құқықтық әдістерге негізделеді. Бұл ретте сақтандырушылар үшін міндетті болып табылатын экономикалық нормативтер, пруденциалдық талаптар және салықтық саясат құралдары белгіленеді. Мұндай талаптар сақтандыру ұйымдарының қаржылық тұрақтылығын қамтамасыз етуге және сақтанушылардың құқықтарын қорғауға бағытталады.

Сақтандыру ұйымдарының қызметін мемлекеттік реттеудің негізгі әдістеріне лицензиялау және пруденциалдық нормативтерді бақылау жатады. Бұл талаптар заңнамалық деңгейде бекітіледі және олардың орындалуын уәкілетті мемлекеттік орган қадағалайды.

Сақтандыру қызметін жүзеге асыру құқығы сақтандыру ұйымына лицензия беру арқылы рәсімделеді. Лицензия алу үшін сақтандыру ұйымы заңнамада белгіленген құжаттар топтамасын уәкілетті органға ұсынуға міндетті. Сонымен қатар лицензиялық алым төленеді, ал лицензия беру туралы шешім белгіленген мерзім ішінде қабылданып, ресми ақпарат көздерінде жарияланады.

Егер сақтандыру ұйымы белгіленген пруденциалдық нормативтерді белгілі бір уақыт ішінде орындамаса, уәкілетті органның қосымша сақтандыру сыныптары бойынша лицензия беруден бас тартуға құқығы болады. Бұл талаптар сақтандыру нарығының сенімділігі мен қаржылық тұрақтылығын қамтамасыз етуге бағытталған.

Сақтандыру ісі субъектілерін құқықтық реттеудің негізгі мақсаты – сақтандыру нарығына жосықсыз қатысушылардың кіруіне жол бермеу және сақтандыру ұйымдары мен сақтандыру брокерлерінің қаржылық тұрақтылығын қамтамасыз ететін міндетті талаптарды белгілеу болып табылады. Осы мақсаттарға қол жеткізу сақтандыру қызметін лицензиялау институтын тиімді ұйымдастыру арқылы жүзеге асырылады.

Ең алдымен, сақтандыру субъектілерін лицензиялау міндеті олардың арнайы құқықтық қабілеттілігімен тікелей байланысты екенін атап өткен жөн. Себебі лицензияның болуы сақтандыру ұйымына сақтандыру қызметін жүзеге

асыруға айрықша құқық береді және оның сақтандыру қызметінен өзге кәсіпкерлік қызмет түрлерімен айналысуын шектейді.

Осыған байланысты сақтандыру субъектілерінің қызметін лицензиялау сақтандыру қызметін азаматтық-құқықтық реттеу жүйесіндегі негізгі құқықтық құралдардың бірі болып табылады. Ол құқықтық реттеу тетігіндегі жүйе құраушы және өзара байланыстырушы элемент ретінде көрініс табады.

Сонымен қатар сақтандыру қызметін лицензиялау институты құқықтық шектеу нысаны ретінде де сипатталады. Бұл лицензияны алу, сақтау және оның талаптарын орындауға бағытталған құқықтық, ұйымдастырушылық және қаржылық шаралардың кешенін қамтитын күрделі құқықтық механизм болып табылады.

«Қоғамдық мүдделері үшін кәсіпкерлік қызметтің бостандығын шектеу ретінде лицензиялаудың арнайы рөлін ескере отырып, лицензиялау бұл құқықтық реттеудің императивті әдісін басым қолданумен қатаң реттелетін рәсім болып табылады. Лицензиялаудың құқықтық реттеуінде азаматтық және әкімшілік құқықтық нормалардың бір-бірімен өте тығыз әрекет етуіне байланысты императивті нормалардың бар болуы түсіндіріледі» [127, 14 б.].

Сақтандыру субъектілерінің қызметін лицензиялау міндеттерін қарастырмас бұрын, сақтандыру қызметін жүзеге асыруға берілетін арнайы рұқсат ретінде лицензияның құқықтық сипатына назар аудару қажет.

Қазақстан Республикасының сақтандыру заңнамасына сәйкес сақтандыру қызметін жүргізуге берілетін лицензия мерзімсіз болып табылады, басқа тұлғаларға берілмейді және берілген күннен бастап заңды күшіне енеді. Лицензия сақтандыру ұйымының сақтандыру қызметін жүзеге асыруының негізгі құқықтық негізі ретінде танылады.

Заңнамада сақтандыру қызметіне байланысты лицензиялардың бірнеше түрі көзделген. Атап айтқанда:

- міндетті және ерікті сақтандыру қызметін жүзеге асыруға арналған лицензия;
- қайта сақтандыру қызметін жүргізуге арналған лицензия;
- өзара сақтандыру қызметіне арналған лицензия;
- сақтандыру брокері ретінде делдалдық қызметті жүзеге асыруға арналған лицензия.

Аталған лицензия түрлері сақтандыру нарығы субъектілерінің қызмет ерекшеліктеріне қарай беріледі және олардың құқықтық мәртебесін айқындайды.

Сақтандыру субъектілерінің қызметін лицензиялау міндетін қарастыру барысында, ең алдымен лицензия алу рәсімінің құрамдас элементтеріне назар аудару қажет. Лицензия алу тәртібі сақтандыру субъектісінің заңнамада белгіленген құжаттар топтамасын уәкілетті органға ұсынуынан және сол құжаттарды қарау нәтижесінде лицензия беру немесе беруден бас тарту туралы шешім қабылдау рәсімінен тұрады.

Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес уәкілетті орган лицензия беру немесе одан бас тарту туралы шешімді құжаттардың толық пакеті ұсынылған күннен бастап отыз жұмыс күні ішінде қабылдауға міндетті.

Лицензия беруден бас тарту туралы шешім міндетті түрде негізделген болуы тиіс және онда анықталған бұзушылықтарға нақты сілтемелер көрсетіледі. Сонымен қатар сақтандыру қызметі туралы заңнаманың 38-бабында лицензия беруден бас тартудың негіздерінің толық тізбесі бекітілген.

Сақтандыру қызметін жүзеге асыру үшін лицензия алғаннан кейін сақтандыру субъектісі сақтандыру заңнамасының талаптарын сақтауға міндетті. Бұл ретте сақтандыру заңнамасын бұзу деп нормативтік-құқықтық актілер талаптарының сақталмауы танылады. Ал сақтандыру шартын жасасу немесе орындау барысында туындайтын жекелеген даулар лицензиялық талаптарды бұзу ретінде қарастырылмайды. Сондықтан сақтандыру шарты талаптарының орындалмауы өздігінен сақтандыру субъектісін әкімшілік жауапкершілікке тартуға негіз бола алмайды.

Сонымен қатар сақтандыру заңнамасында лицензияның қолданылуын тоқтата тұру, шектеу немесе оның күшін жою сияқты құқықтық шаралар көзделген. Бұл рәсімдердің барлығына ортақ белгі – олардың сақтандыру субъектісінің құқық бұзушылық әрекеттеріне байланысты қолданылуы. Аталған шаралар сақтандыру нарығының тұрақтылығын қамтамасыз етуге және сақтанушылардың құқықтарын қорғауға бағытталған қорғаныш тетіктері болып табылады.

Осыған байланысты лицензиялау институты сақтандыру субъектілерінің қызметін бақылаудың маңызды құқықтық құралы ретінде көрініс табады. Лицензия талаптарын сақтау сақтандыру қызметін заңды әрі тұрақты жүзеге асырудың негізгі шарты болып табылады.

Егер сақтандыру ұйымы заңнама талаптарын бұзса, уәкілетті мемлекеттік орган оның лицензиясын тоқтатуға немесе қайтарып алуға құқылы. Лицензиясынан айырылған сақтандыру субъектісі сақтандыру қызметін жүзеге асыра алмайды және заңнамада белгіленген тәртіппен өзінің банк шоттары бойынша операцияларды тоқтатуға міндетті.

Сақтандыру қызметін мемлекеттік реттеудің негізгі тетіктерінің бірі лицензиялау институты болып табылады. Жоғарыда қарастырылған мәселелерді қорытындылай келе, сақтандыру субъектілерінің қызметін лицензиялау азаматтық-құқықтық реттеудегі маңызды құқықтық шектеу құралы ретінде сипатталады.

Біріншіден, лицензиялау сақтандыру субъектісінің арнайы құқықтық қабілеттілігінің міндетті шарты болып табылады және сақтандыру қызметін құқықтық реттеудегі ынталандыру мен шектеу тетіктерінің жүйе құраушы элементі ретінде көрініс табады.

Екіншіден, лицензиялау институты сақтандыру саласындағы құқықтық шектеулердің қорғаныш және қорғау функцияларын жүзеге асырады. Бұл сақтандыру нарығының тұрақтылығын қамтамасыз етуге және сақтанушылардың құқықтарын қорғауға бағытталған.

Үшіншіден, лицензиялау күрделі құқықтық механизм ретінде бірнеше өзара байланысты міндеттерден тұрады. Олардың қатарына:

- сақтандыру қызметін жүзеге асыру үшін лицензия алу міндеті;
- лицензия талаптарының тұрақты сақталуын қамтамасыз ету міндеті;
- лицензияны тоқтату, шектеу немесе қайтарып алу рәсімдеріне байланысты талаптарды орындау міндеті жатады.

Сонымен қатар сақтандыру ұйымдарының төлем қабілеттілігі мен қаржылық тұрақтылығын бақылау пруденциалдық нормативтер арқылы жүзеге асырылады. Уәкілетті орган сақтандыру ұйымдарының қаржылық жағдайын қадағалап, заңнамада белгіленген экономикалық нормативтердің сақталуын тексереді.

Егер сақтандыру ұйымы белгіленген талаптарды орындамаса, оған заңнамада көзделген жауапкершілік шаралары қолданылады. Сонымен бірге сақтандыру ұйымына қаржылық жағдайын қалпына келтіру және нормативтерді түзету үшін қайта капиталдандыру жоспарын әзірлеуге мүмкіндік беріледі.

Бұл ретте сақтандыру ұйымының төлем қабілеттілігі маржасына ерекше назар аударылады. Төлем қабілеттілігі маржасы сақтандыру ұйымы активтерінің оның міндеттемелерінен асып түсу деңгейін көрсетеді және ұйымның қаржылық тұрақтылығының негізгі көрсеткіштерінің бірі болып табылады. Төлем қабілеттілігі маржасының ең төменгі деңгейден төмендеуі сақтандыру ұйымының қаржылық тұрақтылығына қауіп төндіреді. Осыған байланысты сақтанушылардың мүдделерін қорғау мақсатында кепілдік қорлары құрылады.

Сақтандыру саласындағы ғылыми әдебиеттерде пруденциалдық реттеу ұғымына нақты әрі бірізді анықтама берілмеген. «Пруденциалдық» термині ағылшын тіліндегі «prudential» сөзінен шыққан және «сақтық», «тәуекелден барынша қорғану» деген мағынаны білдіреді.

Мәселен, Н.Ю. Каменскаяның пікірінше, сақтандыру нарығын пруденциалдық реттеу – сақтандыру нарығының тұрақты әрі сенімді қызметін қамтамасыз етуге және сақтанушылардың мүдделерін қорғауға бағытталған мемлекеттік-биліктік сипаттағы құқықтық нормалар жүйесі болып табылады [128, 15 б.].

Осыған сәйкес, сақтандыру саласындағы пруденциалдық реттеудің негізгі мақсаты – сақтандыру нарығының қаржылық тұрақтылығы мен сенімділігін қамтамасыз ету арқылы мемлекеттің, жеке және заңды тұлғалардың сақтандыру қорғанысын жүзеге асыру, сондай-ақ сақтандыру қызметтерін тұтынушылардың құқықтары мен заңды мүдделерін қорғау болып табылады.

Д. Досаляновтың пікірінше: Осыған байланысты, сақтандыруды пруденциалдық реттеудің негізгі міндеттерін айқындауға болады, олар:

- сақтанушылардың, мемлекет пен басқа тұлғаларының құқықтары мен заңды қызығушылықтарды қорғауды қамтамасыз ету;
- жалпы сақтандыру нарықты қорғау;

- сақтандыру нарығында сақтандыру қорғанысының құнын төмендету үшін бәсекеге қабілетті ортаны құру, жаңа технологиялар мен қызметтерді енгізу;

- жалпы сақтандыру нарығының және сақтандыру ісінің бөлек субъектілер қызметінің мөлдірлігін қамтамасыз ету.

Жоғарыда айтылып кеткенін есепке ала отырып, біздің ойымызша, сақтандыру қызметін пруденциалды реттеудің келесі қызметтерін бөліп көрсетуге болады:

- привентивті – сақтандыру ісі субъектінің тәуекелді қызметін минималдауға бағытталған қызметі;

- қорғаныс – сақтандырушылармен өз міндеттерін орындамау жағдайында сақтанушылардың қызығушылықтарын кепілдендіруге бағытталған қызметі [129, 21 б.].

Сақтандыру нарығын реттеуге бағытталған заңнамалық және нормативтік-құқықтық нормалардың жиынтығы сақтандыру құқығының мазмұнын құрайды. Қазақстандық ғалым С.М. Найманбаевтың пікірінше, сақтандыру құқығы – мемлекеттің сақтандыру жүйесін қалыптастыруға, сақтандыру қызметін ұйымдастыруға, сақтандыру ұйымдарының ерікті және міндетті сақтандыру нысандары бойынша қызмет көрсетуіне, сақтандыру қорларын қалыптастыру мен пайдалануға, сондай-ақ сақтандыру нарығын мемлекеттік реттеу мен қадағалауға байланысты туындайтын қоғамдық қатынастарды реттейтін кешенді құқық саласы болып табылады [9, 249 б.].

«Сақтандыру қызметін мемлекеттік реттеуді, бақылау мен қадағалауды Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген өкілеттіктерге сәйкес уәкілетті орган жүзеге асырады. Уәкілетті органның құқықтық мәртебесі Қазақстан Республикасының заңдарымен және Қазақстан Республикасы Президентінің актілерімен айқындалады» [18].

Қазақстан Республикасында сақтандыру ұйымдарының қызметін реттейтін негізгі уәкілетті мемлекеттік орган – Қазақстан Республикасының Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігі болып табылады. Аталған орган сақтандыру саласындағы заңнаманың сақталуын бақылауды, сақтандыру ұйымдарын лицензиялау мен тіркеуді, пруденциалдық нормативтердің орындалуын қадағалауды, сондай-ақ сақтандыру ұйымдарының қаржылық тұрақтылығы мен төлем қабілеттілігін бақылауды жүзеге асырады.

«Қазақстан Республикасының Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігі халықаралық стандарттарды (Банктік қадағалау жөніндегі Базель комитеті, Сақтандыруды қадағалаудың халықаралық қауымдастығы, Зейнетақыны қадағалаудың халықаралық ұйымы, Бағалы қағаздар жөніндегі комиссиялардың халықаралық ұйымы, Еуропалық Одақ, Исламдық қаржылық қызметтер жөніндегі кеңес) ескере отырып, Қазақстан Республикасының қаржы жүйесін дамыту саласында мемлекеттік саясаттың негізгі бағыттары шеңберінде қаржы нарығын реттеудің тәсілдері мен әдістерін айқындайды, Қазақстан Республикасы қаржы нарығының, қаржы өнімдерінің дамуына жәрдемдеседі, сондай-ақ адал бәсекелестік қағидаттарымен қаржы

ұйымдарының жұмыс істеуі үшін тең жағдайлар қамтамасыз етеді, қаржы нарығындағы асыра пайдаланушылыққа қарсы іс-қимылды жүзеге асырады» [130].

«Қаржы нарығы мен қаржы ұйымдарын реттеу, бақылау және қадағалау жөніндегі уәкілетті органның (бұдан әрі – уәкілетті орган) және Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің (бұдан әрі – Ұлттық Банк) осы Заңға сәйкес қабылданатын нормативтік құқықтық актілері сақтандыру нарығының барлық қатысушылары үшін міндетті болады» [18].

Сақандыру заңнамасының 43-бабында Уәкілетті органның 52 түрлі құзыреті бекітілген.

Қорыта келгенде, сақтандыру қызметіндегі мемлекеттік басқару жүйесі сақтандыру нарығының тұрақтылығын қамтамасыз етуге, сақтандыру ұйымдарының қызметін құқықтық реттеуге және сақтанушылардың мүдделерін қорғауға бағытталған кешенді механизм болып табылады. Мемлекеттік басқару лицензиялау, пруденциалдық реттеу, бақылау және қадағалау құралдары арқылы жүзеге асырылады.

Лицензиялау сақтандыру субъектілерінің арнайы құқықтық қабілеттілігінің негізін қалыптастырса, пруденциалдық реттеу сақтандыру ұйымдарының төлем қабілеттілігі мен қаржылық тұрақтылығын қамтамасыз етуге бағытталады. Осы тетіктер сақтандыру нарығының сенімділігі мен тиімді қызмет етуінің негізгі кепілі болып табылады.

Осылайша, сақтандыру саласындағы мемлекеттік басқару құқықтық және экономикалық реттеу құралдары арқылы ұлттық сақтандыру жүйесінің тұрақты дамуын қамтамасыз етеді.

2.4 Шет мемлекеттердегі сақтандыру қызметін құқықтық реттеу тәжірибесі

Дамыған мемлекеттерде сақтандыру қызметін құқықтық реттеу сақтандыру нарығының тұрақтылығын қамтамасыз етуге, сақтандыру қызметіне қатысушылардың құқықтарын қорғауға және сақтандыру ұйымдарының қаржылық сенімділігін арттыруға бағытталған тиімді құқықтық және институционалдық механизмдер арқылы жүзеге асырылады. Әсіресе Еуропалық Одақ елдерінде, АҚШ-та, Ұлыбританияда және бірқатар дамыған мемлекеттерде сақтандыру қызметін реттеудің заманауи модельдері қалыптасқан.

Шет мемлекеттердің тәжірибесін салыстырмалы-құқықтық тұрғыдан талдау сақтандыру қызметін құқықтық реттеудің тиімді тәсілдерін айқындауға, халықаралық стандарттарды ұлттық заңнамаға енгізу мүмкіндіктерін бағалауға және отандық сақтандыру нарығын құқықтық реттеуді жетілдіру бағыттарын анықтауға мүмкіндік береді.

Сақтандыру нарығындағы жаһандық шоғырлану үрдістерінің қалыптасуына бірнеше маңызды факторлар ықпал етті. Соның ең негізгісі – мемлекеттер арасындағы өзара байланыстардың күшеюі мен ортақ мәдени,

ақпараттық және экономикалық кеңістіктің қалыптасуын білдіретін әлемдік дамудың жаңа кезеңіне көшу болды. Экономикалық және мәдени кедергілердің азаюы сақтандыру компанияларына ұлттық шекаралардан тыс қызмет етуге мүмкіндік берді. Нәтижесінде халықаралық әріптестік ауқымы кеңейіп, шетелдік өкілдіктер саны артты, халықаралық еңбек бөлінісі тереңдеді және халықаралық туризм индустриясының дамуына жол ашылды [131, 168 б.].

Сақтандыру қызметін реттеудің мақсаты Қазақстанда да, шетел мемлекеттерінде де сақтандыру қызметтері нарығын қалыптастыру мен дамытуды қамтамасыз ету, сақтандыру ұйымдарының тиімді қызметі үшін жағдай жасау, сондай-ақ сақтанушылардың мүдделерін қорғау болып табылады.

Шетелдік сақтандыру тәжірибесін зерделеу қажеттілігі көптеген факторлармен байланысты. Қазіргі таңда әлемде жаһандану үдерістері белсенді түрде жүріп жатыр. Соның салдарынан сақтандыру қызметін құқықтық реттеу мәселелері халықаралық сипатқа ие болуда. Бұл сақтандыру қызметін мемлекеттік реттеу бойынша іс-қимылдарды үйлестіру қажеттілігіне алып келеді.

Еуропада алғашқылардың бірі болып Германияның сақтандыру жүйесі қалыптасты. Онда сақтандыру қызметін құқықтық реттеу мен сақтандырушылардың қызметін бақылау сақтандыру қадағалауы туралы заңмен айқындалған. Бұл заң 1901 жылы қабылданған. Ал соңғы өзгерістер 1991 жылы «Сақтандыру қызметін қадағалау жөніндегі федералдық ведомствоны құру туралы» заңмен енгізілген. Аталған заң федералдық ведомствоның құқықтық негіздерін, мәртебесін, функциялары мен өкілеттіктерін белгілеген [132].

Сақтандырушылардың бағалы қағаздар нарығындағы басты ерекшеліктерінің бірі – олардың инвестициялық қызметінің әмбебаптығы. Олар қысқа мерзімді де, ұзақ мерзімді де, жоғары тәуекелді немесе тәуекелі төмен активтермен де операциялар жүргізе алады. Алайда мемлекеттік қадағалау органдары сақтандыру компанияларының шамадан тыс қаржылық алыпсатарлықпен айналысуына шектеу қояды. Мысалы, Германияда жоғары тәуекелді бағалы қағаздарға инвестиция салуға толықтай тыйым салынған [133, 289 б.].

Қазіргі уақытта Германияда екі деңгейлі сақтандыру қадағалауы жүйесі жұмыс істейді: федералдық және жер қатынастарына байланысты қадағалау органдары әрекет етеді. Бұл органдардың қызметі сақтандырушылардың сақтандыру сыйлықақыларынан міндетті аударымдар жасау есебінен де қаржыландырылады. Өз кезегінде сақтандыру қадағалау органдары сақтандырушыларға үкіметтен субсидиялар мен банктерден несиелер алу барысында қолдау көрсетеді.

Германияда әлеуметтік сақтандыру жүйесі жоғары деңгейде дамыған және тиімді жұмыс істейді. Оған зейнетақы сақтандыруы, жұмыссыздық бойынша сақтандыру, міндетті медициналық сақтандыру, мүгедектік бойынша төлемдер және жазатайым оқиғалардан сақтандыру кіреді.

Германияда нотариустардың кәсіби жауапкершілігін сақтандыру жүйесі бар. Бұл сақтандыру түрінің тәжірибесі ерекше қызығушылық тудырады. Германиядағы әрбір нотариус жеке сақтандыру шартын жасайды, бұдан бөлек нотариалдық палата әр нотариус үшін қосымша екі топтық сақтандыру шартын жасасуға міндетті және әрбір сақтандыру жағдайы бойынша белгілі бір сомаға дейін қосымша сақтандыруды қамтамасыз етеді.

Германияның барлық нотариалдық палаталары нотариустардың кінәсінен туындауы мүмкін залалдарды өтеуге арналған ортақ арнайы қорды ерікті түрде құрған. Егер топтық сақтандыру шарттары бойынша өтем сомасы келтірілген залалды толық өтеуге жеткіліксіз болса, айырмашылық осы қор қаражаты есебінен өтеледі.

Ұлыбританиядағы сақтандыру қызметі 1982 жылғы «Сақтандыру компаниялары туралы» заңмен реттеледі. Сонымен қатар «Ллойд» сақтандыру корпорациясы туралы, сақтандыру брокерлері туралы, полис иелерін қорғау туралы заңдар, сондай-ақ сақтандыру компанияларының қызметін реттейтін қағидалар мен өзге де құқықтық актілер қолданылады [134].

Ұлыбританияда бірыңғай сақтандыру қадағалау органы жұмыс істейді және барлық сақтандырушылар ортақ талаптарға бағынады.

Британдық сақтандыру қызметін реттеу жүйесі либералды қадағалау белгілері мен қатаң талаптарды үйлестіреді. Сақтандыру операциялары лицензиялануға жатады, алайда мемлекеттік органдардың бақылауы негізінен сақтандырушылардың қаржылық жағдайына бағытталған.

Сонымен қатар сақтандыру ұйымдарының басшыларына жоғары біліктілік талаптары қойылады. Олар кәсібилікті, құзыреттілікті және мінсіз іскерлік беделді қамтиды.

Мәселен, Ұлыбританияда сақтандыру қызметін жүзеге асыруға лицензия алу үшін басшы туралы мәліметтерді, оның ішінде өмірбаяндық деректерді, біліктілігі мен жұмыс тәжірибесі туралы ақпаратты, соттылығының болмауын, қаржылық міндеттемелерді орындамау фактілерінің жоқтығын және өзге де мәліметтерді ұсыну қажет.

Сақтандыру ұйымының басшысы мен бас бухгалтеріне қойылатын жоғары біліктілік талаптары Ресей Федерациясының «Ресей Федерациясында сақтандыру ісін ұйымдастыру туралы» федералдық заңында да белгіленген.

Ұлыбританияда сақтандыру төлемін пайда алушы емес, тек сақтанушы ғана ала алады. Бұл елде сақтандыру шартын жасасу үшін мүліктік мүдденің болуы міндетті емес. Сақтанушының мүддесі сақтандыру әрекет ететін бүкіл мерзім бойы болмауы да мүмкін.

Ұлыбританияның сақтандыруды мемлекеттік реттеу жүйесі Еуропалық Одақ деңгейіндегі біріздендірілген жүйені әзірлеу кезінде алынған.

Реттеу жүйесінің біртұтастығымен сипатталатын британдық модельден айырмашылығы, АҚШ-та орталықтандырылмаған модель қолданылады. Онда федералдық деңгейде сақтандыруды реттеу іс жүзінде жоқ. Бұл елде әрбір штатта сақтандыруды реттеудің өзіндік жүйесі және өз сақтандыру қадағалау органдары бар.

Тек кейбір сақтандыру түрлері, мысалы, ядролық тәуекелдерден, су тасқынынан, егіннің шықпай қалуынан, қылмыстардан сақтандыру және басқа да түрлері тек федералдық органдармен реттеледі.

АҚШ-та федералдық деңгейде сақтандыру заң шығарушыларының Ұлттық конференциясына және сақтандыру комиссарларының Ұлттық қауымдастығына маңызды рөл беріледі. Сақтандыру комиссарының негізгі міндеті — сақтанушыларды қорғау және сақтандыру қадағалау органдарына көмек көрсету.

Жапонияның сақтандыруды мемлекеттік реттеу жүйесінде басқа елдермен салыстырғанда сақтандыру тарифтеріне ең қатаң бақылау жүзеге асырылады және лицензия алу рәсімі өте күрделі болып табылады.

Бұл елде сақтандырудың жалпы шарттарын бекітуге ұсыну талап етіледі. Ал Еуропалық Одақ (ЕО) елдерінде міндетті сақтандыруды қоспағанда, мұндай шарттарды бекіту де, ұсыну да талап етілмейді.

Жапонияны ЕО елдерімен және АҚШ-пен қатар сақтандыру саласындағы әлемдік көшбасшылардың қатарына жатқызуға болады. Алайда бұл мемлекет шетелдік сақтандырушылардың қатысуы үшін ең жабық елдердің бірі болып саналады.

Еуропалық Одақтың әрбір мемлекетінің сақтандыруды құқықтық реттеудің өзіндік жүйесі бар. Алайда олардың үйлестірілуі ЕО Директивалары негізінде жүзеге асырылады. Мұндай Директиваларды қабылдау қажеттілігі ЕО елдері арасындағы сақтандыру қызметтері саудасындағы кедергілерді жоюмен байланысты және ЕО-қа мүше басқа мемлекеттердің сақтандырушыларына халықаралық сақтандыру нарықтарында өз елімен бірдей шарттарда қызмет етуге мүмкіндік беруге бағытталған.

ЕО аясында сақтандыру қызметтерін осы мемлекеттің аумағында филиал тіркемей-ақ өзара ұсынуға болады. Бұл сақтандыру қызметін құқықтық реттеудің ұлттық жүйелерінің жақындасуын күшейтеді. ЕО-ның бірқатар Директивалары ұлттық сақтандыру заңнамасына да енгізілуі тиіс міндетті стандарттарды белгілейді.

Сақтандырушылардың қызметі олардың қаржылық тұрақтылығы мен төлем қабілеттілігін қамтамасыз етуге бағытталуы тиіс. Сондықтан ЕО-ның көптеген елдерінде жүргізілген сақтандыру операциялары жөніндегі жылдық есептер мен төлем қабілеттілігі туралы мәліметтер бақылауға алынады. Сақтандырушылардың сенімділігін қамтамасыз ету мақсатында төлем қабілеттілігі резерві мен техникалық резервтер белгіленеді. Олардың ең төменгі деңгейлері Еуропалық Одақ шеңберінде айқындалады.

Сонымен қатар Директиваларда сақтандыру қызметін лицензиялау және сақтандырушылардың бухгалтерлік есептілікті ұсынуы мәселелеріне қатысты нормалар қамтылған. Ресейде де лицензиялау жүйесі бар, сақтандыру резервтерін қалыптастыру мен орналастыру қағидалары әзірленген. Сондай-ақ сақтандырушылардың жарғылық капиталының ең төменгі мөлшері белгіленеді.

Ресей мен ЕО елдері арасында халықаралық деңгейде сақтандыру мәселелерін қозғайтын келісімдер жасалады.

Мысалы, 1994 жылғы 24 маусымда Корфу аралында қабылданған «Әріптестік және ынтымақтастық туралы» келісімде әрбір мүше мемлекетте қолданылатын шарттар мен қағидаларды сақтай отырып, осындай мемлекеттердің бірінің аумағында заңды негізде жұмыс істейтін Ресей азаматтары болып табылатын қызметкерлер үшін әлеуметтік сақтандыру жүйелерін үйлестіруге қажетті ережелерді қабылдау көзделген [135].

Аталған ережелермен, соның ішінде, мұндай қызметкерлердің әртүрлі мүше мемлекеттердегі сақтандыру, еңбек қызметі немесе тұру кезеңдерін жасына байланысты зейнетақыны, мүгедектік бойынша төлемдерді, қайтыс болу жағдайындағы төлемдерді, сондай-ақ қызметкерлер мен олардың отбасы мүшелеріне медициналық қызмет көрсету мақсатында жиынтықтау қағидаты бекітіледі.

Роман-герман құқықтық жүйесіне жататын елдердің құқық доктринасына тән құқық дуализмі және жеке құқық дуализмі мәселесі жеке-құқықтық та, жария-құқықтық та институттардың мүдделер саласын қамтиды. Құқықтық классицизм елдеріндегі ортақ тәсілдер мен біріктіруші үрдістер белгілі бір қоғамдық қатынастарды құқықтық реттеу мәселелеріне қатысты дара тәсілдерді таңдаумен қатар өмір сүреді [136, 55 б.].

Үнемі дамып отыратын құқықта болып жатқан үдерістер жаңа доктриналық тұжырымдамалардың пайда болуын талап етеді. Осы тұрғыдан алғанда көптеген теориялардың маңызы олардың пайда болған кезеңімен шектеледі. Бұған меншік иесінің өкілеттіктерінің классикалық римдік триадасына негізделген меншік құқығы институты туралы дәстүрлі көзқарастарды қайта қарау мысал бола алады [137, 256 б.].

Құқық дуализмі, құқықтағы жеке және жария бастаулардың арақатынасы мәселесінің даму динамикасы Францияның сақтандыру құқығы мысалында айқын көрінеді. Француз құқықтық доктринасында сақтандыру құқығының Франция құқық жүйесіндегі орнын анықтауға қатысты әртүрлі көзқарастар қатар өмір сүреді. Бұл айырмашылықтар жеке-құқықтық және жария-құқықтық бастаулардың арақатынасы мәселесіне қатысты тәсілдердің әртүрлілігімен түсіндіріледі.

Соған қарамастан, сақтандыру практикасы мен заң шығарушының ұстанымы нақты нәтижелерге қол жеткізуге мүмкіндік берді, атап айтқанда: сақтандыру құқығы айқын дербестікке ие болып, өзінің формальды-заңдық нысанын қалыптастырды. Осылайша, Франция сақтандыру құқығының дамуында мүлде жаңа кезең басталды деуге болады, себебі сақтандыру құқығының Франция құқық жүйесіндегі орны мәселесі негізінен шешімін тапты.

Ұзақ уақыт бойы сақтандыру қатынастары әртүрлі заңнамалық актілермен (ордонанстар, декреттер, заңдар) реттеліп келді. Шарттық қатынастарды белгілеу, залалды өтеу мәселелерін шешу барысында арнайы заңнама нормаларымен қатар Азаматтық кодекстің нормалары да қолданылды.

Сақтандырылуы мүмкін объектілер мен мүдделер санының артуы, сақтандыру рәсімдерінің күрделене түсуі және сақтандыру туралы көптеген

заңнамалық актілерді қолданудың қиындығы сақтандыру заңнамасын қайта қарау қажеттілігіне алып келді.

Екінші жағынан, сақтандыру саласындағы заңнамалық актілерді қайта қарау үдерісі француз заңнамасын жаппай кодификациялау кезеңімен тұспа-тұс келді.

Шешімін талап еткен жеке мәселелердің бірі сақтандыру құқықтық қатынастарынан туындайтын залалды өтеу нормаларын қолдану мәселесі болды. Сонымен қатар сақтандыру құқықтық қатынастарының әртүрлі қатысушыларының жауапкершілігі туралы мәселе де шешімін күтті.

Бұл мәселелерді шешу көп жағдайда сақтандыру құқығындағы жеке-құқықтық және жария-құқықтық бастаулардың арақатынасы мәселесін шешумен тікелей байланысты болды.

Сақтандыру құқығының дербес құқық саласы ретінде даму үрдістері айқындалған кезеңге дейін жеке және жария құқықтың арақатынасы мәселесі барған сайын маңызды сипатқа ие болды. Бұл мәселенің күрделілігі оның азаматтық құқықтағы ұқсас мәселемен тығыз байланыста болуында еді. Мұндай жағдай сақтандыру шарттарын жасасу және орындау кезінде, сондай-ақ сақтандыру қатынастарына қатысушылардың жауапкершілігі мәселелерін шешу барысында сақтандыру қатынастарын құқықтық реттеудің сипатына тікелей әсер етті.

Сақтандыру құқығы үшін жеке және жария құқықтың арақатынасы мәселесі әлеуметтік және экономикалық маңызы зор сақтандыру объектілерінің тізбесі кеңейгеннен кейін ерекше өзектілікке ие болды (мысалы, террористік актілерден сақтандыру).

Сақтандыру құқығы кодификацияланған нысанға ие болған сәттен бастап жеке және жария құқық мәселесін нақты айқындалған формальды-заңдық шеңберде шешу мүмкіндігі пайда болды. Бұл белгілі бір дәрежеде мәселенің шешімін азаматтық-құқықтық қатынастар аясында емес, нақты сақтандыру қатынастары шеңберінде іздеуге мүмкіндік берді.

Франциядағы сақтандыру қатынастарын реттеуді қамтамасыз ететін ең негізгі нормативтік-құқықтық акт — 1976 жылғы 16 шілдедегі №76-667 декрет негізінде қабылданған «Code des assurances» Сақтандыру кодексі болып табылады [138]. Ол сақтандыруға қатысты қолданыстағы құқықтық нормалардың кодификациясы болып табылады және үш бөлімнен тұрады. Бірінші бөлімде заң нормалары, екінші бөлімде Үкімет қаулылары, ал үшінші бөлімде өзге әкімшілік органдардың нұсқамалары қамтылған.

Францияда сақтандыру саласында мемлекеттік реттеу мен өзін-өзі реттеу ұштасады. Бұл елде ұзақ уақыт бойы сақтандыру саласындағы бақылау және қадағалау органы болмаған. 1989 жылы Францияда Сақтандыруды бақылау жөніндегі комиссия құрылып, ол сақтандырушылардың бухгалтерлік есептілігін тексеруді, техникалық резервтердің қалыптастырылу тәртібін бақылауды және төлем қабілеттілігін талдауды жүзеге асырады.

Кодексте сақтандыру міндеттемесі туралы жалпы ережелер, залалды өтеудің шарттары мен тәртібі, сақтандыру қатынастарына қатысушылардың

жауапкершілігі туралы нормалар, сондай-ақ көлік оқиғаларынан сақтандыру, аңшылық оқиғаларынан сақтандыру, террористік актілерден сақтандыру, иммун тапшылығы вирусын жұқтыру жағдайларынан сақтандыру және басқа да арнайы нормалар қамтылған.

Сақтандыру кодексі залалды өтеуді және сақтандыру қатынастарына қатысушылардың жауапкершілігін қамтамасыз ететін арнайы ұйымдарға ерекше назар аударады [139, 691 б.].

Кодекстің жеке бір кітабында (Livre 4) 2-тарау «Кепілдік қоры» (Le fonds de garantie) деп аталады. Осы 2-тараудың 1-бөлімінде жол-көлік оқиғалары мен аңшылық оқиғалары бойынша кепілдік қоры туралы нормалар (Le fonds de garantie contre les accidents de circulation et de chasse) бекітілген.

Мәселен, R.421-1 ережесіне сәйкес, егер жол-көлік немесе аңшылық оқиғасы Франция аумағында орын алса, Кепілдік қоры тиісті жәбірленушілерге келтірілген залалды өтеу шығындарын өз мойнына алады.

Сонымен бірге Кепілдік қоры Франциядан өзге мемлекеттің аумағында тіркелген қозғалмалы көлік құралдарының, сондай-ақ тіркемелер мен жартылай тіркемелердің қатысуымен болған оқиғалардан зардап шеккен тұлғаларға келтірілген залалды өтеуді өз міндетіне алмайды.

Осы норма Францияның сақтандыру саласында қызмет жүзеге асыратын арнайы ұйымды да айқындайды (Францияның Орталық бюросы — Сақтандыру кодексінің R.211-22 ережесінің 2-тармағына сәйкес құрылған сақтандыру бюросы).

Сақтандыру кодексінде жол-көлік оқиғаларынан және аңшылық кезінде болған оқиғалардан келтірілген зиянды өтеудің шарттары мен тәртібін айқындайтын нормаларға елеулі орын берілген.

Мысалы, R.421-12 ережесіне сәйкес, егер келтірілген зиян үшін жауапты тұлға белгісіз болса, жәбірленушінің немесе оның құқық мирасқорларының келтірілген залалды өтеу туралы талабы Кепілдік қорына оқиға болған күннен бастап үш жыл ішінде берілуі тиіс.

Егер жер үсті қозғалыс құралдарының әрекеттері үшін азаматтық-құқықтық жауапкершілікті өз мойнына алған сақтандырушы оқиға туралы бір ай ішінде хабарландырылмаса, онда R.211-9 ережесінде көзделген залалды өтеу туралы талап қою мерзімі сақтандырушы аталған хабарламаны алған ай аяқталғанға дейін тоқтатыла тұрады (R.211-29).

Сонымен қатар Сақтандыру кодексі талап қою тәртібін процестік сипаттағы нормалар арқылы егжей-тегжейлі реттейді.

Атап айтқанда, R.421-13 ережесіне сәйкес, оқиғадан зардап шеккен тұлғалар немесе олардың құқық мирасқорлары Кепілдік қорына келтірілген залалды өтеу туралы талапты хабарламасы бар тапсырыс хат арқылы жолдауы тиіс, ал талаптың өзі дәлелдемелермен негізделуі қажет.

R.421-15 ережесіне сәйкес, сот органына берілетін кез келген бастапқы құжаттың көшірмесі Кепілдік қорына R.421-15 ережесіне сәйкес жіберілуі тиіс және онда оқиғаның күні мен орны, залалды өтеу туралы құжат, өтелуге жататын зиян туралы мәлімдеме, оқиға жөніндегі хаттама, сондай-ақ R.421-5

ережесінің бірінші абзацына сәйкес сақтандырушының ұсынуы қамтылуы қажет.

Егер залалды өтеу туралы талап R.421-7 ережесінде көзделген шарттарға сәйкес азаматтық сотқа берілген болса, жәбірленуші немесе оның құқық мирасқоры R.421-8 ережесінің 1-тармағына сәйкес бұл талапты толықтыра алады. Ол үшін сақтандырушыға Азаматтық іс жүргізу кодексінің жаңа редакциясындағы 515, 771, 808 және 811-баптар негізінде тағайындалған сомаларды төлеу туралы талап қойылады. Аталған сомалар кейін Кепілдік қоры белгілеген тәртіппен төленеді.

Сақтандыру кодексінің ерекшелігі — онда материалдық құқық нормаларымен қатар процестік сипаттағы нормалардың да болуы. Алайда бұл сақтандыру қатынастарына сырттан, яғни дербес процестік құқық нормаларының ықпал ету мүмкіндігін жоққа шығармайды.

Мұндай нормалар Францияның жаңа Азаматтық іс жүргізу кодексінде («Nouveau Code de procédure civile») қамтылған.

Сақтандыру кодексі сақтандыру туралы нормаларды қамтитын жалғыз кодификацияланған акт болып табылмайды. Сақтандыру қатынастарын реттеуге бағытталған нормалар Францияның өзге де кодификацияланған актілерінде кездеседі. Олардың қатарына Азаматтық авиация кодексі («Code de l’aviation civile») және Қоғамдық қауіпсіздік кодексі («Code de la sécurité sociale») жатады.

Мәселен, Қоғамдық қауіпсіздік кодексі аурудан, кәріліктен және мүгедектіктен, сондай-ақ өлім жағдайларынан сақтандыру мүмкіндігін көздейді.

1991 жылғы 9 шілдедегі №91-650 Заң редакциясындағы Қоғамдық қауіпсіздік кодексінің L.361-5 ережесінде капиталдың (өлім жағдайларынан сақтандыру бойынша төлемдерге арналған сақтандыру қаражаттарының) қол сұғылмайтындығы және алименттік міндеттемелер бойынша есеп айырысуды немесе алаяқтық әрекеттердің не жалған мәліметтердің салдарынан заңсыз төленген қаражаттарды қайтаруды қоспағанда, басқа тұлғаларға берілмейтіні көзделген.

Кодификацияланған актілерден бөлек, сақтандыру саласындағы құқықтық реттеу өзге де заңнамалық актілер арқылы қамтамасыз етіледі. Олардың қатарында жәбірленушілер бар оқиғалардан келтірілген залалды өтеу мәселелерін реттейтін 1937 жылғы 5 сәуірдегі Заң бар. Осы Заң күшіне енгеннен кейін 1899 жылғы 20 шілдедегі Заң мен 1960 жылғы 22 сәуірдегі №60-389 Декрет күшін жойды. Соңғысы, өз кезегінде, мектептерде болған жазатайым оқиғаларға байланысты қатынастарға ерекше назар аударған болатын.

1943 жылғы 10 тамыздағы Заңда мектептердегі сақтандыру қатынастарын реттейді.

1941 жылғы 8 шілдедегі Заң аспалы (арқанды) жолдарды пайдалануға байланысты сақтандыру қатынастарын реттеуге арналған.

1991 жылғы 31 желтоқсандағы №91-1406 Заң иммун тапшылығы вирусын жұқтыру жағдайларынан сақтандыруға қатысты нормаларды қамтиды. Атап айтқанда, аталған Заң иммун тапшылығы вирусын жұқтыруға байланысты туындайтын қатынастарды жеткілікті дәрежеде егжей-тегжейлі реттейді.

Заңның 47-бабында Франция аумағында қан құю немесе инъекция жасау нәтижесінде адамның иммун тапшылығы вирусын жұқтыру салдарынан зиян шеккен тұлғаларға осы бапта белгіленген тәртіппен залал өтелетіні көзделген.

Сақтандыру туралы заңдар мен декреттер Сақтандыру кодексінде қамтылған ережелерді ескере отырып қолданылады.

Ең күрделі мәселелердің қатарына сақтандырылған тұлғаға немесе оның құқық мирасқорларына келтірілген залалды өтеу тәртібін айқындауға байланысты мәселелер жатады. Мұндай мәселелерді шешу кезінде Сақтандыру кодексінің нормаларын және сақтандыру туралы өзге де заңнаманы басшылыққа алу қажет.

Мәселен, Сақтандыру кодексі тікелей жәбірленушіге немесе оның құқық мирасқорларына ұсынылатын алдын ала сыйақы төлеу шарттарымен ауыртпалық туғызатын келісімдерге тыйым салады. Бұл тыйым сақталмаған жағдайда 1942 жылғы 3 сәуірдегі Заңның ережелері қолданылады, аталған заң осы заңға қайшы келетін жәбірленушілерге залалды өтеу тәртібі туралы келісімдердің күшін жояды.

Егер залалды өтеу мәселесі сақтандыру заңнамасында қамтылған нормалардың көмегімен шешілмесе, онда Азаматтық кодекстің нормалары қолданылады.

Сақтандыру құқықтық қатынастарына қатысушыларға санкция қолдану мәселесі салыстырмалы түрде жеңілірек шешіледі. Арнайы нормалар Сақтандыру кодексінде көзделген.

Мысалы, R.421-11 ережесіне сәйкес, R.421-1 ережелерінде көрсетілген оқиғадан тікелей туындаған қолайсыз салдарлардан сақтандырылмаған және қандай да бір құқықтық мәмілелер жасап, міндеттемелерді немесе қарыздарды төлеу тәртібін белгілеген тұлғаға Кепілдік қоры, сондай-ақ залалды өтеуге міндетті борышкер бір ай ішінде үшінші санаттағы айыппұл түріндегі жаза туралы хабарламасы бар тапсырыс хат жіберуі тиіс.

Бүгінде Францияда өмірді сақтандыру бойынша жиналатын сақтандыру сыйлықақыларының 60 пайыздан астамы банктік желілер арқылы тартылса, Испанияда бұл көрсеткіш 80 пайызға дейін жетеді [140, 61 б.].

А.Маршактың зерттеуінде бірігу туралы шешім қабылдаған ұйымдардың ұмтылатын негізгі мақсаттары ретінде бірнеше бағыттар көрсетіледі [141]. Олардың қатарында нарықтағы бәсекелік позицияны күшейту және бәсекелестерді ығыстыру, жаңа қатысушылар үшін нарыққа кіру кедергілерін арттыру, өзара толықтырушы әрі теңгерімді активтерді иелену, бос қаржы ресурстарын тиімді орналастыру, табысты бизнес салаларына қатысу, қолда бар басқару тәжірибесін басқа қызмет түрлерінде пайдалану, тәуекелдерді әртараптандыру, сондай-ақ ақпараттық және маркетингтік шығындарды қысқарту сияқты мақсаттар бар.

Сақтандыру құқықтық қатынастарына қатысушыларға санкциялар сақтандыру туралы өзге де заңнамалық актілерде көзделген ережелер негізінде қолданылуы мүмкін.

Сыртқы экономикалық қатынастар саласындағы сақтандыру ерекше тәртіппен қамтамасыз етіледі. Мұнда арнайы ұйымдардың қызметін реттеу айрықша маңызға ие. Осындай ұйымдардың бірі — COFAS Француз сыртқы сауда сақтандыру компаниясы болып табылады. Оның негізгі мақсаты — халықаралық саудада туындайтын әртүрлі тәуекелдерден экспортпен айналысатын француз кәсіпорындарын қорғау.

Атап айтқанда, COFAS Еуропалық Одаққа кірмейтін елдерде өткізілетін халықаралық сауда жәрмеңкелеріне қатысуға байланысты шығындарға ұшырайтын француз кәсіпорындарын сақтандыруды жүзеге асырады. COFAS кәсіпорынға жәрмеңкеге қатысу шығындарының бір бөлігін өтейтін уақытша өтемақы төлейді. Егер кәсіпорын кейіннен сол елдегі қызметінен түскен табыспен бұл шығындарды өтей алса, онда аталған соманы қайтаруға міндетті болады [142, 97 б.].

Әлеуметтік сақтандыруды бақылау жөніндегі арнайы құрылған мемлекеттік орган — Әлеуметтік сақтандыруды бақылау комиссиясы Франциядағы медициналық сақтандыруға бақылау жүргізеді.

Нотариустардың кәсіби жауапкершілігін сақтандыру үшін орталық және өңірлік кепілдік кассаларын құру көзделген. Олар заңды тұлға мәртебесіне ие және арнайы ережелер негізінде қызмет етеді.

Осылайша, дамыған мемлекеттердегі сақтандыру қызметін мемлекеттік реттеу жүйелерінің айырмашылықтарына қарамастан, оларды біріктіретін ортақ белгі — бұл мәселеге мемлекет тарапынан айрықша назар аударылуы болып табылады.

Халықаралық тәжірибені қолдану және Қазақстанға бейімдеу жолдарын дамыту маңызды мәселелердің бірі болып табылады. Исламдық сақтандыру бүгінде әлемнің көптеген елдерінде дамып, жаһандық қаржы жүйесінің бір бөлігіне айналды. Халықаралық тәжірибе Қазақстан үшін екі тұрғыдан маңызды: біріншіден, табысты үлгілерден үйрену, екіншіден, басқа елдерде кездескен қиындықтарды ескеріп, солардан сабақ алу. Мәселен, Малайзия тәжірибесі исламдық қаржының көшбасшыларының бірі әрі takaful саласының ең дамыған нарығы саналады. Бұл ел 1984 жылы әлемде алғашқылардың бірі болып арнайы Takaful Act заңын қабылдап, алғашқы исламдық сақтандыру компанияларын іске қосты. Қазіргі таңда Малайзияда ондаған takaful операторы жұмыс істейді және олар өмірді сақтандыру (family takaful) мен жалпы сақтандыру (general takaful) секторларында елеулі нарық үлесіне ие. Мемлекеттің орталық банк (Bank Negara Malaysia) жанында исламдық қаржыны қадағалайтын арнайы департамент бар, сонымен бірге шариғат кеңестерінің ұлттық деңгейдегі үйлестіруші органы жұмыс істейді. Малайзияның басты жетістігі – толыққанды реттеу базасын құрып, исламдық сақтандыруды қаржы жүйесінің ажырамас бөлігіне айналдыруы. Мысалы, бұл елде takaful компанияларының активтері мен міндеттемелерін есепке алу, сақтандыру

төлемдерін бөлу, табыстан артық қалған пайданы (сурутплюсты) қатысушыларға үлестіру тәртібі заңмен бекітілген. Сонымен қатар, әрбір сақтандыру компаниясында ішкі шариғат бақылауымен қатар, салалық қауымдастықтар арқылы стандарттау жүргізіледі. Қазақстан Малайзия тәжірибесінен мынаны бейімдей алады: исламдық сақтандыру бойынша арнайы заңнама немесе жеке бөлім енгізу; мемлекеттік қадағалау органы жанынан исламдық қаржы жөніндегі арнайы комитет құру; кадр даярлау мен халықты ақпараттандыру бойынша мемлекеттік бағдарлама жасау. Сондай-ақ, Малайзияның AAOIFI (Accounting and Auditing Organization for Islamic Financial Institutions) және IFSB (Islamic Financial Services Board) сынды халықаралық ұйымдардың стандарттарын ұлттық нормативтерге икемді қолдану тәжірибесін алу маңызды. Бұл біздің құқықтық базамызды әлемдік талаптарға үйлестіруге көмектеседі.

Парсы шығанағы елдерінің тәжірибесіне көңіл бөлуде маңызды деп есептейміз. Сауд Арабиясы, Біріккен Араб Әмірліктері (БАӘ), Бахрейн, Қатар сияқты GCC (Gulf Cooperation Council) елдері де исламдық сақтандырудың өркендеуіне үлес қосқан аймақтар. Әсіресе, Сауд Арабиясының моделі назар аударарлық: онда барлық сақтандыру компаниялары шариғатқа сәйкес кооперативтік сақтандыру форматында жұмыс істейді, яғни іс жүзінде елдегі сақтандыру нарығы 100% исламдық принциптерге өткен [143]. Бұл жүйеде заңмен белгіленген кооперативтік сақтандыру компаниялары пайдасының белгілі бір бөлігі қатысушыларға қайтарылады немесе қайырымдылыққа жұмсалады, ал қалған бөлігі акционерлерге тиесілі. Саудиялық реттеу тәжірибесінде исламдық және дәстүрлі сақтандыру арасында айырмашылық жоқ – барлығы бірыңғай исламдық негізде. БАӘ және Бахрейнде болса, дәстүрлі және исламдық сақтандырушылар қатар жұмыс істегенімен, олар үшін ортақ қадағалау органдары (орталық банк немесе сақтандыру басқармасы) арнайы исламдық қаржы бөлімшелерін құрған. Бұл елдерде retakaful нарығы да дамыған – халықаралық қайта сақтандыру компаниялары (мысалы, Saudi Re, Emirates Retakaful) қызмет етеді. Қазақстан осы аймақтан ең алдымен ретақафулды дамыту жолдарын үйрене алады. Мысалы, ірі исламдық қайта сақтандырушыларды елге тарту үшін бірлескен кәсіпорындар құру немесе олардың өкілдіктерін ашу бағытында инвестициялық жеңілдіктер ұсыну. Сонымен бірге, Саудиядағыдай кооперативтік модельдің құқықтық тетіктерін зерттеп көру де артық емес – біздің жағдайда барлық сақтандыруды бірден исламдық негізге көшіру мүмкін болмаса да, оның кейбір элементтерін (пайда бөлу тәртібі сияқты) ерікті қолданатын компанияларға рұқсат беру ойға қонымды.

Мұсылман емес елдер де исламдық қаржыға құқықтық негіз қалыптастырып, табысты қолдана бастаған. Соның бірі – Ұлыбритания, әлемдік қаржы орталығы ретінде исламдық банкинг пен сукукты дамытумен қатар, сақтандыру саласында да исламдық өнімдерге бейімделді. Лондондағы Lloyd’s сақтандыру нарығында 2018 жылға дейін бірнеше ретакафул синдикаттары жұмыс істеген, сондай-ақ 2008 жылы Ұлыбританияда алғашқы толыққанды

исламдық сақтандыру компаниясы (Salaam Halal Insurance) ашылған. Британия үкіметі исламдық қаржыға қолайлы орта жасау үшін салық заңдарын өзгертіп, Sharia-compliant қызметтерге дәстүрлілермен бірдей жағдай ұсынды. Нәтижесінде, Лондон бүгінде Таяу Шығыс пен Азиядан келетін исламдық сақтандырушылардың Еуропалық хабына айналды. Қазақстан Ұлыбритания үлгісінен ең алдымен реттеушілік икемділік пен проактивті саясатты үлгі етуі керек. Яғни, шетелдік инвесторларға, әсіресе, исламдық қаржы саласындағы ойыншыларға тартымды жағдай жасау (AIFC аясында салық жеңілдіктері берілуі – осы бағыттағы бір қадам). Сонымен бірге, Ұлыбританияның білім беру жүйесінде исламдық қаржы мамандарын даярлау белсенді жүргізіледі: бірнеше университетте исламдық қаржы бойынша магистрлік бағдарламалар бар. Бізге де осындай мамандарды өз елімізде даярлау немесе шетелде оқытып әкелу – құқықтық реформаларды сапалы жүзеге асырудың кепілі. Себебі исламдық сақтандыру саласының дамуы заңнамадан басқа, адами капиталға да тікелей байланысты.

Жоғарыдағы халықаралық тәжірибелерді қорытындылай келе, Қазақстан үшін мынадай бейімдеу жолдары ұсынылады: біріншіден, құқықтық үйлесімділік – отандық заңнаманы IFSB және AAOIFI секілді ұйымдардың стандарттарымен барынша үндестіру (мәселен, IFSB-27 стандарты исламдық сақтандыруды қадағалаудың негізгі принциптерін қамтиды, оны ұлттық деңгейде басшылыққа алу); екіншіден, институционалдық ынтымақтастық – Малайзия, Бахрейн, Түркия сынды елдердің реттеуші органдарымен меморандумдар жасап, тәжірибе алмасу бағдарламаларын жүзеге асыру; үшіншіден, кадрлық әлеуетті арттыру – шетелдегі исламдық қаржы бойынша оқу орындарымен байланыс орнатып, мамандарды оқыту, сондай-ақ өзіміздің жоғары оқу орындарында исламдық банкинг және сақтандыру негіздері пәндерін енгізу; төртіншіден, халықаралық нарыққа шығу – отандық исламдық сақтандыру компанияларының шетелдік қайта сақтандырушылармен серіктестігін ынталандыру, қажет болса шетелден стратегиялық инвестор тарту арқылы капитал мен технология алу.

Халықаралық тәжірибе көрсеткендей, исламдық сақтандыруды дамытудың бір жолы – оны жалпы қаржы жүйесінің үйлесімді бөлігіне айналдыру, яғни дәстүрлі қаржы институттарымен қатар дамуына жағдай жасау. Қазақстан осы бағытта алғашқы қадамдарын жасады, ендігі міндет – сол қадамдарды жүйелі саясатқа ұластырып, әлемдік озық тәжірибені жергілікті жағдайға бейімдеп, салаға серпін беру.

Қазақстандағы исламдық сақтандыруды дамытудың құқықтық мәселелерін зерттеу нәтижесі көрсеткендей, елімізде осы секторды жолға қою үшін негіз қалыптастырылғанымен, алда шешімін таппаған түйіндер мен атқарылар жұмыстар жеткілікті. 2009–2015 жылдар аралығында қабылданған заңнамалық өзгерістер Қазақстанды посткеңестік кеңістікте исламдық қаржыландырудың пионері қылды – ислам банктері мен сукук шығаруға мүмкіндік туып, 2015 жылы исламдық сақтандыру ұғымы ресми түрде енді. Нәтижесінде, алғашқы takaful компаниясы пайда болып, халыққа шариғат

талаптарына сай сақтандыру өнімдерін ұсына бастады. Қазіргі құқықтық база исламдық сақтандырудың негізгі қағидаттарын мойындап, оны жүргізудің тәртібін белгілейді: жеке лицензиялау, исламдық сақтандыру қоры, шариғат кеңесі, пайыздық табыс пен харам инвестицияларға тыйым секілді тетіктер заңмен бекітілген. Бұл мүмкіндіктер исламдық сақтандыруды бастауға жол ашқан маңызды қадамдар болды.

Дегенмен, саланы толыққанды дамыту үшін құқықтық алаңды одан әрі жетілдіру қажеттігі айқындалды. Біріншіден, заңнаманың өзі эволюциялық өзгерістерге мұқтаж: исламдық «терезелер» тәрізді икемді тетіктер енгізу, терминологияны шариғатқа сәйкес келтіру, кейбір нормалардың анық еместігін жою сияқты міндеттер бар. Екіншіден, реттеуші органдардың саясатында да проактивтілік қажет – жаңа өнімдерді сынақтан өткізу үшін жеңілдікті режимдер (sandboxes), исламдық қаржыға маманданған қадағалау бөлімшелері болуы тиіс. Үшіншіден, нарықтың өзін дамыту үшін салықтық және экономикалық ынталандырулар керек – исламдық сақтандыруға нейтрал немесе жеңілдетілген салық тәртібі, AIFC арқылы шетел инвестициясын тарту шаралары. Төртіншіден, халықтың қаржылық сауатын арттыру және исламдық қаржы туралы дұрыс түсінік қалыптастыру маңызды – бұл да жанама болса да құқықтық мәдениеттің бір бөлшегі. Осы бағыттардың бәрінде кешенді жұмыс жүргізілсе, исламдық сақтандыру Қазақстанның көптүрлі қаржы нарығында өз орнын алып, халыққа балама, этикалық және өзара әділдікке негізделген сақтандыру қызметін ұсынатын салаға айналары сөзсіз.

Халықаралық тәжірибені талдау Қазақстанға дамудың дара жолын іздеуде бағыт-бағдар береді. Малайзияның кешенді құқықтық жүйесі, GCC елдерінің нарықтық тәжірибелері және Батыс елдерінің икемді реттеуші әдістері біздің реформалар үшін тамаша үлгі бола алады. Әсіресе, құқықтық реформаларды іске асыруда сол елдерде қалыптасқан стандарттар мен принциптерді қабылдап, жергілікті ерекшеліктермен ұштастыру тиімді болмақ. Мысалы, IFSB және AAOIFI стандарттарын ендіру, шариғат кеңестерінің шешімдерін үйлестіру, исламдық қаржы бойынша мамандармен қамтамасыз ету мәселелері – барлығы кешенде шешілуі тиіс. Бұл орайда мемлекет, реттеуші органдар, қаржы ұйымдары және ғылыми қауымдастық бірлесе әрекет етіп, исламдық сақтандыру институтын орнықтыруға атсалысуы керек.

Қорытындылай келе, Қазақстандағы исламдық сақтандыруды дамытудың құқықтық мәселелері біртіндеп шешімін тауып келе жатқанымен, әлі де атқарылар іс көп. Қолданыстағы заңнамалық базаны халықаралық озық тәжірибеге сай жетілдіру, нарықтың сұранысына икемдеу – уақыт талабы. Дұрыс бағытта жүргізілген реформалар нәтижесінде Қазақстанның исламдық сақтандыру секторы алдағы жылдары өсіп, отандық қаржы жүйесінің маңызды құрамдас бөлігіне айналуы әбден мүмкін. Ол үшін бүгінгі таңда қабылданатын құқықтық шешімдер ертеңгі күні исламдық сақтандырудың дамуының берік іргетасына айналмақ. Бұл сала ел азаматтарына этикалық және әділетті қаржы өнімдерін ұсыну арқылы әлеуметтік-экономикалық тұрақтылыққа да өз үлесін қосары сөзсіз.

3 САҚТАНДЫРУ ҚЫЗМЕТІН ҚҰҚЫҚТЫҚ РЕТТЕУДІ ЖЕТІЛДІРУДІҢ НЕГІЗГІ БАҒЫТТАРЫ

3.1 Сақтандыру заңнамасын жетілдірудің теориялық және тәжірибелік ерекшеліктері

Қазақстан Республикасының Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігі «Қазақстан Республикасының кейбір нормативтік құқықтық актілеріне сақтандыру нарығын жетілдіру мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Агенттік Басқармасының 2026 жылғы 27 қаңтардағы № 3 қаулысын қабылдады [144].

Қаулы Дүниежүзілік Банктің ұсынымдарын орындау аясында, Қазақстан Республикасының сақтандыру заңнамасын Халықаралық сақтандыру қадағалаушылары қауымдастығының (IAIS) Insurance Core Principles (ICP) халықаралық стандарттарына сәйкестендіру мақсатында қабылданды.

Құжатта сақтанушылардың құқықтарын қорғауды күшейтуге бағытталған бірқатар нормалар көзделген. Атап айтқанда, сақтандыру ұйымдарының құрамында ұйым қызметіндегі жүйелік тәуекелдер мен адал емес тәжірибелерді анықтаумен, клиенттердің өтініштері мен шағымдарын қараумен, сондай-ақ сақтандыру өнімдерінің сапасын жетілдіру жөніндегі ұсыныстарды әзірлеумен айналысатын арнайы бөлімшенің болуы міндеттеледі.

Сондай-ақ сақтандыру саласындағы алаяқтықтың алдын алу және оның тәуекелдерін азайту мақсатында сақтандыру ұйымдарына алаяқтыққа қарсы іс-қимыл саясаты мен рәсімдерін енгізу талабы белгіленді. Бұдан бөлек, анықталған алаяқтық фактілері туралы Агенттікке міндетті түрде хабарлау қарастырылған.

Қаулыда сақтандыру омбудсманына және уәкілетті органға сақтандыру ұйымдарының әрекеттеріне қатысты шағымдар саны ұлғайған жағдайда қолданылатын ерте ықпал ету шараларының тетігі де кеңейтілді. Сонымен бірге, сақтандыру сыйлықақыларының жоғары деңгейде шоғырлануы және шығындылықтың төмен болуы жағдайында сақтандырушыларға тарифтік саясатты қайта қарау немесе сақтандыру қамтуын кеңейту міндеті жүктеледі.

Қабылданған өзгерістер сақтандыру нарығының қаржылық тұрақтылығын нығайтуға, оның ашықтығын арттыруға, цифрлық шешімдерді дамытуға және сақтанушылардың құқықтарын қорғау деңгейін жоғарылатуға бағытталған.

Сонымен қатар, құжатта ішкі қайта сақтандыру жүйесін дамытуға арналған түзетулер енгізілген. Атап айтқанда, міндетті автосақтандыру, өндірістегі жазатайым оқиғалардан қызметкерлерді міндетті сақтандыру және қаржылық залалдарды өтеу сақтандыруы бойынша сақтандырушылардың төлем қабілеттілігі маржасына түсетін қосымша жүктемені азайту арқылы сақтандыру және қайта сақтандыру пулдарын құруды ынталандыру көзделген.

Зейнетақы аннуитеттерінің тартымдылығын арттыру үшін олардың нақты құнын сақтай отырып, төлемдер мөлшерін ұлғайту көзделеді. Индекстеу

мөлшерлемесі 7%-дан 8%-ға дейін, ал кірістілік мөлшерлемесі 8%-дан 9-12%-ға дейін көтеріледі [145].

«Актуарий» лицензиясын алуға үміткерлер үшін кедергілерді азайту үшін актуарлық курстардан өту және Enbek.kz онлайн-платформасында тиісті емтихандарды сәтті тапсыру лицензия алу кезінде де ескерілетін болады.

2026 жылы Қазақстанның сақтандыру нарығында бірқатар маңызды өзгерістер күтілуде. Атап айтқанда, «Сақтандыру қызметі туралы» жаңа заңды қабылдау және 2030 жылға дейінгі сақтандыру нарығын дамыту бағдарламасын іске асыру жоспарланған. Бағдарлама аясында сақтандыру заңнамасын жетілдіруге және жүйелеуге басымдық беріледі. Осы мақсатта Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігі қолданыстағы нормативтік талаптарға кешенді талдау жүргізіп, ескірген, қайталанатын және артық нормаларды алып тастауды, сондай-ақ сақтандыру нарығын реттеудің бірыңғай әрі тиімді жүйесін қалыптастыруды көздейді.

Сонымен бірге міндетті және жүктелген сақтандыру түрлерін халықаралық тәжірибеге сәйкес кеңейту және оңтайландыру қарастырылуда. Кейбір міндетті сақтандыру сыныптарын икемдірек шарттарды қамтамасыз ету мақсатында жүктелген сақтандыру форматына көшіру мүмкіндігі де талқылануда.

Сақтандыру нарығының инфрақұрылымын жаңғырту және лицензиялау тәсілдерін жетілдіру де негізгі бағыттардың бірі болмақ. Өзгерістер жаңа қатысушыларды тартуға, сақтандыру төлемдеріне кепілдік беру қорының, тәуелсіз актуарийлер мен сақтандыру делдалдарының қызметін дамытуға бағытталады. Сондай-ақ лицензия алу рәсімдерін жеңілдету, құжаттар тізбесін қысқарту және өтінімдерді қарау мерзімдерін азайту жоспарланып отыр.

Сақтандыру тарифтерін қалыптастыруда тәуекелге бағдарланған тәсіл енгізіледі. Тарифтер сақтандыру жағдайларының жиілігі мен ауырлығына, сақтанушылардың мінез-құлқына және өңірлік ерекшеліктерге қарай есептелетін болады. Бұдан бөлек, сақтандыру компанияларына Бірыңғай сақтандыру деректер базасы мен мемлекеттік деректер негізінде жеке скорингтік модельдерді қолдану мүмкіндігі беріледі.

Сақтандыру саласын цифрландыруды жеделдету және деректерді тиімді пайдалану 2026 жылдан бастап сақтандыру нарығын дамытудың негізгі басым бағыттарының бірі болмақ. Осыған байланысты міндетті және ерікті сақтандыру қызметтерін толық цифрлық форматқа көшіру жұмыстары жалғасады. Бұл сақтандыру шарттарын рәсімдеу, полистерді алу, төлемдерді жүзеге асыру және сақтандыру жағдайларын реттеу процестерін едәуір жеңілдетуге мүмкіндік береді.

Сонымен қатар, сақтандыру компаниялары клиенттерге қызмет көрсетудің заманауи цифрлық тәсілдерін белсенді енгізеді. Атап айтқанда, мобильді қосымшалар, онлайн-платформалар және автоматтандырылған сервистер арқылы сақтандыру өнімдерін қашықтан сатып алу мүмкіндігі кеңейеді. Нәтижесінде азаматтар сақтандыру қызметтерін кез келген уақытта және кез келген жерде жылдам рәсімдей алады.

Маңызды өзгерістердің бірі — сақтандыру өнімдерін өткізу үшін маркетплейстердің рөлін күшейту. Болашақта бірыңғай электрондық платформалар арқылы бірнеше сақтандыру ұйымдарының ұсыныстарын салыстырып, ең тиімді шарттарды таңдау мүмкіндігі пайда болады. Бұл нарықтағы ашықтықты арттырып, бәсекелестікті күшейтуге және тұтынушылар үшін қолайлы жағдай қалыптастыруға ықпал етеді.

Сондай-ақ цифрландыру аясында Бірыңғай сақтандыру деректер базасының мүмкіндіктерін кеңейту көзделген. Бұл сақтандыру тәуекелдерін дәлірек бағалауға, алаяқтық әрекеттердің алдын алуға және сақтандыру тарифтерін әділ қалыптастыруға мүмкіндік береді. Деректерді талдау технологияларын енгізу арқылы сақтандыру ұйымдары клиенттердің қажеттіліктеріне бейімделген жеке сақтандыру өнімдерін ұсына алады.

Жалпы алғанда, цифрлық трансформация сақтандыру нарығының тиімділігін арттырып қана қоймай, халық үшін сақтандыру қызметтерінің қолжетімділігі мен сапасын жақсартуға, сондай-ақ саланың ашықтығы мен сенімділігін күшейтуге бағытталады.

Сонымен қатар, алдағы кезеңде жинақтаушы сақтандыруды және әлеуметтік маңызы бар сақтандыру өнімдерін дамытуға ерекше назар аударылмақ. Бұл бағыт халықтың ұзақ мерзімді қаржылық тұрақтылығын қамтамасыз етуге және азаматтардың қаржы құралдарына деген сенімін арттыруға бағытталған. Осыған байланысты жинақтаушы сақтандыруды банктік депозиттермен қатар қаражат жинаудың тиімді әрі баламалы тетігі ретінде дамыту көзделіп отыр.

Жоспарланған реформалар аясында сақтандыру нарығына ашық, түсінікті және стандартталған инвестициялық сақтандыру өнімдері енгізіледі. Мұндай өнімдер азаматтарға қаражат жинаумен қатар инвестициялық табыс алу мүмкіндігін береді. Сонымен бірге халықтың қаржылық сауаттылығын арттыру мақсатында қаржылық кеңес беру жүйесін дамыту, клиенттерге жеке консультациялар беру және цифрлық сервистер арқылы сақтандыру өнімдерін түсіндіру тетіктері кеңейтіледі. Бұдан бөлек, сақтандыру қызметтерін сату арналары жаңғыртылып, онлайн-платформалар, мобильді қосымшалар мен маркетплейстер арқылы сақтандыру өнімдерін рәсімдеу мүмкіндігі кеңінен енгізіледі.

Сонымен қатар, Қазақстанда табиғи апаттар тәуекелдерінен тұрғын үйді міндетті сақтандыру жүйесін енгізу мәселесі қарастырылуда. Осыған байланысты арнайы заң жобасы әзірленіп жатыр. Жаңа жүйе табиғи апаттардың салдарынан азаматтардың тұрғын үйіне келтірілген залалды өтеудің тиімді механизмін қалыптастыруға бағытталады.

Ұсынылып отырған модель көпдеңгейлі қаржыландыру қағидатына негізделеді. Атап айтқанда, қаржыландыру мемлекеттік бюджет қаражаты, халықаралық қаржы ұйымдарының сыртқы қолдауы мен кредиттік желілері, сондай-ақ азаматтардың тұрғын үйін сақтандыру тетіктері арқылы жүзеге асырылмақ. Бұл тәсіл ірі табиғи апаттар кезінде мемлекетке түсетін қаржылық жүктемені азайтып, халықты жедел әрі тиімді қолдауға мүмкіндік береді.

Міндетті тұрғын үй сақтандыруын енгізу кезең-кезеңімен жүзеге асырылады. Алғашқы кезеңде пилоттық жоба ретінде Жамбыл облысында, сондай-ақ Алматы және Шымкент қалаларында іске қосу жоспарланған. Кейіннен бұл тәжірибе төтенше жағдайлар қаупі жоғары барлық өңірлерге таратылатын болады. Мұндай қадам табиғи апаттарға бейім аймақтардағы азаматтардың мүліктік қауіпсіздігін күшейтуге бағытталған.

Бұдан бөлек, заң жобасында жер сілкінісі, су тасқыны, сел және орман өрттері сияқты табиғи апат тәуекелдерін сақтандырумен қамту қарастырылған. Сонымен бірге тұрғын үй иелері төлейтін міндетті сақтандыру жарналарының мөлшерін мүлік салығымен шамалас деңгейде белгілеу ұсынылуда. Ал сақтандыру жағдайы орын алған кезде азаматтарға жарна көлемінен бірнеше жүз есе артық өтемақы төлеу тетігі енгізілуі мүмкін.

Автосақтандыру саласында да ауқымды өзгерістер күтілуде. Ең алдымен, көлік құралдары иелерінің азаматтық-құқықтық жауапкершілігін міндетті сақтандыру (КҚИ АҚЖМС) тарифтерін есептеу әдістемесі қайта қаралады. Жаңа тәсіл сақтандыру тарифтерін тәуекел деңгейіне қарай икемді түрде белгілеуге негізделмек.

Атап айтқанда, тарифтерді қалыптастыру кезінде жол-көлік оқиғаларының жиілігі мен ауырлығы, жүргізушінің сақтандыру тарихы, көлік құралының техникалық ерекшеліктері, сондай-ақ өңірлердегі апаттылық деңгейі ескерілетін болады. Мұндай жүйе жол қозғалысына жауапкершілікпен қарайтын жүргізушілер үшін әділ әрі тиімді шарттар қалыптастыруға мүмкіндік береді.

Сонымен бірге сақтандыру ұйымдарына Бірыңғай сақтандыру деректер базасының мәліметтері негізінде жүргізушілерге скоринг жүргізу құқығын беру мәселесі қарастырылуда. Бұл әрбір сақтанушының тәуекел деңгейін нақты бағалауға, сақтандыру алаяқтығының алдын алуға және жоғары тәуекелді жүргізушілерді субсидиялау тәжірибесін қысқартуға ықпал етеді. Бұл бастама сақтандыру саласында тәуекелдерді бағалаудың заманауи әрі әділ жүйесін қалыптастыруға бағытталған.

Скоринг жүйесі арқылы сақтандыру компаниялары жүргізушінің жол-көлік оқиғаларына қатысу жиілігін, бұрынғы сақтандыру тарихын, жасалған сақтандыру төлемдерін, жол қозғалысы ережелерін бұзу жағдайларын және басқа да маңызды көрсеткіштерді талдау мүмкіндігіне ие болады. Нәтижесінде әрбір сақтанушының тәуекел деңгейі жеке бағаланып, сақтандыру тарифтері де нақты тәуекелге сәйкес айқындалады.

Мұндай тәсіл адал әрі тәртіпті жүргізушілер үшін сақтандыру құнын төмендетуге мүмкіндік берсе, тәуекелі жоғары санаттағы жүргізушілер үшін тарифтердің әділ қалыптасуын қамтамасыз етеді. Сонымен бірге бұл жүйе жол қозғалысына қатысушыларды жауапкершілікпен көлік жүргізуге ынталандырып, жол-көлік оқиғаларының санын азайтуға ықпал етуі мүмкін.

Сондай-ақ скоринг жүйесін енгізу сақтандыру саласындағы алаяқтық тәуекелдерін төмендетуге, жалған сақтандыру жағдайларының алдын алуға және сақтандыру төлемдерін есептеу ашықтығын арттыруға мүмкіндік береді.

Бұдан бөлек, деректерді цифрлық форматта талдау сақтандыру ұйымдарының қызмет көрсету сапасын жақсартып, сақтандыру рәсімдерін жылдамдатуға ықпал етеді.

Бұдан басқа, сақтандыру қызметтерінің қолжетімділігін арттыру мақсатында «бірыңғай терезе» қағидаты бойынша цифрлық платформа құру жоспарланған. Аталған жүйе арқылы азаматтар мен ұйымдар лицензиясы бар кез келген сақтандыру компаниясымен онлайн форматта сақтандыру шартын жасай алады. Бұл өз кезегінде сақтандыру рәсімдерін жеңілдетіп, нарықтағы ашықтық пен бәсекелестікті күшейтуге мүмкіндік береді.

Туристерді міндетті сақтандыру жүйесінде де елеулі өзгерістер енгізу жоспарланып отыр. Атап айтқанда, сақтандыру өтемінің ең төменгі мөлшерін 30 мың АҚШ долларына дейін ұлғайту көзделуде. Сонымен қатар сақтандыру қорғанысы қолданылатын мемлекеттердің тізбесін кеңейту мәселесі қарастырылуда.

Бұл өзгерістер ең алдымен шетелдердегі медициналық қызметтердің, дәрі-дәрмектердің және шұғыл медициналық көмектің құны айтарлықтай қымбаттауына байланысты қолға алынуда. Қазіргі қолданыстағы сақтандыру лимиттері көптеген елдерде емделу шығындарын толық өтеуге жеткіліксіз болып қалған. Әсіресе Еуропа, Азия және Солтүстік Америка елдерінде медициналық қызметтердің бағасы соңғы жылдары айтарлықтай өскен.

Сондықтан жаңа бастамалар азаматтардың шетелде жүрген кезде сапалы медициналық көмек алуына және күтпеген жағдайлар туындаған кезде қаржылық тәуекелдерді азайтуға бағытталған. Атап айтқанда, сақтандыру полистері шұғыл медициналық көмек көрсету, стационарлық ем қабылдау, дәрі-дәрмекпен қамтамасыз ету, медициналық тасымалдау және кейбір жағдайларда елге эвакуациялау шығындарын өтеуді қамтуы мүмкін.

Сонымен бірге сақтандыру бағдарламаларын кеңейту қазақстандық туристердің халықаралық талаптарға сәйкес сақтандыру қорғанысымен қамтамасыз етілуіне мүмкіндік береді. Бұл өз кезегінде азаматтардың қауіпсіздігін арттырып қана қоймай, туристік сақтандыру жүйесінің сенімділігі мен тиімділігін күшейтуге ықпал етеді.

Жалпы алғанда, туристерді міндетті сақтандыру жүйесін жаңғырту халықаралық тәжірибеге бейімделуге, азаматтардың қаржылық қорғалу деңгейін арттыруға және сақтандыру нарығының әлеуметтік маңызын күшейтуге бағытталған.

Ресми декректерге сүйенсек, «Сақтандыру сыйлықақыларының көлемі ₸88,2 млрд болды. Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігінің мәліметінше, 2026 жылдың ақпан айында Қазақстандағы сақтандыру компанияларының таза пайдасы ₸17,9 млрд құрады.

Еске салсақ, өткен жылдың ақпанында сақтандыру компаниялары шетел валютасын теріс қайта бағалау салдарынан ₸30,3 млрд көлемінде шығынға ұшырап, жалпы ₸3,3 млрд зиян тіркеген болатын.

Биылғы ақпанда жеке және заңды тұлғалар бойынша жасалған сақтандыру шарттарының саны 1,3 млн-ға жетіп, өткен жылдың сәйкес

кезеңімен салыстырғанда 35,7%-ға артты. Алайда жазатайым оқиғалардан сақтандыру бойынша жасалған шарттар санының азаюы жалпы көрсеткішке әсер етті.

Сақтандыру сыйлықақыларының көлемі ₸88,2 млрд болды. Бұл қаңтар айымен салыстырғанда 43,4%-ға, ал өткен жылдың ақпанымен салыстырғанда 30,6%-ға төмен.

АРРФР хабарлауынша: «Сақтандыру сыйлықақылары өсімінің баяулауы «жазатайым оқиғалардан сақтандыру» және «өмірді сақтандыру» өнімдерінің тартымдылығының төмендеуімен байланысты. Бұған банктік қарыздарға байланысты сақтандыру шарттары бойынша сақтандыру агенттеріне төленетін комиссиялық сыйақыны сақтандыру сыйлықақысының 10%-ынан асырмау жөніндегі шектеудің енгізілуі себеп болды. Соның салдарынан банктік қарыздарға байланысты сақтандыру шарттарының саны азайды», — делінген агенттік хабарламасында.

Міндетті сақтандыру бойынша ₸24,5 млрд көлемінде сақтандыру сыйлықақылары жиналды. Бұл қаңтармен салыстырғанда 1,7%-ға, ал өткен жылдың ақпанымен салыстырғанда 9,4%-ға көп. 2026 жылдың басынан бері бұл көрсеткіш ₸48,6 млрд болып, 2025 жылдың осы кезеңімен салыстырғанда 13,7%-ға өсті. Өсім негізінен қызметтік міндеттерін атқару кезінде қызметкерлерді жазатайым оқиғалардан сақтандыру бойынша сыйлықақылардың 17,3%-ға артуымен байланысты.

Ерікті жеке сақтандыру бойынша сыйлықақылар көлемі ₸47 млрд болды. Бұл қаңтармен салыстырғанда 35,4%-ға, ал өткен жылдың ақпанымен салыстырғанда 32,5%-ға аз. 2026 жылдың басынан бері ₸119,6 млрд жиналып, бұл 2025 жылдың сәйкес кезеңімен салыстырғанда 9%-ға төмен. Төмендеу жазатайым оқиғалардан сақтандыру бойынша сыйлықақылардың 91,4%-ға, ал өмірді сақтандыру бойынша 36,7%-ға азаюымен байланысты.

Ерікті мүліктік сақтандыру бойынша сақтандыру сыйлықақылары ₸16,8 млрд болды. Бұл қаңтармен салыстырғанда 71,6%-ға аз болғанымен, өткен жылдың ақпанымен салыстырғанда 2,3 есе көп. 2026 жылдың басынан бері бұл көрсеткіш ₸75,9 млрд болып, 2025 жылдың сәйкес кезеңімен салыстырғанда 29,4%-ға төмендеді. Төмендеу мүлікті залалдан сақтандыру класы бойынша жиналған сыйлықақылардың 50,8%-ға қысқаруымен түсіндіріледі.

Сақтандыру төлемдерінің көлемі ₸39,2 млрд болды. Бұл қаңтармен салыстырғанда 6,7%-ға аз, ал өткен жылдың ақпанымен салыстырғанда 37,1%-ға көп. 2026 жылдың басынан бері төлемдер көлемі ₸81,2 млрд-қа жетіп, 2025 жылдың осы кезеңімен салыстырғанда 33,1%-ға артты» [146].

Бұл деректер Қазақстанның сақтандыру нарығында екі түрлі үрдіс қатар жүріп жатқанын көрсетеді. Бір жағынан, сақтандыру компаниялары өткен жылғы шығыннан кейін қайтадан пайдаға шығып, қаржылық тұрақтылығын қалпына келтіре бастағаны байқалады. ₸17,9 млрд таза пайда — сектор үшін оң нәтиже. Әсіресе былтырғы валюталық қайта бағалау салдарынан болған ірі шығынмен салыстырғанда, бұл сақтандыру нарығының тәуекелдерге бейімделе алғанын аңғартады.

Екінші жағынан, сақтандыру сыйлықақылары көлемінің айтарлықтай төмендеуі нарықтағы белсенділіктің баяулағанын көрсетеді. Әсіресе өмірді сақтандыру мен жазатайым оқиғалардан сақтандыру сегменттеріндегі құлдырау агенттік комиссияларға қойылған шектеулердің салдары екенін байқауға болады. Бұрын банктік несиелермен бірге ұсынылатын сақтандыру өнімдері нарық өсімінің негізгі драйверлерінің бірі еді. Енді комиссиялық табыстың азаюы сақтандыру агенттерінің қызығушылығын төмендетіп, шарттар санының қысқаруына әкеліп отыр.

Сонымен қатар, міндетті сақтандыру түрлері бойынша өсімнің сақталуы халық пен бизнес үшін мұндай өнімдердің қажеттілігі әлі де жоғары екенін көрсетеді. Әсіресе қызметкерлерді өндірістегі жазатайым оқиғалардан сақтандыру көлемінің өсуі еңбек қауіпсіздігіне қатысты жауапкершіліктің күшейіп келе жатқанын білдіреді.

Біздің ойымызша, қазіргі жағдайда сақтандыру компаниялары бұрынғыдай тек банктік несиелерге тәуелді сақтандыру моделінен алыстап, клиентке шынымен пайдалы әрі ұзақмерзімді өнімдерді дамытуға көңіл бөлуі керек. Егер нарық цифрлық сервистерді, ерікті медициналық сақтандыруды және жинақтаушы сақтандыру өнімдерін белсенді дамытса, бұл сектордың тұрақты әрі сапалы өсуіне мүмкіндік береді.

Қазақстандағы сақтандыру нарығындағы қазіргі өзгерістер сақтандыру қызметін құқықтық реттеуді жаңғырту қажеттігін көрсетеді. Әсіресе сақтандыру өнімдерінің банктік қарыздарға шамадан тыс тәуелді болуы нарықтың тұрақтылығына қауіп төндіреді. Сақтандыру заңнамасын жетілдіру бойынша келесі ұсыныстарды беру орынды деп санаймыз:

1. Банктік қарыздарға байланысты сақтандыруды бөлек құқықтық режиммен реттеу қажет. Қазіргі тәжірибеде сақтандыру шарттарының едәуір бөлігі банктер арқылы рәсімделеді. Бұл сақтандыруды ерікті нарықтық өнімнен гөрі қосымша банктік қызметке айналдырып отыр.

Ұсыныс ретінде, «Сақтандыру қызметі туралы» заңға: банктік қарызға байланысты сақтандыру шарттарын; тәуелсіз ерікті сақтандыру шарттарын бөлек құқықтық санат ретінде енгізу қажет деп келтіруге болады.

Сонымен қатар, қарыз алушыға сақтандыру компаниясын еркін таңдау құқығын нақты бекіту; банктің белгілі бір сақтандыру ұйымын міндеттеуіне тыйым салу; сақтандыру шартын қарыз берудің міндетті талабы ретінде пайдалануға шектеу қою қажет. Бұл бәсекелестікті арттырып, тұтынушы құқығын күшейтеді.

2. Сақтандыру агенттерінің қызметін цифрлық форматта реттеу керек. Комиссиялық сыйақыға шектеу енгізілгеннен кейін агенттік институттың әлсіреу қаупі байқалады. «Сақтандыру қызметі туралы» заңға:

- онлайн-сақтандыру агенті;
- цифрлық сақтандыру платформасы;
- маркетплейс арқылы сақтандыру қызметін сату ұғымдарын нақты бекіту қажет.

Сондай-ақ, электрондық сақтандыру шарттарының құқықтық мәртебесін кеңейту; биометриялық сәйкестендіру арқылы шарт жасасуды жеңілдету; микросақтандыру өнімдерін толық онлайн рәсімдеуге мүмкіндік беру керек.

3. Міндетті сақтандыру жүйесін әлеуметтік қорғау құралы ретінде күшейтуде маңызды деп ойлаймыз. Қызметкерлерді жазатайым оқиғалардан сақтандыру көлемінің өсуі бұл саланың маңызын көрсетіп отыр.

Ұсыныс ретінде: Еңбек кодексі мен сақтандыру заңнамасы арасында үйлесімділік күшейтілуі қажет:

- өндірістік жарақат кезінде төлем мерзімдерін қысқарту;
- сақтандыру төлемдерін индекстеу;
- жұмыс берушінің сақтандырудан жалтаруына жауапкершілікті күшейту ұсынылады.

4. Өмірді сақтандыру мен жинақтаушы сақтандыруға салықтық ынталандыру енгізу маңзыды. Өмірді сақтандыру сегментіндегі төмендеу халықтың ұзақмерзімді қаржылық жоспарлау мәдениетінің әлсіздігін де көрсетеді. Салық кодексіне:

- өмірді сақтандыру жарналары бойынша жеке табыс салығынан шегерім енгізу;
- ұзақмерзімді сақтандыру жинақтарына салықтық жеңілдіктер беру нормаларын енгізу қажет.

Бұл халықтың қаржылық тұрақтылығын арттырады.

5. Сақтандыру омбудсмені институтының өкілеттігін кеңейту қажет. Қазіргі кезде азаматтардың сақтандыру компанияларымен даулары көбіне сотқа дейін тиімді шешілмейді. Сақтандыру омбудсменіне: міндетті ұсыным беру құқығын; шағын сақтандыру даулары бойынша міндетті медиативтік рәсім енгізу өкілеттігін беру қажет. Бұл сот жүктемесін азайтады және тұтынушылар сенімін арттырады.

6. Сақтандыру мәдениетін күшейту қажет деп тұжырым айтуға болады. Қазақстанда сақтандыру нарығының толыққанды дамуы тек құқықтық реттеуге ғана емес, сонымен қатар халықтың сақтандыру мәдениетінің деңгейіне де тікелей байланысты. Қазіргі кезде азаматтардың басым бөлігі сақтандыруды қаржылық қауіпсіздік құралы ретінде емес, көбінесе банктік қарыз алу кезіндегі міндетті талап ретінде қабылдайды. Бұл сақтандыру институтының әлеуметтік және экономикалық маңызын толық түсінбеумен байланысты.

Осыған байланысты мемлекет пен сақтандыру ұйымдары халық арасында сақтандыру мәдениетін қалыптастыру және күшейту бағытындағы жұмыстарды жүйелі түрде жүргізуі қажет.

Біріншіден, қаржылық және құқықтық сауаттылықты арттыру маңызды. Мектептер мен жоғары оқу орындарының оқу бағдарламаларына қаржылық қауіпсіздік және сақтандыру негіздері бойынша арнайы тақырыптарды енгізу қажет. Азаматтар сақтандырудың тек шығынды өтеу құралы емес, тәуекелдерді басқарудың тиімді механизмі екенін түсінуі тиіс.

Екіншіден, сақтандыру өнімдерінің ашықтығы мен түсініктілігін қамтамасыз ету қажет. Көп жағдайда азаматтар шарт талаптарының

күрделілігіне байланысты сақтандыру қызметіне сенімсіздік танытады. Сондықтан сақтандыру шарттары қарапайым әрі түсінікті тілде әзірленіп, тұтынушыға барлық тәуекелдер мен төлем шарттары нақты түсіндірілгені жөн.

Үшіншіден, цифрлық технологияларды пайдалану арқылы сақтандыру қызметтерінің қолжетімділігін арттыру қажет. Онлайн-сақтандыру, мобильді қосымшалар және электрондық қызметтер сақтандыру рәсімдерін жеңілдетіп, халықтың бұл салаға қызығушылығын арттырады.

Төртіншіден, сақтандыру ұйымдарының әлеуметтік жауапкершілігін күшейту маңызды. Азаматтар сақтандыру компанияларының төлемдерді уақытылы әрі әділ жүзеге асыратынына сенімді болуы керек. Бұл халық сенімін қалыптастыратын негізгі факторлардың бірі.

Сақтандыру мәдениетін дамыту — сақтандыру нарығының тұрақты өсуінің, азаматтардың қаржылық қорғалу деңгейінің және жалпы экономикалық тұрақтылықтың маңызды шарты. Сондықтан бұл бағыттағы мемлекеттік саясат құқықтық реттеумен қатар, халықтың қаржылық мінез-құлқын өзгертуге де бағытталуы тиіс.

Қазіргі сақтандыру құқығы мен қаржы-құқықтық зерттеулерде өзекті категориялардың бірі - сақтандыру мәдениеті болып табылады. Сақтандыру мәдениеті – жеке тұлғалардың, қоғамның және шаруашылық субъектілерінің сақтандырудың мәнін, маңызын, құқықтық тетіктерін түсіну деңгейін, сондай-ақ сақтандыру қызметтерін саналы әрі тиімді пайдалану дағдыларын білдіретін құқықтық және әлеуметтік-экономикалық категория.

Құқықтық тұрғыдан, сақтандыру мәдениеті – сақтандыру қатынастары субъектілерінің сақтандыру заңнамасын білу деңгейін, сақтандыру құқықтарын тиімді жүзеге асыруын, өз міндеттерін адал орындауын, сондай-ақ сақтандыру институтының әлеуметтік және құқықтық маңызын саналы түрде түсінуін сипаттайтын құқықтық мәдениеттің құрамдас бөлігі.

Сақтандыру мәдениеті тұлғалардың сақтандыру шарттарына жауапкершілікпен қарауынан, сақтандыру тәуекелдерін алдын ала бағалауынан, сақтандыру қорғауын пайдаланудың қажеттілігін ұғынуынан және сақтандыру қатынастарындағы құқықтық мінез-құлықты сақтауынан көрініс табады.

Сонымен қатар сақтандыру мәдениеті сақтандыру нарығының тұрақты дамуына, сақтандыру қызметіне деген қоғамдық сенімнің артуына және сақтандыру заңнамасының тиімді іске асырылуына ықпал ететін маңызды құқықтық-әлеуметтік категория болып табылады.

Осыған байланысты сақтандыру мәдениеті тек құқықтық сауаттылықтың элементі ретінде ғана емес, сақтандыру жүйесінің тиімділігін қамтамасыз ететін институционалдық фактор ретінде де қарастырылуы қажет.

Қазақстан Республикасының «Сақтандыру қызметі туралы» Заңының 3-бабындағы «Осы Заңда пайдаланылатын негізгі ұғымдар» қатарына «сақтандыру мәдениеті» терминін енгізу қажет.

«Сақтандыру мәдениеті» – сақтандыру қатынастары субъектілерінің сақтандыру заңнамасын білу, сақтандыру құқықтарын жүзеге асыру және

міндеттерін адал орындау деңгейін сипаттайтын құқықтық мәдениеттің құрамдас бөлігі.

Келесі мәселе, цифрлық сақтандыру – цифрлық технологиялар мен ақпараттық-коммуникациялық инфрақұрылымды пайдалану арқылы жүзеге асырылатын, сақтандыру шарттарын жасасу, сүйемелдеу және орындау жөніндегі қызмет, оның ішінде сақтандыру қатынастары субъектілерін сәйкестендіруді, сақтандыру тәуекелдерін бағалауды, деректерді өңдеуді, сақтандыру жағдайларын реттеуді және автоматтандырылған цифрлық платформалар, ақпараттық жүйелер мен интеграцияланған деректер базалары арқылы электрондық нысанда сақтандыру қызметтерін көрсетуді қамтиды.

Цифрлық сақтандыру деп сақтандыру нарығы субъектілерінің, ақпараттық жүйелер мен цифрлық деректердің электрондық өзара іс-қимылы арқылы сақтандыру құқықтық қатынастарының туындауы, өзгеруі және орындалуы процестерінің толық немесе басым түрде автоматтандырылған циклін қамтамасыз ететін цифрлық технологияларды қолдануға негізделген сақтандыру қызметін жүзеге асырудың дербес ұйымдастырушылық-құқықтық нысанын түсіну ұсынылады.

Цифрлық сақтандыру – сақтандыру құқықтық қатынастарының негізгі кезеңдері цифрлық технологияларды, ақпараттық жүйелерді және деректерді автоматтандырылған өңдеуді қолдану арқылы электрондық ортада жүзеге асырылатын сақтандыру қызметін ұйымдастыру нысаны.

Қазақстан Республикасының «Сақтандыру қызметі туралы» Заңының 3-бабындағы «Осы Заңда пайдаланылатын негізгі ұғымдар» қатарына «цифрлық сақтандыру» ұғымын өзертулер мен толықтырулар ретінде енгізуді ұсынамыз.

«Цифрлық сақтандыру» – сақтандыру шартының жасалуы, сүйемелденуі және орындалуы цифрлық технологиялар мен автоматтандырылған ақпараттық жүйелер арқылы жүзеге асырылатын, сақтандыру құқықтық қатынастары субъектілерінің электрондық өзара іс-қимылын, деректерді өңдеуді және сақтандыру қызметтерін қашықтан көрсетуді қамтамасыз ететін сақтандыру қызметін ұйымдастыру нысаны».

Сайып келгенде, қазіргі жағдайда сақтандыру заңнамасының негізгі мақсаты — тек нарықты бақылау емес, сақтандыруды халықтың қаржылық қауіпсіздігін қамтамасыз ететін тиімді құқықтық институтқа айналдыру болуы тиіс. Сондықтан заңнаманы жетілдіру:

- цифрландыруға,
- тұтынушы құқықтарын қорғауға,
- адал бәсекелестікке,
- әлеуметтік жауапкершілікке негізделуі қажет.

3.2 Сақтандыру қызметін құқықтық реттеуге халықаралық тәжірибені енгізудің тиімді тетіктері

Қазіргі жағдайда сақтандыру нарығының тиімді дамуы халықаралық стандарттар мен озық шетелдік тәжірибені ұлттық заңнамаға енгізумен тікелей

байланысты. Әлемдік тәжірибе көрсеткендей, сақтандыру саласын құқықтық реттеудің тиімді жүйесі сақтанушылардың құқықтарын қорғауға, қаржы нарығының тұрақтылығын қамтамасыз етуге және сақтандыру ұйымдарының ашық қызметін қалыптастыруға мүмкіндік береді. Осыған байланысты Қазақстан Республикасының сақтандыру заңнамасын халықаралық тәжірибе негізінде жетілдіру маңызды бағыттардың бірі болып табылады.

Біріншіден, Еуропалық Одақ елдеріндегі тәуекелге негізделген қадағалау жүйесін ұлттық сақтандыру заңнамасына кезең-кезеңімен енгізу қажет. Қазіргі халықаралық тәжірибеде сақтандыру нарығын реттеудің ең тиімді модельдерінің бірі ретінде Еуропалық Одақта қолданылатын Solvency II стандарты танылады. Аталған жүйе сақтандыру ұйымдарының қаржылық тұрақтылығын қамтамасыз етуге, олардың төлем қабілеттілігін арттыруға және сақтанушылардың мүдделерін қорғауға бағытталған.

Solvency II стандартының негізгі ерекшелігі — сақтандыру ұйымдарының қызметін формалды қаржылық көрсеткіштер арқылы ғана емес, нақты тәуекел деңгейіне қарай бағалауында. Бұл жүйе сақтандыру компанияларының капитал жеткіліктілігін, тәуекелдерді басқару сапасын, инвестициялық саясаттың сенімділігін және корпоративтік басқару тиімділігін кешенді түрде бақылауды көздейді. Сонымен қатар сақтандыру ұйымдарының ашықтығын арттыруға және қаржылық есептіліктің сапасын халықаралық стандарттарға сәйкестендіруге мүмкіндік береді.

Шетелдік ғалымдар сақтандыру қызметін құқықтық реттеуде халықаралық тәжірибені енгізудің маңыздылығына ерекше назар аударады. Әсіресе олар тәуекелге негізделген қадағалау, цифрлық сақтандыру, сақтанушылардың құқықтарын қорғау және халықаралық стандарттарды үйлестіру мәселелерін кеңінен зерттеген.

Мәселен, еуропалық зерттеуші Karel Van Hulle сақтандыру саласындағы халықаралық стандарттардың рөлін жоғары бағалай отырып, Solvency II жүйесі сақтандыру ұйымдарының қаржылық тұрақтылығын қамтамасыз етудің тиімді құралы екенін атап көрсетеді. Ғалымның пікірінше, тәуекелге негізделген қадағалау сақтандыру ұйымдарының нақты қаржылық жағдайын бағалауға мүмкіндік береді және сақтанушылардың құқықтарын қорғауды күшейтеді. Сонымен қатар ол халықаралық стандарттарды ұлттық заңнамаға енгізу сақтандыру нарығының ашықтығы мен сенімділігін арттыратынын көрсетеді [147].

Швед зерттеушісі Mirela Hägström өз еңбектерінде Solvency II жүйесінің сақтандыру топтарының қаржылық тұрақтылығын бағалауда маңызды рөл атқаратынын атап өтеді. Оның пікірінше, халықаралық қадағалау стандарттарын енгізу сақтандыру ұйымдарының капитал жеткіліктілігін тиімді бақылауға және қаржы нарығындағы жүйелік тәуекелдерді төмендетуге мүмкіндік береді. Ғалым әсіресе корпоративтік басқару мен тәуекелдерді басқару талаптарын күшейтудің маңызын көрсетеді [147].

Қазақстан Республикасы Президентінің 2022 жылғы 26 қыркүйектегі Қазақстан Республикасының қаржы секторын дамытудың 2030 жылға дейінгі

тұжырымдамасында халықаралық тәжірибені талдау нәтижесінде Қазақстан Республикасының қаржы секторына өзекті болатын ба,ыттардың ішіндегі үшінші бағыт:

«Solvency II сақтандыру қадағалауын халықаралық стандарттарының элементтерін енгізу. Реттеушілер сақтандыру компанияларының орнықтылығын қамтамасыз ету мақсатында Solvency II еуропалық директивасының құрауыштарын енгізуде. Solvency II-нің қағидаттары меншікті капиталдың жеткіліктілігіне және тәуекелдерді басқару жүйелеріне қойылатын талаптар бөлігінде Базель III-ке ұқсас. Бұл ретте Solvency II сақтандыру ұйымдарының қызметіне тән тәуекелдерді жабуға арналған капиталды айқындаудың ерекше тәсілін көздейді. ЕО, АҚШ, Канада, Австралия, Жапония және Сингапур елдері Solvency II-ге толық көшуді жүзеге асырды. Бұл ретте бірқатар мемлекеттер, мысалы Қытай, әдіснамалық мазмұны жағынан Solvency II-ге ұқсас жекелеген құрауыштарды енгізуді жүзеге асыруда және ұлттық сақтандыру нарықтарының ерекшелігіне негізделген түзетулерді енгізуде» [148].

Сонымен қатар, InsurTech технологияларын құқықтық реттеу мәселесін зерттеген ғалым Marta Ostrowska цифрлық сақтандыруды дамыту барысында құқықтық реттеудің икемді моделін қалыптастыру қажет екенін айтады. Оның пікірінше, халықаралық тәжірибе көрсеткендей, цифрлық инновацияларды дамыту үшін сақтандыру заңнамасы жаңа технологияларға бейімделуі тиіс. Ғалым пропорционалдық қағидатын қолдану арқылы дәстүрлі сақтандыру ұйымдары мен InsurTech компаниялары үшін тең құқықтық жағдай жасау қажеттігін негіздейді [149].

Экономикалық ынтымақтастық және даму ұйымының (OECD) зерттеулерінде де халықаралық тәжірибені енгізудің маңыздылығы атап өтіледі. OECD сарапшыларының пікірінше, сақтандыру нарығын тиімді құқықтық реттеу:

- сақтанушылардың құқықтарын қорғауға;
- қаржы нарығының тұрақтылығын қамтамасыз етуге;
- сақтандыру ұйымдарының ашықтығын арттыруға;

цифрлық технологияларды қауіпсіз енгізуге мүмкіндік береді.

Сондай-ақ қазіргі ғылыми әдебиеттерде халықаралық тәжірибені енгізу сақтандыру нарығының жаһандану жағдайында ұлттық заңнаманы халықаралық талаптарға жақындатудың негізгі құралы ретінде қарастырылады. Шетелдік ғалымдардың пікірлері сақтандыру қызметін құқықтық реттеуді жетілдіру барысында:

- Solvency II стандарттарын енгізу;
- тәуекелге негізделген қадағалауды дамыту;
- сақтанушылардың құқықтарын қорғау механизмдерін күшейту;
- цифрлық сақтандыруды құқықтық реттеу;
- халықаралық қаржы стандарттарына сәйкестендіру маңызды бағыттар екенін дәлелдейді.

Еуропалық тәжірибе көрсеткендей, тәуекелге бағдарланған қадағалау жүйесі сақтандыру нарығындағы қаржылық тұрақсыздық тәуекелдерін төмендетуге, сақтандыру ұйымдарының жауапкершілігін күшейтуге және нарыққа деген сенімді арттыруға оң әсер етеді. Осыған байланысты Қазақстан Республикасында да Solvency II стандартының жекелеген элементтерін енгізу өзекті болып табылады. Әсіресе:

- тәуекелдерді бағалау жүйесін жетілдіру;
- сақтандыру резервтерін қалыптастыру талаптарын күшейту;
- корпоративтік басқару стандарттарын енгізу;
- қаржылық есептіліктің ашықтығын арттыру бағытындағы нормаларды дамыту қажет.

Бұл шаралар ұлттық сақтандыру нарығының тұрақтылығын күшейтіп қана қоймай, Қазақстанның сақтандыру жүйесін халықаралық қаржы нарығының талаптарына жақындатуға мүмкіндік береді.

Екіншіден, сақтанушылардың құқықтарын қорғау саласында халықаралық тәжірибені кеңінен енгізу қажет. Қазіргі таңда көптеген дамыған мемлекеттерде сақтандыру омбудсмені институты сақтандыру нарығындағы тұтынушылардың құқықтарын қорғаудың маңызды тетігі ретінде қалыптасқан. Бұл институт сақтандыру ұйымдары мен сақтанушылар арасындағы дауларды сотқа дейінгі тәртіппен шешуге мүмкіндік беріп, азаматтардың құқықтарын жедел әрі тиімді қорғауға ықпал етеді.

Халықаралық тәжірибеде, әсіресе Ұлыбритания, Германия, Канада және Австралия сияқты мемлекеттерде сақтандыру омбудсмендерінің қызметі тәуелсіздік, ашықтық және қолжетімділік қағидаттарына негізделген. Мұндай жүйе азаматтарға күрделі сот рәсімдеріне жүгінбей-ақ өз құқықтарын қорғауға мүмкіндік береді. Сонымен қатар омбудсмен институты сақтандыру ұйымдарының қызметіне қоғамдық бақылауды күшейтіп, олардың тұтынушылар алдындағы жауапкершілігін арттырады.

Мысалы, Ұлыбританиядағы Financial Ombudsman Service сақтандыру, банк және қаржы қызметтері бойынша азаматтардың шағымдарын тегін қарайды және оның шешімдері белгілі бір жағдайларда қаржы ұйымдары үшін міндетті болып табылады. Бұл жүйе тұтынушылар сенімін арттырумен қатар, дауларды қарау мерзімін қысқартуға және соттардың жүктемесін азайтуға мүмкіндік береді.

Қазақстан Республикасында сақтандыру омбудсмені институты жұмыс істегенімен, оның құқықтық мүмкіндіктері әлі де шектеулі болып отыр. Практикада азаматтардың көпшілігі сақтандыру төлемдерін алу, шарт талаптарын түсіндіру немесе төлемнен бас тарту мәселелері бойынша сотқа жүгінуге мәжбүр болады. Бұл өз кезегінде уақыт пен қаржылық шығындарды көбейтеді.

Осыған байланысты сақтандыру омбудсмені институтын жетілдіру мақсатында:

- омбудсмен шешімдерінің орындалу міндеттілігін күшейту;

- сақтандыру ұйымдарының омбудсмен шешімдерін орындамағаны үшін жауапкершілігін нақтылау;

- азаматтардың өтініштерін қарау мерзімдерін қысқарту;

- электрондық форматта шағым беру және қарау жүйесін дамыту;

- сақтанушыларға тегін құқықтық және консультациялық көмек көрсету тетіктерін енгізу қажет.

Сонымен қатар сақтандыру омбудсменінің тәуелсіздігін қамтамасыз ету маңызды. Бұл үшін оның қызметін қаржыландыру, тағайындау және бақылау рәсімдері ашық әрі бейтарап болуы тиіс.

Халықаралық тәжірибе көрсеткендей, сақтанушылардың құқықтарын қорғаудың тиімді жүйесі сақтандыру нарығына деген сенімді арттырып, сақтандыру мәдениетінің дамуына оң әсер етеді. Сондықтан Қазақстанда сақтандыру омбудсмені институтын халықаралық стандарттарға сәйкес жетілдіру сақтандыру қызметін құқықтық реттеудің маңызды бағыттарының бірі болуы тиіс.

Үшіншіден, цифрлық сақтандыруды құқықтық реттеу саласында халықаралық тәжірибені енгізу қажет. Қазіргі кезеңде әлемнің дамыған мемлекеттері сақтандыру қызметтерін цифрландыру арқылы сақтандыру нарығының тиімділігі мен қолжетімділігін арттыруға ерекше назар аударып отыр. АҚШ, Сингапур, Оңтүстік Корея, Эстония сияқты елдерде онлайн-сақтандыру, электрондық полистер және InsurTech технологиялары кеңінен қолданылады. Мұндай жүйелер сақтандыру қызметін жедел, ашық әрі ыңғайлы ұйымдастыруға мүмкіндік береді.

Халықаралық тәжірибе көрсеткендей, цифрлық сақтандыру жүйесінің дамуы сақтандыру қызметтерінің шығындарын азайтып қана қоймай, халықтың сақтандыру өнімдеріне қолжетімділігін де арттырады. Мысалы, Сингапурда сақтандыру шарттарының басым бөлігі электрондық форматта рәсімделеді және азаматтар мобильді қосымшалар арқылы сақтандыру төлемдерін бірнеше минут ішінде ала алады [150]. Ал Оңтүстік Кореяда жасанды интеллект технологиялары тәуекелдерді бағалау мен сақтандыру өнімдерін жекелендіруде кеңінен қолданылады.

Осыған байланысты Қазақстан Республикасының сақтандыру заңнамасында цифрлық сақтандыру институттарын дамытуға бағытталған құқықтық нормаларды жетілдіру қажет. Атап айтқанда:

- электрондық сақтандыру шарттарының құқықтық мәртебесін нақтылау;

- электрондық полистердің заңдық күшін толық бекіту;

- қашықтан сәйкестендіру және биометриялық растау рәсімдерін жеңілдету;

- сақтандыру қызметтерін цифрлық платформалар мен мобильді қосымшалар арқылы ұсыну тәртібін заңнамалық деңгейде бекіту маңызды.

Сонымен қатар InsurTech технологияларын дамыту үшін құқықтық орта қалыптастыру қажет. Бұл сақтандыру ұйымдарының инновациялық өнімдерді енгізуіне және қызмет көрсету сапасын арттыруына мүмкіндік береді [151]. Цифрлық сақтандыруды дамыту сақтандыру нарығының ашықтығын

қамтамасыз етіп, сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін азайтуға және халықтың сақтандыру жүйесіне деген сенімін арттыруға ықпал етеді.

Төртіншіден, міндетті сақтандыру саласында әлеуметтік бағыттылықты күшейту бойынша халықаралық тәжірибені ескеру маңызды. Көптеген мемлекеттерде міндетті сақтандыру жүйесі тек қаржылық қызмет ретінде емес, азаматтарды әлеуметтік қорғаудың маңызды құралы ретінде қарастырылады. Әсіресе өндірістік жарақаттардан, денсаулыққа келтірілген зияннан және табиғи апаттардан сақтандыру жүйелері әлеуметтік тұрақтылықты қамтамасыз етудің негізгі тетіктерінің бірі болып саналады.

Мысалы, Германия мен Францияда өндірістік жарақаттардан міндетті сақтандыру жұмысшылардың әлеуметтік қорғалу деңгейін арттыруға бағытталған және сақтандыру төлемдері азаматтың еңбекке қабілеттілігін жоғалту деңгейіне қарай жүйелі түрде төленеді [152]. Жапонияда табиғи апаттар қаупінің жоғары болуына байланысты жер сілкінісі мен су тасқыны тәуекелдерін сақтандыру мемлекет қолдауымен жүзеге асырылады [153]. Ал Канада мен Нидерландта міндетті медициналық сақтандыру азаматтардың сапалы медициналық көмек алуын қамтамасыз ететін әлеуметтік кепілдік ретінде қалыптасқан [154].

Қазақстан Республикасында да міндетті сақтандыру жүйесін әлеуметтік қорғау құралы ретінде дамыту қажет. Осыған байланысты:

- өндірістік жарақаттар бойынша сақтандыру төлемдерінің тиімділігін арттыру;
- міндетті медициналық сақтандыру жүйесінің қолжетімділігін кеңейту;
- табиғи және техногендік апаттар тәуекелдері бойынша сақтандыру механизмдерін жетілдіру;
- әлеуметтік осал топтарды сақтандыру жүйесі арқылы қорғауды күшейту маңызды.

Сонымен қатар сақтандыру төлемдерін алу рәсімдерін жеңілдетіп, азаматтардың құқықтарын қорғаудың тиімді кепілдіктерін енгізу қажет. Бұл міндетті сақтандыру жүйесінің әлеуметтік маңызын күшейтіп, халықтың қаржылық қауіпсіздігін қамтамасыз етуге мүмкіндік береді.

Қазақстанда сақтандыру салсындағы жаңа институттардың бірі – исламдық сақтандыру болып табылады. Исламдық сақтандыру — ислам шариғаты қағидаттарына негізделген сақтандыру жүйесі. Ол араб тіліндегі «такафул» (تكافل) ұғымымен белгілі болып, «өзара кепілдік беру», «бір-біріне көмектесу» деген мағынаны білдіреді. Дәстүрлі сақтандырудан айырмашылығы, исламдық сақтандыруда қатысушылар сақтандыру компаниясына пайда табу үшін емес, ортақ тәуекелдерді бірге өтеу мақсатында қаражат жинайды. Яғни жүйе өзара көмек және ынтымақтастық қағидатына негізделеді.

«Бүгінгі таңда Қазақстан Республикасындағы исламдық сақтандыру ұйымдарының саны шектеулі. Олардың қызмет түрлері негізінен шетелге шығатын азаматтарды медициналық сақтандырумен және жазатайым оқиғалардан сақтандырумен ғана шектеледі. Дегенмен, Қазақстан Республикасындағы исламдық қаржы ұйымдарының даму барысын талдай

отырып, жақын арада такафул – сақтандырудың қолжетімді болатынын болжауға болады. Исламдық қаржы ұйымдарын енгізудің алғашқы кезеңдері оңай болмады. Алайда қысқа уақыт ішінде айтарлықтай жетістіктерге қол жеткіздік. Отандық исламдық қаржы жүйесін прогрессивті дамыту үшін мұсылман елдерінің қолдауы мен тәжірибесі аса қажет екенін ұмытпауымыз керек» [155, 31 б.].

Исламдық сақтандырудың негізгі қағидаттары: өзара көмек қағидаты, өсімқорлыққа (рибаға) тыйым салу, белгісіздік пен алыпсатарлыққа жол бермеу, халал инвестициялар және т.б.

«Жалпы алғанда, Қазақстанның сақтандыру заңнамасы исламдық сақтандыруды енгізу жолында айтарлықтай қадам жасап, институционалдық және құқықтық алаң құрды. Мысалы, исламдық сақтандыру қоры, шариғат кеңесі, ерекше лицензиялау тәртібі секілді тетіктер заң жүзінде бекітілді. Бұл – мүмкіндіктер жағы. Ал шектеулер ретінде нарықтық реалияларды ескеретін кейбір икемділіктің жетіспеуі (мысалы, «исламдық терезелердің» болмауы), тұжырымдамалық дәлдік мәселелері және толықтыруды қажет ететін жекелеген құқықтық олқылықтар аталып отыр» [155, 33 б.].

Қазақстан Республикасы және Малазияның сақтаныру қызметін зерттеген М.Г.Алимжанова былай деп көрсетеді: «Исламдық сақтандырудың малайзиялық моделінде исламдық сақтандыру қатынастарын мемлекеттік-құқықтық реттеу тетігі мен заңнамалық қамтамасыз ету саласында көптеген оң аспектілер бар, оларды Қазақстанда сақтандырудың осы баламалы моделін қалыптастыру барысында қолдануға болады. Малайзия исламдық сақтандыру моделі саласындағы жетекші мемлекеттердің бірі болып саналады, мұнда исламдық сақтандыру коммерциялық сақтандырумен қатар тең деңгейде қызмет етеді.

Сақтандыруды, исламдық қаржыландыруды жетілдіруге, сондай-ақ Қазақстан Республикасында исламдық сақтандыру қызметін қалыптастыруға бағытталған заң жобасын талдау нәтижесінде, бұл жобаның толықтыруларды қажет ететіні анықталды. Атап айтқанда, мынадай толықтырулар енгізу қажет: біріншіден, исламдық сақтандыру моделінің көптеген ерекшеліктерін ескере отырып, «исламдық сақтандыру ұйымы» және «исламдық сақтандыру қызметі» ұғымдарының анықтамаларын толықтыру қажет; екіншіден, исламдық сақтандыру қағидаттарының қатарын кеңейтіп, оған ысырапшылдық пен құмар ойындарға жол бермеу қағидаттарын енгізу қажет. Сонымен қатар, заң жобасына енгізілетін толықтырулармен бірге, Қазақстан Республикасында толыққанды исламдық сақтандыру қызметін қалыптастыру үшін Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі жанынан исламдық қаржыландыру қағидаттары жөніндегі Орталық кеңес және исламдық сақтандыру дауларын қарайтын мамандандырылған арбитраждар құру қаже» [87, 116-117 бб.].

Бізідің ойымша, аталған тұжырымдар Қазақстанда исламдық сақтандыруды дамыту үшін маңызды құқықтық негіз болып табылады. Исламдық сақтандыру сақтандыру құқығының құрамында қарастырылуы тиіс,

себебі оның негізгі пәні — сақтандыру қатынастары. Тек ол ислам құқығы қағидаттарына негізделеді.

Сонымен қатар Малайзия тәжірибесі Қазақстан үшін тиімді үлгі бола алады. Себебі бұл елде исламдық сақтандыру коммерциялық сақтандырумен қатар табысты дамып келеді. Сондықтан Қазақстанда да исламдық сақтандыруды дамыту үшін заңнаманы жетілдіру, арнайы шариғат кеңестерін құру және исламдық сақтандыру дауларын қарайтын арбитраж енгізу қажет деп санаймын.

Қорытындылай келе, сақтандыру қызметін құқықтық реттеуді жетілдіру қазіргі кезеңдегі қаржы нарығын дамытудың маңызды бағыттарының бірі болып табылады. Сақтандыру жүйесінің тиімді қызмет етуі азаматтардың мүліктік мүдделерін қорғауға, әлеуметтік тұрақтылықты қамтамасыз етуге және ұлттық экономиканың орнықты дамуына тікелей әсер етеді. Сондықтан сақтандыру саласын халықаралық стандарттарға сәйкес жаңғырту құқықтық саясаттың басым міндеттерінің бірі болуы тиіс.

Зерттеу барысында халықаралық тәжірибені енгізудің маңыздылығы айқындалды. Атап айтқанда, Еуропалық Одақтағы тәуекелге негізделген қадағалау жүйесін қолдану сақтандыру ұйымдарының қаржылық тұрақтылығын арттыруға мүмкіндік береді. Сонымен қатар сақтанушылардың құқықтарын қорғау тетіктерін жетілдіру, сақтандыру омбудсмені институтының рөлін күшейту және дауларды сотқа дейінгі тәртіппен шешу механизмдерін дамыту халықтың сақтандыру жүйесіне деген сенімін арттыруға ықпал етеді.

Цифрлық сақтандыруды құқықтық реттеуді жетілдіру де ерекше маңызға ие. Электрондық сақтандыру шарттарын, онлайн-сақтандыру қызметтерін және InsurTech технологияларын дамыту сақтандыру нарығының ашықтығын, қолжетімділігін және тиімділігін арттырады. Бұл өз кезегінде сақтандыру қызметтерін тұтынушылар үшін ыңғайлы әрі жедел етуге мүмкіндік береді.

Сонымен қатар міндетті сақтандыру жүйесінің әлеуметтік бағыттылығын күшейту қажет. Халықаралық тәжірибе көрсеткендей, міндетті сақтандыру азаматтарды әлеуметтік қорғаудың маңызды элементі болып табылады. Осыған байланысты өндірістік жарақаттардан, медициналық тәуекелдерден және табиғи апаттардан сақтандыру жүйесін жетілдіру халықтың әлеуметтік қорғалу деңгейін арттыруға мүмкіндік береді.

Жалпы алғанда, сақтандыру заңнамасын жетілдіру халықаралық тәжірибені енгізу, цифрландыруды дамыту және сақтанушылардың құқықтарын қорғауды күшейту арқылы жүзеге асырылуы тиіс. Бұл шаралар Қазақстанның сақтандыру нарығының тұрақтылығын арттырып, оның халықаралық деңгейде бәсекеге қабілетті жүйе ретінде дамуына мүмкіндік береді. Сонымен қатар, сақтандыру саласындағы құқықтық тетіктерді жетілдіру халықтың сақтандыруға деген сенімін нығайтып, қаржы жүйесінің тиімділігін арттыруға ықпал етеді. Осы бағыттағы кешенді реформалар экономиканың тұрақты дамуы мен азаматтардың әлеуметтік қорғалу деңгейін көтерудің маңызды кепілі болмақ.

3.3 Сақтандыру қызметін цифрландырудың құқықтық аспектілері

Қаржы секторын цифрландыру жүйелі сипатқа ие болып, тек банк қызметтерін ғана емес, сонымен қатар сақтандыру саласын да қамтып отыр. Сақтандыру саласында цифрлық технологияларды қолдануға негізделген инновациялық сегмент — InsurTech-тің дамуы сақтандыру өнімдерінің желісін де, сақтандырушылар, тұтынушылар және мемлекет арасындағы өзара іс-қимыл тетіктерін де трансформациялауда. Жасанды интеллектіні, блокчейн технологияларын, тәуекелдерді автоматтандырылған бағалау жүйелерін және цифрлық сәйкестендіру құралдарын белсенді енгізу жағдайында сақтандыру нарығы құрылымында сапалық өзгерістер байқалуда. Сақтандыру қызметтерін ұсынудың неғұрлым технологиялық, икемді және клиентке бағдарланған нысандарына көшу нәтижесінде дәстүрлі сақтандыру моделі өзгеріске ұшырауда. Аталған өзгерістер сақтандыру қызметтерінің қолжетімділігі мен дараландырылуын арттыруға жаңа мүмкіндіктер туындатумен қатар, дербес деректерді қорғау, алгоритмдік шешім қабылдау процесінің ашықтығын қамтамасыз ету, цифрлық делдалдарды реттеу және инновациялар мен қаржы жүйесінің тұрақтылығы арасындағы құқықтық тепе-теңдікті сақтау сияқты құқықтық сын-қатерлерді де қалыптастыруда. Қаржылық реттеудің бейімді моделін қалыптастыру кезеңіндегі Қазақстан Республикасы үшін қолданыстағы құқықтық тетіктерді қайта пайымдау ерекше маңызға ие. Бұл, бір жағынан, InsurTech нарығының серпінді дамуына құқықтық тұрғыдан тиімді жауап беруді қамтамасыз етуге, екінші жағынан, цифрлық сақтандыруды реттеудегі халықаралық үрдістерге сәйкестікті қалыптастыруға бағытталған [156, 11 б.].

InsurTech-тің қарқынды дамуы және қаржылық қызметтердің цифрлық трансформациясы жағдайында сақтандыру өнімдерін құқықтық реттеу мәселелеріне деген ғылыми қызығушылық айтарлықтай артты. Алайда ғылыми әдебиеттерді талдау жекелеген іргелі және қолданбалы зерттеулердің болуына қарамастан, әлі де жеткілікті деңгейде зерттелмеген немесе толық ашылмаған мәселелердің бар екенін көрсетеді.

Осылайша, Е.К.Ахметов пен М.Ж.Куликбаева Қазақстандағы қаржы нарығын мемлекеттік реттеу тетіктерін зерттей отырып, қолданыстағы қадағалау практикасының жетілмегендігіне және заңнамалық негіздердің фрагментарлы сипатына назар аударған. Авторлар сақтандыру секторының, әсіресе цифрлық сақтандыру өнімдері саласының, технологиялық өзгерістерге жедел әрекет ете алатын неғұрлым икемді әрі бейімделмелі реттеу нысандарын қажет ететінін атап көрсетеді [157].

К. Хейнонен, Т. Страндвик COVID-19 пандемиясын қызмет көрсету саласындағы, оның ішінде сақтандыру секторындағы мәжбүрлі инновацияларды іске қосқан триггер ретінде қарастырады. Авторлар дағдарыс жағдайында инновацияларға қатысты дәстүрлі көзқарасты қайта қарау қажеттігін негіздей отырып, нарық тек техникалық жаңашылдықтарды ғана емес, сонымен қатар сақтандыру сервистерінің бейімделуін қамтамасыз ететін ұйымдық-құқықтық трансформацияларды да талап ететінін көрсетеді [158].

М.З.Кенжалиев Қазақстандағы, Ұлыбританиядағы және «Астана» халықаралық қаржы орталығындағы исламдық қаржыны нормативтік реттеуге салыстырмалы талдау жүргізген. Зерттеу нәтижелері халықаралық тәжірибеге негізделген икемді көпдеңгейлі реттеу модельдерінің таккафулды қоса алғанда, нишалық сақтандыру өнімдерінің дамуына ықпал ететінін көрсетеді. Бұл өз кезегінде цифрлық ортадағы құқықтық унификация мәселесін өзекті етеді [159].

Өз кезегінде, Р. Нагаев және Н. Стамбакиев Қазақстандағы исламдық қаржы индустриясының қазіргі жағдайын зерттей отырып, кешенді құқықтық тетіктердің болмауы нарықтың жоғары әлеуетіне қарамастан инновацияларды енгізуге кедергі келтіретінін анықтаған. Бұл жағдай InsurTech өнімдері үшін діни және мәдени ерекшеліктерді ескеретін икемді реттеушілік конструкцияларды әзірлеу қажеттігін көрсетеді [160].

Қытай ғалымдары Л.Линь, Ц.Чэнь InsurTech-ті екіжақты құбылыс ретінде қарастырады: бір жағынан — прогрестің көзі, екінші жағынан — құқықтық тұрақтылыққа төнетін сын-қатер. Авторлардың сыни талдауы технологиялық жаңалықтардың көбіне нормативтік базадан озып кететінін, соның салдарынан құқықтық олқылықтардың пайда болып, тұтынушылар үшін тәуекелдердің күшейетінін көрсетеді. Осыған байланысты алдын ала құқықтық бейімдеу мен реттеуші органдар арасындағы үйлестірудің маңыздылығы негізделеді [161].

Сақтандыру компанияларының қаржылық тәуекелдерін талдаудың практикалық аспектілері Б.Сапарова және басқа да Қазақстандық авторлардың еңбегінде ашып көрсетілген. Авторлар эмпирикалық тәсілді қолдана отырып, әсіресе цифрландыру процесі барысында жеткіліксіз реттеушілік қолдау жағдайында сақтандыру секторының тұрақсыздыққа жоғары дәрежеде бейім екенін дәлелдейді. Бұл сақтандыру саласын құқықтық қамтамасыз етудің неғұрлым серпінді моделін қалыптастыру қажеттігін айқындайды [162].

Осылайша, жүргізілген әдебиеттерге шолу цифрлық дәуірдегі сақтандыруды қаржылық-құқықтық реттеудің жекелеген аспектілеріне қатысты ғылыми қызығушылықтың жоғары деңгейде екенін көрсетеді. Алайда InsurTech, құқықтық тәуекелдер және бейімделу тетіктерінің өзара байланысын кешенді түрде талдауға бағытталған интеграцияланған тәсілдердің жеткіліксіздігі ғылыми олқылықтың бар екенін аңғартады. Бұл олқылықты жою жан-жақты теориялық-қолданбалы зерттеуді талап етеді.

InsurTech ұғымы «insurance» және «technology» сөздерінің синтезінен құралған және сақтандыру саласында цифрлық технологиялар мен инновациялық шешімдерді қолдануды білдіреді. Теориялық-құқықтық тұрғыдан InsurTech сақтандыру операцияларын оңтайландыруға, сақтандыру өнімдерін дараландыруға, тәуекелдерді бағалауды автоматтандыруға және шығындарды реттеуге бағытталған цифрлық платформалар, алгоритмдер мен технологиялық шешімдердің жиынтығы ретінде қарастырылады. InsurTech қызметінің негізін жасанды интеллект (AI), үлкен деректер (Big Data), блокчейн, заттар интернеті (IoT), смарт-келісімшарттар және бұлтты есептеулер сияқты технологиялар құрайды. Аталған технологиялар дәстүрлі сақтандыру

модельдерін трансформациялауға және оларды құқықтық реттеу тұрғысынан қайта пайымдауға мүмкіндік береді.

Құқықтық тұрғыдан алғанда, InsurTech-ті енгізу сақтандыру және қаржы заңнамасының қолданыстағы нормаларын жаңа цифрлық шындыққа бейімдеу қажеттілігін туындатады. Осыған байланысты сақтандыру шарты, сақтандыру жағдайы, сақтандыру субъектісі сияқты дәстүрлі құқықтық санаттар цифрлық контексте жаңа мазмұнға ие болуда. Мәселен, сақтандыру шарттарын жасасу Lemonade (n.d.), ZhongAn (n.d.) сияқты цифрлық платформалар арқылы қашықтан жүзеге асырылуы мүмкін. Бұл платформалар жасанды интеллект негізіндегі тәуекелдерді автоматтандырылған бағалау алгоритмдерін қолданады. Сонымен қатар сақтандыру талаптарын реттеу де интеллектуалдық жүйелердің көмегімен іске асырылады. Мысалы, Tractable (n.d.) платформасы көлік құралдарының зақымдану фотосуреттерін талдап, сақтандыру төлемдері бойынша ұсыныстарды автоматты түрде қалыптастырады. Мұндай технологиялар сақтандыру операцияларындағы адам қатысуын барынша азайтқанымен, алгоритмдердің әрекеттері үшін жауапкершілікті нормативтік тұрғыдан бекіту қажеттігін туындатады. Сондай-ақ сақтандыру шарттарын цифрлық нысанда жасасуды және ақпаратты электрондық форматта сақтауды құқықтық тану мәселесі де ерекше маңызға ие болады.

Сонымен қатар InsurTech-тің дамуы тек техникалық немесе құқықтық реттеу шеңберімен шектелмейтін бірқатар этикалық мәселелердің туындауымен қатар жүреді. Солардың ішіндегі негізгі мәселелердің бірі — алгоритмдік біржақтылық (algorithmic bias). Бұл құбылыс сақтандыру тәуекелдерін бағалау үшін қолданылатын жасанды интеллект пен үлкен деректерді (Big Data) талдау жүйелерінің тарихи қалыптасқан әлеуметтік немесе гендерлік теңсіздіктерді бейсаналы түрде қайта өндіруінен көрініс табады. Мысалы, егер алгоритмдерді оқытуға арналған деректер жиынтығында белгілі бір топтар (әйелдер, егде жастағы адамдар) бойынша сақтандыру төлемдері аз төленген немесе олар жиі «жоғары тәуекелді» санатқа жатқызылған болса, алгоритм мұндай санаттарға жүйелі түрде төмен сақтандыру ұсыныстарын беруге немесе жоғары тарифтер белгілеуге бейім болуы мүмкін. Осындай жағдай АҚШ-та автокөлікті сақтандыру саласында тіркелген, онда ұқсас жағдайларға қарамастан ер адамдарға әйелдерге қарағанда анағұрлым тиімді сақтандыру ұсыныстары берілгені анықталған [163]. Бұл жағдай алгоритмдердің ашықтығын қамтамасыз ету, этикалық сараптама жүргізу және цифрлық ортадағы кемсітушіліктен құқықтық қорғау тетіктерін қалыптастыру қажеттігін туындатады.

Сақтандыруды цифрландырудағы маңызды проблемаларының бірі — дербестендірілген сақтандыру өнімдерін шамадан тыс дараландыру тәуекелі. Бұл, ең алдымен, биометриялық, мінез-құлықтық және медициналық деректерді қоса алғанда, жеке деректерді жинау мен өңдеудің кеңеюімен байланысты. Мұндай деректер актуарлық есептеулердің дәлдігін арттырып, тарифтерді жеке тәуекелдерге бейімдеуге мүмкіндік бергенімен, сақтандырылған тұлғалардың жеке өмірге қол сұқпаушылық және дербес ақпаратты қорғау құқықтарын

бұзуы ықтимал. Мәселен, физикалық белсенділік, ұйқы сапасы немесе жүрек соғу жиілігі туралы мәліметтерді тіркейтін киілетін құрылғыларды пайдалану барысында сақтандырушы медициналық сипаттағы ақпаратқа қол жеткізеді. Бұл оған неғұрлым дәл, бірақ әлеуетті түрде кемсітушілік сипаттағы сақтандыру ұсыныстарын қалыптастыруға мүмкіндік береді [164]. Бұдан бөлек, алгоритмдер негізінде шешім қабылдау процесін автоматтандыру адамның қатысуынсыз сақтандыру төлемінен бас тартуға алып келуі мүмкін. Мұндай жағдайда клиент шешімге тиімді түрде шағымдану мүмкіндігінен айырылып, әділеттілік пен процестік ашықтық қағидаттары бұзылады. Осыған байланысты аталған мәселелер тек құқықтық емес, сонымен қатар этикалық-құқықтық стандарттарды әзірлеуді талап етеді. Атап айтқанда: алгоритмдердің транспаренттілігін қамтамасыз ету; апелляция рәсімдерін қалыптастыру; цифрлық сақтандыру практикасында әділеттілік пен кемсітпеу қағидаттарын енгізу қажеттілігі туындайды.

Осылайша, InsurTech тек технологиялық инновациялар жиынтығы ғана емес, сақтандыру секторының инновациялық дамуын қамтамасыз етумен қатар цифрлық ортадағы құқықтық қатынастардың тұрақтылығы мен болжамдылығын сақтауға қабілетті жаңа құқықтық кеңістікті қалыптастыруды талап ететін кешенді құбылыс болып табылады. Мұндай құқықтық кеңістік құқықтың технологиялық бейтараптығы қағидатын алгоритмдерді пайдалану, деректерді қорғау, цифрлық сәйкестендіру және жаңа сақтандыру модельдеріне қатысушылардың жауапкершілігін реттейтін нақты құқықтық нормалармен ұштастыру негізінде құрылуы тиіс.

Қазақстан Республикасының сақтандыру нарығын қаржылық-құқықтық реттеу конституциялық ережелерді, кодификацияланған актілерді, заңдарды, заңға тәуелді нормативтік құқықтық актілерді және сақтандыру саласындағы қатынастарды реттейтін салалық стандарттарды қамтитын, әртүрлі заңдық күші бар нормативтік құқықтық актілерге негізделген күрделі әрі көпқұрамды жүйе болып табылады. Бұл нормативтік жүйенің негізгі мақсаты — сақтандыру нарығының тұрақтылығын, ашықтығын, оның қатысушыларының құқықтарын қорғауды қамтамасыз ету, сондай-ақ қаржы секторын жаһандандыру және цифрландыру жағдайында халықаралық стандарттармен үйлестіру.

2020–2022 жылдар аралығында «Сақтандыру қызметі туралы» Қазақстан Республикасының Заңына құқықтық реттеуді цифрландыру жағдайына бейімдеуге бағытталған ережелер енгізілді. Атап айтқанда, «сақтандыру платформасы», «электрондық сақтандыру шарты» және «сақтандыру омбудсманы» ұғымдары бекітілді. Бұл қолданыстағы заңнама шеңберінде InsurTech құралдарының жұмыс істеуі үшін құқықтық база қалыптастыруға бағытталған әрекетті көрсетеді.

Реттеушілік тетіктер сондай-ақ 2003 жылғы 4 шілдедегі №474-II «Қаржы нарығы мен қаржы ұйымдарын мемлекеттік реттеу, бақылау және қадағалау туралы» Қазақстан Республикасының Заңының ережелеріне негізделеді. Бұл заң сақтандыру қадағалауы саласындағы орталық уәкілетті орган ретінде Қазақстан Республикасының Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігінің

(ҚНРДА) өкілеттіктері мен функцияларын айқындайды. Аталған заң ҚНРДА-ға лицензиялар беру, олардың қолданылуын тоқтата тұру және қайтарып алу, сақтандыру ұйымдарының төлем қабілеттілігі нормативтерін, капиталға, резервтерге және қайта сақтандыруға қойылатын талаптарды сақтауын бақылау бойынша айрықша өкілеттіктер береді. Сонымен қатар ҚНРДА сақтандыру қызметінің жекелеген аспектілерін реттейтін нормативтік құқықтық актілерді әзірлеп, бекітеді.

Жоғарыда аталған нормативтік құқықтық актілермен қатар, Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының, кейіннен Қазақстан Республикасының Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігінің (ҚНРДА) кодекстер мен заңдардың ережелерін дамыту және нақтылау мақсатында қабылдаған нормативтік қаулылары да маңызды рөл атқарады.

Атап айтқанда, бұларға: «Сақтандыру резервтерін қалыптастыруға, есептеу әдістемесіне және олардың құрылымына қойылатын талаптарды бекіту туралы» (2019 ж.); Банктің пруденциялық нормативтерінің және сақталуы міндетті өзге де нормалары мен лимиттерінің нормативтік мәндері мен оларды есептеу әдістемелерін, капиталының мөлшерін және Ашық валюталық позицияны есептеу қағидалары мен оның лимиттерін белгілеу туралы (2017 ж.); Дерекқорды қалыптастыру және жүргізу жөніндегі ұйым мен сақтандырушы, сақтандырушы мен сақтанушы (сақтандырылушы, пайда алушы) арасында электрондық ақпараттық ресурстармен алмасу қағидаларын, Дерекқорды қалыптастыру және жүргізу жөніндегі ұйымның сақтандыру шартын жасасу және сақтандыру жағдайларын реттеу туралы хабардар ету қағидаларын, Сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының, Қазақстан Республикасының бейрезидент-сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымы филиалының сақтандыру шарттарын жасасуды, сақтанушы мен сақтандырушы арасында электрондық ақпараттық ресурстармен алмасуды қамтамасыз ететін бағдарламалық-техникалық құралдары мен интернет-ресурстарына қойылатын талаптарды бекіту туралы (2020 ж.); Іскерлік қатынастар қашықтықтан орнатылған жағдайда қаржы мониторингі субъектілерінің клиенттерді тиісінше тексеруіне қойылатын талаптарды бекіту туралы (2018 ж.) қаулылар жатады. Аталған құжаттар заңға тәуелді сипатқа ие болғанымен, міндетті заңдық күшке ие және сақтандыру секторын заманауи сын-қатерлерге, оның ішінде цифрландыру үдерістеріне бейімдеуге бағытталған.

2019 жылдан бастап Қазақстан Республикасында электрондық сақтандыру полистері кезең-кезеңімен енгізілді. Бұл олардың құқықтық мәртебесін нормативтік тұрғыдан бекітумен қатар жүріп жатыр. Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексінің (1999 ж.) және ҚНРДА актілерінің ережелеріне сәйкес, ақпараттық қауіпсіздік талаптарына сай келетін және клиентті тиісті сәйкестендіруді қамтамасыз ететін аккредиттелген цифрлық платформалар арқылы рәсімделген жағдайда электрондық сақтандыру шарттарын қағаз нұсқасындағы шарттармен тең дәрежеде қолдануға болады. Бұл тәжірибе әсіресе 2020–2024 жылдар аралығында қаржы секторын цифрландыру аясында кеңінен дамыды. Сонымен қатар электрондық

полистерді қолдану 2003 жылғы 7 қаңтардағы №370-II «Электрондық құжат және электрондық цифрлық қолтаңба туралы» Қазақстан Республикасының Заңымен де реттеледі [165]. Аталған заң электрондық құжаттардың заңды күшін және оларды растау тетіктерін белгілейді. Осылайша, сақтандыру шарттарын қашықтан жасасуға және оларды цифрлық экономика жағдайында заңды түрде пайдалануға арналған құқықтық негіз қалыптасуда.

Сонымен бірге деректерді өңдеу саласында 2013 жылғы 21 мамырдағы №94-V «Дербес деректер және оларды қорғау туралы» Қазақстан Республикасының Заңы қолданылады. Бұл заң сақтандыру клиенттерінің дербес деректерін заңды түрде жинау, сақтау және пайдалану негіздерін белгілейді [166]. Аталған Заң сақтандыру ұйымдарына құпиялылықты сақтау және деректерді қорғау бойынша міндеттер жүктейді. Бұл талаптар әсіресе InsurTech технологияларын енгізу жағдайында ерекше маңызды. Себебі деректерді талдау сақтандыру компанияларының бизнес-модельдерінің негізгі элементіне айналуда.

Дербес деректерді өңдеу саласында базалық нормативтік реттеудің болуына қарамастан, құқық қолдану практикасы мен қолданыстағы заңнама сақтандыру саласын цифрландырудан туындайтын сын-қатерлерге әлі де толық бейімделмеген. Бұл әсіресе сақтандыру және цифрлық құқықтық режимдердің түйісу тұсында айқын байқалады. Мұнда тараптардың құқықтары мен міндеттерін, үлкен деректерді өңдеу технологияларын және автоматтандырылған шешім қабылдау процестерін неғұрлым нақты құқықтық регламенттеу талап етіледі.

Негізгі проблемалардың бірі — сақтандыру саласында жаңа цифрлық технологияларды қолдануға байланысты санаттар мен құқықтық режимдердің арнайы нормативтік бекітілмеуі. Атап айтқанда, қолданыстағы заңнамада, соның ішінде 2000 жылғы 18 желтоқсандағы №126-II «Сақтандыру қызметі туралы» Қазақстан Республикасының Заңында, сондай-ақ 2003 жылғы 4 шілдедегі №474-II «Қаржы нарығы мен қаржы ұйымдарын мемлекеттік реттеу, бақылау және қадағалау туралы» Қазақстан Республикасының Заңында жасанды интеллект, смарт-келісімшарт, клиентті цифрлық сәйкестендіру, блокчейн-платформа секілді ұғымдардың нақты құқықтық анықтамалары жоқ. Бұл жағдай аталған технологияларды сақтандыру өнімдері мен сервистерінде пайдалану барысында құқықтық белгісіздік туындатады.

Сонымен қатар нормативтік-құқықтық база автоматтандырылған жүйелердің әрекеттері үшін құқықтық жауапкершілік мәселелерін де кешенді түрде реттемейді. Атап айтқанда, тәуекелдерді бағалау алгоритмдерінің қателіктері немесе интеллектуалдық шығындарды реттеу жүйелерінің істен шығуы салдарынан келтірілген залал үшін жауапкершілік тетіктері жеткілікті деңгейде айқындалмаған. Цифрлық шешімдердің автономдылығы артып отырған жағдайда автоматтандырудың рұқсат етілген деңгейін, алгоритмдік ашықтық қағидаттарын және шешім қабылдау алгоритмдерін аудиттен өткізу тәртібін реттейтін құқықтық нормаларды әзірлеу қажеттілігі туындайды [156].

Сонымен бірге сақтандыру қызметінде Big Data және IoT технологияларының жаппай қолданылуы жағдайында дербес және сезімтал деректерді қорғау тетіктерінің жеткілікті құқықтық пысықталмауы мәселесі өзектене түсуде. 2013 жылғы 21 мамырдағы №94-V «Дербес деректер және оларды қорғау туралы» Қазақстан Республикасының Заңы негізгі нормативтік акт ретінде қолданылғанымен, оның ережелері жалпы сипатқа ие және сақтандыру секторындағы деректерді өңдеудің ерекшеліктерін толық ескермейді. Мәселен, аталған Заңның 7-бабында оператордың дербес деректер субъектісінен оларды жинауға және өңдеуге келісім алу міндеті көзделген. Алайда бұл норма пайдаланушымен өзара әрекеттесу барынша азайтылған автоматтандырылған цифрлық сақтандыру жүйелерінде хабардар етілген келісімді алу ерекшеліктерін ашып көрсетпейді.

Сонымен қатар осы Заңның 22-бабында дербес деректерді сақтау және беру кезінде олардың құпиялылығын, тұтастығын және қолжетімділігін қамтамасыз ету қажеттілігі белгіленген. Дегенмен InsurTech платформалары арқылы деректерді трансшекаралық беру жағдайында шифрлау стандарттары, қол жеткізуді тіркеу (логирование) жүйелері, сондай-ақ клиенттерді алгоритмдік профильдеуді шектеу тетіктері, әсіресе адамның қатысуынсыз шешім қабылдау бөлігінде нақты техникалық және ұйымдастырушылық қорғау шаралары құқықтық тұрғыдан реттелмеген.

Мәселелердің бірі ретінде сақтандыру саласындағы электрондық құжаттар мен смарт-келісімшарттардың заңды күшін тану рәсімдерінің нормативтік тұрғыдан жеткілікті деңгейде айқындалмауын да атап өту қажет. 2003 жылғы 7 қаңтардағы № 370-II «Электрондық құжат және электрондық цифрлық қолтаңба туралы» Қазақстан Республикасының Заңының 4-бабына сәйкес, электрондық цифрлық қолтаңбамен куәландырылған электрондық құжат заң талаптарына сәйкес жасалған және рәсімделген жағдайда қағаз жеткізгіштегі құжатпен теңестіріледі. Алайда бұл норма жалпы сипатқа ие және цифрлық ортада сақтандыру шарттарын жасасу, орындау және бұзу ерекшеліктерін, әсіресе автоматтандырылған платформалар мен смарт-келісімшарттарды пайдалану жағдайларын ескермейді. Бұл өз кезегінде микросақтандырудың инновациялық модельдерінің, өзара сақтандырудың және динамикалық баға белгілеуге негізделген икемді сақтандыру өнімдерінің дамуын тежейді.

Сонымен қатар цифрлық сақтандыру өнімдерін реттеу саласындағы реттеуші органдардың (ҚНРДА, ҚР Ұлттық Банкі, ҚР Қаржы министрлігі) өзара үйлестіруінің жеткіліксіздігі де өзекті мәселе болып отыр. Бұл жағдай құқықтық нормалардың қайталануына, олқылықтардың пайда болуына немесе құқықтық қайшылықтарға алып келеді. Атап айтқанда, цифрлық платформаларды сертификаттау, деректер алмасуға арналған API-интерфейстерді стандарттау немесе сақтандыру ұйымдарының киберқауіпсіздік рәсімдеріне қатысты мәселелер әртүрлі ведомстволардың құзыреттері түйісетін салада қалып отыр және бірыңғай реттеуші орталықтың болмауымен сипатталады.

Осылайша, Қазақстанның сақтандыру секторын цифрландыру үдерісі нормативтік-құқықтық бейімделу қарқынынан озып отыр. Аталған құқықтық олқылықтарды еңсеру үшін қолданыстағы заңнаманы жаңарту ғана емес, сонымен қатар технологиялық бейтараптық пен функционалдық нақтылық арасындағы тепе-теңдікке негізделген мүлде жаңа нормативтік-құқықтық модель қалыптастыру қажет.

InsurTech-ті құқықтық реттеудің халықаралық тәжірибесіне келетін болсақ, әлемдік деңгейде InsurTech-тің дамуы сақтандыру секторына цифрлық технологиялар енгізілген жаңа құқықтық тәсілдердің белсенді қалыптасуымен қатар жүруде. InsurTech-ті құқықтық реттеудің халықаралық тәжірибесі технологиялық даму деңгейімен қатар ұлттық құқықтық жүйелердің ерекшеліктеріне және қаржы нарықтарының жетілу дәрежесіне байланысты әртүрлі стратегиялар мен модельдердің қалыптасқанын көрсетеді. Әлемнің жетекші мемлекеттері InsurTech-ті қаржылық реттеуді цифрлық трансформациялау контексіне енгізіп, қадағалау, лицензиялау және тұтынушыларды қорғау салаларында тиісті шеңберлік құқықтық тәсілдерді қалыптастырды.

InsurTech саласындағы неғұрлым дамыған юрисдикциялардың бірі — Ұлыбритания. Мұнда қаржылық қадағалау органы — Қаржылық қадағалау басқармасы (FCA) реттеушілік «құмсалғыш» (regulatory sandbox) механизмін енгізді [167]. Бұл механизм сақтандыруды енді бастап келе жатқан ұйымдар үшін реттеушімен өзара әрекеттесу жағдайында шектеулі құқықтық кеңістікте инновациялық өнімдер мен қызметтерді сынақтан өткізуге мүмкіндік береді. Мұндай модель инновациялар мен тұтынушылар мүдделерін қорғау арасындағы тепе-теңдікті қамтамасыз етуге, сондай-ақ жаңа шешімдерді енгізу кезеңіндегі құқықтық тәуекелдерді азайтуға мүмкіндік берді. Сонымен қатар Ұлыбританияда цифрландыру жағдайында, оның ішінде InsurTech сегментінде, әртүрлі реттеушілердің қызметін үйлестіруге бағытталған Digital Regulation Cooperation Forum (DRCF, n.d.) стратегиясы енгізілді.

Еуропалық Одақта InsurTech-ті реттеудің құқықтық архитектурасы сақтандыруды қоса алғанда қаржы секторындағы цифрлық стандарттарды үйлестіруге бағытталған бірқатар ұлттықтан жоғары құқықтық актілерге негізделген. Олардың ішіндегі маңызды құжаттардың бірі — 2014 жылғы 23 шілдедегі №910/2014 Еуропалық Парламент пен Кеңестің Регламенті (eIDAS), ол ішкі нарықтағы электрондық транзакциялар үшін электрондық сәйкестендіру және сенімгерлік қызметтер мәселелерін реттейді (eIDAS, 2014). Аталған Регламенттің 25-бабына сәйкес, ЕО-ның бір мүше мемлекетінде танылған электрондық қолтаңба басқа мүше мемлекеттерде де заңды күшке ие болуы тиіс. Бұл цифрлық нысанда сақтандыру шарттарын трансшекаралық негізде жасасу үшін құқықтық негіз қалыптастырады.

Сонымен қатар 2016/97/EU Директивасының 3-бабы тұтынушыларды қорғау және ақпаратты ашу жөніндегі жалпы талаптарды, соның ішінде электрондық форматтағы талаптарды сақтай отырып, сақтандыру қызметтерін трансшекаралық ұсыну мүмкіндігін көздейді [168].

АҚШ-та сақтандыру саласын орталықтандырылған бірыңғай реттеу жүйесі болмағанына қарамастан, жекелеген штаттар деңгейінде икемді әрі инновациялық тәжірибе қалыптасқан. Мысалы, Нью-Йорк штатында Қаржылық қызметтер департаменті (Department of Financial Services – DFS) жанынан цифрлық қаржылық өнімдермен, соның ішінде сақтандырумен айналысатын арнайы бөлім құрылған (DFS, n.d.). Сонымен қатар National Association of Insurance Commissioners (NAIC) ұйымы InsurTech Innovation Hub платформасын әзірледі, ол нарық субъектілерінің қызметін үйлестіріп, технологиялық инновацияларды құқықтық сүйемелдеуге ықпал етеді (NAIC, n.d.). Американдық реттеудің негізгі бағыттары ретінде алгоритмдердің ашықтығын қамтамасыз ету, сақтандыру қызметтеріне кемсітусіз қолжетімділікті сақтау және цифрлық инфрақұрылымның тұрақтылығын арттыру мәселелері қарастырылады.

Азия-Тынық мұхиты өңірінде InsurTech үшін құқықтық жағдайларды қалыптастыру бағытында Сингапур мен Гонконг белсенді қадамдар жасауда. Сингапурда сақтандыру финтех-компанияларының қызметі Ақша айналымын басқару органы (Monetary Authority of Singapore – MAS) арқылы реттеледі. Бұл орган «open API» моделін енгізіп, мемлекеттік FinTech Regulatory Sandbox (n.d.) бағдарламасы арқылы цифрлық сақтандыру платформаларын қолдайды.

Ал Гонконгта Сақтандыру органы (Insurance Authority – IA) нарық қатысушыларына консультациялық қолдау көрсетуге және цифрлық сақтандыру жобаларын дамытуға бағытталған InsurTech Facilitation Team стратегиясын жүзеге асыруда (Fintech Laws and Regulations Hong Kong 2024–2025, 2024). Аталған екі юрисдикция да InsurTech-ті интеграциялаудың технологиялық және құқықтық аспектілерін қатар қамтитын кешенді тәсілді көрсетеді.

Осылайша, халықаралық тәжірибе InsurTech-ті тиімді құқықтық реттеу цифрландыру тәуекелдерінің алдын алуға, тұтынушылардың құқықтарын қорғауға, алгоритмдік шешімдердің ашықтығы мен этикалық сипатын қамтамасыз етуге бағытталған икемді құқықтық тетіктерді талап ететінін көрсетеді. Реттеу моделінің түріне қарамастан — орталықтандырылған (ЕО), орталықтандырылмаған (АҚШ) немесе гибридтік (Сингапур) — негізгі басымдықтар ретінде құқықтық айқындық, инновациялық бейтараптық және цифрлық сақтандыру өнімдеріне деген сенімді қамтамасыз ету мәселелері қала береді. Осы тұрғыдан алғанда, Қазақстан Республикасындағы жағдай да назар аударуға тұрарлық. Салалық сарапшылардың бағалауы бойынша, 2023 жылы электрондық сақтандыру шарттарының үлесі 15%-дан асқан, бұл сақтандыру секторын цифрландырудың оң динамикасын көрсетеді [169]. Алайда бұл көрсеткіш Еуропалық Одақ елдеріндегі ұқсас деңгейден айтарлықтай төмен. Мысалы, Нидерланды мен Эстония сияқты жекелеген юрисдикцияларда онлайн-шарттардың үлесі 35–40%-ға дейін жетеді [170]. Ұлыбритания мен Сингапурда InsurTech шешімдері сақтандыру нарығының 20–30%-ын қамтиды, әсіресе автосақтандыру және денсаулықты сақтандыру салаларында кеңінен қолданылуда. Ал Қазақстанда сақтандыру компанияларының

портфельдеріндегі InsurTech өнімдерінің үлесі әлі де фрагментарлық сипатта қалып отыр және негізінен автосақтандыру секторында шоғырланған. Сонымен қатар инновацияларды мемлекеттік қолдау әзірге көбіне финтех секторымен шектеліп, сақтандыру технологияларын кешенді қамтитын нақты тетіктер жеткілікті деңгейде қалыптаспаған.

Еуропалық Одақтың құқықтық жүйесімен жүргізілген салыстырмалы талдау заңнамалық әрі институционалдық жетілдіруді талап ететін басым реформалық бағыттарды анықтауға мүмкіндік берді. Осыған байланысты тұтынушылардың құқықтарын қорғау мен қаржылық тұрақтылықты сақтай отырып, инновациялық сақтандыру технологияларының теңгерімді дамуын қамтамасыз етуге қабілетті бірқатар ұсынымдарды ұсыну орынды болып табылады.

Ең алдымен, 2000 жылғы 18 желтоқсандағы №126-II «Сақтандыру қызметі туралы» Қазақстан Республикасының Заңын жаңарту қажеттілігі өзекті болып отыр. Атап айтқанда, аталған Заңның 1-бабын «электрондық сақтандыру шарты», «смарт-келісімшарт», «цифрлық сақтандыру платформасы» сияқты ұғымдардың заңдық анықтамаларымен толықтыру қажет. Бұл ұғымдардың құқықтық бекітілмеуі автоматтандырылған цифрлық құралдарды пайдалану арқылы сақтандыру шарттарын жасасу кезінде құқықтық белгісіздік туындатады. Сонымен қатар сақтандыру нарығы субъектілерінің құқықтары мен міндеттерін реттейтін 6-бапты уәкілетті реттеуші орган аккредиттеген цифрлық платформаларды пайдалану мүмкіндігін көздейтін нормамен толықтыру орынды деп саналады. Мұндай тәсіл Еуропалық Одақтың Digital Finance Strategy (2020) құжатындағы смарт-келісімшарттар мен қашықтан шарт жасасудың құқықтық негізін қалыптастыруға бағытталған ережелеріне сәйкес келеді.

Жетілдірудің екінші бағыты — 2003 жылғы 7 қаңтардағы №370 «Электрондық құжат және электрондық цифрлық қолтаңба туралы» Қазақстан Республикасының Заңының нормаларын сақтандыру секторының ерекшеліктеріне бейімдеу болып табылады. Аталған Заңның 3-бабын сақтандыру қызметтерін көрсету кезінде электрондық сәйкестендіруді қолдану мүмкіндігін тікелей көздейтін нормамен толықтыру қажет. Бұл шара Еуропалық Одақтың қаржылық қызметтерде, оның ішінде сақтандыру саласында электрондық сәйкестендіру құралдарын өзара тануды қамтамасыз ететін және киберқауіпсіздік пен аутентификацияның жоғары деңгейін белгілейтін №910/2014 eIDAS Регламентінің талаптарына сәйкес келеді.

Дербес деректерді қорғау саласындағы тәсілдерді үйлестіру де аса маңызды бағыттардың бірі болып табылады. 2013 жылғы 21 мамырдағы №94-V «Дербес деректер және оларды қорғау туралы» Қазақстан Республикасының Заңы жалпы сипатқа ие және InsurTech саласына қажетті салалық ерекшеліктерді қамтымайды. Цифрлық сақтандыру платформалары едәуір көлемдегі, оның ішінде медициналық сипаттағы сезімтал ақпаратты өңдейтінін ескере отырып, цифрлық сақтандыру өнімдеріндегі дербес деректерді жинау, сақтау, өңдеу және жою тәртібін реттейтін заңға тәуелді нормативтік актілерді

әзірлеу қажеттілігі туындайды. Мұндай актілерді әзірлеудің негізі ретінде сезімтал ақпаратты өңдеудің арнайы қағидаларын қамтитын 2016/97/EU Директивасының 9-бабының ережелері алынуы мүмкін. Эмпирикалық зерттеулер аталған стандарттарды имплементациялау тұтынушылар сенімінің артуына және InsurTech компаниялары капитализациясының өсуіне ықпал ететінін көрсетеді [171].

Осылайша, Қазақстан Республикасындағы реттеушілік саясатты жетілдіру сақтандыру саласының цифрлық ерекшеліктерін ескере отырып, қолданыстағы заңнаманы кезең-кезеңімен жаңартуға, заңға тәуелді нормативтік актілерді қабылдауға және Еуропалық Одақтың үздік тәжірибелерін енгізуге негізделуі тиіс. Мұндай тәсіл қазақстандық заңнаманы халықаралық стандарттармен үйлестіруді қамтамасыз етіп қана қоймай, сонымен бірге цифрлық экономика сын-қатерлеріне бейімделген бәсекеге қабілетті InsurTech ортасын қалыптастыруға ықпал етеді.

Жүргізілген InsurTech-тің теориялық-құқықтық талдауы сақтандыру саласын цифрландыру сақтандыру құқығының негізгі ұғымдары мен институттарының трансформациясына алып келгенін анықтауға мүмкіндік берді.

Жасанды интеллект, үлкен деректер, блокчейн, заттар интернеті, смарт-келісімшарттар және бұлтты есептеулер сияқты инновациялық технологиялар сақтандыру шарттарын жасасу, орындау және реттеу тәсілдерінің дәстүрлі моделін өзгертуде.

Зерттеу барысында мұндай өзгерістер сақтандыру және қаржы заңнамасының қолданыстағы нормаларын жаңа цифрлық жағдайларға бейімдеуді талап ететіні анықталды. Бұл, атап айтқанда, автоматтандырылған шешімдерді құқықтық тану, шарттардың цифрлық нысанын бекіту және цифрлық экожүйе субъектілері арасындағы жауапкершілікті бөлу мәселелерін қамтиды.

Аталған қорытындылар Қазақстан Республикасындағы InsurTech-ті құқықтық реттеудің ерекшеліктерін әрі қарай зерттеуге және оны жетілдіру бағыттарын айқындауға негіз болды.

Қазақстан Республикасының сақтандыру нарығын қаржылық-құқықтық реттеуді талдау қолданыстағы нормативтік-құқықтық базаның кешенді болғанымен, бірқатар аспектілер бойынша фрагментарлық сипатқа ие екенін көрсетті. Реттеудің негізін 2000 жылғы 18 желтоқсандағы №126-II «Сақтандыру қызметі туралы» Қазақстан Республикасының Заңы құрайды, ол арнайы заңға тәуелді нормативтік актілермен толықтырылады.

Орталық реттеуші орган ретінде лицензиялау, қадағалау, стандарттарды әзірлеу және стратегиялық жоспарлау салаларында кең өкілеттіктерге ие Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігі әрекет етеді. Сонымен қатар Қаржы министрлігі үйлестіруші және фискалдық-саяси функцияларды атқарса, Ұлттық Банк макроэкономикалық тұрақтылық пен жүйелік тәуекелдерді қамтамасыз ету жөніндегі функцияларын сақтап отыр.

Алайда секторды жедел цифрландыру (InsurTech, Big Data, AI) жағдайында сақтандыру қатынастарының жаңа нысандарын реттеуде құқықтық олқылықтар мен нормативтік инерция байқалады.

Қолданыстағы құқықтық ережелер онлайн-сақтандырудың, тұтынушылардың цифрлық құқықтарын қорғаудың, тәуекелдерді бағалаудың алгоритмдік модельдерін және цифрлық платформаларды пайдаланудың ерекшеліктерін толық қамтымайды. Сонымен қатар дербес деректерді қорғау мен цифрлық қауіпсіздікке қатысты нормалардың сақтандыру саласындағы құқықтық реттеумен жеткілікті деңгейде интеграцияланбағаны анықталды.

Халықаралық тәжірибеде InsurTech-ті құқықтық реттеуді талдау барысында негізгі үрдістер ретінде икемді нормативтік режимдерді енгізу, реттеушілік құмсалғыштарды дамыту, цифрлық сақтандыру платформаларын құқықтық тану және сақтандыру қызметінде жасанды интеллект, үлкен деректер мен блокчейн технологияларын қолдануға заңнаманы бейімдеу айқындалды.

Ұлыбритания, Сингапур және Еуропалық Одақ мемлекеттері сияқты юрисдикциялар инновацияларға жоғары деңгейдегі нормативтік бейімділікті көрсете отырып, технологиялық даму мен тұтынушылар құқықтарын қорғау арасындағы тепе-теңдікті сақтап отыр.

Зерттеу нәтижесінде InsurTech-ті реттеудің тиімділігі көбінесе қаржы нарықтарын цифрландыруға жүйелі түрде қарауға, сондай-ақ жаңа сақтандыру технологияларын бақыланатын ортада сынақтан өткізуге мүмкіндік беретін мамандандырылған реттеушілік тетіктердің болуына тәуелді екені анықталды.

Сонымен қатар цифрлық стандарттарды интернационалдандыру және құқықтық негіздерді үйлестіру үрдісі расталды. Бұл, әсіресе Еуропалық Одақ аясында, ұлттықтан жоғары деңгейде InsurTech-ті реттеудің бірыңғай қағидаттарының қалыптасуына ықпал етті.

Халықаралық тәжірибе InsurTech-ті тиімді реттеу қолданыстағы құқықтық конструкцияларды бейімдеумен ғана шектелмей, цифрлық технологиялардың ерекшеліктерін және цифрлық трансформация жағдайында сақтандыру қатынастарының өзгеріп жатқан табиғатын ескеретін жаңа нормативтік санаттарды қалыптастыруды талап ететінін көрсетті.

Осыған байланысты Қазақстанның сақтандыру нарығын қаржылық-құқықтық реттеуді одан әрі дамыту сақтандыру бизнес-модельдерінің трансформациясы жағдайында нарық қатысушыларының мүдделерін қорғауды, бейімділікті және тұрақтылықты қамтамасыз ететін тұтас цифрлық-құқықтық архитектураны қалыптастыруға бағытталуы тиіс.

ҚОРЫТЫНДЫ

Сақтандыру қызметін құқықтық реттеудің ұлттық және халықаралық тәжірибе мәселелерін зерттеу нәтижелері бойынша келесідей қорытындылар жасауға болады:

1. Зерттеу барысында сақтандыру қызметін құқықтық реттеудің теориялық және практикалық аспектілері кешенді әрі жүйелі түрде қарастырылды. Сақтандыру қызметінің мазмұны құрылымдық тұрғыдан талданып, оның негізгі элементтері – сақтандыру шарты, сақтандыру тәуекелі, сақтандыру жағдайы, сақтандыру сыйлықақысы және сақтандыру төлемі – өзара байланыста қарастырылды. Сонымен қатар, сақтандыру қатынастарының субъектілік құрамы (сақтандырушы, сақтанушы, пайда алушы) және олардың құқықтары мен міндеттері жүйеленіп, құқықтық реттеудің ішкі логикасы ашылды. Бұл сақтандыру қызметінің құқықтық механизмінің тұтастығын және оның тиімді жұмыс істеу шарттарын түсінуге мүмкіндік берді. Практикалық аспектілерді талдау барысында сақтандыру заңнамасын қолдану тәжірибесіне ерекше назар аударылды. Сақтандыру шарттарын жасасу, орындау және тоқтату кезінде туындайтын құқықтық мәселелер, сақтандыру төлемдерін жүзеге асырудағы даулар, сондай-ақ сақтандыру ұйымдарының қызметін мемлекеттік қадағалау практикасы зерделенді. Нәтижесінде құқық қолдану барысында кездесетін бірқатар проблемалар, соның ішінде нормалардың әркелкі түсіндірілуі, сақтандыру шарттарының бірізді қолданылмауы және тұтынушылар құқықтарының жеткіліксіз қорғалуы анықталды. Осының негізінде сақтандыру қызметінің құқық жүйесіндегі орны айқындалды.

2. Шетел мемлекеттерінің сақтандыру саласын құқықтық реттеу тәжірибесі зерделеніп, олардың негізгі модельдері мен ерекшеліктері анықталды. Сақтандыру қызметін құқықтық реттеу ұлттық және халықаралық құқық нормаларының өзара ықпалдасуы арқылы жүзеге асырылатыны ғылыми тұрғыдан негізделді. Зерттеу барысында халықаралық құқықтық стандарттардың, соның ішінде IAIS қағидаттарының, Solvency II жүйесінің және IFRS 17 стандарттарының сақтандыру нарығын реттеудегі рөлі айқындалды. Бұл стандарттар сақтандыру ұйымдарының қаржылық тұрақтылығын қамтамасыз етуге, тәуекелдерді басқару жүйесін жетілдіруге және есептілік ашықтығын арттыруға бағытталғаны дәлелденді. Сонымен қатар, халықаралық тәжірибені ұлттық заңнамаға енгізу тек формальды көшіру емес, оны ұлттық құқықтық жүйенің ерекшеліктерін ескере отырып бейімдеу қажеттілігі көрсетілді. Осы тұрғыдан алғанда, халықаралық стандарттарды енгізу сақтандыру нарығының тұрақтылығын арттырумен қатар, оның бәсекеге қабілеттілігін күшейтіп, құқықтық реттеудің тиімділігін қамтамасыз ететіні дәлелденді.

3. Зерттеу нәтижесінде сақтандыру нарығының дамуына әсер ететін негізгі құқықтық және институционалдық проблемалар анықталды. Атап айтқанда, құқықтық нормалардың жеткілікті жүйеленбеуі, сақтандыру шарттарының біркелкі қолданылмауы, тұтынушылар құқықтарын қорғау

тетіктерінің әлсіздігі және сақтандыру дауларын шешу рәсімдерінің тиімсіздігі сияқты мәселелер айқындалды. Сонымен қатар, сақтандыру мәдениетінің төмендігі мен халықтың қаржылық сауаттылығының жеткіліксіздігі де нарықтың дамуына кері әсер ететіні көрсетілді. Осы проблемаларды шешу мақсатында сақтандыру заңнамасын жүйелеу, сақтандыру қызметін қадағалаудың тәуекелге бағдарланған моделін енгізу, цифрлық сақтандыруды құқықтық реттеуді дамыту, сондай-ақ тұтынушылар құқықтарын қорғауды күшейту бойынша нақты ұсыныстар әзірленді. Бұл ұсыныстар сақтандыру нарығының тиімді және тұрақты дамуына бағытталған.

4. Сақтандыру нарығын дамыту мемлекеттің әлеуметтік-экономикалық саясатының маңызды бағыты ретінде қарастырылуы тиіс екендігі дәлелденді. Бұл сақтандырудың халықты әлеуметтік қорғау, инвестициялық ресурстарды қалыптастыру және экономикалық тұрақтылықты қамтамасыз ету функцияларымен тікелей байланысты.

5. Қазақстан Республикасындағы сақтандыру заңнамасының қалыптасуы мен даму кезеңдері тарихи-құқықтық тұрғыдан жүйелі түрде зерттеліп, оның эволюциясы бірнеше негізгі кезеңдерге бөлініп қарастырылды. Атап айтқанда, алғашқы кезеңде (тәуелсіздіктің бастапқы жылдары) сақтандыру қатынастарының құқықтық негізі жалпы азаматтық-құқықтық нормалармен шектеліп, сақтандыру нарығы енді қалыптасу сатысында болғаны анықталды. Кейінгі кезеңде арнайы заңнамалық база қалыптастырылып, «Сақтандыру қызметі туралы» Заңның қабылдануы сақтандыру қызметін кәсіби деңгейде реттеудің институционалдық негізін қалады. Үшінші кезеңде сақтандыру заңнамасы жетілдіріліп, қаржы нарығын мемлекеттік реттеу және қадағалау тетіктері күшейтілді, халықаралық стандарттарға бейімделу үрдісі басталды. Қазіргі кезеңде сақтандыру саласы цифрландырумен, жаңа қаржы құралдарының енгізілуімен және халықаралық талаптарға сәйкестендірумен сипатталады.

Зерттеу нәтижесінде сақтандыру заңнамасының қазіргі жағдайына кешенді құқықтық баға берілді. Қолданыстағы құқықтық реттеу тетіктері сақтандыру нарығының жұмыс істеуін қамтамасыз ететін белгілі бір деңгейдегі нормативтік және институционалдық негіз қалыптастырғаны анықталды. Атап айтқанда, сақтандыру қызметін лицензиялау, қаржылық тұрақтылықты бақылау, сақтандыру ұйымдарының төлем қабілеттілігін қадағалау сияқты тетіктердің тиімділігі оң бағаланды. Сонымен қатар, сақтандыру қызметін мемлекеттік реттеудің орталықтандырылған жүйесінің болуы нарықтың тұрақтылығын қамтамасыз етуде маңызды рөл атқаратыны көрсетілді.

Жоғарыда аталғандардың негізінде мынадай ұсыныстар жасалды:

1) Сақтандыру саласын дамыту, ең алдымен, тиімді құқықтық реттеуге байланысты. Заңнаманың айқындығы мен тұрақтылығы сақтандыру ұйымдарының сенімді жұмыс істеуіне, ал тұтынушылардың құқықтарының қорғалуы нарыққа деген сенімді арттыруға ықпал етеді. Осыған орай, сақтандыру шарттарын біріздендіру, дауларды шешудің тиімді тетіктерін енгізу және қадағалау жүйесін күшейту маңызды.

2) Сақтандыру нарығының дамуы экономикалық саясатпен тығыз байланысты. Сол үшін салықтық ынталандыру шараларын, ұзақ мерзімді сақтандыру өнімдерін қолдау, инвестициялық мүмкіндіктерді кеңейту қажет. Осының бәрі сақтандыру компанияларына капитал тартуға және олардың қаржылық тұрақтылығын арттыруға мүмкіндік береді.

3) Сақтандыру мәдениетін қалыптастыру қажет. Халықтың қаржылық сауаттылығын арттыру, сақтандыру өнімдерінің мәнін түсіндіру және олардың артықшылықтарын насихаттау сақтандыруға деген сұранысты арттырады.

4) Қазіргі кезеңде ерекше назар аударуды қажет ететін тағы бір фактор – цифрландыру. Онлайн сақтандыру қызметтері, цифрлық платформалар, жасанды интеллект пен үлкен деректерді қолдану сақтандыру өнімдерінің қолжетімділігін арттырып, қызмет көрсету сапасын жақсартады. Сол үшін сақтандыру қызметтерін цифрландыруды әлі де дамыту қажет.

5) Сондай-ақ, сақтандыруды дамытуда халықаралық тәжірибені енгізу маңызды рөл атқарады. Дамыған елдердің сақтандыру нарығын реттеу тәжірибесі, тәуекелге негізделген қадағалау жүйелері және қаржылық есептілік стандарттары ұлттық жүйені жетілдіруге мүмкіндік береді.

6) «Сақтандыру», «сақтандыру қызметі», «сақтандыру мәдениеті», «цифрлық сақтандыруды» ұғымдарына авторлық анықтамалық норма жобасы ұсынылды.

Сақтандыруды дамыту – бұл құқықтық, экономикалық және әлеуметтік шараларды кешенді түрде жүзеге асыруды талап ететін көпқырлы процесс, оның тиімді іске асырылуы елдің экономикалық өсіміне және халықтың әл-ауқатына оң әсерін тигізеді.

7) Шетелдік тәжірибеге сүйене отырып, Қазақстан Республикасында сақтандыру қатынастарын кешенді және жүйелі реттеу мақсатында Сақтандыру кодексін қабылдау ұсынылады.

Қойылған мақсаттардың шешілуінің толықтығын бағалау. Осы диссертациялық зерттеудің алдына қойылған міндеттер Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерін, Қазақстан Республикасының Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігінің статистикалық деректерін, сондай-ақ отандық және шетелдік ғалымдардың еңбектерін пайдалана отырып толығымен шешілді. Қазақстан Республикасында сақтандыру қызметін қадағалауды қамтамасыз ету бойынша кешенді зерттеу жүргізілді, сол арқылы құқықтық сипаттама, қазақстандық сақтандыру қызметінің қалыптасу және жүргізу ерекшеліктері айқындалды. Шетел мемлекеттерінің сақтандыру саласын құқықтық реттеу тәжірибесі жан-жақты зерделеніп, олардың негізгі модельдері мен ерекшеліктері анықталды. Салыстырмалы-құқықтық талдау негізінде халықаралық тәжірибені ұлттық құқық жүйесіне енгізу мүмкіндіктері қарастырылды.

Нәтижелерді нақты пайдалану бойынша ұсынымдар мен бастапқы деректерді әзірлеу. Диссертациялық зерттеу жұмысының нәтижелері сақтандыру саласындағы қоғамдық қатынастарды реттеуге арналған нормативтік құқықтық актінің жобасын әзірлеу кезінде, сондай-ақ Қазақстан

Республикасының Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігінің қызметіне қолдануға ұсынылады. Сонымен қатар, нәтижелер бакалавр, магистратура және PhD докторантура білім беру бағдарламалары бойынша оқу құралын, оқу-әдістемелік кешенді әзірлеу кезінде жоғары оқу орындарында қолдануға ұсынылады.

Іске асырудың техникалық-экономикалық тиімділігін бағалау. Сақтандыру қызметін құқықтық реттеудің ұлттық және халықаралық тәжірибе мәселелерін зерттеу және талдау сақтандыру саласын жетілдіру жолдарын айқындауға мүмкіндік береді.

Орындалған жұмыстың ғылыми деңгейін нақты саладағы үздік жұмыстармен салыстыру. Диссертациялық жұмыс сақтандыру қызметін құқықтық реттеу мәселелерін ұлттық және халықаралық тәжірибе тұрғысынан кешенді түрде зерттеу арқылы осы саладағы ғылыми зерттеулерді жаңа ғылыми-теориялық деңгейге көтереді. Еліміздің сақтандыру қызметін құқықтық реттеуде халықаралық тәжірибені қолдану мәселелері отандық заң ғылымында белгілі бір дәрежеде зерттелгенімен, олар көбіне жекелеген ғылыми мақалалар, оқу құралдары немесе сақтандыру шартына қатысты тар бағыттағы еңбектер шеңберінде қарастырылып келді. Қолданыстағы ғылыми еңбектерде ұлттық құқық пен халықаралық тәжірибенің өзара ықпалдасуы, олардың салыстырмалы-құқықтық талдауы және ұлттық құқық жүйесіне бейімдеу мәселелері толық ашылмаған.

Осы тұрғыдан алғанда, ұсынылып отырған диссертациялық жұмыс сақтандыру қызметін құқықтық реттеудің теориялық негіздерін ұлттық және халықаралық деңгейде біртұтас жүйе ретінде қарастыруымен ерекшеленеді. Зерттеуде сақтандыру қызметі тек ұлттық құқық шеңберінде емес, халықаралық стандарттармен, шетелдік құқықтық модельдермен және жаһандық үрдістермен байланыста қарастырылып, олардың өзара ықпалдасу тетіктері ғылыми тұрғыдан негізделді.

Жұмыстың ғылыми жаңалығы мен деңгейі сақтандыру қызметін құқықтық реттеуді пәнаралық және салыстырмалы-құқықтық әдіснамалар негізінде талдаумен, сондай-ақ халықаралық тәжірибені ұлттық құқықтық жүйеге бейімдеудің ғылыми негіздерін ұсынумен айқындалады. Бұл өз кезегінде зерттеуді осы саладағы алдыңғы ғылыми еңбектерден ерекшелендіріп, оны жаңа ғылыми бағыт ретінде бағалауға мүмкіндік береді.

Осылайша, диссертация сақтандыру қызметін құқықтық реттеудің ұлттық және халықаралық тәжірибесі негізінде оның заманауи тұжырымдамасын қалыптастыруға бағытталған аяқталған кешенді ғылыми зерттеу болып табылады.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ДЕРЕККӨЗДЕР ТІЗІМІ

1 Президент Казахстана потребовал развивать страхование и рынок ценных бумаг. [Электрондық мәлімет]. - 2026. – URL: https://aqparat.info/news/2026/02/10/10997362 (жүгіну мерзімі: 03.04.2026)

2 Қазақстан сақтандыру секторының 2026 жылғы 1 сәуірдегі жай-күйі туралы. [Электрондық мәлімет]. - 2026. – URL: https://www.gov.kz/memleket/ (жүгіну мерзімі 03.04.2026)

3 Қазақстан Республикасының Конституциясы. Конституция 2026 жылы 15 наурызда республикалық референдумда қабылданды. [Электрондық мәлімет]. - URL: http:// adilet.zan.kz (жүгіну мерзімі 03.04.2026)

4 Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың «Жасанды интеллект дәуіріндегі Қазақстан: өзекті мәселелер және оны түбегейлі цифрлық өзгерістер арқылы шешу» атты Қазақстан халқына Жолдауы 2025 жыл 8 қыркүйек [Электрондық мәлімет]. - URL: http:// www.akorda.kz (жүгіну мерзімі 03.04.2026)

5 Solvency II – European Insurance and Occupational Pensions Authority. [Электрондық мәлімет]. - URL: http:// https://www.eiopa.europa.eu/browse/ (жүгіну мерзімі 03.04.2026)

6 Insurance Core Principles (IAIS) Executive Summary. [Электрондық мәлімет]. - URL: https://www.bis.org/fsi/ (жүгіну мерзімі 03.04.2026)

7 Report on the implementation of IFRS 17 – Insurance contracts. [Электрондық мәлімет]. - URL: https://www.eiopa.europa.eu/publications/ (жүгіну мерзімі 03.04.2026)

8 Technology and innovation in the insurance sector. [Электрондық мәлімет]. - URL: https://www.oecd.org/en/publications/ (жүгіну мерзімі 03.04.2026)

9 Найманбаев С.М. Сақтандыру құқығы: Оқу құралы. - Алматы: Жеті жарғы, 2007. – 448 б.

10 Аралбаева А.А. Қазақстан Республикасындағы қаржылық қатынастарды құқықтық реттеу: Оқу құралы. - Алматы: «Экономика» баспасы, 2014. - 208 б.

11 Сактаганова И.С. Қазақстан Республикасының қаржы құқығы. Жалпы және ерекше бөлім. Оқулық / Сактаганова И.С. - Алматы: «Эверо» баспасы, 2016. - 256 б.

12 Абрамов В. Ю. Проблемы правового регулирования страховой деятельности в Российской Федерации: автореферат диссертации на соискание ученой степени доктора юридических наук. [Электрондық мәлімет]. - URL: https://www.dissercat.com (жүгіну мерзімі 03.04.2026)

13 Худяков А.И. Страховое право / А.И. Худяков. — СПб.: Изд-во Р. Асланова Юридический центр Пресс, 2004. - 689 с.

14 Волкова И. А. К вопросу о предмете, системе и возможностях страхового права. [Электрондық мәлімет]. - URL: https://cyberleninka.ru (жүгіну мерзімі 03.04.2026)

15 Фогельсон Ю. Введение в страховое право / Ю. Фогельсон. - М.: БЕК, 1999. - 157 с.

16 Брагинский М.И. Договор страхования / М. И. Брагинский. - М.: Статут, 2000. - 238 с.

17 Басин Ю.Г. Избранные труды по гражданскому праву. — Санкт-Петербург: Юридический центр Пресс, 2003. — 790 с.

18 Сақтандыру қызметі туралы Қазақстан Республикасының 2000 жылғы 18 желтоқсандағы N 126 Заңы. [Электрондық мәлімет]. - URL: https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z000000126_ (жүгіну мерзімі 03.04.2026)

19 Абишева М.Н. Сақтандырудың құқықтық табиғаты және халықаралық кеңістіктегі интеграциялық үдерістер //ҚазҰУ Хабаршысы. Заң сериясы. – 2026. - №1 (117). – Б.148-159.

20 Касаткин С.Е. Страхование в системе воспроизводственных отношений: дисс. канд. эконом. наук:. 08.00.01. – Москва, 2003. - 150 с.

21 Страховое дело. Учебник. - / Под ред. Рейтмана Л. И. - М.: Рост, 1992. - 530 с.

22 Шихов А.К. Страхование : учебник для вузов / А. К. Шихов. - Москва: ЮНИТИ-ДАНА, 2000. - 431 с.

23 Мельников В.Д. Основы финансов: учебник. - Алматы: ТОО «Издательство LEM», 2005. - 451с.

24 Шахов В.В. Страхование: Учебник для вузов. - М.: ЮНИТИ, 2000. - 311 с.

25 Воблый К.Г. Основы экономики страхования. - М.: АНКИЛ, 1995. - 321 с.

26 Жуйриков К.К. Страхование: одна из платформ казахстанского барса. - Алматы: РПГ «Біз-Мы», 2001. - 272 с.

27 Шиминова М. Я. Российское страховое право: учебное пособие. — М.: МГИМО-Университет, 2017. — 433 с.

28 Каримуллина А.Э. Страховое право: Учебное пособие. – М.:РГУП, 2020. – 135 с.

29 Левшина Т. Л., Павлодский Е. А. Договоры в предпринимательской деятельности. — М.: Статут, 2008. — 511 с.

30 Брагинский М. И. Договор страхования. — М.: Статут, 2000. — 172 с.

31 Косаренко Н. Н. Финансовое право: учебник. — М.: КноРус, 2019. — 320 с.

32 Мусин В.А. Договор морского страхования по советскому и иностранному праву: страхование судов и грузов: автореф. дисс…. д-ра юрид. наук. — Л.: ЛГУ, 1975. — 35 с.

33 Гражданское право. - В 4 томах. - / Отв. ред. Суханов Е. А. — М.: Волтерс Клувер, 2010. — 720 с.

34 Брагинский М. И., Витрянский В. В. Договорное право. Кн. третья: Договоры о выполнении работ и оказании услуг. — М.: Статут, 2002. — 1055 с.

35 Комментарий к постановлениям Пленума Верховного Суда Российской Федерации по гражданским делам / Е. А. Борисова, С. А.

Герасименко, Б. А. Горохов [и др.]; под ред. В. М. Жуйкова. — М.: Норма, 2008. — 832 с.

36 Челышев М. Ю. Система межотраслевых связей гражданского права: цивилистическое исследование: автореф. дисс. … д-ра юрид. наук:. 12.00.03. — Казань: Казан. гос. ун-т, 2009. — 58 с.

37 Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексі (ерекше бөлім) Қазақстан Республикасының 1999 жылғы 1 шілдедегі N 409 Кодексі. [Электрондық мәлімет]. - URL: https://adilet.zan.kz/kaz/docs/K990000409_ (жүгіну мерзімі 03.04.2026)

38 Белых В. Страхование и страховая деятельность как предмет правового регулирования. [Электрондық мәлімет]. - URL: https://prg.kz/document/ (жүгіну мерзімі 03.04.2026)

39 Смирнова М. Б. Страховое право: учебное пособие. — М.: Юстицинформ, 2007. — 108 с.

40 Клоченко Л. Н. Теория и практика страхования: учебное пособие. — М.: Анкил, 2000. — 271 с.

41 Худяков А. И. Теория страхования. — М.: Статут, 2010. — 656 с.

42 Шихов А.К. Страховое право: учебное пособие / Шихов А.К. – 4-е изд., перераб. и доп. – М.: ИД «Юриспруденция», 2006. – 296 с.

43 Закон Российской Федерации от 27 ноября 1992 года № 4015-I Об организации страхового дела в Российской Федерации. [Электрондық мәлімет]. - URL: https://prg.kz/document/ (жүгіну мерзімі 03.04.2026)

44 Смирных А. Г. Правовой статус субъектов страхового дела. — М.: Юрлитинформ, 2004. — 348 с.

45 Райхер В. К. Общественно-исторические типы страхования: репринтное воспроизведение изд. 1947 г. — М.: Анкил, 1992. — 282 с.

46 Краснова И. А. Страховые фонды и финансово-кредитные отношения. — М.: Финансы и статистика, 1993. — 128 с.

47 Ковалевская Н.С. Договоры перестрахования // Страховое право. - 1998. - № 2. С. 32-36.

48 Мамсуров М. Б. Правовое регулирование перестрахования: автореф. дис. … канд. юрид. наук:. 12.00.03. — М.: Рос. акад. Правосудия, 2009. — 29 с.

49 Шершеневич Г.Ф. Курс торгового права. - В 2 томах. - СПб.: Тип. т-ва «Общественная польза», 1908. - 624 с.

50 Серебровский В. И. Избранные труды по наследственному и страховому праву. — М.: Статут, 1997. — 567 с.

51 Фогельсон Ю. Б. Комментарий к страховому законодательству. — М.: Юристъ, 2002. — 284 с.

52 Шершеневич Г.Ф. Учебник русского гражданского права. — Москва : Издательство Юрайт, 2017. — 532 с.

53 Partner Insight: Maslow's Pyramid - The unexpected benefits of insurance. Information from «National Friendly» site. [Электрондық мәлімет]. – URL: http:// nationalfriendly.co.uk., (жүгінген күн 03.04.2026)

54 Экономика и организация страхования / Под ред. Рейтмана Л. И. — М.: Экономика, 1977. — 240 с.

55 Слептухов Ю.А., Дюжиков Е.Ф. Страхование: Учебное пособие. - М.: «ИНФРА-М», 2002. - 311 с.

56 Белых В.С., Кривошеев И.В. Страховое право. - М.: НОРМА, 2001. - 145 с.

57 Прокошин В.А., Косаренко Н.Н. Финансово-правовое регулировние страховой деятельности в современной России: Учебное пособие. - М.: Флинта: Национальный институт бизнеса, 2004. - 208 с.

58 Гражданское право. Том II: Учебник для вузов (академический курс). - / Отв. ред.: М.К. Сулейменов, Ю.Г. Басин. - Алматы: Кітап, 2000. - 511 с.

59 Мусалов М.А. Страховое право. Учебное пособие. (Курс лекций) для направления «Юриспруденция», профиля подготовки «Гражданское право». - Махачкала: ДГУНХ, 2019. – 132 с.

60 Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексі (Жалпы бөлім) Қазақстан Республикасының Кодексі 1994 жылғы 27 желтоқсандағы № 268-XIII. [Электрондық мәлімет]. - URL: https://adilet.zan.kz/kaz/docs/K940001000_ (жүгіну мерзімі 03.04.2026)

61 «Мемлекеттік аннуитеттік компания». [Электрондық мәлімет]. - URL: //https://www.gak.kz/about?lang=kz (жүгіну мерзімі 03.04.2026)

62 Агарков М.М. Избранные труды по гражданскому праву: в 2 т. — М.: Центр ЮрИнфоР, 2002. – 452 с.

63 Граве К.А., Лунц Л.А. Страхование. — Москва: Госюриздат, 1960. — 176 с.

64 Marine Insurance Act 1906, Section 6. [Электрондық мәлімет]. - URL: https://www.legislation.gov.uk (жүгіну мерзімі 03.04.2026)

65 Иоффе О. С. Обязательственное право. — М.: Юридическая литература, 1975. — 880 с.

66 Братусь С.Н. Предмет и система советского гражданского права. — М.: Госюриздат, 1963. — 197 с.

67 Міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру туралы Қазақстан Республикасының Заңы 2015 жылғы 16 қарашадағы № 405-V ҚРЗ. [Электрондық мәлімет]. - URL: https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z1500000405 (жүгіну мерзімі 03.04.2026)

68 Қазақстан Республикасының Әлеуметтік Кодексі Қазақстан Республикасының 2023 жылғы 20 сәуірдегі № 224-VII ҚРЗ Кодексі. [Электрондық мәлімет]. - URL: //https://adilet.zan.kz/kaz/docs/K2300000224 (жүгіну мерзімі 03.04.2026)

69 Сман Б. Ө. Қазақстан Республикасындағы сақтандыру құқықтық қатынастарын мемлекеттік реттеудің тиімділігін арттыру: дисс. заң ғыл. канд:. 12.00.14. — Алматы, 2003. — 136 б.

70 Абишева М.Н. Қазақстан Республикасындағы сақтандыру заңнамасының эволюциясы және цифрлық трансформация //Қазақстан

Республикасының заңнама және құқықтық ақпарат институтының жаршысы ғылыми-құқықтық журналы. – 2026. - №1 (81). Б. 322-332.

71 Фогельсон Ю. Б. Страховое право: теоретические основы и практика прменения: монография / Ю. Б. Фогельсон. — М. : Норма : ИНФРАМ, 2012. — 576 с.

72 Регулирование страховой деятельности: учебник и практикум для бакалавриата и магистратуры / Ж. В. Писаренко, Н. П. Кузнецова; науч. ред. С. А. Белозеров. — М.: Юрайт, 2014. — 437 с.

73 Birds J. Birds' Modern Insurance Law. — 10th ed. — London: Sweet & Maxwell, 2016. — 512 p.

74 Thlimmenos v. Greece: Judgment of the European Court of Human Rights of 6 April 2000 // Reports of Judgments and Decisions. — Strasbourg: European Court of Human Rights, 2000. — 31 p.

75 Диденко А. Г. Гражданское право Республики Казахстан: учебное пособие. — Алматы: Нур-пресс, 2006. — 722 с.

76 Гражданское право: учебник: в 4 т. Т. 2. Вещное право. Наследственное право. Исключительные права. Личные неимущественные права. — 3-е изд. - / Отв. ред. Суханов Е.А. — М.: Волтерс Клувер, 2008. — 496 с.

77 Clarke M. Insurance Contract Law. — London: Informa Law from Routledge, 2013. — 1064 p.

78 Гражданское право. Т. II: учебник для вузов (академический курс). - / Отв. ред.: М.К. Сулейменов, Ю.Г. Басин. — Алматы: Жеті Жарғы, 2002. — 624 с.

79 Байсалов С. Б. Водное право Казахской ССР. — Алма-Ата: Наука, 1966. — 150 с.

80 Байдельдинов Д. Л. Экологическое законодательство Республики Казахстан. — Алматы: Жеті Жарғы, 1995. — 188 с.

81 Ағыбаев А.Н. Қылмыстық құқық. Жалпы бөлім: оқу құралы / А.Н. Ағыбаев. - 2-бас. - Алматы: Қазақ университеті, 2018. - 282 б.

82 Келина С. Г., Кудрявцев В. Н. Принципы советского уголовного права. — М.: Наука, 1988. — 176 с.

83 Гражданское право: учебник: в 4 т. Т. 1. Общая часть. — 3-е изд., перераб. и доп. - / Отв. ред. Суханов Е. А. — М.: Волтерс Клувер, 2008. — 720 с.

84 Бержель Ж.Л. Общая теория права / под общ. ред. В. И. Данилевского; пер. с фр. — М.: Nota Bene, 2000. — 576 с.

85 Теория государства и права / под ред. С. С. Алексеева, С. И. Архипова [и др.]. — М.: Норма, 2005. — 496 с.

86 Шалагина М. А., Шалай И. А. Страховое право: конспект лекций. — М.: Юрайт-Издат, 2007. — 160 с.

87 Алимжанова М. Г. Теоретические и практические проблемы правового регулирования страховой деятельности в Республике Казахстан и Малайзии (в

области исламского страхования): дис. … доктора философии (PhD) по специальности «Юриспруденция». — Алматы, 2013. — 126 с.

88 Гражданское право: учебник: в 4 т. Т. 4. Отдельные виды обязательств. — 3-е изд. - / Отв. ред. Суханов Е.А. — М.: Волтерс Клувер, 2008. — 720 с.

89 MacGillivray on Insurance Law. — 13th ed. — London: Sweet & Maxwell, 2015. — 1568 p.

90 Гражданское право: учебник: в 4 т. Т. 3. Обязательственное право. — 3-е изд. - / Отв. ред. Суханов Е.А.— М.: Волтерс Клувер, 2008. — 800 с.

91 Абишева М.Н., Юхневич Э.Э. Сақтандыру түрлерінің Қазақстан Республикасының сақтандыру заңнамасында реттелу ерекшеліктері // ҚазҰУ Хабаршысы. Заң сериясы. - 2025. - №1 (113) - Б. 116-126.

92 Гомелля В. Б. Основы страхового дела. — М.: СОМИНТЭК, 1998. — 384 с.

93 Страхование. [Электрондық мәлімет]. - URL: https://ru.wikipedia.org/wiki (жүгіну мерзімі 03.04.2026)

94 Айзенштейн Х. А. Сравнение и критика полисных условий по страхованию жизни. — Санкт-Петербург: Тип. М. М. Стасюлевича, 1912. — 75 с.

95 Абрамов В. Ю. Страхование: теория и практика. — М.: Волтерс Клувер, 2007. — 216 с.

96 Грачева Е. Ю., Болтинова О. В. Правовые основы страхования: учебное пособие. — М.: Проспект, 2011. — 128 с.

97 История развития страхования в Республике Казахстан. [Электрондық мәлімет]. - URL: https://www.zakon.kz/politika/ (жүгіну мерзімі 03.04.2026)

98 Мынбаева Н. Б. Правовые основы регулирования страхования в Республике Казахстан: дисс. … канд. юрид. наук:. 12.00.14. — Алматы, 2005. — 165 с.

99 Қазақстан Республикасы. Заң. «Қазақстан Республикасындағы сақтандыру туралы» 1992 жылғы 3 шілдедегі № 1510-XII // Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесінің Ведомостары. — 1992. – №19. – 115-бап.

100 1992 жылғы 3 шілдедегі Қазақстан Республикасындағы сақтандыру туралы Қазақстан Республикасының Заңына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы 1993 жылғы 8 сәуірдегі № 2088-XII Заңы.

101 Сақтандыру нарығын қалыптастыру және дамыту жөніндегі ұйымдық-құқықтық шаралар туралы: Қазақстан Республикасы Президентінің 1994 жылғы 16 сәуірдегі №1658 Жарлығымен бекітілген. – 177-бап.

102 Қазақстан Республикасы. Заң күші бар Президент Жарлығы. «Сақтандыру туралы» 1995 жылғы 3 қазанда қабылданған, №2475 // Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесінің Ведомостары. – 1995. – №19. – 115-бап.

103 Қазақстан Республикасы. Президент Жарлығы. «Мемлекеттік басқару органдарын одан әрі оңтайландыру шаралары туралы» 1998 жылғы 30 маусымда қабылданған, №3986 // САПП. – 1998. – №19. – 167-бап.

104 Қаржы нарығы мен қаржы ұйымдарын мемлекеттік реттеу, бақылау және қадағалау туралы Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 4 шілдедегі N

474-II Заңы. [Электрондық мәлімет]. - URL: https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z030000474_ (жүгіну мерзімі 03.04.2026)

105 Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне исламдық қаржыландыруды ұйымдастыру мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы Қазақстан Республикасының 2011 жылғы 22 шілдедегі № 475-IV Заңы. [Электрондық мәлімет].-URL: https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z1100000475 (жүгіну мерзімі 03.04.2026)

106 Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне сақтандыру және исламдық қаржыландыру мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы Қазақстан Республикасының Заңы 2015 жылғы 27 сәуірдегі № 311-V ҚРЗ. [Электрондық мәлімет].-URL: https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z1500000311 (жүгіну мерзімі 03.04.2026)

107 Сақтандыру төлемдеріне кепілдік беру қоры туралы Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 3 маусымдағы N 423 Заңы. [Электрондық мәлімет].-URL: https://adilet.zan.kz/rus/docs/Z030000423_ (жүгіну мерзімі 03.04.2026)

108 Жекеше нотариустардың азаматтық-құқықтық жауапкершілігін міндетті сақтандыру туралы Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 11 маусымдағы N 435 Заңы. [Электрондық мәлімет]. - URL: https://adilet.zan.kz/rus/docs/Z030000435_ (жүгіну мерзімі 03.04.2026)

109 Аудиторлық ұйымдардың азаматтық-құқықтық жауапкершілігін міндетті сақтандыру туралы Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 13 маусымдағы N 440 Заңы. [Электрондық мәлімет]. - URL: https://adilet.zan.kz/rus/docs/Z0300 (жүгіну мерзімі 03.04.2026)

110 Тасымалдаушының жолаушылар алдындағы азаматтық-құқықтық жауапкершілігін міндетті сақтандыру туралы Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 1 шілдедегі N 444 Заңы. [Электрондық мәлімет]. - URL: https://adilet.zan.kz/rus/docs/Z030000444_ (жүгіну мерзімі 03.04.2026)

111 Көлік құралдары иелерінің азаматтық-құқықтық жауапкершілігін міндетті сақтандыру туралы Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 1 шілдедегі N 446 Заңы. [Электрондық мәлімет]. - URL: https://adilet.zan.kz/rus/docs/Z030000446_ (жүгіну мерзімі 03.04.2026)

112 Туристі міндетті сақтандыру туралы Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 31 желтоқсандағы N 513 Заңы. [Электрондық мәлімет]. - URL: https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z030000513_ (жүгіну мерзімі 03.04.2026)

113 Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне агроөнеркәсіптік кешенді реттеу мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы Қазақстан Республикасының Заңы 2019 жылғы 28 қазандағы № 268-VI ҚРЗ. [Электрондық мәлімет]. - URL: https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z1900000268 (жүгіну мерзімі 03.04.2026)

114 Қызметі үшінші тұлғаларға зиян келтіру қаупімен байланысты объектілер иелерінің азаматтық-құқықтық жауапкершілігін міндетті сақтандыру туралы Қазақстан Республикасының 2004 жылғы 7 шілдедегі N 580

Заңы. [Электрондық мәлімет]. - URL: https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z040000580_ (жүгіну мерзімі 03.04.2026)

115 Қызметкер еңбек (қызметтік) міндеттерін атқарған кезде оны жазатайым оқиғалардан міндетті сақтандыру туралы Қазақстан Республикасының 2005 жылғы 7 ақпандағы N 30 Заңы. [Электрондық мәлімет]. - URL: https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z050000030_ (жүгіну мерзімі 03.04.2026)

116 Өзара сақтандыру туралы Қазақстан Республикасының 2006 жылғы 5 шілдедегі N 163 Заңы. [Электрондық мәлімет]. - URL: https://adilet.zan.kz/rus/docs/Z060000163_/z060163.htm (жүгіну мерзімі 03.04.2026)

117 Міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру туралы Қазақстан Республикасының Заңы 2015 жылғы 16 қарашадағы № 405-V ҚРЗ. [Электрондық мәлімет]. - URL: https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z1500000405 (жүгіну мерзімі 03.04.2026)

118 Қазақстан Республикасының цифрлық Кодексі Қазақстан Республикасының Кодексі 2026 жылғы 9 қаңтардағы № 255-VIII ҚРЗ. [Электрондық мәлімет]. - URL: https://adilet.zan.kz/kaz/docs/K2600000255 (жүгіну мерзімі 03.04.2026)

119 Code des assurances Version en vigueur au 08 mai 2026. [Электрондық мәлімет]. - URL: https://www.legifrance.gouv.fr/codes/ (жүгіну мерзімі 03.04.2026)

120 Nomad Life. [Электрондық мәлімет]. - URL: https://nomadlife.kz/kz/about/ (жүгіну мерзімі 03.04.2026)

121 Қазақстан сақтандыру секторының 2026 жылғы 1 ақпандағы жай-күйі туралы. [Электрондық мәлімет]. - URL: /https://www.gov.kz/memleket/ (жүгіну мерзімі 03.04.2026)

122 Елімізде сақтандыру нарығы өсіп келеді. [Электрондық мәлімет]. - URL: https://qazaqstan.tv/news/ (жүгіну мерзімі 03.04.2026)

123 Коломин Е. Взгляд в будущее // Страховое ревю. – 1995. – №10– С. 58-60.

124 Сплетухов Ю.А., Дюжиков Е.Ф. Страхование: учебное пособие. — М.: ИНФРА-М, 2007. – 412 с.

125 Насырова Г.А. Формы и инструменты государственного регулирования страховой деятельности // Страховое дело. - 2003. - №8 - С. 44-49.

126 Маянлаева Г. И. Страховой рынок Республики Казахстан: теория, практика и императивы развития: автореф. дис. … д-ра экон. наук:. 08.00.10. — Алматы: КазЭУ им. Т. Рыскулова, 2008. — 46 с.

127 Досалянов Б., Садвакасова А. Қазақстан Республикасында сақтандыру қорғанысын қамтамасыз етудің ұйымдастырушылық-құқықтық негіздері // Вестник КазНУ. – Алматы: Қазақ университеті, 2014. – №1(101) – С. 13 – 18.

128 Каменская Н. Ю. Инновационный подход к развитию регулирования и контроля страхового рынка Российской Федерации: автореф. дис. … канд.

экон. наук:. 08.00.10. — М.: Финансовый университет при Правительстве Российской Федерации, 2012. — 26 с.

129 Досалянов Д.Б. Қазақстандағы сақтандыру қызметін мемлекеттік басқару механизмін жетілдіру: Философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін дайындалған диссертация. - Алматы, 2018. – 117 б.

130 Қазақстан Республикасының Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігі. [Электрондық мәлімет]. - URL: https://www.gov.kz (жүгіну мерзімі 03.04.2026)

131 Гончарова, Н.П., Перерва, П.Г. и др. Маркетинг инновационного процесса: учебное пособие. – М.: Высшая школа, 2001. – 267 с.

132 Закон Германии 1991 г. «Об учреждении федерального ведомства по надзору за страховой деятельностью». [Электрондық мәлімет]. - URL: http://www.plam.ru/shpori/strahovoe_pravo/p54.php (жүгіну мерзімі 03.04.2026)

133 Schmidt H. G. The Social-Information-System of the Federal Republic of Germany // Social Innovation by Information Technology. — Kiel–Eutin: Sozialwissenschaftliches Informationszentrum, 1977. — P. 288–315.

134 О страховой корпорации «Ллойд». [Электрондық мәлімет]. - URL: http://yandex.ru (жүгіну мерзімі 03.04.2026)

135 Соглашение «О партнерстве и сотрудничестве» (о. Корфу, 24.06.1994 г.). [Электрондық мәлімет]. - URL: https://www.consultant.ru/ (жүгіну мерзімі 03.04.2026)

136 Pugliatti F. Il trasferimento delle situazioni soggettive. — Milano: Giuffre, 1964. — P. 55–94.

137 Rittner F. Unternehmensver fassung und Eigentum. Geschaftsrecht und Unternehmensrecht. – Berlin: de Gruyter, 1973. - 381 p.

138 Страховой кодекс Франции. [Электрондық мәлімет]. - URL: http://www.vevivi.ru/ (жүгіну мерзімі 03.04.2026)

139 Code des assurances. — Paris: Dalloz, 1994. — 975 p.

140 Орлов, И.В. Страховые рынки промышленно развитых стран в новом тысячелетии // Финансы. – 2005. – № 5 – С. 60-63.

141 Маршак А. Слияния и поглощения для реструктуризации и повышения прибыльности бизнеса. [Электрондық мәлімет]. - URL: http://www.e-cutive.ru/analytics/ (жүгіну мерзімі 03.04.2026)

142 Bouiily M. Lexique de droit commercial. — Paris: Hachette, 1992. — 271 p.

143 Features of the takaful insurance market. [Электрондық мәлімет]. - URL: https://www.atlas-mag.net/en/category/ (жүгіну мерзімі 03.04.2026)

144 Қазақстан Республикасының кейбір нормативтік құқықтық актілеріне сақтандыру нарығын жетілдіру мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігі Басқармасының 2026 жылғы 27 қаңтардағы № 3 қаулысы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2026 жылғы 30 қаңтарда № 37921 болып тіркелді. [Электрондық мәлімет]. - URL: https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V2600037921 (жүгіну мерзімі 03.04.2026)

145 Сақтандыру нарығын жетілдіру мәселелері туралы. [Электрондық мәлімет]. - URL: https://www.gov.kz (жүгіну мерзімі 03.04.2026)

146 Чистая прибыль страховых компаний в феврале составила ₸17,9 млрд. [Электрондық мәлімет]. - URL: https://the-tenge.kz (жүгіну мерзімі 03.04.2026)

147 The Solvency II Capital Requirement for Insurance Groups – On the Tension Between Regulatory Law and Company Law. [Электрондық мәлімет]. - URL: https://translate.yandex.ru (жүгіну мерзімі 03.04.2026)

148 Қазақстан Республикасының қаржы секторын дамытудың 2030 жылға дейінгі тұжырымдамасын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Президентінің 2022 жылғы 26 қыркүйектегі № 1021 Жарлығы. [Электрондық мәлімет]. - URL: https://adilet.zan.kz/kaz/docs/U2200001021 (жүгіну мерзімі 03.04.2026)

149 Marta Ostrowska Regulation of InsurTech: Is the Principle of Proportionality an Answer? [Электрондық мәлімет]. - URL: https://www.mdpi.com (жүгіну мерзімі 03.04.2026)

150 Singapore FinTech Festival. [Электрондық мәлімет]. - URL: https://www.mas.gov.sg/development/fintech/singapore-fintech-festival (жүгіну мерзімі 03.04.2026)

151 Insurance. [Электрондық мәлімет]. - URL: https://www.oecd.org/en/topics/insurance.html (жүгіну мерзімі 03.04.2026)

152 International comparison of occupational accident insurance system. [Электрондық мәлімет]. - URL: https://oshwiki.osha.europa.eu/ (жүгіну мерзімі 03.04.2026)

153 Global Insurance Market Trends 2024. [Электрондық мәлімет]. - URL: https://www.oecd.org (жүгіну мерзімі 03.04.2026)

154 Health at a Glance 2025 OECD Indicators. [Электрондық мәлімет]. - URL: https://www.oecd.org/en/publications/ (жүгіну мерзімі 03.04.2026)

155 Абишева М.Н., Юхневич Э.Э. Қазақстандағы исламдық сақтандыруды дамытудың құқықтық мәселелері // Eurasian scientific journal of law Scientific journal (Еуразиялық ғылыми заң журналы Ғылыми журнал). - 2025. - № 3(12) – Б. 27-40.

156 Abisheva M.N., Omirali Z., Yensebayeva A. Innovative approaches to financial and legal regulation of insurance products in the InsurTech era // Social & Legal Studios. - 2025. - № 2, T. 8 - P.11-22.

157 Akhmetov E. K., Kulikpaeva M. Zh. Some issues of state regulation, control and supervision of the financial market and financial organizations // Bulletin of the Institute of Legislation and Legal Information of the Republic of Kazakhstan. — 2022. — №4(71) — P. 212–223.

158 Heinonen K., Strandvik T. Reframing service innovation: COVID-19 as a catalyst for imposed service innovation // Journal of Service Management. — 2021. — № 1(32) — P. 101–112.

159 Kenzhaliev M. Z. Legal Regulation of the Islamic Finances: Comparative Analysis of the Legal Framework of the Republic of Kazakhstan, «Astana»

International Financial Center and United Kingdom // Bulletin of the Institute of Legislation and Legal Information of the Republic of Kazakhstan. — 2023. — № 4(75) — P. 241–252.

160 Nagayev R., Stambakiyev N. Islamic Finance Industry in Kazakhstan: Then and Now // Eurasian Journal of Religious Studies. — 2022. — № 1(29) — P. 61–71.

161 Lin L., Chen C. The Promise and Perils of Insurtech // Singapore Journal of Legal Studies. — 2020. — № 1 — P. 115–142.

162 Saparova B., Yessenova G., Alina G., Nurumov A., Sabyrzhan Zh. Assessment and Analysis Financial Risks in Insurance Companies of Kazakhstan // Advances in Social Science, Education and Humanities Research. Proceedings of the 6th International Conference on Education Reform and Modern Management (ERMM 2021). — 2021. — № 551— P. 336–339.

163 Owens E., Sheehan B., Mullins M., Cunneen M., Ressel J., Castignani G. Explainable Artificial Intelligence (XAI) in Insurance // Risks. — 2022. — № 12(10) — Article 230.

164 Charpentier A., Vamparys X. Artificial intelligence and personalization of insurance: Failure or delayed ignition? // Big Data & Society. — 2025. — № 1(12) — P. 1–15.

165 Электрондық құжат және электрондық цифрлық қолтаңба туралы //Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 7 қаңтар N 370-II Заңы. [Электрондық мәлімет]. - URL: https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z030000370_ (жүгіну мерзімі 03.04.2026)

166 Дербес деректер және оларды қорғау туралы Қазақстан Республикасының 2013 жылғы 21 мамырдағы № 94-V Заңы. [Электрондық мәлімет]. - URL: https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z1300000094 (жүгіну мерзімі 03.04.2026)

167 Cornelli G., Doerr S., Gambacorta L., Merrouche O. Regulatory Sandboxes and Fintech Funding: Evidence from the UK // Review of Finance. — 2024. — № 1(28) — P. 203–233.

168 Directive (EU) 2016/97 (2016). [Электрондық мәлімет]. - URL: https://eur-lex.europa.eu/ (жүгіну мерзімі 03.04.2026)

169 Report Agencies of the Republic of Kazakhstan on regulation and development financial market for 2023 (2024). [Электрондық мәлімет]. - URL: https://www.gov.kz (жүгіну мерзімі 03.04.2026)

170 Annual Report 2023 (2024). [Электрондық мәлімет]. - URL: https://www.eiopa.europa.eu (жүгіну мерзімі 03.04.2026)

171 Fras M., Pauch D., Walczak D. Determinants of the Behaviour of Entities on the Insurance Market in the Light of Changes Introduced by the IDD Directive // Journal of Consumer Policy. — 2024. — № 4(47) — P. 533–566.